



TURKOLOGY

**ТҮЙМЕБАЕВ Ж.
САҒИДОЛДА Г.**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-
СИПАТТАМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ**

**ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ**



TURKOLOGY

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Гүлғайша САҒИДОЛДА**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-
СИПАТТАМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ**

Фонетика. Морфология

**ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ**



**«Қазығұрт» баспасы
Алматы, 2016**

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т 87

*Баспаға Халықаралық түркі академиясы және
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің
Ғылыми кеңесі ұсынған*

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

ф.ғ.д., академик Ә.Т.Қайдар
ф.ғ.д., профессор Ш.Жалмаханов
ф.ғ.д., профессор С. Боранбаев

Т 87 ТҮЙМЕБАЕВ Ж., САҒИДОЛДА Г.
**Қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы-сипаттамалы
грамматикасы. Фонетика. Морфология. Екінші басылым.-
Алматы: «Қазығұрт», 2016. – 324 бет.**

ISBN 978-9965-22-518-5

Еңбекте қазақ және түрік тілдерінің дыбыстық жүйесі мен морфологиялық құрылымдарының салыстырмалы сипаттамасы беріліп, екі тілдің грамматикалық құрылысына тән ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктер синхрондық тұрғыдан жүйеленеді.

Еңбек жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, түрколог-лингвистерге арналады.

**ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2**

ISBN 978-9965-22-518-5

© Түймебаев Ж., Сағидолда Г., 2016
© «Қазығұрт» баспасы, 2016

КІРІСПЕ

Түркі халықтарының заманауи жағдайдағы жаһандану үдерісіне жалпытүркілік болмысын сақтай отырып араласуы түркі тілдерінің қолданыс аясын кеңейтіп, функционалдық маңызын арттырумен, рухани-мәдени құндылықтардың ортақ бастауларын кеңінен насихаттаумен тікелей байланысты болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл-ой қуаты мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңызы туралы қағидалар да түбірімен өзгерді. ХХІ ғасырдың түркологиялық ғылыми зерттеу жүйесінде ғылыми білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды.

Түркі халықтарын суперэтностық тұтастыққа ұйыстырудың басты тетігі – тіл десек, бір негізден, яғни жалпытүркілік тектілден өрбіген қазіргі түркі тілдері арасындағы сабақтастықты анықтап, әр тілге тән заңдылықтардың қалыптасу ерекшеліктерін «тіл және этнос», «тіл және қоғам», «тіл және мәдениет» контекстінде зерттеу қазіргі түркологиядағы көкейтесті мәселелер саналады. Бұл мәселелер, сайып келгенде, түркітілдес халықтардың мәдениетаралық қарым-қатынастарын сапалық жаңа деңгейге көтеруге, жаһандану үрдісі жағдайында жалпытүркілік лингвоэтномәдени құндылықтарды сақтап қалуға және насихаттауға белгілі дәрежеде септігін тигізеді. Мұнда лингвистикалық түркітанудың салыстырмалы-синхронды грамматика және салыстырмалы-сипаттамалы лексикология салаларына зор міндет жүктеледі.

Түркі тілдерінің салыстырмалы тұрғыдан зерттелуі ХІ ғасырда жазылған М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит түрк» шығармасынан бастау алады десек те, түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, ғылыми тұрғыдан зерттеу ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ-ғасырдың алғашқы жартысынан басталады. Бұл кезеңдегі түркологиялық зерттеулер негізінен филологиялық сипатта болғанына қарамастан, тарихи-салыстырмалы түркі тіл білімінің іргетасын құрайды. Мәселен, В.В.Радлов және П.М.Мелиоранский бастаған орыс лингвистері көне түркі жазба ескерткіштерін оқуға, сипаттауға, қолжазбаларды және олардың филологиялық түсініктемесін жариялауға, жекелеген көне жазба дереккөздердің жалпы сипаттамасын беруге назар аударды. Ал В.Гренберг, Х.Педерсон, Н.Ф.Катанов еңбектерінде түркілік тектілік негіз және оны дәуірлеу, түркілік тектіліктің дыбыстық жүйесін, грамматикалық құрылымын реконструкциялау мәселесі көтерілмегенімен, жекелеген дыбыстардың эволюциясына және түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасына қатысты, атап айтқанда есім мен етістік жүйелері аралық қатыстылық, атрибуттық және предикативтік байланыс, есім және етіс жұрнақтарының генезисі т.б. көкейтесті мәселелер алғаш рет сөз етілді. Сол кездің өзінде-ақ О.Н.Бетлингтің «Якут грамматикасындағы» (1851) есім парадигматикасына қатысты тұжырымдары тек түркологиялық ғана емес, тіптен үндіеуропа салыстырмалы грамматикасы саласындағы еңбектердің тұғырына алынды. Түркі тілдерін топтастырудың белгі-нышандарын анықтау, соның негізінде түркі тілдерінің классификациялық схемасын жасау – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ-ғасырдың алғашқы жартысындағы зерттеулерде көтерілген ең маңызды мәселелердің бірі болды.

ХХ ғасырдың екінші жартысынан түркі компаративистикасы дамудың жаңа сатысына көтерілді. Түркі тілдері тарихын зерттеудің әдіснамасын үндіеуропа тілдері тарихын зерттеудің әдістемесімен жақындастырудың (Ф.Е.Корш, Е.Д.Поливанов, М.Рясянен, В.А.Богородский) негізінде түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінің эволюциялық даму жолын айқындауға, жекелеген түркі тілдерінің тарихи дамуын негіздеуге арналған,

сонымен қатар зерттеудің салғастырмалы-типологиялық және ареалдық әдістерін салыстырмалы-тарихи әдіспен тоғыстырудың артықшылығын көрсеткен зерттеулер пайда болды. Мәселен, В.А.Богородскийдің «Введение татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками» (Казань, 1953) атты зерттеуі жекелеген түркі тілінің немесе түркі тілдері тобының фонетикалық даму тарихын жаңғырту үшін лингвистикалық география әдісін қолданудың қажет екенін көрсеткен айтулы еңбектердің бірі болды.

XX ғ. 50 жылдарынан бастап кеңестік түркологияда түркі тілдері дамуының ішкі заңдылықтары мен тілдік құбылыстардың динамикасын ашуға бағытталған ұжымдық сипаттағы ғылыми зерттеулер жарық көре бастады. 50-90 жылдары жекелеген фонетикалық және грамматикалық құбылыстардың табиғатын айқындауға, сондай-ақ олардың о бастағы тектілік тұлғасын жаңғыртуға байланысты (реконструкция) жалпытүркологиялық сипаттағы көптеген еңбектер жарық көрді. Мәселен, 1951 жылы С.Е.Маловтың көне түркі жазба ескерткіштерінің мәтіндері мен көне түркі ескерткіштеріне қатысты зерттеулерін жинақтаған «Памятники древнетюркской письменности» атты еңбегі, Н.К.Дмитриевтің «Строй тюркских языков» (М., 1962), Н.З.Гаджиеваның «Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков» (М., Наука, 1973.), Б.А.Серебренников және Н.З.Гаджиевалардың «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» (Баку, 1979. 2-е изд., -М., 1986.), А.М.Щербактың «Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XII вв. из Восточного Туркестана» (М.-Л., 1961) және «Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков» (Л., 1977-1987. ТТ. 1-3.) т.б. іргелі зерттеулер, түркі тілдерінің грамматикалық құрылымына арналған «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков» (Под ред. Н.К.Дмитриева» (М., 1955-1962. ТТ. 1-4.), «Языки мира: «Тюркские языки» (Бишкек: Кыргызстан, 1997. - 543 с.), «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков / Под ред. Э.Р.Тенишева» (М., 1984-1988. ТТ. 1-3.) және «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Лексика.» (М.: Наука, 1997.) тәрізді ұжымдық еңбектер жарияланды.

Түркі лексикологиясы бойынша Р.Г.Ахметьяновтың «Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья» (М., Наука, 1981), Н.А.Баскаковтың «Тюркская лексика в «Слове о полку Игореве» (М., Наука, 1985), А.К.Боровковтың «Лексика среднеазиатского тевфсира XII-XIII вв.» (Ташкент, 1963), К.М.Мусаевтың «Лексика тюркских языков в сравнительном освещении» (Москва, 1975) және «Лексикология тюркских языков» (М., 1984), «Языки и письменности народов Еуразии» (Алматы, 1993-242с.) т.б. тәрізді бірегей зерттеулер жарық көрді.

1969 жылы «Көне түркі тілінің сөздігінің», 1974-1980 жылдары Э.В.Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің» (Т. 1-3), Э.Н.Наджиптің «Түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы сөздігінің» (Ташкент, 1979) және «Әлішер Новаи шығармалары тілінің түсіндірмелі сөздігінің» (Ташкент, 1983-1984. Т. 1-3), сондай-ақ қазақ, әзірбайжан, өзбек, татар, түрікмен тәрізді жекелеген түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктерінің жарық көруі түркі лексикографиясындағы аса ірі жетістіктер болды.

Түркі тілдерінің фонологиясы және тарихи фонетикасының жалпы мәселелері Н.А.Баскаковтың «Историко-типологическая фонология тюркских языков» (М., 1988), А.М.Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков» (Л., 1970.), О.А.Мудрақтың «Исторические соответствия чувашских и тюркских гласных: Опыт реконструкции и интерпретации / РАН. Ин-т востоковедения» (М., 1993.) т.б. зерттеулерде жан-жақты сөз етілді. Демек, XX ғ. 50-90 жылдары кеңестік түркология үшін Еуразия даласынан табылған жазба ескерткіштерді және түркі халықтарының әдеби тілдерінің даму тарихын зерттеуде айрықша нәтижелерге қол жеткізген, сондай-ақ түркі тілдерінің әр қайсысының тарамдала дамыған тілтаным ғылымдары өркендеген кезең болды деуге болады. Реконструкция тәсілін этимологиялық талдаулардың өзегіне айландырудың нәтижесінде түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасының, морфологиясы мен синтаксисінің жасалынуы, түркі жазба ескерткіштері бойынша арнайы грамматикалардың жазылып, түркі поэтикалық тілінің тарихи дамуы мәселесінің өзектелуі, түркі тілдерінің лексикалық байлығын түстеп-түгендеген этимологиялық, түсіндірме, екі

тілді т.б. сөздіктердің жарық көруі осы кезеңнің қорытынды нәтижесі деуге болады.

Ал XX-XXI ғасырлар тоғысында жарық көрген «Региональные реконструкции» (Под ред. Э.Р.Тенишева. -М.: Наука, 2001.-762 стр.), «Пратюркский язык, Картина мира пратюрков» (Под ред. Э.Р.Тенишева. -М.: Наука, 2004) Э.Н.Наджиптиң «Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIVв.» (Туркестан, 2004. -291стр.), А.В.Дыбоның «Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд. Пратюркский период» (М., 2007-223 стр.) сияқты көптеген іргелі зерттеулер Ресей түркологиялық мектебіндегі дәстүр жалғастығының өміршеңдігін танытқан құнды еңбектер екені даусыз.

XX ғ. 20-30 жылдары кеңестік түркология құрамында қалыптасып, XX ғ. екінші жартысынан дербес ғылым саласы ретінде қарқындап дамыған қазақ тіл білімі ғылымының жетістіктері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Ә.Т.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, А.Аманжолов, Т.Томанов, Б.Әбілқасымов, М.Серғалиев, А.Айғабылов, Ж. Аралбаев, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов, Ә.Нұрмағанбетов, С.Өмірбеков, Ә.Болғанбаев, Қ.Есенов, Е.Жұбанов, О.Нақысбеков, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Оралбаева, А.Қалыбаева, Т.Маманов, Р.Әміров, Т.Сайранбаев, С.Мырзабеков, Ә.Жүнісбеков, Ө.Айтбайұлы, Қ.Өмірәлиев, Б. Сағындықов, К.Ш. Құсайын, Е.З.Қажыбеков, А.Жұбанов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, З.Базарбаева, Ж.Түймебаев, Р.Шойбеков т.б. белгілі қазақ лингвистерінің аттарымен тікелей байланысты десек, олардың қазақ тіл білімінің әр түрлі саласының көкейтесті мәселелеріне, сондай-ақ көне және ортағасыр түркі жазба ескерткіштері тіліне, түркологияның жалпы және жекелеген мәселелеріне арналған бірегей зерттеулері әлемдік түркітануға қосылған қомақты үлестер ретінде бағаланады.

Қазіргі түркологияның басым бағыттары Түркияда XIX ғ. 20 жылдарындағы тіл саясатына, соның ішінде 1928 жылғы әліпбиге жасалған реформамен тығыз байланыста дамыды деуге болады. Түрік тілінің алғашқы грамматикасы ретінде Бергамалы Кадри 1530 жылы османлы түрік тілінде жазып, Кануни Сұлтан Сүлейманның

уәзірі Ибрахим Пашаға ұсынған «Мүессиретүл улум» атты еңбегін көрсетуге болады. Жаңару және реформа дәуірінен республика кезеңіне дейін түрік тілінің грамматикасына арналған зерттеулер болғанымен, олардың дені араб грамматикасының, кейбірі, айталық, Хусейн Жахидтің «Сарф ве Нахв» (1908) еңбегі француз грамматикасының үлгісінде жазылды.

1928 жылы латын графикасына негізделген жаңа түрік әріптері қабылданғаннан кейінгі кезеңде түрік тілінің грамматика саласындағы зерттеулерінің арнасы кеңейіп, тереңдей түсті. Оқулық ретінде дайындалған грамматика кітаптарымен қатар, грамматиканың белгілі бір саласына бағытталған зерттеулер жарық көре бастады. Латын әрпіне негізделген жаңа әліпбидің қабылдануы ұлттық тілдің қалыптасуы мен осы тілдің өзіндік жүйесіне сәйкес грамматикалардың дайындалуы қажеттілігін тудырды. Сөйтіп осы бағыттағы алғашқы тәжірибелік бастама ретінде 1928 жылы түрік тілі ұйымы тарапынан «Мухтасар Түркче Грамер» жарық көрді.

1932 жылы Анкара қаласында Türk Dil Kurumu қоғамының құрылуы түрік тіл білімінің қалыптасуына және түркологиялық бағыттың дамуына игі ықпал етті. Türk Dil Kurumu тарапынан жүргізілген тіл құрылысына қатысты саясаттың нәтижесінде түрік тілінің лексикалық құрамы әбден ескірген кірме сөздерден тазартылып, байырғы төл лексика негізінде жасалған жаңа атаулармен толықтырылды, көптеген сөздіктер жасалды. Р.Р.Арат, Т.Бангуоглу, М.А.Агакай, Б.Аталай, А.Дильчар, О.А.Аксой, Т.Текин, З.Коркмаз, А.Б.Ержиласун т.б. түрік лингвистерінің түрік тілінің тарихы мен диалектологиясына, грамматикалық құрылысына, сондай-ақ түркі жазба ескерткіштеріне қатысты іргелі зерттеулері арқылы Түркия түркітануы жаңа белеске көтерілді.

Түрік лингвистері тарапынан түркітану ғылымына қосылған алғашқы қомақты үлестер ретінде түркі жазба мұраларын зерттеу және аудару бағытындағы «Eski Türk Yazıtları» (Ankara: TDK Yay., - 1936-1941, «Divanü Lugat-it-Türk Tercümesi» (Ankara: TDK Yay., 1940-1943), «Kutadgu Bilig» (Ankara: TDK Yay.,1947), «Atabetü-l Nakayik» (Ankara: TDK Yay., 1951) тәрізді еңбектерді

атап көрсетуге болады. Сондай-ақ «Müeyessiretü-l Ulum» (B. Atalay. Ankara: TDK Yay., 1946), «Tevarih-i Al-i Osman» (Çiftçioğlu N.A. Ankara: TDK Yay., 1949), «Hüsrev-ü Şirin» (Timurtaş F.K. İstanbul: İ.Ü., 1963), «Tezkiretü-l Evliya» (Olca S. Ankara: DTCSF, 1965), «Süheyl ü Nev-Bahar» (Dilçin C. Ankara: AKM, 1991) т.б. көне оғыз (көне Анатолы түрік тілі) жазба мұраларына байланысты зерттеулердің де түркология үшін мәні зор. Бұл еңбектерде көне оғыз тіліне қатысты ескерткіштер тілі «мәтін – транскрипция – аударма – тілдік ерекшеліктер (грамматика)» тұрғысынан қарастырылды.

«Гүлистан би-т түрки», «Мүнейтүл гүзат», «Иршадүл мүлүк», «Мукаддиметүл едеб», «Нехчүл ферадис», «Қысса-и енбиа», «Тержүман-ы түрки ве араби», «Китабүл идрак ли лисанил етрак» тәрізді кейінгі орта ғасыр мұраларына, шағатай китаби тілінде жазылған ескерткіштерге қатысты Бесим Аталай, Кемал Ераслан, Билал Южел зерттеулері Түркия түркологиясындағы ірі жетістіктер саналады.

Түркияда XX ғ. орта тұсынан қолға алынған диалектологиялық бағыттағы зерттеулер қазір де ерекше қарқынмен жалғасуда. Жергілікті тілдік ерекшеліктерді қазіргі техникалық құралдар арқылы құжаттау және жинақталған мәтінді грамматикалық тұрғыдан сараптау жұмыстарын алғаш белгілі ғалым Зейнеп Коркмаз жүргізді. Оның Оңтүстік батыс Анатолы диалектілері (Korkmaz Z. Güney-Batı Anadolu Ağızları. – Ankara: DTCSF, 1956), Невшехир диалектілері (Nevşehir ve Yöresi Ağızları. – Ankara: DTCSF, 1963), Бартын диалектілері (Bartın ve Yöresi Ağızları. – Ankara: DTCSF, 1964) бойынша зерттеулері Түркияның өзге де аймақтарындағы диалектілік ерекшеліктерге қатысты Тургут Гүнай, Ефрасиап Гемалмаз, Ахмет Бижан Ержиласун, Тунжер Гүленсой, Муким Сағыр, Ахмет Буран, Гүрер Гүлсевин, Али Акар т.б. ғалымдардың зерттеулеріне арқау болды.

Түрік тілі комитетінің тікелей басшылығымен қолға алынған лексикографиялық еңбектердің Түркия түркологиясы ғана емес, әлемдік түркітанудағы маңызы ерекше. Мәселен, XIII ғасырдан Османлы дәуірінің соңына дейінгі кезеңді қамтитын барлығы 227 жазба мұра тілінегізінде жасалған «Тарама сөздігі», «Османлыша –

түрікше» түсіндірмесөздіктер», тарихи-этимологиялық сөздіктер (Toparlı R., Vural H., Karaatlı R. Kırçak Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: TDK Yay., 2003. – 338 s.; Eren H. Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü. – Ankara: Bizim Büro Basım Evi, 1999), қазіргі түркі тілдері сөздіктері (Karşılaştırmalı Türk lehçeleri Sözlüğü (Kılavuz Kitap). – Ankara, 1991. - 1183), паремиологиялық, фразеологиялық сипаттағы сөздіктер – аса құнды лингвистикалық дереккөздер болып табылады.

Түркі әлемінің белгілі қаламгерлері шығармаларының түрік тіліне аударылуы (М.Әуезовтың «Абай жолы» романы мен әңгімелер жинағы, М.Жұмабаевтың өлеңдер жинағы, А.Тукайдың өлеңдер жинағы, А.Өткүрдің шығармалары, Б.Вахапзадениң өлеңдері, А.Атажановтың өлеңдері, Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» т.б.) әдеби көркем аударма тілін жан-жақты зерттеуге жол ашты.

Түркияда түркітану саласына айрықша көңіл аударылып отырғандығын «Türk dili», «Türk dünyası araştırmaları yıllığı», «Bilig», «Turkish studies» тұрақты басылымдардың түркологиялық бағыттағы зерттеулерге арналуы, Түркияның Ыстамбұл университеті, Анкара университеті, Гази университеті, Эрзурум университеті, Хаджетепе университеті тәрізді жетекші білім ордаларында қазақ, қырғыз, чуваш, якут, түркімен, татар, башқұрт т.б. әрбір түркі тілі бойынша маман кадрлар даярлауға айрықша ден қойылуы дәлелдей түседі.

Қазіргі таңда Түркия түркологиясында екі немесе одан да көп түркі тілдерін өзара салыстыру бағытындағы зерттеулерге басымдылық берілуде. Мәселен, жалпы редакциясын профессор А.Ержиласун басқарған «Түркі тілдері грамматикасы» (Türk Lehçeleri Grameri.-Ankara: Akçağ, 2007), «Салыстырмалы түркі тілдері грамматикасы I. Етістік – Рай категориясы» (Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Grameri I Fiil – Basit Çekim».-Ankara, 2006) тәрізді ұжымдық еңбектер, Мұстафа Өнердің «Қазіргі Қыпшақ түрікшесі: татар, қазақ және қырғыз тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» («Bugünkü Kırçak Türkçesi, Tatar, Kazak ve Kırgız şiverlerinin karşılaştırmalı grameri» -Ankara, 1998) зерттеуі Түркия лингвистикалық түркологиясының жетістіктері деуге болады. Ал қазіргі түркі тілдерінің ішінен нақты қазақ тіліне қа-

тысты зерттеулер қатарын Кенан Коч және Огуз Доганның «Kazak Türkçesi Grameri» (2004), А.Калиевтің «Kazak Türkçesiyle Türkiye Türkçesinde fiiller, zarf ve isim fiillerin karşılaştırılması» (Y.lisans, 1995); А.Исинаның «Türkiye Türkçesi ve Kazak Türkçesindeki zarfların karşılaştırılması» (Y.lisans, 1997), А.Құрманалидің «Türkiye Türkçesi ile Kazak Türkçesinin fiil zamanları açısından karşılaştırılması» (1999); Е.Гүнгөрдүнің «Kırgız, Kazak ve Karakalpak Türkçelerinde Fiil» (Doktora, 1998) тәрізді магистрлік және докторлық диссертациялық еңбектері құрайды. Мұндай зерттеулерде көбінесе екі тілдің грамматикасы белгілі бір категория аясында ғана салыстырылады, яғни зерттеулердің көбі фрагментарлы сипатта болып келеді. Демек, қазіргі қазақ және түрік тілдерінің грамматикалық құрылым-құрылысының біртұтас корпусын жасау қазақ тіл білімінде де, түрік тіл білімінде де тың тақырып деуге болады. Мұны тек қазақ және түрік тілдеріне ғана қатысты емес, жалпы қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар т.б. тобына енетін тілдердің ішкі жүйелерін құрылымдық парадигма аясында бір-бірімен салыстырмалы-синхрондық тұрғыдан қарастыруға қатысты айтуға болады. Себебі лингвистикалық түркологияның қалыптасу тарихында күні бүгінге дейін түркі тілдерінің құрылым-құрылысын диахрондық және синхрондық салыстыру жалпылама сипатта болып келді. Мұндай зерттеулер түркі халықтары өкілдерінің тұрғысынан емес, шетелдік ғалымдар тұрғысынан жүргізілгендіктен, эмпирикалық материалдардың берілу сипатында, сондай-ақ тілдер арасындағы ортақтықтар мен ерекшеліктерді, сәйкестіктер мен ұқсастықтарды ашалап көрсетуде, әр тілдің өзіндік заңдылықтарын сол тілдің табиғаты тұрғысынан түсіндіруде кем тұстар орын алады.

Түркі тілдерінің жекелеген топтары, топшалары арасындағы тарихи-салыстырмалы зерттеулерді қазіргі заманның ой-таным елегінен өткізу, ең алдымен, жекелеген тілдерді өзара, әрбір тілдің өзіндік заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, толыққанды салыстырмалы-синхрондық тұрғыдан сипаттауды талап етеді. Бүгінгі таңда мұндай зерттеулерге қажет теориялық-методологиялық база толықтай қалыптасты деуге болады. Өйткені әр түркі тілінің тілтанымдық ғылыми негізі қалыптасқандығын лингвистикалық түркологияның қазақ тілі білімі, өзбек тіл білімі, түрік тіл білімі,

башқұрт тіл білімі, қырғыз тіл білімі т.б. сияқты салаларының іштей сан-салаға бөлініп, жіктеле дамуы көрсете алады. Демек, әрбір түркі тіл білімінің жеткен жетістіктері мен нәтижелеріне сүйене отырып, қазіргі түркі тілдерінің лексика-грамматикалық құрылым-құрылысын синхрондық тұрғыдан өзара салыстыру барысында түркі тілдері дамуының қазіргі деңгейіндегі ортақтықтар мен айырмашылықтардың аражігі нақты айқындалып қана қоймайды, сонымен қатар қазіргі түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінің, морфологиялық құрылымының, лексикалық құрамының біртұтас корпусын жасаудың іргетасы қаланады.

Қазіргі түркі тілдерінің тілдік деңгейлерінің өзіндік заңдылықтарын, ерекшеліктерін жан жақты жіктеп, жіліктеп, мүшелеп талдауға негізделген салыстырмалы-синхрондық сипаттамалар өз кезегінде лингвистикалық түркологиядағы екі, үш немесе онан да көп тілдераралық, я болмаса тілдік топтараралық, тілдік топшалараралық жүйелі түрдегі толыққанды салыстырмалы-тарихи зерттеулерге жетелейді.

Осы орайда қыпшақ тобына енетін тілдердің ішінен қазақ тілін, ал оғыз тобынан түрік тілін таңдап алып, екі тілдің грамматикалық құрылысын салыстырмалы-синхрондық тұрғыдан сипаттаудың басты себебін екі тілдің құрылым-құрылысына қатысты «еуропacentристік методологияға» негізделген қағидаттарды қайта қараумен де байланыстыруға болады.

Қазіргі қазақ және түрік тілдерін синхронды тұрғыдан салыстыра отырып, екі тілдің грамматикалық құрылысының жарыспалы сипаттамасын жасаудың оқу-білім саласы үшін де маңызы да зор. Себебі қазіргі түркі әлеміндегі Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінің көшбасшылық рөлі, қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінің барлық саласындағы, әсіресе ғылым мен оқу-білім кеңістігіндегі өзара ынтымақтастық пен ықпалдастықтың, интеграциялық үдерістердің жеделдеуі бауырлас қазақ және түрік халықтарының бірінің тілін бірі еркін меңгеруін қажет етеді. Міне, қазіргі қазақ және түрік тілдерінің дыбыстық жүйесі мен морфологиялық құрылымының толық түрдегі салыстырмалы сипаттамасын жасауды, соның негізінде екі тілдің грамматикалық құрылысына тән ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктерді жүйелеуді көздеген зерттеуіміздің өзектілігін осындай мәселелер айқындайды.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

I ТАРАУ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

§1 Қазақ және түрік тілдері дыбыстық жүйелерінің зерттелуі

Фонетика – тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін тіл білімінің іргелі салаларының бірі. Фонетика зерттеу бағыт-бағдарына қарай сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы, салғастырмалы болып іштей жіктеледі. Сипаттамалы фонетика тілдің дыбыстық жүйесін сол уақыт тұрғысынан саралайтын болса, тарихи фонетика тілдің дыбыстық жүйесін оның тарихи дамуы тұрғысынан зерделейді. Ал салыстырмалы фонетика туыстас тілдердің дыбыстық жүйелерін салыстыра отырып, олардағы ортақтықтар мен әр тілдің өзді-өздеріне ғана тән ерекшеліктерін, ал салғастырмалы фонетика құрылымы бөтен, туыс емес тілдердің дыбыстық жүйелеріндегі типологиялық ұқсастықтар мен өзгешеліктерді анықтау мақсатын көздейді.

Түркі тілдерінің қыпшақ тобына енетін қазақ тілі мен оғыз тобына енетін түрік тілдерінің дыбыстық жүйелеріне тән ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктерді айқын көрсету үшін фонетиканың жоғарыдағы салаларын тоғыстыруға, сондай-ақ салыстырылушы екі тілдің дыбыстық жүйесі туралы іргелі зерттеулерді басшылыққа алуға тура келеді. Себебі қазақ тілінің фонетикасы да, түрік тілінің фонетикасы да теориялық-әдіснамалық негізі толығымен қаланған, қазақ және түрік тіл білімдерінің дербес салалары болып саналады.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы алғашқы ғылыми мағұлматтар Н.И.Ильминскийдің 1861 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінде беріледі. Н.И.Ильминский қазақ тіліндегі дыбыстарды екі топқа бөліп, оларды өзара артикуляциялық жуықтығына қарай жіктей келе, дауыстылардың сегіз түрін (а, ә, е, і, и, о, ө, у, ү), дауыссыздардың он тоғыз түрін (р, м, w, t, d, n, ž, z, š, s, r, l, j, q, ұ, к, g, ң) атап көрсетеді. Н.И.Ильминский тіл алды ашық ä (ə) дауыстысын жеке фонема деп емес, а дауыстысының варианты ретінде көрсетеді¹.

Түркология ғылымының дамуындағы В.В.Радлов зерттеулерінің орны ерекше екені белгілі. В.В.Радловтың «Сравнительная грамматика северных тюркских языков. Фонетика. Т.І.»² атты еңбегінде алғаш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы өзектеліп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі жайлы құнды мәліметтер беріледі. Онда ғалым дыбыс құрамы, сөзде дыбыстардың қолданылу ерекшелігі, дыбыстардың дистрибуциялық кезеңі, дыбыстардың өзгеру заңдылықтары, сингармонизм құбылысы, екпін сияқты жалпы мәселелерге, сонымен қатар қазақ тіліне тән кейбір фонетикалық құбылыстарға баса назар аударады.

В.В.Радлов қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан (а, ә, е, о, ө, у, ү, і, и), консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құралатынын айта келіп, тоғыз дауысты дыбысты ашық (а, ә, е, о, ө), қысаң (і, и, у, ү), жуан (а, о, у, і), жіңішке (ә, е, ө, і, ү), еріндік (о, ө, у,

¹ Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861.

² Radloff W. Vergleichende Grammatik der nordlichen Turksprachen. Th. I. Phonetik. –Leiptsig, 1882–1883.

ü) және езулік (а, ä, е, і) деп топтастырады. Ал дауыссыздарды іштей қатаң (q, k, t, p, s, š), ұяң (γ, g, d, b, z, ž), үнді (n, η, m, r, l, j) және аралық немесе жарты дауысты (w, ij) деп төрт түрлі топқа жіктейді. В.В.Радлов көп буынды сөздерде екпін негізінен сөздің соңғы буынына түсетініне көңіл аударады.

Қазақ тілінің грамматикасына байланысты біршама толық мәлімет П.М.Мелиоранскийдің 1894-1895 жылдары шыққан «Краткая грамматика казах-киргизского языка» атты еңбегінде беріледі. Еңбектің фонетикаға арналған тарауында дыбыстардың артикуляциясы, дыбыстардың комбинаторлық алмасуы, сөз шенінде қолданылу ерекшелігі, үндестік заңы мен екпін мәселесі сөз болады. П.М.Мелиоранский қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан (а, ä, е, о, ö, и, ü, і, і), дауыссыздар жүйесі жиырма дыбыстан (b, p, m, t, d, n, ž, z, š, s, r, l, k, g, č, q, γ, η, j, i [дж]) құралатынын атап көрсетеді. Дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң деп жіктей келіп, П.М.Мелиоранский «ку, ту, би» сөздеріндегі «у», «и» дыбыстарын естілуіне қарай созылыңқы дыбыстар деп көрсетеді¹.

XIX ғ. соңы XX ғ. басында Ресей түркітанушылары тарапынан қазақтіліне қатысты жазылған зерттеулер қатарында И.Лаптевтың «Материалы по казах-киргизскому языку» (Москва, 1900), В.Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» (Фонетика, этимология и синтаксис. Оренбург, 1897), Н.Катановтың «Опыт исследования урянхайского языка» (Қазан, 1903), Н.Созонтовтың «Записки по грамматике киргизского языка» (Ташкент, 1912) еңбектерін атап көрсетуге болады. Олардың қай-қайсысында да қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы қысқаша мағұлматтар Н.И.Ильминскийдің, В.В.Радловтың, П.М. Мелиоранскийдің пікірлері негізінде беріледі.

XX ғ. басында қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты мәселелер мектептерде қазақ тілін пән ретінде оқыту және жазу ережелерін қалыптастыру істеріне байланысты күн тәртібіне қойылды. Мәселен, қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін,

¹ Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Ч.1. Фонетика и этимология. // СПб., 1894.

грамматикалық құрылымын қазақ мектептеріне арналған «Құралдарында» арнайы сөз етті. А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласына және қазақ тіліне қатысты мұраларын жан-жақты талдай келіп, Р.Сыздықова ғалым мұратын былайша түйіндеп береді: «Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов» жазуы дүниеге келген, екінші, сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, мұны орындау үшін «Тіл-құралды» жазған, төртінші, тілді дұрыс қолдану тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынған, бесінші, сауат аштыру, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алған, ол үшін «Баяншы» мен «Әліп-би астарын» жазған»¹ А.Байтұрсынұлы «Құралдарында» қазақ тілінде а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і тәрізді тоғыз дауысты дыбыстың бар екенін, араб графикасына негіздеген дауыстылардың төртеуі жіңішке және төртеуі жуан дауысты дыбыстар болатынын айтады.

А.Байтұрсынұлынан кейін қазақ фонетикасының жекелеген мәселелері қазақ алфавитін, графикасын, орфографиясын жетілдіруге қатысты сөз бола бастады. «Жаңа мектеп», «Төте оқу», «Халық мұғалімі» тәрізді жарияланымдарда қазақ тілінің дыбыстарына, үндестік заңына, әріп, буын мәселелеріне қатысты үлкенді – кішілі мақалалар мен бірлі-жарым еңбектер жарық көрді².

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін ғылыми тұрғыдан тереңдеп зерттеу ісі Қ. Жұбановтан басталады. Профессор Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде» (Алматы, 1966) жалпы фонетика және фонологияның кейбір мәселелері, қазақ фонетикасының теориялық мәселелері, айталық, тіл дыбыстарының фонологиясы мен жіктелуі, дыбыстардың өзгеру

¹ Сыздық Р. Ұлттық ғылым – біліміміздің көшбастары // тіл және ұлттық мәдениет. – Түркістан, 2005. – Б.38 – 43.

² Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988. – Б.8.

құбылысы, үндестік заңы, буын құрылысы және акцентуация туралы соны да тың пікірлер айтылады. Қ.Жұбановтың фонема теориясы, артикуляторлық фонетика, дыбыстың буын құрылысына қатысы жайлы пікірлері осы күнге дейін өз маңызын жоймаған ғылыми тұжырымдар болып саналады.

Қ.Жұбанов – қазақ дыбыстарының артикуляциялық кестесін алғаш жасап, ғылыми негізде ұсынған ғалым. Ол қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, дауыссыз, сонор деп үшке жіктейді де, дауыстыларды толық (а/ә, е, о/ө), келте (ы/і, ұ/ү), және қосынды дауыстылар (ұу, үу, ый, ій) деп үшке бөледі. Үні мен салдыры тең дыбыстарды сонор дыбыстар деп атай отырып, олардың қатарына у, й, р, л, м, н, ң дыбыстарын жатқызады. Сонор дыбыстардың өзін іштей тура жолды (у, й) және айналмалы жолды (р, л, м, н, ң) деп, ал айналмалы жолды дыбыстарды іштей мұрын жолды (м, н, ң) және ауыз жолды (р, л) деп жіктейді. Сонор дыбыстардан өзге дауыссыздарды үнді және үнсіз деп жіктеген Қ.Жұбанов олардың қ-ғ, к-г, ш-ж, с-з болып, «егіз-жұбайлас» жұп құрайтынына да айрықша мән береді. Дауыссыздарды айтылуына қарай үздікті (қ-ғ, к-г, т-д, п-б) және үздіксіз (ш-ж, с-з), салдыр дауыссыздарды жасалу орнына қарай көмей (қ, к, ғ, г), ерін (п, б) және тіс (т, с, ш, д, ж, з) дыбыстары деп бөле келіп, үздікті дыбыстардың өзін жабысыңқы және жуысыңқы, жуысыңқы дыбыстарды іштей сыбыр (с, з) және сыбыс (ш, ж) дыбыстары деп жіктейді. Үндестік заңын дауыстылармен қатар, дауыссыз дыбыстардың ассимиляциясына қатысты қарастыру да Қ.Жұбанов зерттеулерінің сонылығы, жаңашылдығы болып табылады¹

XX ғасырдың екінші жартысы қазақ фонетикасы дамуының сапалық жаңа сатыға көтерілген кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде қазақ фонетикасының ұғымдық аппараты нақтыланып, қазақ тіл білімінің дербес ғылым саласы ретіндегі статусы бекіді. І.Кеңесбаев, Ж.Аралбаев, М.Томанов, С.Омарбеков, Б.Қалиев, Ә.Жүнісбеков, С.Мырзабеков, Ж.Әбуов, М.Исаев, А.Қошқаров, З.Базарбаева тәрізді қазақ ғалымдарының зерттеулерінде қазақ тілінің фонемалар жүйесі, дауысты және дауыссыз дыбыстардың

¹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – Б. 169 –170.

табиғаты, жіктелімі, қазақ аффрикаттарының артикуляциялық ерекшелігі және фонематикалық мәні, дыбыстардың сөз шенінде кездесу ыңғайы, үндестік заңы, дауысты дыбыс үндестігі, кейінді және ілгерінді ықпал, қазақ тілінің буын құрылысы, буын жігі, буын түрлері, буын жүйесіндегі жаңа құбылыстар, екпін және оның түрлері, қазақ тілінің фонетикалық транскрипциясы, дыбыстардың редуцияға ұшырауы, фонологиялық жүйе және фонетикалық белгі, қазақ тілінің дыбыстарын тәжірибе (эксперименталдық) фонетикасының әдіс-тәсілдері арқылы зерттеу, ауызекі тілдегі дыбыс жүйесінің ерекшеліктері т.б. көптеген мәселелер арнайы сөз етілді¹

Қазіргі түрік тілінде дыбыстық жүйе туралы ілім *fonetik, sesbilgisi, sesbilim* деп үш түрлі аталады. «Дыбыс» сөзі үшін түрік тілінде *ses* сөзі қолданылады. Түрік тілі білімінің фонетика саласында мағынаны бөлу қызметін атқаратын дыбыстар «фонема» деп, ал дыбыстарды таңбалайтын әріптердің белгілі бір ретпен қойылуы «әліппе» деп аталады.

1928-жылдың 1-қарашасында қабылданған қазіргі түрік алфавитінде мынадай 29 әріп көрсетіледі:

Aa Bb Cc Çç Dd Ee Ff Gg Ğğ Hh İi Iı Jj Kk Ll Mm Nn Oo Öö Pp Rr Ss Şş Tt Uu Üü Vv Yy Zz

Латын негізді түрік алфавитінде сөздердің алдыңғы қатарлы (жіңішке) немесе артқы қатарлы (жуан) болуын дауысты дыбыстар білдіретіндіктен *g, k* сияқты жіңішке және жуан түрі бар дауыссыздар үшін тек бір ғана әріп қолданылуы жеткілікті саналады.

Түркияның тұңғыш президенті Ататүріктің басшылығымен 1928 жылы әліпбиге жасалған реформаның түрік тілінің

¹ Кеңесбаев І.К., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962; Кеңесбаев С.К. Современный казахский язык. Фонетика. – Алматы, 1962; Кошкарлов А. Спектральный анализ фрикативных согласных казахского языка в структурах типа СГС, ГСГ: (Экспериментально – фонетическое исследование): Автореф. Дисс. ... канд. филол. наук. –Алма –Ата, 1971; Джунибеков А. Гласные казахского языка. –Алма –Ата, 1972; Джунибеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма –Ата, 1980; Омарбеков С., Жүнісбеков Ә. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1985; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: Фонетика, морфология. – Алматы, 1981; Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988; Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009; Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. т.б.

грамматикалық құрылысы туралы ілімді араб-парсы және француз тілдері грамматикаларының «қалыбынан» тазартып, түрік тілінің төл табиғаты тұрғысынан өзектеуге белгілі дәрежеде ықпалы болды.

1940-41 жылдардан бастап түрік тілінің жаңа үлгідегі грамматикасын дайындауға Түркияның Ұлттық білім беру министрлігі тарапынан ерекше назар аударыла бастады. Бұл бағыттағы алғашқы еңбек – 1940 жылы Ыстамбұлда жарық көрген Тахсин Бангуоглуның «Ana Hatları ile Türk Grameri (Maarif Vek. уау., İstanbul 1940, 96 s.)» атты зерттеуі болды. Онда қазіргі түрік тілінің фонетикасы, морфологиясы мен синтаксисі жөнінде қысқаша мағұлмат беріліп, тілдік жүйенің бұл деңгейлері түрік тілінің өзінің төл табиғаты тұрғысынан тұңғыш рет сипатталды.

Түрік тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты құнды мәліметтер француз шығыстанушы Жан Денидің «Gramaire de la langue Turgue» атты еңбегінде де кездеседі. 1921 жылы жарық көрген бұл еңбекті 1941 жылы Али Ульви Елөве түрік тіліне «Түрік тілінің грамматикасы» (Османлы диалекті) деген атпен аударып, көпшілік назарына ұсынады.

1945 жылдан кейін жарияланған түрік грамматикаларында негізінен Жан Денидің және Т. Бангуоглуның түрік тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысына қатысты ой-пікірлері, тұжырымдары басты ғылыми қағидаттар ретінде алынады.

Белгілі түркітанушы-лингвист А.Н. Кононовтың 1956 жылы жарық көрген «Қазіргі түрік әдеби тілінің грамматикасы» атты еңбегі түрік тіл білімі ғылымына қосылған зор үлес болып саналады. Түрік тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылым-құрылысына терең талдау жасаған бұл еңбегінде А.Н. Кононов түрік тілінде барлығы 35 дыбыс барын, олардың сегізі қысқа, үшеуі созылыңқы дауысты дыбыс, ал g, k, l дауыссыздарының алдыңғы және артқы көмей түрлерін қосқанда түрік тілінде 24 дауыссыз дыбыс бар екенін айтады¹.

Түрік фонетикасына қатысты зерттеулерде түрік тілі

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М. – Л.: Издательство АН СССР, 1956. – 570 стр.

дыбыстарының саны туралы пікірлер әр тарап болып келетіні байқалады. Мәселен, батыс зерттеушілері, айталық, Л.Свифт түрік тілінде 42 фонема десе¹, Х.Халст және Де Вейелер түрік тілінде 8 дауысты дыбыс бар, парсы және араб тілінен енген кірме сөздерде 4 ұзақ айтылатын дауысты мен ğ-ның түсуінен пайда болған созылыңқы дауыстылар, сондай-ақ k, g, l дауыссыздарының екі-екіден аллофондарының бар екенін айтады². Ал 1978 жылы жарық көрген «Түрік грамматикасында» түрік тілінде барлығы 49 дыбыс бары, оның он сегізі дауысты, отыз бірі дауыссыз екені айтылады³.

Жалпы алғанда түрік тілінің дыбыстық жүйесі Мухаррем Эргин, Тахир Нежат Генджан, Кая Бильгегил, Хайдар Эдискун, Хикмет Диздароглу, Нуреттин Коч, Расим Шимшек тәрізді ғалымдардың түрік тілінің грамматикалық құрылысына арналған зерттеулерінде, сондай-ақ Невин Селеннің «Söyleyiş Sesbilimi. Akustik Sesbilim ve Türkiye Türkçesi», Өмер Демиржанның «Türkçenin Ses Dizimi» атты еңбектерінде, Эфрасиап Гемалмаздың «Türkçenin Fonemler Düzeni ve Bu Fonemler Düzeninin İşleyişi. Fen. Ed. Fak. Edebiyat Bilimleri Araştırma Derg., Sayı: 12, fasikül (Atatürk Ü., Fen-Edeb. Fak. yay., 1980) s. 1-36» атты ауқымды мақаласында жан-жақты сипатталады.

§2. Қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелісі

Қазақ және түрік тілдеріндегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді. Дауысты дыбыстар айтылғанда дыбыс желбезегі толықтай тербеледі, ауа кедергіге ұшырамайды. Дауысты дыбыстар буын құрау қасиетімен ерекшеленеді. Ал

¹ Swift L. A Reference Grammar of Modern Turkish. – Bloomington: Indiana University, 1963. – Б. 5.

² Harry Van Der Hulst and Jeroen Van De Weijer. Topics in Turkish phonology // In Turkish linguistics today, ed. Hendrick Boeschoten and Ludo Verhoeven. – Brill, 1991. – S.11–59.

³ Atabay N., Özel S. Türkiye Türkçesi Gelişmeli Sesbilimi. – Ankara: TDK Yayınları, 1978. – S.14–15.

дауыссыз дыбыстар айтылғанда дауыс желбезегі аз қатысады немесе мүлде қатыспайды, ауа кедергіге ұшырайды.

Қазіргі қазақ тілінде он екі дауысты дыбыс бар: а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э. Бұлардың тоғызы (а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і) қазақтың төл дауысты дыбыстары, ал үшеуі (и, у, э) орыс тілінен енген сөздер арқылы енген кірме дауыстылар болып саналады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар құрамына қарай жалаң (а, ә, ы, і, ұ, ү) және құранды (е, о, ө) болып екіге бөлінеді. Жалаң дауысты дыбыс бастан-аяқ бірдей айтылады да, құранды дауысты дыбыс бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталады¹

Түрік тілінде бірде *vokal* (М.Эргин), енді бірде *sesli* (Т.Бангуоглу), тағы бірде *ünlü* (М.Хенгирмен) деп әрқилы аталатын дауысты дыбыстар саны сегіз: а, е, і, и, о, ө, и, й. Өмер Демиржан түрік тіліндегі түбір сөздердің бірінші буынында сегіз дауысты, жиырма бес дауыссыз, екінші буынында төрт дауысты және сөздің аяғында жиырма дауыссыз дыбыстың қолданылатынын айтады².

Түрік тіліндегі дауыстылардың дені ауыз жолды дауысты дыбыстар болып келеді. Құранды дауыстылар болмағанымен, түрік тілінде дифтонг және жартылай дауысты дыбыстар қолданылады. Мәселен, Н.Үчок *fıravın, hayvan, hayret* сөздерінде жартылай дауыстылардың кездесетінін, ал *ayran, beygir, avlamak, yavru* сөздеріндегі *ay* және *av* буындарында дифтонг қолданылатынын айтады³. Ө.Башкан *say, bay, av, şey, bey, köy, öyle, şöyle* сөздерінде дифтонг бар десе, Н.Селен түрік тілінің сөйлеу тілінде *ğ* дыбысының дыбысталмауы салдарынан *ağıt, ağız* сияқты сөздерде дифтонг пайда болатынын айтады⁴. Жалпы алғанда түріктің төл сөздерінде 8 негізгі қысқа дауысты дыбыс бар деп саналады. Алайда түрік тілінің дауысты дыбыстарының саны мәселесінде пікір қайшылықтары орын алады. Мәселен, С.Экердің пікірінше, қазіргі кезде түрік тілінде а, ā, á, е, о, ö, и, ü, й, і, і, і тәрізді дауысты дыбыстар қолданылады, түрік сөздерінде

¹ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 54.

² Demircan Ö. Türkçenin Ses Dizimi. – İstanbul: Der Yayınları, 2001. – S. 35–36.

³ Üçok N. Genel Fonetik. – Ankara: Ankara Üniversitesi Yayınları, 1951.

⁴ Aksan D. Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim. – Ankara: TDK Yayınları, 2000. –S. 31.

сегіз қысқа дауысты фонема бар. С.Экер түрік тіліндегі дауысты дыбыстар саны фонологиялық тұрғыдан созылық дауысты дыбыстар мен «предорсал» а дауысты дыбысын қосқанда 12-ден кем болмайды десе¹, С.К. Йалчын ұзақ және қысқа дауысты дыбыстарды, қысаң *é* және *ğ* дыбысы құрайтын екінші кезектегі дауыстыларды ескергенде түрік тіліндегі дауыстылардың жалпы саны 21-ге жететінін айтады. С.К.Йалчын түркі тілдеріне тән негізгі он алты дауысты дыбыстың түрік тілінде бірінші буында /a/, /ā/, /ɨ/, /ī/, /o/, /ō/, /u/, /ū/, /e/, /ē/, /i/, /ī/, /ö/, /u/, /ü/, /ı̄/ дыбыстары, бірінші буыннан кейінгі буындарды /a/, /ā/, /ī/, /ɨ/, /ū/, /u/, /e/, /i/, /ü/ дауыстылары кездесетінін айтады²

Қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелісінде дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктері ескеріледі. Мәселен, Ә.Жүнісбек қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөледі³:

1.Тілдің көлденең қалпына (қатысына) қарай: а) тіл арты дауыстылар, ә) тіл ортасы дауыстылар;

2. Тілдің (жақтың) тік қалпына (қатысына) қарай: а) ашық дауыстылар, ә) қысаң дауыстылар;

3. Еріннің қалпына (қатысына) қарай: а) ерін (дік) дауыстылар, ә) езу(лік) дауыстылар;

4. Әуез қатысына қарай: а) жуан дауыстылар, ә) жіңішке дауыстылар;

5. Құрамына қарай: а) жалаң дауыстылар, ә) құранды дауыстылар. Ғалым қазақ тіліндегі е, о және ө дауысты дыбыстарды құранды, яғни дифтонг дауысты дыбыстар қатарына жатқызып, осы үш дауысты дыбысты екінші сыңарының тілдің тік қалпына қарай қысаң деп көрсетеді⁴.

Түрік тіліндегі дауысты дыбыстарды Н.Селен тілдің көлденең қатысына қарай:

1. Тіл арты дауыстылар: *a, o, u.*

¹ Eker Süer. Türkçenin sesbirimleri ve belirgin altsesbirimleri // Turcology in Turkey. Studia uralo –altaica 47. – Szeged, 2007. – S.187.

² Yalçın S.K. Çağdaş Türk Lehçelerinde Ünlüler. Doktora Tezi. – Elazığ, 2009. – S.8.

³ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 61 –62.

⁴ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. –Б. 57 –58.

2. Тіл ортасы дауыстылар: 1.

3. Тіл алды дауыстылар: *e, i, ö, ü* деп жіктейді. Ол *e, i* дыбыстарын езулік тіл алды дауыстылар, *ö, ü* дыбыстарын еріндік тіл алды дауыстылар деп көрсетеді¹. *С.Экер* түрік тіліндегі дауыстыларды созылыңқы және қысқа, тіл арты және тіл алды, еріндік және езулік деп үшке, жасалу жолына қарай ауыз жолды және мұрын жолды деп екіге бөледі². Сонымен қазақ және түрік тілдерінде дауысты дыбыстарды әуездің қатысына қарай жуан және жіңішке, тілдің қатысына қарай тіл арты және тіл ортасы деп бөлу орныққан пікір деуге болады.

Қазақ тілінде жуан (тіл арты) дауыстыларға *a, o, ұ, ы*, жіңішке (тіл ортасы) дауыстыларға *ә, е, ө, ү, і* дыбыстары, ал түрік тілінде жуан (тіл арты) дауыстыларға *a, ı, o, u*, жіңішке (тіл алды) дауыстыларға *e, i, ö, ü* дыбыстары жатады. *М.Эргин* түрік тіліндегі дауысты дыбыстарды дыбыстың шығу жолына қарай жіктегенде *u* дыбысы ең артқы қатарлы, *i* ең алдыңғы қатарлы дыбыс болатынын, ал тілдің артқа тартылуына қарай жуан дауыстылар *ı, o, ı, a* дыбыстық қатарын түзетінін айтады³. Жуан дауыстыларды айтқанда тіл сәл артқа қарай тартылып, тілдің ортасы біраз көтеріледі, ал жіңішке дауыстылар айтылғанда тіл сәл ілгері жылжиды⁴. *Н.Селен* *a, o, u* дыбыстарын тіл арты, *e, i, ö, ü* дыбыстарын тіл алды дауыстылары деп көрсетеді де тіл ортасы дауыстысы ретінде *ı* дыбысын белгілейді.⁵ Демек дауыстылардың тілдің қатысына қарайғы сипатын ескерсек, екі тілдегі дауыстылар арасындағы айырмашылық жіңішке дауыстыларға қатысты болып келеді, яғни жіңішке дауыстылар қазақ тілінде тіл ортасы дыбыстары болатын болса, түрік тілінде тіл алды дыбыстары саналады.

¹ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 21 –22.

² Eker S. Ünlülerin Temel Özellikleri Üzerine Birkaç Not // Turkish Studies. Fall 2010, Volume 5/4. – S.314.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. – S. 40.

⁴ Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М. – Л.: Издательство АН СССР. – 1956. – С.21.

⁵ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 22 –52.

Қазақ және түрік тілдерінде дауыстылар еріннің қатысына қарай еріндік және езулік болып бөлінеді. Еріндік дауысты дыбыстар айтылғанда ерін дөңгеленіп сүйірленеді, ал езулік дауыстылар айтылғанда ерін екі жаққа тартылып, езу жиырылады.

Қазақ тіліндегі *о, ө, ұ, ү* және түрік тіліндегі *o, ö, u, ü* дыбыстары еріндік дауыстылар, қазақ тіліндегі *а, ә, ы, і, е* және түрік тіліндегі *a, e, ı, i* дыбыстары езулік дауыстылар саналады.

Қазақ және түрік тілдерінде дауыстылар жақтың қатысына қарай ашық және қысаң болып екіге бөлінеді. Қазақ тіліндегі *а, ә, е, о, ө* дыбыстары, түрік тіліндегі *a, e, o, ö* дыбыстары ашық дауыстылар, қазақ тіліндегі *ұ, ү, ы, і* және түрік тіліндегі *ı, i, u, ü* дыбыстары қысаң дауыстылар болып саналады.

§3. Қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жалпы сипаты

Көне түркі тілінен жалғасып келе жатқан, барлық түркі тілдеріне ортақ дауысты дыбыстар қатарына *а, е, о, ө, ұ, ү* дыбыстарын жатқызуға болады.

Қазақ тілінде *а* – тіл арты (жуан), ашық, езулік дауысты дыбыс: *аға, ана, тау*. Езулік күші *ы, і* фонемаларына қарағанда әлсіз болып келетіндіктен, *о, ұ* жуан еріндік дауыстылардан кейін ашық айтылады: *отау, ұшақ*. Ділда, кітап, ләззат сияқты араб-парсыдан кенген кірме сөздерде Ділдә, кітәп, ләззәт түрінде жіңішке айтылады.

Түрік тілінде *а* – тіл арты (жуан), ашық, езулік дауысты дыбыс: *ana* «ана», *başka* «басқа», *kar* «қар». Селен Невин екі түрлі *а* дыбысының бар екенін, бірінші *α* – постдорсал (тіл артының түпкі жағындағы), екінші *а* – предорсал (тіл артына жақын) болатынын, мұнда үнді *l, r* және алдыңғы көмей шұғыл *t* және *m, n* дауыссыз дыбыстарынан кейін келетін *а* дыбысының предорсал, бұлардан басқа позициядағы *а* дыбысының постдорсал *α* екенін айтады¹.

¹ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 22, 25.

Түрік тілінде *a* дыбысының созылыңқы түрі көбіне-көп кірме сөздерде кездеседі: *a:det* «әдет», *ta:na* «мағына», *na:ne* «жалбыз». Ал түрік сөздерінде *a* дыбысы мынадай жағдайларда ұзарады: а) *a* дыбысынан кейін келетін *ğ* дыбысталмайтындықтан, *ğ*-ның алдындағы *a* дыбысы ұзарады¹: *bağ>ba:* «бау», *dağ>da:* «тау», *çağ>ça:* «шақ», *ağam>a:am* «ағам», *ağit>a:it* «жоқтау», *ağrı>a:ri* «ауру», *kağni>ka:ni* «арба». ә) *hane* сөзімен жасалған күрделі сөздерде осы сөздің алдында дауысты дыбыс болатын болса, *h* дыбысы редукцияға ұшырайды да, дауысты *a* ұзарады, ал дауыссыз дыбыс болса *hane* сөзіндегі *a* дыбысы ұзарады: *postahane>posta:ne*² «почта», *hastahane>hasta:ne* «аурухана», *pastahane>pasta:ne* «кондитерлік дүкен» т.б.

Түрік тілінде графикалық түрғыдан *â* деп белгіленген *a* дыбысы тек қана кірме сөздерде қолданылады. Мұнда *â* таңбаланған дыбыс: 1) жазылуы бірдей, бірақ мағынасы басқа сөздерде *a* дыбысының созылыңқы екенін көрсетеді: *adet* «дана» - *âdet* «әдет-ғұрып», *aşık* «асық» - *âşik* «ғашық», *hala* «тәте» - *hâlâ* «әлі». 2) *g, k, l* т.б. дауыссыздарымен тіркескенде *â* жіңішке дыбысталады: *yadigâr* «жәдігер», *dükkân* «дүкен», *lâle* «лала». Сөздің соңғы буынында жіңішке *â* дыбысы келетін болса, ол сөзге қосымшалардың жіңішке варианттары жалғанады: *dikkât-îm* «назарым», *hâl-leri* «жағдайлары», *saat-i* «сағаты».

Т.Бангуоглу түрік тіліндегі араб тілінен кірме сөздерде жіңішке *a* (*â*) дыбысының бар екенін, бұл дыбыстың жіңішкерген және қысаңданған *a* дыбысы болумен қатар, *e* дыбысына жақындай түсетінін айтады³. Соның әсерінен кірме сөздерге жалғанатын қосымшалар да жіңішке болып келеді: *saat-iniz, harf-ten, sıhhat-imiz, dikkat-li, harf-e, saat-ler*. Демек түрік тіліндегі предорсал *a* дыбысы қазақ тіліндегі *ә* дыбысына дыбысталуы жағынан біршама жақын болып келеді. Қазақ тілінде де араб-парсыдан енген кірме сөздерде *a* жазылғанымен, айтылуда сөз жіңішкеріп,

¹ Gabain A.von. Alttürkische Grammatik. – Wiesbaden, 1974. –S.91; Elöve Ali Ulvi. Türkçede Yumuşak ve Kaba L Konsonları. // Türk Dili Dergisi. 1955 –56. CV 49 –60. – S.484 –489.;

² Elöve A. Türkçede Yumuşak ve Kaba L Konsonları // Türk Dili Dergisi. 1955 –56. CV 49 –60. – S. 351.

³ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yay, 2007. – S.36.

а – ның орнына ә дыбысталады, оларға жалғанатын қосымша да жіңішке болып келеді: хал, халге, халі.

Қазақ тілінде ә – тіл ортасы (жіңішке), ашық, езулік дауысты дыбыс: әдемі, тәтті, бәсең т.б. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде де а мен ә дауыстыларының бірінің орнына бірі қолданылуы сирек те болса кездеседі¹.

Қазақ тілінде е – тіл ортасы (жіңішке), ашық, езулік дауысты дыбыс: екі, ет, тек, тезірек т.б. Ә.Жүнісбек бәйге, әне, ешкім, міне т.б. сөздер бәйгі, әні, ішкім, міні түрінде айтылып, е мен і-нің ұқсастығын аңғартатынына мән береді, е фонемасының й және і дыбыстарының қосындысынан тұратынын айтады. е дыбысы ә дауыстысының кедергі жасауынан жалаң, ашық дауысты болып айтыла алмайтынын, і дауыстысының кедергі жасауынан жалаң, қысаң дауысты бола алмайтынын, тек тіл арты ашық ә дауыстысына қарай икемделетінін алға тартады². М.Томанов: «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі е дыбысы басқа түркі тілдеріндегі сондай дыбыстан дифтонгіге ұқсастығымен ерекшеленеді» - дей келе, сөз басындағы е дыбысының алдынан і қысаң дауыстысы айқын байқалатынын айтады³.

Түрік тілінде е – тіл алды (жіңішке), ашық, езулік дауысты дыбыс: *ектек* «.ан», *el* «қол», *kürek* «күрек», *dede* «ата». Қазіргі түрік тілінде бұл дыбыстың екі түрі кездеседі: ашық және қысаң. Қысаң е түрік тілі фонетикасының басы ашылмаған даулы мәселелері қатарына жатады. Мәселен, В.Томсен, И.Немет, Н.Поппе, М.Рясянен тәрізді алтаистер бұл дыбысты жеке бір фонема деп қарастырса, В.Радлов ä > е (> i) деген өзгерісті атап көрсетеді және è дыбысының жеке фонема еместігін тілге тиек етеді⁴.

Қысаң е дыбысы *e* мен *i* арасындағы дыбыс деген көзқарастағы ғалымдар бұл дыбыстың *e>i* және *i>e* алмасуынан пайда болғанын, кезінде Хорезм түрік тілінде қолданылған бұл дыбыстың қазір

¹ Омарбеков С., Жүнісбеков Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – Б. 32.

² Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 67.

³ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – Б. 42.

⁴ Seylan –Yılmaz E. Ana Türkçede Kapalı e Ünlüsü // Türk Dili Araştırmaları. – Ankara, 1991. – S. 151 –165.

тек ауызекі тілде сақталып отырғанын айтады¹. Н.Селен бұл дыбыстың жартылай қысаң және қысқа түрі үшін *ε* таңбасы, жартылай ашық түрі үшін *æ* таңбасы қолданылады дейді. Түрік тіліндегі *te:sir* «ықпал», *te:mir* «қызметкер» тәрізді кірме сөздерде, сондай-ақ *e* –ден кейін *ğ* келетін болса, *e* ұзақ айтылады (*eğmek* «ию».. Егер *e* дыбысы *ğ*-ның екі жағынан келсе, *e* –нің бірі ашық, екіншісі одан да ашығырақ дыбысталады: *eğe* > *εjæ* «еге», *eğەر* > *εjær* «егер». Негізінен қысаң *e* дауыстысы сөздің бірінші буынында және *güvey*, *güney*, *güvez*, *birey* сияқты біраз сөздердің екінші буынында кездеседі. Екінші дәрежедегі қысаң *e* дыбысының пайда болуына *ç*, *ş*, *y* дауыссыздары да әсер етеді².

Қысаң *e* дауысты дыбысы көбінесе бірінші буында кездеседі: *erken*, *el*, *demek*, *gece*. Түрік тілінің тарихи кезеңдеріне көз жүгіртсек, көне Анатоли түрік тілінде қазіргі сөздердегі бірінші буында кездесетін *e*-нің орнына *i*-нің қолданылғаны байқалады: *yil*, *virnek*, *irte*, *gice*³. Түрік тілінде *e* дауыстысы бірінші ашық буында *э* дыбысына сәйкес дыбысталады. Ал қазақ тіліндегі *e* дауысты дыбысы *й* тектес үнді дауыссыз дыбыстан басталып, *i* тектес қысаң дауысты дыбыспен аяқталады⁴

Қазақ тіліндегі *тіл* арты (жуан), еріндік, ашық *o* дауыстысы негізінен қазақтың байырғы сөздерінің бірінші буынында (*от*, *қос*, *қой*), екінші және үшінші буындарда *-қор*, *-қой*, *-ғой* қосымшалары құрамында (еңбекқор, сәнқой, даңғой) кездеседі⁵. Ә.Жүнісбек бұл дыбысты құрамында *уу*

¹ Korkmaz Z., Ercilasun A.B., Zülfikar H., Akalın M., Gülensoy T., Parlatur İ., Birinci N. Türk Dili ve Kompozisyon Bilgileri. – Ankara: TDK Yay, 1990. –S. 65; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. –S. 57.

² Eker S. Türkçenin sesbirimleri ve belirgin altsesbirimleri // Turcology in Turkey. Studia uralo –altaica 47. –Szeged, 2007. – S. 181 –198. – – S. 191.

³ Köktekin K. Eski Anadolu Türkçesi. – Erzurum: Fenomen Yayınları, 2008. – S. 71.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 19.

⁵ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б. 139.

дыбыстары орын алатын құранды дыбыс деп санайды¹

Түрік тілінде *o* – тіл арты (жуан), ашық, еріндік дауысты дыбыс: *o* «ол», *odun* «отын», *çocuk* «бала». Н.Селен түрік тілінде *o* дыбысының постдорсал жартылай қысаң *o* және тіл артын ала бере дыбысталатын предорсал ашық *ɔ* сияқты екі түрі бар екенін айтады². Түріктің байырғы сөздерінде тек бірінші буында қолданылатын *o* дыбысы біріккен сөздер, кірме сөздер, қосарлама сөздер (*Yalova*), *doktor*, *bomboş* «боп-бос», сондай-ақ *yorur* етістігінен туындаған осы шақтың (*-yor*) қосымшасы құрамында екінші, үшінші кейінгі буындарда кездеседі. Бұл дыбыс *ğ*-ның алдында келгенде айтылуда *ğ* редукцияға ұшырайды да, *o* дыбысы ұзарады³: *oğ* > *o*: «қала», *boğ* > *bo*: «буу (етістік)», *doğ* > *do*: «туу».

Қазақ тілінде *ө* – тіл ортасы (жіңішке), еріндік, ашық дауысты дыбыс, негізінен сөздің бірінші буынында кездеседі: *өш*, *төрт*, *төре* т.б. Алайда *-көй*, *-гөй* қосымшалары құрамында екінші және үшінші буындарда айтылып, жазылады: *ақылгөй*, *қаскөй*⁴. *Ө* фонемасы еріндік буындардан кейін айтылады, бірақ жазуда е әрпімен таңбаланады: *өзен* (өзөн), *үшеу* (үшөу), *үстеу* (үстөу). *Ә.Жүнісбек* бұл дыбысты құранды дыбыстар қатарында қарап, құрамындағы дыбыстарды уу дей келе, бұл дыбыстың екінші сыңарына байланысты тілдің тік қалпына қарай қысаң екендігін айтады⁵. Ал *М.Томанов* дифтонгіге ұқсас *ө* дыбысында алдымен жіңішке қысаң дауыстысының естілетінін, бұл ерекшелік сөздің абсолют басында айтылатын *ө* дыбысына қатысты болатынын, ал бітеу буындағы *ө* тек қана монофтонг екенін ескертеді⁶.

Түрік тілінде *ö* – тіл алды (жіңішке), ашық, еріндік дауысты дыбыс, сөздің тек бірінші буында кездеседі: *ömür* «өмір», *ördek* «үйрек», *ölçü* «өлшем». Оның ашық қысқа (*æ*) және жартылай қысаң (*ø*) түрлері орын алады. Сөз ішінде *ğ*-ның алдында

¹ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 65.

² Selen N. Söyleyiş Sesbilimi Akustik Sesbilim ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yay, 1979. – S. 30.

³ Demircan Ö. Türkçenin Ses Dizimi. – İstanbul: Der Yayınları, 2001. – S. 41.

⁴ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б.140.

⁵ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 58, 65.

⁶ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – Б. 45.

сол сөздегі басқа дауысты дыбыстарға қарағанда ұзағырақ дыбысталады, сондықтан *ö* дыбысына жартылай созылықтық тән деуге болады¹. Мысалы: *ögle* «түс, түскі уақыт», *öğret* «үйрет».

Қазақ тілінде *ұ* – тіл арты (жуан), еріндік, қысаң дауысты дыбыс: *ұн*, *ұшақ*, *құс*. Бұл фонема жазуда бірінші буында *ұ* әрпімен таңбаланады, бірақ бірінші буындағы *о*, *ұ* еріндік дауыстыларынан кейін *ы* әрпімен таңбаланады²: *орын* (орұн), *құрық* (құрұқ), *мұрын* (мұрұн). М.Томанов бұл дыбысты басқа түркі тілдерімен салыстыра келіп, қазақ тілінде *у* мен *ы*-ның арасындағы дыбыс екенін айтады³.

Түрік тілінде *и* – тіл арты (жуан), қысаң, еріндік дауысты дыбыс: *ин* «ұн», *иçак* «ұшақ», *киç* «құс». Бұл дыбыс та *ğ* дыбысының түсіріліп айтылуына байланысты *ğ*- алдында ұзарады⁴: *иğultu* «үілдеу», *иğраç* «айналысу». Түрік тіліндегі кірме сөздерде графикалық тұрғыдан *û* деп таңбаланатын дыбыс жазылуы бірдей, мағынасы басқа-басқа болып келетін сөздерді ажырату үшін қолданылады: *şıra* «мына жер» – *şûra* «кеңес». Кірме сөздердегі *k*, *g*, *l* әріптерінен кейін келген *î* жіңішке оқылады: *hükûmet* «үкімет», *Halûk*.

Қазақ тілінде *ү* – тіл ортасы (жіңішке), еріндік, қысаң дауысты дыбыс: *үлкен*, *үлес*, *түк*. *Ү* фонемасы бірінші буында *ү* әрпімен таңбаланады, екінші және кейінгі буындарда *і* түрінде жазылады⁵: *өнім* (өнүм), *үміт* (үмүт).

Түрік тілінде *ü* – тіл алды (жіңішке), қысаң, еріндік дауысты дыбыс: *üzüm* «жүзім», *yürek* «жүрек», *süt* «сүт». Сөз ішінде *ğ*-ның алдына келген жағдайда оның редукциялануына байланысты, *ü* дыбысы айтылуда ұзарады⁶: *düğün* «той», *düğme* «түйме».

¹ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 45 – 47.

² Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б.140.

³ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – Б. 45.

⁴ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 35.

⁵ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б.140.

⁶ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi Akustik Sesbilim ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yay, 1979. – S. 50.

Қазақ тілінде *ы* – тіл арты (жуан), езулік, қысаң дауысты дыбыс: ыстық, қыс, мың. Қысаң фонема болғандықтан, көп буынды сөздерде кейде көмескі естіледі: қат(ы)нас, аз(ы)рақ. Табыс септігінің жалғауын қабылдаған кезде кейбір сөздердің екінші буынында *ы* фонемасы түсіп қалады: қарын-қарны, халық-халқы.

Түрік тілінде *ı* – тіл ортасы (жуан), қысаң, езулік дауысты дыбыс: *ıgtaк* «өзен», *yıldız* «жұлдыз», *sır* «сыр, құпия». Дауысты дыбыстар арасындағы дыбысталуы тұрғысынан алғанда ең қысқасы болып табылады. Кейбір зерттеушілер бұл дыбысты тіл ортасы дауысты дыбыс деп санайды¹. Бұл дыбыс та *ğ*-ның алдында айтылуда ұзарады: *siğ* «таяз», *yiğ* «жи», *tiğ* «біз».

Қазақ тілінде *і* – тіл ортасы (жіңішке), езулік, қысаң дауысты дыбыс: іс, тіс, бір, екі. Қысаң фонема болғандықтан, көп буынды сөздерде кейде көмескі естіледі: кеш(і)рім, қас(і)рет. Жалғау жалғанған кезде екінші буынында *і* фонемасының түсіп қалуы орын алады: ерні, кейпі. М.Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі *и*, *і*, *ии* дыбыстарының шығу, қалыптасу тегі жағынан бірыңғай және қолданылу жағынан да сәйкес келеді дейді².

Түрік тілінде *і* – тіл алды (жіңішке), қысаң, езулік дауысты дыбыс: *iki* «екі», *bir* «бір», *tilki* «түлкі». Түрік тіліндегі кірме сөздерде графикалық тұрғыдан *î* деп таңбаланған дыбыс созылыңқы дыбысталуды қажет етеді: *azîm* «ынта». Созылыңқылықты білдіретін таңба табыс септігінің жалғауын (*tarihi* «тарихты», *askeri* «әскерді»). сын есім тудырушы *-î* (*tarihî* «тарихи», *askerî* «әскери»). жұрнағынан ажырату үшін қолданылады.

Қазақ тіліне орыс тілінен енген кірме *и*, *у* және *ю*, *я* әріптері қазақтың төл дауысты дыбыстарының тіркесін таңбалайды³. Мысалы: *и* – ый, ий (ми-мый, ине-ийне), *у* – ұу, үу (суық-сұуық, сурет-сүүрет), *я* – йа, йә (яки-йәкий, яғни-йағный), *ю* – йұу, йүү (қою-қойұу, күю-күйүү).

¹ Selen N. Söyleyiş Sesbilimi Akustik Sesbilim ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yay, 1979. – S. 51.

² Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – Б. 49.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 21.

§4. Түрік тіліндегі созылыңқы дауысты дыбыстар

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен түрік тілінің дыбыстық жүйесінің басты айырмашылығы – түрік тілінде сегіз қысқа дауысты дыбыстың сыртында, â, î, û тәрізді үш созылыңқы (ұзақ) дауысты дыбыстардың болуында.

Түрік тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты зерттеулерге зер салсақ, созылыңқы дауыстылардың табиғаты туралы пікірлерде қайшылық бары байқалады. Мәселен, А. Кононов, Ергин Мухарем тәрізді ғалымдар дауыстылардың созылыңқылығы түрік тілінің төл дыбыстық жүйесіне тән емес құбылыс деп санайды, созылыңқы дауыстылар негізінен *adalet* (*ada:let*) «әділет», *idare* (*ida:re*) «әкімшілік», *şair* (*şa:ir*) «ақын», *şube* (*şu:be*) «филиал» т.б. араб- парсы тілдерінен енген кірме сөздер құрамында ғана кездеседі деген пікірге ден қояды¹. Ал еуропалық зерттеушілер түрік тіліндегі созылыңқылықты араб және парсыдан енген кірме сөздерге қатысты дауысты дыбыстардың созылыңқылығы және дауысты дыбыстар арасында, немесе дауысты дыбыстан кейін ğ-ның айтылмауынан пайда болатын созылыңқылық деп екіге бөліп қарастырады².

С. Экер дауысты дыбыстардағы созылыңқылықтың мынадай жағдайларда байқалатынын айтады: а) кірме сөздердегі бірінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар; ә) кірме фонемалардың түсірілуінен пайда болған созылыңқылық; б) түрік сөздеріндегі бірінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар; в) түрік сөздерінде ğ және v себеп болған созылыңқылық; г) түрік сөздерінде басқа фонетикалық құбылыстардың нәтижесінде пайда болған екінші дәрежелі созылыңқылық; ғ) дауысты дыбыстың интонациялық созылыңқылығы³. В.Жошкун түрік тілі алфавитіндегі ğ-ның графема екенін, ол алдында тұрған дауысты дыбыстарды

¹ Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М. –Л.: Издательство АН СССР. – 1956. – С. 21; Ergin Muharrem. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. – S. 42–43.

² Underhill R. Turkish // Studies in Turkish linguistics. Amsterdam and Philadelphia: John Benjamins. –1986. 7–21. – S. 10.

³ Eker S. Türkçenin sesbirimleri ve belirgin altsesbirimleri // Turcology in Turkey. Studia uralo –altaica 47. – Szeged, 2007. S. 181–198. – S. 189.

ұзартатынын айта келе, түрік тілін созылыңқы дауысты дыбыстарға бай тіл деп санайды¹

Қорыта айтқанда, түрік тілінде кездесетін â, î, û созылыңқы дауыстыларды ескермегенде, қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жалпы сипаты негізінен бірдей болып келеді. Ерекшелік тек тілдің қатысына қарай жасалған дауыстыларға қатысты орын алады, яғни қазақ тілінде тіл алды дауысты дыбыстары болмайды, ал жіңішке дауысты дыбыстар тек тіл ортасы дауыстылары. Керісінше, түрік тілінде барлық жіңішке дауысты дыбыстар тіл алды дыбыстары болып табылады.

¹ Coşkun V. Türkçenin Ses Bilgisi. – İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008. – S. 159.

II ТАРАУ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

§1. Қазақ және түрік тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелісі

Қазақ тілінде барлығы 26 дауыссыз дыбыс бар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң, щ. Мұның он жетісі қазақтың төл дауыссыз дыбыстары болып есептеледі: б, ғ, г, д, ж, з, й, қ, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш. Қазақ тіліндегі в, ф, х, һ, ц, ч дауыссыздары кейіннен орыс тілінің әсерімен қосылған, байырғы сөздерде қолданылмайтын дауыссыз дыбыстар. Қазақ тілінде к және г дыбыстарынан басқа байырғы дауыссыз дыбыстар әлипбилік айтылымда бы, ғы, ды, жы, зы, йы, қы, ыл, мы, ны, пы, ыр, сы, ты, ұу, шы болып, бірыңғай жуан дыбысталады. А.Байтұрсынов қ, ғ дыбыстарының ешқашан жіңішкермейтіні сияқты, к, г дыбыстарының да ешқашан жуандамайтынын атап айтады¹. Ж. Аралбаев қ, ғ к, г дыбыстары туралы: «ғ к, г тілдің даму барысында дербес фонемаларға айналған бір ғана қ фонемасының аллофондары» - дейді².

Түрік тілінде, негізінен, *b, c, ç, d, f, g, ğ, h, j, k, l, m, n, p, r, s, ş, t, v, y, z* болып келетін 21 дауыссыз дыбыс бар деп саналады. Әліпбилік айтылымда дауыссыз дыбыстарға е дауыстысы тіркеледі: *be, ce, çe, de, fe, ge, ğe, he, je, ke, le, me, ne, pe, re, se, şe, te, ve, ye, ze*.

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 8.

² Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б. 142.

Түрік тілінде 25 дауыссыз дыбыстардан тыс, ауызекі тілдік қолданыста жуан ğ, ħ, қ, ñ дыбыстары кездеседі. Қазіргі түрік тілінде *k* мен *q*, *g* мен *ğ* дауыссыздарының дыбысталуындағы айырмашылық жуан және жіңішке дауыстымен қатар келген кезде байқалады. Мысалы: *kol* «қол» және *keklik* «кекілік», *gıdık* «қытық» және *gönül* «көңіл» т.б. Сол сияқты *ğ* әрпі де екі дауыссыз дыбысты таңбалайды¹: *k* және *g* дауыссыздары екі дауысты дыбыс арасында ұяңданып, *ğ* дыбысына айналады. Мысалы: *çıktık-ı* > *çıktığ-ı* «шыққаны», *karak-ını* > *karağ-ını*. Ал *g* дауыссызының екі дауысты арасында жұмсаруы орын алатын *dirsek-i* > *dirseği* > *dirseği* «шынтағы», *girdik-inde* > *girdiginde* > *girdiğinde* «ол кіргенде». Бұл жердегі *ğ* дыбысы *k*-ның жұмсаруынан пайда болған *ğ* дыбысынан өзгешелеу, *g* дауыссызының жұмсаруынан пайда болған *ğ* дыбысы *u* дыбысындай айтылады. Мысалы *dirseği* сөзін *dirseyi*, *girdiğinde* сөзін *girdiyinde* деп дыбыстауға болады. Сөздің аяғында және жалғау соңындағы *ğ* дыбысынан басқа сөз түбіріндегі *ğ* дауыссызы дауысты дыбыстардың жуандық жіңішкелігіне қарай үйлесе дыбысталады.

Алдындағы және өзінен кейін келген дауысты дыбыстардың жуан және жіңішкелігіне қарай екі түрлі дыбысталатын дауыссыздардың бірі – *l*. Мысалы: *kala, ilim, dolar, pl» .j, sel'am, hala, hâl»*. т.б.

Дауыссыз дыбыстар акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлінеді: а) дауыстың қатысына қарай, ә) ауаның шығу жолына қарай, б) жасалу орнына қарай.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар дауыстың қатысына қарай үнді (*л, м, н, ң, р, й, у*), ұяң (*б, в, г, ғ, д, ж, з*), қатаң (*п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч*) болып бөлінеді. Үнді дауыссыз дыбыстарда дауыс (тон) басым, салдыр аз болады, ал ұяңдарда керісінше салдыр басым, дауыс аз болады. Қатаң дауыссыз дыбыстар болса тек қана салдырдан жасалады.

Түрік тілінде дауыссыздар дауыстың қатысына қарай қазақ тіліндегідей үшке емес, ұяң (*b, c, d, g, ğ, j, l, m, n, r, v, y, z*) және қатаң (*ç, f, h, k, p, s, ş, t*) болып екіге бөлінеді. Бұлар өзара мынадай жұптар құрайды: *b-p, c-ç, d-t, g-k, ğ-h, j-ş, v-f, z-s*.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. – S. 45.

Түрік тілінде қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар *tonlu-tonsuз*, *sedalı-sedasıз*¹, *ünlü-ünsüz*², *ötümlü-ötümsüz*³ деп әр түрлі аталады.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар ауаның шығу жолына қарай шұғыл (п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң), ызың (ф, в, с, ш, ж, з, х, һ, ғ, л, й, у), діріл (р) дауыссыз дыбыстар болып бөлінеді. Ал түрік тілінде дауыссыздар ауаның шығу жолына қарай жабысыңқы (шұғыл) (b, c, ç, d, g, k, p, s, ş, t), ызың (f, ğ, h, j, s, ş, v, z), үнді (l, m, n, r, y) болып жіктеледі. Шұғыл фонемалар айтылғанда дыбыстау мүшелері біріне бірі жабысып, ауа кенеттен үзіледі. Ал ызың дауыссыз дыбыстар айтылғанда дыбыстау мүшелері біріне бірі жақындап, ауаның жолы тарылады, бірақ ауа үзілмейді. Діріл дауыссыз дыбыс тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай ерін (п, б, в, ф, м, у), тіл (т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, ғ, х, ң, л, р, й), көмей (һ) дауыссыздары болып жіктеледі. Ерін дауыссыз дыбыстары іштей еріндік (п, б, м, у) және тіс пен ерін (ф, в) болып екіге бөлінеді. Ал тіл дауыссыз дыбыстары тіл алды (т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р), тіл ортасы (й) және тіл арты (к, г, қ, ғ, ң, х) болып үшке бөлінеді.

Түрік тіліндегі дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай ерін (b, p, m), тіс-ерін (f, v), тіс (d, t, n, s, z), таңдай-тіс (c, ç, j, ş), алдыңғы таңдай (g, k, l, r, y), артқы таңдай (ğ, ğ, қ, һ), көмей (h) дауыссыз дыбыстары болып бөлінеді. Дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай жіктеуде түрік тіл білімінде пікір қайшылығы орын алады деуге болады. Мәселен, А.Н. Кононов дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай ерін және тіл (алдыңғы тіл, орта тіл, артқы тіл) деп жіктейді, ал жасалу әдісіне қарай жабысыңқы және ызыңнан басқа діріл дауыссызын, аффрикаттар мен мұрын жолды дауыссыздарды көрсетеді⁴. М.Хенгирмен дауыссыз дыбыстарды: қос ерін (b, p, m), тіс-ерін (f, v), тіс еті (d, t, n, s, z), тіс еті – таңдай (c, ç, j, ş), алдыңғы таңдай (g, k, y), артқы таңдай (ğ, ğ, қ), көмей фонемасы (h) деп жіктейді⁵.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. – S. 46.

² Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yayınları, 2007. – S. 42.

³ Aksan D. Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim. – Ankara: TDK Yayınları, 2000 – S. 36.

⁴ Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.–Л.: Издательство АН СССР, 1956. – С. 27.

⁵ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. – S. 66.

§2. Қазақ және түрік тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жалпы сипаты

Қазақ тілінде б – ұяң, ерін, шұғыл, дауыссыз дыбыс. Сөздердің басқы және орта шенінде көп қолданылады: бала, балбал, бесік. Сөздің соңында кездеспейді, кірме сөздерде сөздің соңында б жазылғанымен п болып айтылады: клуб, куб. Бұл сөздерге қосымша жалғанғанда да қатаң дауыссызбен басталатын қосымша жалғанады: клубқа, кубты.

Түрік тілінде b – ұяң, ерін, жабысыңқы дауыссыз дыбыс: *baba* «әке», *bal, bülbül* «бұлбұл». Түріктің төл сөздерінде *b* дыбысы сөз соңында қолданылмайды, ал *klüp (club), küp (cup)* сияқты кірме сөздердің соңындағы *b* дауыссыз дыбысын түрік тілінің дыбыстық жүйесі *p* дауыссыз дыбысы түрінде меңгереді.

Қазақ тілінде в – ұяң, ызың, ерін дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген кірме сөздерде кездеседі: вагон, ванна.

Түрік тілінде v – ұяң, тіс-ерін, ызың дауыссыз дыбыс білдіреді. Түріктің байырғы төл сөздерінің бастапқы позициясында *v* дыбысы қолданылмайды, бірақ бұрындары *b* дыбысымен басталған *var, ver, vir* сияқты біраз сөздердегі *b* дауыссыз дыбысы кейіннен *v* дыбысына айналған. Мұның сыртында *v* дауыссызы *vizilti, vizig vizig* сияқты еліктеуіш сөздерде кездеседі. *v* дыбысымен басталатын сөздер негізінен кірме сөздер болып табылады: *vagon, vinç* «кран». Өзінен кейінгі немесе өзінің алдындағы еріндік дауысты дыбыстардың әсерімен *v* дыбысы *w* болып айтылады: *kavun – kawun, kovuk – kowuk, bavul – bawul*. Кейбір ғалымдар *w* дыбысын *v* дыбысының аллофоны ретінде көрсетеді¹ Сонымен қатар түрік тіл білімінде дауысты + *v* түріндегі дыбысты «*kayap ünlü*» (дифтонг) деп тану да орын алады².

Қазақ тілінде г – ұяң, шұғыл, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөз басында гүріл, гуіл, гүрс сияқты еліктеуіш сөздерде, гүл, газ, газет т.б. кірме сөздерде кездеседі.

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. – S. 244.

² Demircan Ö. Türkçenin Ses Dizimi. – İstanbul: Der Yayınları, 2001. – S. 55.; Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 102.

Түрік тілінде ұяң, таңдай, жабысыңқы дауыссыз дыбыс болып келетін *g* арқылы екі түрлі дауыссыз дыбыс таңбаланады: жіңішке дауысты дыбыстармен тіркескенде алдыңғы таңдай *g* дыбысын, жуан дауыстылармен тіркескенде артқы таңдай *ğ* дыбысын білдіреді: *gemi, güneş, gaga, damga*.

Қазақ тілінде ғ – ұяң, ызың, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың байырғы төл лексикасында сөздің орта шенінде кездеседі (тағы, аға, ағаш т.б.), ал сөз соңында мүлдем қолданылмайды. Сөздің басында ғ дыбысы көбінесе араб-парсыдан енген кірме сөздерде қолданылады: *ғалым, ғұмыр, ғасыр*.

Түрік тілінде ğ негізінде ұяң, таңдай, ызың дауыссыз дыбыс саналады. М.Эргин бұл дыбысты кейіннен пайда болған дауыссыз дыбыс деп біледі¹. Кейбір ғалымдар ğ –ні өзінің алдындағы дауысты дыбысты ұзарту қызметін атқаратын графема деп санайды². Мысалы: *ағас* «ағаш», *даğ* «тау», *düğme* «түйме». Түріктің төл лексикасында ğ сөз басында мүлдем қолданылмайды. Сөздің соңғы позициясындағы қ дауыссызы екі дауысты дыбыс арасында келгенде алдымен ğ, сонан соң ğ болады, ал ğ тіл алды дауыстылары арасында келгенде, у болып естіледі³: *değirmen – deuyirmen* «диірмен», *değmek – deuymek* «тию».

Қазақ тілінде д – ұяң, шұғыл, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақтың төл сөздерінің басқы және орта шенінде кеңінен қолданылады, сөз соңында мүлдем кездеспейді. Кірме сөздердің соңында д жазылғанымен, айтылуда *t* болып өзгереді: *сьезд, подъезд*.

Түрік тілінде d – ұяң, тіс, жабысыңқы дауыссыз дыбыс. Сөздің басқы және орта шенінде қолданылады: *dağ* «тау», *deve* «түйе», *dede* «ата»..б. Сөз соңында кездеспейді. Тек «адамның есімі, аты-жөні» мағынасындағы *ad* үшін сөз соңында *d* жазылғанымен, айтылуда оның орнына *t* дыбысталады. Бұны «адам есімі» мағынасындағы

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. – S. 60.

² Coşkun V. Türkçenin Ses Bilgisi. – İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008. – S. 159.

³ Mansuroğlu M. Türkiye Türkçesinde Ses Uyumu // Türk Dili Araştırmaları Yılığ. 1959. – S. 82.

at пен «мініс жылқысы» мағынасындағы *at* сөздерін ажырату үшін қолданылған емлелік қолданыс деп білуге болады.

Қазақ тілінде ж – ұяң, ызың, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың төл лексикасында ең жиі қолданылатын дыбыстардың бірі: жаға, жазу, жібек, жоқ, жүрек т.б. Сөздің аяғында тәж, баж сияқты кірме сөздерде кездеседі. Ал қазақ тіліндегі ж дауыссызының дж варианты тек сөз басында ғана кездеседі¹.

Түрік тілінде с – ұяң, тіс- таңдай, аффрикат дауыссыз дыбыс: сап, fiğiñci «наубайханашы». Түріктің байырғы төл сөздерінің барлығында бірдей емес, тек *сауыр сауыр* «сатыр-сұтыр», *civ civ* «шип-шип», *civil civil* «жалт-жұлт» сынды еліктеуіш сөздердің басында қолданылады. Кірме сөздерде (*japon, jandarma*) кездесетін с түрік тілінде *d, l, n* дыбыстарының алдында келген кезде қазақ тіліндегі ж тәріздес дыбысталады: *vicdan – vijdan, iclal – ijlal, ecnebi – ejnebi*².

Түрік тіліндегі с дауыссыз дыбысына жақындау дыбысталатын ұяң, тіс-таңдай, ызың j дауыссызы тек *jaluzi, jöle* «гель», *jeton* тәрізді кірме сөздерде кездеседі.

Қазақ тілінде з – ұяң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың төл лексикасында сөздің барлық шенінде (*зу-зу, зып-зып, зыр-зыр, зіңкию, зыту, бозғылт, бозару, таз, күз* т.б.), сондай ақ кірме сөздерде (*заман, зейін, зор, қағаз* т.б.) кездеседі.

Түрік тілінде z – ұяң, тіс, ызың дауыссыз дыбыс: *zir* «зыр-зыр», *zink* «зыңқ» тәрізді еліктеуіш сөздерде болмаса, түріктің байырғы төл лексикасында сөз басында z дыбысы қолданылмайды.

Қазақ тілінде й – үнді, ызың дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Сөздің басында йод сияқты бірлі-жарым сөздерде болмаса, негізінен қолданылмайды, әйтседе сөз аяғында көптеп кездеседі: *шай, май, тай*.

Түрік тілінде у – ұяң, таңдай, ызың дауыссыз дыбыс: *уака* «жаға», *уер* «жер», *үйрек* «жүрек», *уау* «садақ». Түрік тіліндегі негізгі дыбыстардың бірі. Сөздің барлық позициясында кездеседі.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 26.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. – S. 244.

Қазақ тілінде к – қатаң, шұғыл дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақ тілінің төл лексикасында сөздердің барлық шенінде кездеседі: кейін, кезу, кекілік, көбік, күш. Сөз соңында к дыбысы өзінен кейін дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда ұяң г дыбысына айналады: көк - көгі, көзілдірік - көзілдірігім.

Түрік тілінде к – қатаң, таңдай, жабысыңқы дауыссыз дыбыс: *küçük* «кішкентай», *iki* «екі», *kişi* «кісі». Қазақ тіліндегідей сөз соңындағы к дыбысы дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанғанда ұяңданып ğ болады: *küçük – küçüğü*, *kesik – kesigi* т.б.

Қазақ тілінде қ – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: қазан, қара, құйрық, қыс т.б. Сөз соңында қ дыбысы өзінен кейін дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда ұяң ғ дыбысына айналады: жақ – жағы, дақ – дағы.

Түрік тілінде қ – қатаң, таңдай, жабысыңқы дауыссыз дыбыс: *kiş*, *qaz*, *kaşık*. Қазақ тіліндегідей сөз соңындағы қ дыбысы дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанғанда ұяңданып ğ болады: *kaşık – kaşığı*, *kısaq – kısağa*.

Қазақ тілінде л – үнді, ызың дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың тілінің төл лексикасы үшін лық, лып, лүпіл сынды азды-көпті еліктеуіш сөздерде болмаса, сөз басында қолданылмайды. Негізінен сөз ортасында және сөз соңында кездеседі: бала, қалу, қалқа, тал, сол, тіл т.б.

Түрік тілінде l – ұяң, тіс дауыссызы. Түріктің төл сөздерінде сөз ортасы мен сөз соңында кездесетін бұл дыбыспен сөз басталмайды. Мысалы: *ilk* «алғашқы», *alt* «астыңғы», *dal* «тал», *sol* «сол жақ», *dil* «тіл». Сөз басында көбінесе кірме сөздерде көрініс береді: *lale*, *lüle*, *lütfe*. А.Н. Кононов l таңбасының велярлы және латералды екі дыбысты білдіретіндігін мәлімдейді¹: *dal*, *al* және *dil*, *el* сөздеріндегі l бірінші мысалдарда жуан, екінші мысалдарда жіңішке дыбысталады. Сол себепті түрік ғалымдары l дыбысын жуан l және жіңішке l деп бөледі².

¹ Кононов А. Н. Грамматика турецкого языка. – М. –Л.: Издательство АН СССР, 1941. – С. 16.

² Coşkun V. Türkçenin Ses Bilgisi. – İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008. – S. 63.

Қазақ тілінде *m* – үнді, шұғыл, ерін дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: *мен, ми, мал, алмау, арман, балам, қадам* т.б.

Түрік тілінде *m* – ұяң, ерін, мұрын жолды дауыссыз дыбыс: *takas* «қайшы», *merkez* «орталық», *mit* «майшам». Көбінесе *miyaolamak* «мияулау», *tişil tişil* «пыс- пыс» тәрізді сөздерде, *yol mol* «жол-мол», *ev mev* «үй-мүй» сияқты қосарлама сөздерде болмаса, сөз басында сирек, ал кірме сөздердің басында көптеп кездеседі: *mobilya* «үй жиһазы», *merkez* «орталық» т.б.

Қазақ тілінде *n* – үнді, шұғыл дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: *нар, негіз, не, моншақ, сен*.

Түрік тілінде *n* – ұяң, тіс, мұрын жолды дауыссыз дыбыс. *Ne, niçin (ne için), nasıl (ne asıl)* сияқты сұрақтармен қатар, *ninni* «бесік жыры», *nine* «әже» сияқты бала былдырынан жасалған сөздерден тыс түріктің төл сөздері бұл дыбыспен басталмайды. Негізінен *nazik* «нәзік», *nefes* «дем», *noksan* «олқылық» сынды кірме сөздерде сөз басында кездеседі.

Қазақ тілінде *ñ* – үнді, тілдің қатысуымен жасалатын шұғыл дауыссыз. Қазақ тілінде сөздің басында кездеспейді, көбіне-көп сөздің ортасы мен соңында кездеседі: *таң, оң, күң* т.б.

Қазақ тіліндегі *ñ* дауыссызы тәріздес дыбысталатын *ñ* дыбысы түрік тілінің әліппесінде арнайы әріппен таңбаланбаса да, бұл дыбысты түрік тілінің диалектілерінде кездестіруге болады: *deñiz, seniñ, diñlemek*.

Түрік тілінде алфавитте және жазуда көрсетілмейтін *ñ* дыбысын түрік ғалымдары артқы таңдай дыбысы деп біледі және түрік тіліндегі *n* дыбысының *k* және *g* дыбыстарының алдында *ñ* дыбысына айналатынын айтады¹: *utangaç-utañgaç* «ұялшақ», *denk-deñk* «тең», *Ankara-Añkara, yenge-yeñge* «жеңге», *tank – tañk* т.б.

Қазақ тілінде *p* – қатаң, ерін, шұғыл дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: *пышақ, піспек, пішін, бап, апа*.

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. – S. 244.; Selen N. Söyleyiş Sesbilimi, Akustik Sesbilimi ve Türkiye Türkçesi. – Ankara: TDK Yayınları, 1979. – S. 91.

Түрік тілінде *p* – қатаң, ерін, жабысыңқы дауыссыз дыбыс: *parmak* «саусақ», *topuk* «тобық», *dip* «түп» т.б. Соңғы позициядағы *p* дыбысы екі дауысты арасына келгенде ұяңданып, *b* дыбысына өзгереді: *dip* - *dibe*, *kitap* – *kitaba* т.б.

Қазақ тілінде *p* – үнді, діріл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің орта және соңғы позицияларында кездеседі: *қар*, *бір*, *қарсы*, *ара* т.б. Ал сөз басында оның алдына дауысты дыбыстар қосылып айтылады: *рет-ірет*, *ру-ыру*,

Түрік тілінде *r* – ұяң, тіс, діріл дауыссыз дыбыс: *rahat* «рахат», *rekor* «рекорд». Түріктің төл сөздерінде сөз басында қолданылмайды. Бұл дыбыспен басталатын еліктеуіш сөздер де өте сирек кездеседі. Сөз басында келген жағдайда бұл дыбыстың алдына қазақ тіліндегідей дауысты дыбыс қосылып айтылады: *rus* – *urus* «орыс».

Қазақ тілінде *s* – қатаң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: *сары*, *сіз*, *сүт*, *тас*.

Түрік тілінде *s* – қатаң, тіс, ызың дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позициясында кездеседі: *saç* «шаш», *sekiz* «сегіз», *süt* «сүт», *kes* «кес» т.б.

Қазақ тілінде *t* – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: *тарақ*, *тіс*, *тұз*, *ат*, *ет*.

Түрік тілінде *t* – қатаң, тістің қатысуымен жасалатын жабысыңқы дауыссыз дыбыс: *taş* «тас», *ter* «тер», *torba* «дорба», *tütün* «темекі» т.б.. Сөздің барлық позициясында кездеседі.

Қазақ тілінде *y* – үнді, ызың дыбыс, ерін дауыссызы. Көбінесе сөз соңында кездеседі: *тау*, *жау*, *сау*. Қазақ тіліндегі *y* (*w*) дауыссыз дыбысының түрік тіліндегі сәйкестігін *v* дауыссыз дыбысының бір варианты ретіндегі *w*-ден байқауға болады. Түрік тіліндегі *v* таңбасы кейбір сөздерде екі дауысты дыбыс арасында, әсіресе, өзінен кейінгі *u* дауысты дыбысының алдында, қазақ тіліндегі *y* дауыссыз дыбысындай айтылады. Дауыссыз *y* (*й*) және *v* (*w*) дыбыстары кей жағдайларда жартылай дауысты дыбыс қызметінде атқарады. Олардың бұл ерекшелігі әсіресе буын басында айқын байқалады: *büyü*, *iyi*, *yaу*.

Қазақ тілінде ф – қатаң, ызың, ерін дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде кездеседі: фургон, фуражка.

Түрік тілінде f – қатаң, тіс ерін, ызың дауыссыз дыбыс: *formül* «формула», *fiil* «піл», *afet* «апат», *af* «ғафу». Түрік тілінің төл лексикасына қатысты алғанда, сөз басында көбіне еліктеуіш сөздерде кездеседі: *fisilti* «сыбыр», *fokur fokur* «бұрқ бұрқ».

Қазақ тілінде х – қатаң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақ тілінде кірме сөздерде кездеседі: хабар, хикая, хром, анархия т.б.

Қазақ тілінде ц – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде кездеседі: циклон, циркуль т.б.

Қазақ тілінде ч – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме сөздерде кездеседі: чек, чемпион т.б.

Түрік тілінде ç – қатаң, тіс-таңдай, аффрикат дауыссыз дыбыс: *çoban* «шопан», *çocuk* «бала», *siç* «қылмыс». Соңғы позициядағы ç дауыссызы дауысты дыбыспен басталатын қосымшалардың ықпалымен және екі дауысты дыбыстың арасында келгенде ұяң с жұбымен орын ауыстырады: *ilaç-ı >ilacı* «дәріні», *taç-i >tacı* «тәжді». Сөз аяғында кездесетін қос дауыссыз жұп *nç* және *rç* дан кейін де ұяң болады: *sevînç-e >sevince* «қуанышқа», *borç-um >borcum* «борышым, қарызым».

Қазақ тілінде ш – қатаң, ызың, тіл дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: *шешек, шаш, шөл* т.б.

Түрік тілінде ş – қатаң, тіс -таңдай, ызың дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позициясында кездеседі: *şen, şu, taş* т.б.

Қазақ тілінде щ – қатаң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме сөздерде жиі кездеседі: борщ, щетка т.б. Өте сирек жағдайда қатар, қосақтаса келген ш дыбысын таңбалайды: ащы, тұщы т.б.

Қазақ тілінде *h* – қатаң, ызың, көмей дауыссыз дыбыс. Көбіне-көп қазақ тіліне араб тілінен енген кірме сөздердің орта шенінде кездеседі: гауһар, қаһарман. Қазақ тілі қолданысындағы кірме сөздердегі *x* дауыссыз дыбысы түрік тіліндегі *h* дауыссыз дыбысына жақындай түседі.

Түрік тілінде *h* қатаң, көмей, ызың дауыссыз дыбыс. Түріктің төл сөздерінде *h* дыбысы болмағанымен, бұрындары *q* дыбысы қолданылған кейбір сөздерде кездеседі: *hangi, han, hanım, daha* «тағы» т.с.с. Түрік тіліндегі *h* дауыссыз дыбысы қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде редукцияға ұшырап, анық айтылмайды: *Ahmet – A:met, Mehmet – Me:met, sahiden – sa:iden* «шынымен».

Қорыта айтқанда, қазақ және түрік тілдеріндегі төл дауыссыз дыбыстар – екі тілге ортақ, ежелден келе жатқан дыбыстар. Қазақ әліпбиінде таңбаланған *ғ, қ және ң* дыбыстары түрік тілінде жазуда көрсетілмегенімен, ауызекі тілде айтылымда орын алады.

Екі тілдегі дауыссыз дыбыстардың жіктелісінде дауысты дыбыстарға қарағанда біраз өзгешелік бары байқалады:

- дауыстың қатысына қарай дауыссыздар қазақ тілінде үнді, ұяң және қатаң болып үшке бөлінсе, түрік тілінде дауыссыздың тек қана ұяң және қатаң түрлері бар;

- қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстар дауыстың қатысына қарай жіктелетін болса, түрік тілінде жасалу әдісіне қарай үнді дауыссыз дыбыстар тобын құрайды;

- түрік тіліндегі *g, k, l, r, y* дыбыстары таңдай дауыссыздары болатын болса, олардың қазақ тіліндегі эквиваленттері *г, к, л, р, й* дыбыстары – тіл дауыссыздары.

III ТАРАУ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАР

§1. Қазақ және түрік тілдеріндегі фонетикалық құбылыстар

Әр тілдің дыбыстық жүйесінің өзді-өзіне тән дыбыстау ерекшелігі, дыбыстық заңдылықтары болады. Сондықтан сырттан енетін кірме сөздер сол тілдің қалыптасқан дыбыстық жүйесінің заңдылықтарына сай меңгеріледі, сол тілдің төл дыбыстарына қарай бейімделеді. Қазақ және түрік тілдеріндегі кірме сөздер де осы тілдердің дыбыстық жүйелерінің заңдылықтарына сай бейімделгені, сөйтіп сөздік құрамға сіңіскені сөзсіз. Белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесі кірме сөздерді икемдеу, игеру барысында ол сөздердің құрамындағы жеке дыбыстардың түсірілуі немесе басқа бір дыбыстың қосарланып айтылуы, я болмаса төл дыбыстармен алмастырылуы мүмкін. Демек тіл-тілде болып жататын фонетикалық құбылыстар сөздің құрамында болатын дыбыстық өзгерістерге байланысты болады. Сондай дыбыстық өзгерістердің бірі протеза құбылысына қатысты болады.

Протеза – сөздің басындағы дауыссыз дыбыстың алдына екінші бір дыбыстың қосылып айтылуы. Қазақ және түрік тілдерінде көбінесе л, р және с дыбыстарының алдына айтылымды жеңілдету үшін көбінесе қысаң дауысты дыбыс қосылып айтылады. Түрік тілінде кей жағдайда бұл дыбыстардың алдына дауыссыз дыбыс қосылуы мүмкін. Мәселен, қазақ тілінде: стол > үстөл, леген >

ілеген, лаж > ылаж т.б.; түрік тілінде: *limon* > *ilimon*, *Rum* > *Urum*, *steam* > *istim*, *örküc* > *hörgüc*, *ur-* > *vir-* т.б.

Қазақ тілінде р - мен басталатын кірме сөздерді меңгеруде оның алдына о, е дауысты дыбыстарын қосу құбылысы көрініс береді. Мысалы: ораза (руза), орамал (румал), ережеп (раджап), орыс (русский)¹.

Эпентеза – сөз ішіндегі дауыссыз дыбыстардың арасына дауысты дыбыстың қыстырылуы. Бұл құбылыс қазақ және түрік тілдеріне басқа тілден енген сөздерде кездеседі. Екі тілде де сөз аяғындағы екі дауыссыз дыбыс арасына қысаң дауысты дыбыс қосылады. Түрік тілінде эпентеза құбылысында дауыссыз дыбыстың қосылуы да кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде: жеребе (< орыс. жребий), пүліш (< орыс. плюш); түрік тілінде: *film* < *filim*, *gırev* «митинг» < *grev*, *şükür* < *şükr*, *kılınc* < *kılıç*, *tüfenk* < *tüfek*.

Эпитеза – дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздің соңына дыбыстың қосылуы. Бұл құбылыс қазақ тілінде, әсіресе, дауыссызға біткен кірме сөздерге дауыссызбен басталатын қосымшалар жалғанған кезде көрініс береді. Мұнда кірме сөз бен қосымша арасына дауысты дыбыс түседі. Мысалы: киоск – киоскіге, диск – дискіні, факт-фактілеу т.б. Түрік тілінде эпитеза кірме сөздердің соңына дауыссыз дыбыстардың қосылуы түрінде көрінеді. Мысалы: *peyda* > *peydah*, *kehruba* > *kehribar* т.б.

Апокопа – сөздердің соңындағы дыбыстардың қысқартылып ықшамдалуы, кейіннен түсіп қалуы. Бұл құбылыс та қазақ және түрік тілдерінің сырттан енген кірме сөздерді меңгеруі, тіл жүйесіне бейімдеуіне байланысты айқын көрініс береді. Мәселен, өзінің о бастағы төл тілдік жүйесінде, яғни араб-парсы тілдерінде тахт, бахт, дост болып келетін сөздерді қазақ тілі соңғы *t* дыбысын түсіріп, тақ, бақ, дос түрінде меңгерді дейтін болсақ, *direkt*, *afv*, *zamm* тәрізді бөгде тілдердегі сөздерді түрік тілінің дыбыстық жүйесі *direk*, *af*, *zam* түрінде бейімдеді.

Редукция құбылысы қысаң дауыстылардың, әсіресе екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың әлсіреп, көмескіленіп айтылуына қатысты болады. Бұл құбылыс кірме сөздер бойынан да, қазақ және түрік тілдерінің байырғы төл лексикаларынан

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 82.

да көрініс береді. Мәселен, қазақ тілінде: жұдырық > жұдрық, қатынас > қатнас, тәжірибе > тәжрибе т.б.; түрік тілінде: *gazete* > *gazte*, *değenek* > *değnek*, *ilerilemek* > *ilerlemek* т.б.

Элизия – қатар келген екі дауыстының алдыңғысының түсіп қалуы. Қазақ және түрік тілінде элизия құбылысы тек қана бунақтағы сөздер арасында емес, сөздің басы, ортасы және соңындағы дауысты және дауыссыз дыбыстар деңгейінде байқалады. Мәселен, қазақ тілінде: айта алмады > айталмады, ана адам > анадам т.б.; түрік тілінде: *ne oldu* > *noldu*, *ne için* > *niçin*, *ısıcak* > *sıcak*, *kavuşak* > *kavşak*, *güveyi* > *güvey*, *şiş kebabı* > *şiş kebar*, *ıfakçık* > *ıfacık* т.б.

Афerezис – қатар келген екі дауыстының соңғысының түсіп қалуы. Екі тілде де сирек кездесетін құбылыс. Көбінесе не сөзінен кейін келетін сөз дауысты дыбыспен басталса, сол дауысты дыбыс түсіріліп айтылады. Мәселен, қазақ тілінде: не ішесің > нешесің, не істеді > нестеді; түрік тілінде: *ne ara* > *nere*, *ne eyledi* > *neyledi*.

Метатеза – сөз ішіндегі дыбыстардың немесе буындардың өзара орын ауыстыруы. Қазақ тілінде көбінесе пк, пқ дыбыстары кп, қп болып ауысып айтылады. Түрік тілінде *kş* > *şk*, *pr* > *rp*, *ln* > *nl*, *nl* > *ln*, *ml* > *lm* сияқты орын ауыстыруды байқауға болады. Мәселен, қазақ тілінде: түпкір > түкпір, шапқыла > шақпыла т.б.; түрік тілінде: *ekşi* > *eşki*, *köprü* > *köprü*, *yalnız* > *yanlız*, *yanlış* > *yalnış*, *memleket* > *melmeket* т.б.

Гаплогогия – сөз ішіндегі буындардың бірінің ықшамдалып, түсіп қалуы. Мәселен, қазақ тілінде: балалар > балдар, араластыр > арластыр т.б.; түрік тілінде: *başlayayım* > *başlayım*, *postahane* > *postane*, *pek iyi* > *peki* т.б.

Редукция – дыбыстың айқын естілмей көмескіленуі, дыбыстың артикуляциялық және акустикалық сипатының өзгеруі. Қазақ және түрік тілдерінде көбінесе дауысты дыбыс редукциясы кездеседі. Дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда ашық буынды сөздер пайда болады да екпінсіз буында қалған бұл дауыстылар түседі. Мәселен, қазақ тілінде: орын > орным, ауыз > аузы, көңіл > көңлі т.б.; түрік тілінде: *ağız* > *ağz-ım*, *karın* > *karn-ın*, *gönül* > *gönl-ü*, *burun* > *burn-u* т.б.

§2. Үндестік заңы. Дауысты дыбыстардың үндесуі

Үндестік заңы түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі ең негізгі заңдылық болып табылады. Дыбыстардың үндесуі деп морфемалардың бірыңғай жуан не жіңішке буынды болып және қатар келген дыбыстардың біріне-бірі акустика-артикуляциялық жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруы аталады¹. Қазақ тіліндегі дыбыстар өзара артикуляциялық үйлесімін тапқанда ғана бір-бірімен тіркесіп, бір буынға (сөзге) біріге алады². Түркі тілдерінде сөз түбірінде, әрі сөз түбірі мен қосымшалар арасында үндесім, үйлесім болады.

Қазақ және түрік тілдерінде үш түрлі дыбыстық үндестік болады: дауысты дыбыстар үндестігі, дауысты-дауыссыз дыбыс үндестігі және дауыссыз дыбыстар үндестігі.

Қазақ тілінде әрі тіл үндестігі, әрі жазуда көрсетілмейтін ерін үндестігі бар. Қазақ тілінің теориялық фонетикасында тек қана тіл үндестігі туралы айтылып келген болса, қазақ тілінің соңғы академиялық грамматикасында ерін үндестігінің қазақ тілінің бірегей белгісі екендігі атады³.

Қазақ және түрік тілдерінде дауысты дыбыстар үндестігі екіге бөлініп қаралады: тіл үндестігі, ерін үндестігі.

Тіл үндестігі дегеніміз – бір сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып үйлесуі. Түрік тілінде бұл үндестік заңы дауысты дыбыстардың жуандық-жіңішкелік үндесімі (*kalınlık incelik uyumu*⁴), кейде басты үйлесім заңы болғандықтан, дауысты дыбыстардың үлкен үндесімі (*büyük ünlü uyumu*⁵) деп те аталады.

Екі тілдегі тіл үндестігі түбірішінде және түбір мен қосымшалар арасында кездеседі. Тіл үндестігі бойынша түбір сөздегі дауысты дыбыстар өзінен кейін жалғанатын қосымшалардағы дауысты дыбыстарды өзіне икемдейді. Түбір сөздегі дауысты дыбыс жуан болатын болса, қосымшадағы дауысты дыбыс та жуан жалғанады,

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.84.

² Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. - Б. 157.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.86.

⁴ Karaağaç G. Türkçenin Dil Bilgisi. – Ankara: Akçağ, 2012. - S. 148.

⁵ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S. 71.

түбір сөздегі дауысты дыбыс жіңішке болса, қосымшадағы дауысты дыбыс та жіңішке жалғанады. Мысалы: қазақ тілінде: бала – лар –ды, күн – дер – ден, кел – ді, шық – қан, кел-ген (кім?); түрік тілінде: çocuk – lar – ı, gün – ler – den, gel – di, çık – an, gel-en (kim?) т.б.

Тіл үндестігі заңы екі тілде де бірі жуан, екіншісі жіңішке сөздердің кірігуінің нәтижесінде пайда болған жаңа сөздің не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болуына ықпал етеді. Мысалы: қазақ тілінде: бұл күн – бүгін, алып кет – әкет; түрік тілінде: *o bir – öbür* т.б.

Қазақ және түрік тілдерінде бөгде тілдерден енген кірме сөздердің барлығында бірдей буын үндестігі сақталмайды. Қайсыбір кірме сөздерде аралас буын орнына бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке буын қалыптасқан болса (қазақ тілінде: конфет – кәмпит, бревно – бөрене т.б.; түрік тілінде: *zeytun – zeytin, tudir – müdür* т.б.), енді біреулері (кітап, мұғалім т.б.) бірінші буын ыңғайына бейімделмейді.

Түрік тілінде үндестік заңына бағынбайтын жағдайлар көптеп кездеседі: а) кірме түбір сөздерде: *alev* «алау», *bilanço* «баланс», *hilal* «ай». ә) түріктің кейбір байырғы сөздерінде: *elma* «алма», *anne* «шеше», *dahi* «тағы», *kardeş* «іні, қарындас». б) күрделі сөздерде: *binbaşı* «майор», *çikabilmek* «шыға алу», *Ortaköy, işbu* «осы». в) көбінесе *l* әрпімен аяқталатын кірме сөздерде соңғы дауысты дыбыс жуан болуына қарамастан, *l* дыбысының әсерінен түбірге жіңішке қосымшалар жалғанады: *hal-im* «жағдайым», *rol-de* «рөлде». г) араб тілінен енген және *-at* бунағымен аяқталатын сөздердің біразына жіңішке қосымша жалғанады: *seyahat-e* «саяхатқа», *saat-iniz* «сағатыңыз»...

Екі тілде де түбірдің соңғы буынына үйлеспейтін, яғни тіл үндестігіне бағынбайтын қосымшалар кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде: *-дар* (білімдар, хабардар), *-еке* (басеке, ағаке, Асеке), *-кер/гер* (саудагер, іскер), *-қой* (сәнқой, азілқой), *-паз* (өнерпаз, аспаз), *-мен* (қаламмен, атпен) т.б.; түрік тілінде: *-yor* (*yürüyor, geliyor*), *-ki* (*akşamki, yarınki*), *-ken* (*dışarıdayken, azken*), *-leyin* (*sabahleyin*), *-daş* (*dındaş*), *-gil* (*babamgil, Hasangil*), *-mtırak* (*ekşimtırak*).

Түрік тілінде *-yor* қосымшасы негізінде *yorur* (*yori-r*) етістігінің жалғауға айналған түрі болып табылады. Қазір тек жіңішке вариантта қолданылатын *-ki* жалғауының бұрын жуан түрі де орын алған, ал *-ken* көне түрік тіліндегі *erken* сөзінен *iken* болған, кейін *i-* көмекші етістігі бірте-бірте жойылып, қалыптасқан жалғау болып саналады.

Дауыстылардың бір сөз аясында еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуін ерін үндестігі дейді¹.

Түрік тілінде ерін үндестігін еріндік езулік үндестігі (*düzlük uyvarlaklık uyutu*²) немесе кіші дауысты үндестігі (*küçük ünlü uyutu*³) деп атайды. Түрік тілінде ерін үндестігі бойынша езулік дауыстылардан кейін езулік, еріндік дауыстылардан кейін қысаң еріндік немесе ашық езулік дауыстылар келеді, яғни *a, e, ı, i* дауыстылы буынға *a, e, ı, i* дауыстылы қосымшалар; ал *o, ö, u, ü* дауыстылары бар буыннан кейін *a, e* немесе *u, ü* дауыстылары қатысқан қосымшалар жалғанады. Мысалы: *aslan* «арыстан», *artık* «енді», *etek* «етек», *eğik* «иілген», *yılan* «жылан», *işik* «сәуле», *bilge* «данышпан», *ilgi* «ықылас», *osak* «ошақ», *odun* «отын», *bölge* «аймақ», *özgü* «тән, хас», *uçak* «ұшақ», *ucuz* «арзан», *yüzen* «жүзген», *üzüm* «жүзім».

Қазақ тілінде де езулік *a* дауыстысы бірінші буындағы *o, ұ* еріндіктерінен кейін қолданылады: *отан, құлақ*. Алдыңғы буында *o, ө, ұ, ү* дауыстылары мен *u* дауыссыз дыбысы болса, келесі буында жазылған *e, ы, і* әріптері *ө, ұ, ү* болып айтылады: *күлүнүмдү* (кұлынымды), *күлкүлөрүнүздү* (күлкілеріңізді)⁴. Алайда бірінші буындағы еріндік дауыстының екінші буындағы тек қысаң дауыстыға ғана әсері болады да жазуда көрсетілмейді⁵.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 85.

² Karaağaç G. Türkçenin Dil Bilgisi. – Ankara: Akçağ, 2012. - S. 149

³ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S. 73.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 86.

⁵ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. - Б. 253.

§3. Аккомодация құбылысы

Морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір біріне ықпал етіп, бейімделіп айтылуын аккомодация дейді. Мұнда дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстарды дауыстың қатысы мен айтылуы тұрғысынан өзіне бейімдейді.

Қазақ тілінде түбір соңындағы қатаң қ, к және п дауыссыздары дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанғанда қ дыбысы ғ, к дыбысы г, п дыбысы б болып ұяңданады. Мысалы: сабақ – сабағы, терек – терегі, қап – қабым т.б. Түрік тілінде де түбір соңындағы *k, t, p, ç* дауыссыз дыбыстары өздерінен кейін дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанғанда ұяңданып, *k* дыбысы *ğ (g)*, *t* дыбысы *d*, *p* дыбысы *b*, *ç* дыбысы *c* болып, әрқайсысы өз жұптарымен орын алмасады. Мысалы: *kitap – kitabı, ağaç – ağaca, kurt – kurdu, kulak – kulağım, renk – rengi*

Түрік тілінде сөз аяғындағы *k, қ* дауыссыздары орнын ұяң жұбымен ауыстырып қана қоймай, жұмсаруы орын алады: *azık-1 > azığı > azığı, dilek-i > dilegi > dileği*. М.Эргин мұндай құбылыс көне Анатоли түрік тілінен кейінгі кезеңдерде пайда болды деп санайды¹. Ал түрік тілінің шығыс диалектілерінде жұмсару байқалмайды. Көне түрік тілінде ұзақ дауыстымен қолданылатын бір буынды сөздерде бұл алмасу кездесетін болса (*gök-e > göğe, uc > uc-u*), қысқа дауыстылы сөз түбіріне қосымша жалғанғанда *k, t, p, ç* дыбыстарының жұптық сыңарларымен орын алмасуы болмайды: *at – at-a, ip – ip-i* т.б. Екі тілде де бұл заңға бағынбайтын жағдайлар кездеседі. Мәселен, қазақ тілінде еліктеуіш сөздерге дауыстымен басталатын қосымшалар жалғанғанда (зірк – зіркіл, жарқ – жарқыл т.б.), қосымша жалғанған кезде түбір сөздің екінші буынындағы қысаң дауыстылардың түсірілуінде (бөрік – бөркі, халық – халқым.), түбірге сын есім тудырушы *-ы* жұрнағы жалғанғанда (қазақы) сөз соңындағы қатаң дауыссыз ұяңданбайды. Ал түрік тілінде *saç, iç, ip, top, kök, park, at, başkent* сияқты сөздерде, *t* дауыссызына аяқталған кірме сөздерде дауыссыз дыбыс ұяңдамайды (*ücret, saat, ihracat, vasiyet, edebiyat*).

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 69.

Қазақ тіліндегі қ мен ғ дауыссыздары әрқашан жуан, к мен г дауыссыздары әрқашан жіңішке дауыстылармен тіркеседі. Алдыңғы таңдай мен артқы таңдай дауыссыздарының жуан және жіңішке дауыстылармен қолданылуы дауысты және дауыссыз дыбыс үндестігі деп аталады. Түрік тілінде: *k, g, ğ, l* дауыссыздарымен *e, i, ö, ü* дауыстылары, ал *q, ğ, ğ, l* және *h* дауыссыздарымен *a, ı, o, u* дауыстылары қатар келе алады.

Қазақ тілінде үнді дауыссыздар дауыстылармен қатар тұрып, айтыла береді де ешқандай алмасуға ұшырамайды. Ұяң дауыссыздардан тек ғ, г, д дыбыстарынан басталатын қосымшалар дауыстылардан кейін келе алады. Қатаң с, ш, т дауыссыз дыбыстарынан басталатын қосымшалар дауысты дыбыспен қатар тұра алады. Ал қ, к фонемалары дауыстылармен ешқашан тіркесе алмайды, тіркесе қалған жағдайда айтылуда сөзсіз ұяңданады. Тек кірме морфемалардағы қ, к фонемалары дауыстылардың әсерінен ұяңданбайды¹: айла–кер, дүние–қор, түйе–кеш.

§4. Дауыссыз дыбыстар үндестігі

Дауыссыз дыбыстардың бір біріне ықпалы ассимиляция құбылысы төңірегінде қаралады. Ассимиляция – морфемалар жігінде қатар келген дауыссыз дыбыстардың акустика-артикуляциялық жақтан бір-біріне бейімделуі. Дауыссыз дыбыстардың бір-біріне әсері прогрессивті ассимиляция, регрессивті ассимиляция және тоғыспалы ассимиляция болып үш түрде қаралады².

Алдыңғы морфеманың соңғы дауыссыз дыбысы кейінгі морфеманың бастапқы дауыссыз дыбысына акустикалық тұрғыдан әсер етуі прогрессивті ассимиляция деп аталады. Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар үнді, ұяң және қатаң болып келетіндіктен, үнді дауыссыздармен аяқталған сөзге тек ұяң немесе үндіден басталған, ұяң дауыссыз дыбыстарға аяқталған сөздерге тек ұяң дауыссызбен басталған, қатаң дауыссыздардан

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 87.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. -Б. 89.

кейін тек қатаң дауыссызбен басталған қосымшалар жалғанады. Мысалы: бар-мен, ай-ға, жаз-да, тәж-ді, сүт-ті, тас-қа, тек-ті т.б.

Түрік тілінде де сөздің соңғы дыбысы қатаң үнсіз дауыссызға аяқталса, қатаң дауыссыз, ал дауысты немесе ұяң дауыссызға аяқталса, ұяң дауыссызбен басталатын қосымша жалғанады. Мысалы: *kitap-çı* «кітапшы», *ayakkabı-cı* «аяқкиім сатушы», *sokak-ta* «көшеде», *cadde-de* «даңғылда», *çık-tı* «шықты», *gir-di* «кірді». Дауыссыз дыбыс үндестігінің сөз түбірінде, сөз бен қосымшаның жалғануында толығымен сақталуы кірме сөздерде де байқалады. Мысалы: *taraf-tar* «жанкүйер».

Түрік тілінде қатаң, ұяң болып келетін жұпты және жұпсыз дауыссыздар бар. Жұпсыз *m, n, l, r, y* дауыссыздары және *s* дауыссызы әрі қатаң, әрі ұяң дауыссыздардан кейін келе береді. М.Эргин дыбыс үндестігінің бұл түрі көне Анатолы түрік тілінде сөз түбірінде біраз байқалғанымен, толық үндестік болмағандықтан, көп жағдайда ескеріле бермейтінін айтады¹.

Кейінгі дыбыстардың алдыңғы дыбысқа әсерін регрессивті ассимиляция деп атайды. Қазақ тілінде регрессивті ассимиляцияға ұшырайтын үнді дауыссызының бірі *n* дыбысы: а) *n* дыбысына аяқталған сөздерге *g* және *ğ* дыбыстарымен басталатын қосымша жалғанғанда *n* → *ñ* болып өзгереді: алдыңғы, жоңқы, сіріңке; ә) *n* дыбысына аяқталған сөздерге *b, m* және *p* дыбыстарымен басталатын қосымша жалғанған кезде, *n* → *m* болып айтылады: айтқанмен → айтқаммен, сенбеді → сембеді, Жанпейіс → Жампейіс.

Ұяң дауыссыздардан регрессивті ассимиляцияға жиі ұшырайтын дыбыс *z*: а) *z* дыбысына аяқталған сөздерге жалғанатын қосымша *s* дыбысынан басталса, *z* → *s* болады: сөзсіз → сөссүз, озсаң → оссаң; ә) *z* дыбысына аяқталған сөзден кейінгі сөз *j* дыбысына басталса *z* → *j* болады: жүз жыл → жүжжыл, аз жылда → ажжылда; б) *z* дыбысына аяқталған сөздерге жалғанатын қосымша *ş* дыбысымен басталса, *z* → *ş* болады: жазшы → жашшы, сөзшең → сөшшең т.б.

Қатаң дауыссыздардан *k, q, p, s* дыбыстары мынадай жағдайларда регрессивті ассимиляцияға ұшырайды: а) кейінгі сөз үнді және ұяң *d, j, z* дауыссыздардан басталса, сөз соңындағы

1 Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 69.

қ, к, п ұяңданып ғ, г, б дыбыстарына ауысады: ақ жауын → ағжауұн, көп зауыт → көбзауыт, бекзада → бегзада; ә) алдыңғы морфема с дыбысына бітіп, кейінгі морфема ш дыбысынан басталса, с → ш болады: жұмысшы → жұмұшшұ, жас шақта → жашшақта¹.

Түрік тіліндегі регрессивті ассимиляцияға қазақ тіліндегідей *n*, *z* дауыссыз дыбыстары ұшырайды: а) *n* дыбысына біткен сөзге *b* дыбысымен басталатын қосымша жалғанғанда, немесе, *b* және *n* дауыссызы қатар келгенде *n* → *m* болады: *anbar* → *ambar*, *onbaşı* → *ombası*, *penbe* → *pembe*; ә) *z* дыбысымен аяқталатын сөзге *s* дыбысымен басталатын морфема жалғанғанда *z* → *s* болады: *tuzsuz* → *tussuz*, *yazsa* → *yassa*.

Түрік тіліндегі с фонемасы *d*, *l*, *n* фонемаларының әсерімен *j* болып айтылады: *vicdan* → *vijdan*, *ecnebi* → *ejnebi*, *iclal* → *ijlal*².

Алдыңғы дауыссыздың кейінгіге және кейінгі дауыссыздың алдыңғыға алмасуы тоғыспалы ассимиляция деп аталады. Мәселен, қазақ тілінде сөз *n* дыбысына аяқталып, кейінгі морфема *қ* немесе *к* қатаң дауыссыздарымен басталса, *нқ* → *нғ*, *нк* → *нғ* болып айтылады: күн көрді → күңгөрдү, қайран қалды → қайраңғалды. Алдындағы сөз *с* дыбысына бітіп, кейінгі сөз *ж* дыбысынан басталса, *с* және *ж* дыбыстары *ш* болып дыбысталады: тас жол → ташшол, Досжан → Дошшан³.

Қазақ және түрік тілдерінде сөз ішінде артикуляциялық ұқсастығы шамалы екі немесе де одан да көп дыбыстардың орын алмасу құбылысы, яғни бейүндестік (диссимиляция) орын алады. Екі тілде де бұл құбылыс кірме сөздерді меңгеруге байланысты көрініс береді. Мысалы: қазақ тілінде февраль → февраль, коридор → колидор; түрік тілінде: *attar* – *aktar*, *terme* – *tekme*.

§5. Дыбыстық сәйкестіктер

Қазақ және түрік тілдерінде жалпытүркілік сөздік қорға енетін ортақ сөздер көптеп кездеседі. Олардың кейбіреулері

1 Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 92.

2 Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. - S. 244.

3 Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 92.

мазмұн меже және тұрпат меже тұрғысынан бірдей болып келетін болса, қайсыбіреулерінің сыртқы дыбыстық тұрпатында азды-көпті ерекшеліктер орын алады. Басқаша айтқанда, қазақ және түрік тілдеріне ортақ сөздерде сөз басында төмендегідей дауыссыздар сәйкестігі байқалады:

- қазақ тілінде сөз басындағы ж дыбысы түрік тілінде сөз басындағы у [й] дыбысымен сәйкеседі: жас // *yaş*, жаз // *yaz*, жүрек // *yürek*, жыл // *yıl*, жол // *yol* т.б.;

- қазақ тіліндегі сөз басындағы к дыбысы түрік тілінде g [г], ал қ дыбысы k [к] дыбысымен сәйкеседі: кел // *gel*, күн // *gün*, көз // *göz*, көр // *gör*, күлді // *güldü*, көл // *göl*, күміс // *gümüş*, қыз // *kız*, қыс // *kış*, қар // *kar*, қара // *kara* т.б.;

- қазақтың байырғы сөздеріндегі сөз басындағы т дыбысы түрік тілінде d дыбысымен сәйкеседі: тау // *dağ*, тап // *dar*, тіл // *dil*, тіс // *diş*, темір // *demir*, тұр // *dur*, тірі // *diri* т.б., ал сөздің басындағы м дыбысы түрік тіліндегі b дыбысымен сәйкес келеді: мен // *ben*, мұрын // *burun*, мойын // *boyun*, мың // *bin*, мінді // *bindi* т.б.;

- қазақ сөздерінің басындағы б дыбысы түрік тіліндегі сөз басындағы v дыбысымен сәйкеседі: бар // *var*, барды // *vardı*, берді // *verdi* т.б.

- қазақ сөздерінің басындағы ш дыбысы түрік тіліндегі сөз басындағы ç дыбысымен сәйкеседі: шық // *çik*, шөл // *çöl* т.б.

Қазақ және түрік тілдеріне ортақ сөздердің соңында төмендегідей дауыссыздар сәйкестігі кездеседі:

- қазақ тіліндегі сөз соңындағы с дыбысы мен түрік тіліндегі сөз аяғындағы ş (ш) дыбысы: ас // *aş*, тас // *taş*, тіс // *diş*, күміс // *gümüş*, құс // *kuş*, қыс // *kış*, басқа // *başka*, кісі // *kişi* т.б.;

- қазақ тіліндегі сөз соңындағы ш дыбысы мен түрік тіліндегі сөз аяғындағы ç (ч) дыбысы: ағаш // *ağaç*, күш // *güç*, аш // *aç* (ач); ұш // *uç*.

Бір буынды сөздердің ортасында және соңында қазақ тіліндегі дауыссыз у мен түрік тіліндегі жұмсақ ğ сәйкестік түзеді: ауыз // *ağız*, ауыр // *ağır*, бауыр // *bağır*, бура // *buğra*, тура // *doğru*, бу // *buğ*, ту // *tuğ*, тау // *dağ*, туды // *doğdu*, сау // *sağ* т.б.

IV ТАРАУ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ БУЫН, ЕКПІН ЖӘНЕ ИНТОНАЦИЯ

§1. Қазақ және түрік тілдеріндегі буын және оның түрлері

Буын – ауаның кілт үзілуінен немесе кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын, бір демде айтылатын дауысты дыбыс немесе дауысты, дауыссыз дыбыстар тобы¹. Буынды тек дауысты дыбыс құрай алады. Бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың қатысынсыз буын құрай алмайды. Сөз ішінде екі дауысты дыбыс арасында келген дауыссыз дыбыс өзінен кейінгі дауысты дыбыспен бірігіп буын құрайды. Сол себепті бірінші буыннан кейінгі буындар дауыссыз дыбыспен басталады.

Қазақ және түрік тілдерінің байырғы сөздерінде буын қатар келген екі дауыссыз дыбыспен басталмайды. Қазақ тіліне құрылымы бөтен тілдерден, мәселен, орыс тілінен ертеректе енген үстел, кереует тәрізді кірме сөздер осы заңдылыққа сай меңгеріліп, қатар келген екі дауыссыздың алдына дауысты дыбыс түскен болса, кейінгі кездердегі кірме сөздерде бұл қағидаттың бұзылғаны байқалады. Мысалы: спорт, студент т.б. Түрік тіліндегі кірме сөздердегі екі дауыссыз дыбыстан басталатын буындағы дауыссыз дыбыстардың арасына немесе алдына дауысты дыбыс қойылып, бұның жазылымда ескерілуі кездеседі.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 93; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. - İstanbul: Bayrak Basım Yayım, 1999. - S. 90.

Мысалы: *klup-kulüp, Slav-İslav, skarpin-iskarpin* т.б. Ал екі дауыссыз арасына дауысты қосылып жазылмаған жағдайда, айтылымда бұл заңдылық қатаң сақталады: *spor-sipor, stres-sitres* т.б.

Дауыссыз дыбыспен аяқталған сөзге дауысты дыбыспен басталатын қосымша жалғанған кезде сөздің соңғы дауыссыз дыбысы қосымшаның дауысты дыбысымен жаңа буын құрайды: *білім-і > бі-лі-мі, kalem-i > ka-le-mi* т.б.

Екі тілде де бұрыннан келе жатқан байырғы сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке буынды болып келеді: *қол-да-ры-мыз-ды // kol-la-ri-mi-zi; көз-де-рі-ңіз-ден // göz-le-ri-niz-den* т.б. Екі тілде аралас буындар кітапхана, қызмет; *idare, metro* тәрізді кірме сөздерде кездеседі.

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай буын түрлері қазақ тілінде ашық, тұйық және бітеу болып үшке¹, ал түрік тілінде ашық және тұйық буын болып екіге бөлінеді².

Ашық буын – тек қана дауыстыдан немесе дауыссыздан басталып дауыстыға аяқталатын буын. Екі тілде ашық буынның мынадай типтері орын алады: 1) V (бір дауысты) – қазақ тілінде: *а-лыс, ә-ке, е-ден, ұ-зын, ү-лес, ыдыс, і-ні т.б.*; түрік тілінде: *o, a-çık, e-şek, ı-lık, i-ki, o-ba, ö-bür, u-zun, ü-züm* т.б.; 2) CV (бір дауыссыз бір дауысты) – қазақ тілінде: *қа-ла, кі-тап, сө-зім*; түрік тілінде: *ye-mek, ba-şak, çi-lek* т.б.; 3) CCV (екі дауыссыз бір дауысты). Буынның бұл түрі екі тілде де бөтен тілден енген кірме сөздерде кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде: *пла-кат, гра-нат* т.б.; түрік тілінде: *pro-fesör, spi-ker* т.б.; 4) CCCV (үш дауыссыз бір дауысты). Буынның бұл түрі екі тілде басқа тілден енген сөздерде байқалады. Мәселен, қазақ тілінде: *стра-тегия, стра-тосфера* т.б.; түрік тілінде: *stra-teji, stra-tosfer, tra-jedi*.

Тұйық буын – қазақ тілінде дауыстыдан басталып, соңы дауыссызға аяқталатын буын. Қазақ тіліндегі тұйық буынның дыбыстық құрамдары төмендегідей болып келеді: 1) VC (бір дауысты бір дауыссыз): *от, ет, ән, үй, т.б.*; 2) VCC (бір дауысты екі дауыссыз): *өрт, ант т.б.*

Бітеу буын – дауыссыздан басталып, дауыссызбен аяқталатын

¹ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. - Б. 169.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. - S. 251.

буын түрі. Қазақ тілінде: 1) CVC (дауыссыз, дауысты, дауыссыз): қол, той, сөз т.б.; 2) CVCC (дауыссыз, дауысты, дауыссыз): тарт, қарт, жарқ-жұрқ тәрізді бітеу буын түрлері кездеседі. Мұның сыртында басқа тілдерден енген сөздерде CVCCC (дауыссыз, дауысты, үш дауыссыз), CCVC (екі дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз), CCVCC (екі дауыссыз, бір дауысты, екі дауыссыз), CCVCCC (екі дауыссыз, бір дауысты, үш дауыссыз), CCCVC (үш дауыссыз, бір дауысты бір дауыссыз), CCCVCC (үш дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз) тәрізді буын түрлері байқалады: пункт, хрусталь, спорт, спектр, спринт.

Түрік тілінде тұйық буын дауысты немесе дауыссыз дыбыспен басталады да, дауыссыз дыбысқа аяқталады. Түрік тіліндегі тұйық буынның дыбыстық құрамдары төмендегідей болып келеді: 1) VC (дауысты, дауыссыз): *ot, et, ev, el*, т.б.; 2) VCC (бір дауысты, екі дауыссыз): *ilk, alt, ürk-tü* т.б.; 3) CVC (бір дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз): *kol, boy, söz* т.б.; 4) CVCC (бір дауыссыз, бір дауысты, екі дауыссыз): *dört, kork-tu, se-vinç* т.б. Басқа тілден енген сөздерде CVCCC (дауыссыз, бір дауысты, үш дауыссыз), CCVC (екі дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз), CCVCC (екі дауыссыз, бір дауысты, екі дауыссыз), CCVCCC (екі дауыссыз, бір дауысты, үш дауыссыз), CCCVC (үш дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз), CCCVCC (үш дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз) буын түрлері байқалады: *tekst, krep, stent, streç, sfenks, sprint* т.б.

Сонымен, екі тілде де, негізінен, буынның V, VC, VCC, CV, CVC, CVCC түріндегі алты түрі кездеседі, ал қалған буын түрлері басқа тілдерден енген кірме сөздерге тән болып келеді.

Буын жігі және тасымал. Қазақ және түрік тілдерінде бірінші буыннан басқа буындар дауысты дыбыстан басталмайды, яғни бірінші буыннан кейінгі буындар әрқашан дауыссыздан басталады, мұнда дауыссыз дыбыс өзінен кейінгі дауысты дыбыстан ажырамайды. Қазақ тілінде буын жігі мен тасымал тұрғысынан қиындық туғызатын и, у, я, ю әріптері бар буынды Ә.Жүнісбек әліпби жалған буын деп атайды.¹

Түрік тілінде сөздің соңы екі дауыстыға бітетін болса, өзінен кейін келетін қосымшаға сөз соңындағы дауыссыз дыбыстың бірі

¹Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 165.

жылжиды. Біріккен сөздер де осы қағидатқа сүйене отырып буын жігіне бөлінеді: *ürk-ek* > *ür-kek*, *ilk-e* > *il-ke*, *aş-evi* > *a-şe-vi* «асүй», *kırkayak* > *kır-ka-yak* «қырықаяқ»¹ Тасымал кезінде морфемалар емес, буындар маңызды рөл атқарады.

§2. Қазақ және түрік тілдеріндегі екпін және интонация

Көп буынды сөздер құрамындағы буындар бірден біркелкі айтылмайды. Мұндай жағдайда буындардың қайсы біреулері басқа буындарға қарағанда айқын және күштірек айтылады. Сөз ішіндегі бірбуынның өзге буындардан дауыстың созылыңқылығы, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуын екпін немесе буын екпіні, яки сөз екпіні дейді².

Екпін сөздердегі мағынаның ерекшеленуін, сөйлеуші мән берген және тыңдаушының мән бөлуін қалаған сөз немесе сөздер тобын нақтылайды³. Сөздегі екпін өзгерісі кей жағдайда сөз мағынасына әсер етіп, өзгертуі мүмкін. Мәселен, *sende* деген сөздегі екпін соңғы буында тұрып, табыс септігі жалғаулы «сенде» дегенді, ал *sen de* деген кезде екпін бірінші буында тұрып, есім мен шылаудың қолданыста екендігін көрсетеді⁴.

Екпін фонетикалық тұрғыдан тегеурінді екпін, әуезді екпін және мөлшерлі екпін деп үшке бөлінеді⁵. Түркі тілдеріне тән екпін түрі тегеурінді немесе динамикалық сипат арқалайды. Динамикалық екпін фонациялық ауаның қарқыны, буынның күшіне байланысты болады да, басқа буындардың ішінде бір буынның айрықша көтеріңкі айтылуына негізделеді⁶.

Екпіннің сөйлеу жүйесіндегі қызметі кульминатив, делимитатив, сигнификатив, экспрессив болып жүйеленеді⁷. Екпіннің кульминатив қызметі сөз ішіндегі буындар мен буын

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. – S. 252.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 99.; Korkmaz Z., Ercilasun A.B., Zülfiyar H., Akalın M., Gülensoy T., Parlatur İ., Birinci N. Türk Dili ve Kompozisyon Bilgileri. – Ankara: TDK Yayınları, 1990. – S. 98.

³ Coşkun V. Türkçenin Ses Bilgisi. – İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008. – S. 200.

⁴ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2010. – S. 279.

⁵ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 99.

⁶ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – Б. 242.

⁷ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 100.

құрайтын дыбыстарды лебіздік (просодикалық) тұрғыдан біріктіруге негізделеді. Екпіннің делимитатив қызметі сөйлеудегі сөздердің шегі мен шекарасын ажыратады. Бұл да фразада қанша екпін болса, соншалықты сөз бар дегенді білдіреді¹.

Грамматикалық формалардың мағынасы мен сөздердің лексикалық мағынасын ажыратылуы сигнификативтік қызмет деп аталады. Жеке-жеке грамматикалық мағына мен формаларды ажыратуда екпін зор қызмет атқарады. Мысалы, біз оқушымыз және біздің оқушымыз деген сөздердің біріншісіндегі -мыз жіктік жалғауы, ал екіншісіндегі -мыз тәуелдік жалғауы. Түрік тілінде де *çosıgım* «баламын» және *çosıgım* «балам» дегенде, бірінші мысалдағы -*m* жіктік жалғауы, екіншісіндегі -*m* тәуелдік жалғау болып табылады.

Екпіннің экспрессив қызметі грамматикалық омоформаларды ажыратуда қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде кеспе сөзінде екпін бірінші буында болса, экспрессиямен айтылып, бұйрық рай тұлғасында жұмсалады, егер екпін екінші буында болса, экспрессиясыз айтылып, тағам түрін білдіреді. Түрік тілінде де *kazma* деген кезде екпін бірінші буында болса, бұйрық райды білдіреді де, екінші буында болса құрал атауы болады.

Екпіннің құрылымы фонологиялық және морфологиялық болып екіге бөлінеді де, фонологиялық екпін тұрақты және еркін екпін болып, іштей екіге жіктеледі². Тұрақты екпін сөздің бір буынында тұрақталады, ал ерікті немесе жылжымалы екпін болса³, сөздің кез келген буынына түсе береді. Түркі тілдері тұрақты екпінге *ie*, екпін көбінесе соңғы буынға түседі. Деседе екі тілде де екпінді өз бойына тартпайтын қосымшалар кездеседі. Айталық, етістіктің болымсыз түрінің жұрнағы екпінді өзіне тартпайды, екпін алдындағы буынға түседі. Мысалы: қазақ тілінде: алма, баспа, шығарма; түрік тілінде: *alma*, *basma*, *çikarma* т.б. Болымсыз етістіктен кейін басқа жалғаулар қосылғанның өзінде де екпін болымсыздық қосымшасының алдындағы буында қалады. Мәселен, қазақ тілінде: алмаңыз, баспайық,

¹ Мысалдар «Қазақ грамматикасынан» алынғанын ескертеміз.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 103.

³ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – Б. 243.

шығармаймын; түрік тілінде: *almayın, basmayalım, çikarmat*. Алайда экспрессия-эмоциялық реңкі бар сөздерде, іс-қимылдың болымсыздық мәнін нақтылау үшін екпін болымсыздық қосымшасына түсуі мүмкін. Мәселен, қазақ тілінде: айтпайсың, орындамаймын; түрік тілінде: *söylemeyeceksin, almayacağım*. Екпін түспейтін қосымшалардың бірі – жіктік жалғауы, екпін оның алдындағы буында болады: қазақ тілінде: баламыз, үйдемін; түрік тілінде: *öğrenciyiz, evdeyim*.

Екі тілде де екпін түспейтін қосымшалардың бірі көмектес септіктің қосымшасы (қазақ тілінде –мен, түрік тілінде –*la*) және қазақ тілінде мен жалғаулық шылауы. Мысалы, қазақ тілінде: Үсенмен барды, қолымен басты; түрік тілінде: *Hüseyin'le gitti, eliyle bastı*.

Қазақ тілінде теңеу және салыстыру мәнді -дай қосымшасы (гүлдей жайнай бер, таудай жігіт, мамықтай жұмсақ), өтініш білдіретін –шы жұрнағы (айтшы, көрші) екпін қабылдамайды:

Түрік тілінде *de* және *ki* шылаулары (*Ayşe de geldi. Sen ki.*), *-leyin* қосымшасы (*sabahleyin, öğleyin*), *mi* сұраулық шылауы (*gördün mü? Çıkıyor mu?*) екпін қабылдамайды. Сондай-ақ түрік тілінде төмендегідей жағдайларда екпін соңғы буынға емес, басқа буындарға түседі:

- жер-су атауларында екпін бірінші буынға түседі: *Ankara, Portekiz, Türkiye*. Екіден көп буынды елді мекен, қала атауларында екінші буындағы дыбыс саны біріншіге қарағанда көп болса, екпін екінші буынға түседі: *Antalya, İstanbul*¹;

- одағай сөздерде екпін бірінші буында болады: *Haydi* «қанекей». *Aferin* «Жарайсың»;

- *sapsarı* «сап-сары», *tertemiz* «тап-таза», *yemyeşil* «жап-жасыл» тәрізді сын есімнің күшейтпелі шырайы тұлғасындағы сөздерде екпін күшейтпелі буынға түседі.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде бір ғана екпінге бағынып айтылатын сөздердің тіркесі кездеседі. Мысалы ит-құс, ине-жіп сияқты қос сөздер, мен ғана, жиырма шақты сықылды негізді сөздер мен көмекші сөздер тіркесі, бота көз, қыпша бел тәрізді тұрақты сөз тіркестері акцентуалдық жақтан бөлінбей,

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S. 111.

бір бүтін ритмикалық топ түрінде айтылады. Қазақ тіл білімінде акцентуалдық жақтан жігі ажырамай, бір ғана екпінмен айтылып, ритмикалық бір бүтін топ құраған сөз тіркесінің құрамындағы екпін түспеген сөз екпінді өз бойына тартқан сөздің алдында тұрса, проклитика, соңында тұрса энклитика деп аталады¹ Мысалы қазақ тілінде мал-мүлік, ән салу деген сөз тіркестері мен түрік тіліндегі *mal mülk, fethetmek, naz uapmak* тәрізді сөз тіркестерінде екпін алдыңғы сөзге түсіп, проклитикаға айналуға. Қазақ тіліндегі сен ғана, үйге дейін, алыс па тәрізді тіркестер құрамындағы ғана, дейін, па тақілеттес шылау сөздер, ал түрік тілінде *eve kadar, uzak mı* сияқты тіркестердегі *kadar, mı* шылау сөздері дербес екпінге ие бола алмайды, яғни энклитикаға айналады.

Екі тілде де күшейткіш үстеулер мен күшейтпелі буындар екпінді өзіне тартады да, өзінен кейінгі сөзді энклитикаға айналдырады. Мысалы қазақ тілінде: өте әдемі, аса қиын тәрізді сөздерде екпін күшейтпелі үстеулерде болса, қап-қара, сап-сары деген сөздерде күшейткіш буындар екпінді өз бойына тартқан. Сол себепті негізгі сөздер энклитикаға айналған. Бұл құбылыс түрік тіліне де тән: *çok güzel, çok zor; kırkırmızı, sapsarı*.

Кез келген тілдің фонетикалық жүйесі оның сегменттік бөлшектерінен, яғни сөздердің дыбыстарынан ғана тұрмайды, ол тілдің күрделі суперсегменттік деңгейін, сөйлемдердің, мәтіннің жалпы интонациялық сипатын да қамтиды². Интонация (лат. *Intonatio* қатты айтамын) – сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-мелодикалық бейнесі³.

Әуен, қарқын, ұзақтылық, пауза, интенсивтілік, тембр – интонацияның компоненттері болып табылады. Әуен интонацияның ең басты компоненті болумен қатар сөйлемде әр түрлі қызмет атқарады. Ұзақтылық интонацияның уақытқа байланысты сипаты. Айтылу, тыңдау және түсіну

¹ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. - Б. 246.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. -Б. 105.

³ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. - Б. 178.

процессіне байланысты керек уақыт интонацияға байланысты уақыт ұзақтылығы деп аталады. Ал қарқын болса сөздегі, синтагмадағы, сөйлемдегі ұзақтылықтардың жиынтығы болып табылады. Сөйлемнің қарқыны коммуникативтік түрлерімен, мазмұнымен және эмоциялық реңкімен тығыз байланысты болады. Интонацияның маңызды компонентінің бірі пауза болып табылады. Пауза мағынасына қарай физиологиялық, эмоциялық, ситуациялық, интеллектілік деген түрлерге бөлінеді. Интенсивтілік болса көбінесе дыбыстардың негізгі тон жиілігімен қосылып, сөйлемдегі сөздердің акценттелуіне қатысады. Интонацияның компоненттерінің бірі тембр адамның әр түрлі көңіл күйін, эмоциясын білдіреді¹. Бұлардың қай-қайсысы да аяқталған ойды білдіретін сөйлемге акцентологиясында айырықша мәнді саналады. Мәселен, сөйлемдердің акцентуациялық топтарға бөлінетінін ескерсек, екі тілде де сөйлемнің ырғақты топтарға бөлінуі олардың мазмұнымен тығыз байланысты болып келеді. Мысалы, қазақ тілінде: Ертең кешке / қонақ / үйге келеді. Ертең кешке / қонақ үйге келеді сөйлемдеріне зер салсақ, бірінші сөйлемде үш ырғақты топ бар да, ал екінші сөйлем екі ырғақты топтан тұрады.

Сөйлемде ырғақты екпінмен бірге, ой екпіні де қолданылады. Ой екпіні сөйлемнің мазмұнына байланысты болады да, бір сөздің мәніне ерекше назар аударуға жетелейді. Мәселен, Айгүл ауылға кеше кетті деген сөйлемді Айгүл кеше / ауылға кетті (басқа жаққа емес, ауылға). Кеше ауылға / Айгүл кетті (басқа біреу емес, Айгүл). Айгүл ауылға / кеше кетті (басқа бір күн емес, кеше) деген сөйлемдерде ой екпіні баяндауыштың алдында тұрған сөзге түседі.

Түрік тілінде де ой екпіні баяндауыштың алдында тұрған сөзге түседі: *Aygül dün sinemaya gitti. Dün sinemaya Aygül gitti. Aygül sinemaya dün gitti.* Бұл жерде бірінші сөйлемде Айгүлдің кеше киноға барғандығы баяндалса, екінші сөйлемде кеше киноға Айгүлдің барғаны, ал үшінші сөйлемде Айгүлдің киноға кеше барғандығына айрықша ден қойылуда.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 109.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

І ТАРАУ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ МОРФОЛОГИЯСЫНЫҢ ҰҒЫМДЫҚ АППАРАТЫ

§1. Морфология туралы жалпы түсінік

Қазақ тілінде грамматика ұғымы, біріншіден, тілдің құрылымы, яғни морфологиялық категориялар мен тұлғалар, синтаксистік категориялар мен құрылымдар, сөзжасам тәсілдерінің жүйесіне; екіншіден, тіл құрылымын зерттейтін тіл білімінің бір саласына; үшіншіден, жеке грамматикалық категориялардың қызметіне де қатысты қолданылады¹. Грамматика сөздердің өзгеруін, түрленуін, олардың сөйлемде тіркесу формулалары мен заңдылықтарын зерттейді².

Тілдің грамматикалық құрылым-құрылысын, сөздің сөйлемдегі қолданылу заңдылығын қарастыратын ғылым ретінде сөздердің түрлену жүйесі мен грамматикалық мағыналары,

¹ Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. - Б.53.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: «Санат», 1996. - Б. 7

олардың арасындағы байланыс пен қарым-қатынас, сөздердің тұлғалану ерекшеліктері, бір-бірімен тіркесуі грамматиканың зерттеу нысанына алынады. Профессор Зейнеп Кормаз грамматика туралы былай дейді: «Бір тілдің жазу және әдебиет тілі ретіндегі екі үлкен арнасы болады. Бұлардың біреуі, сол тілдің барлық сөздік қорын бір өзінде жинақтайтын сөздік, екіншісі, сол тілдің құрылым-құрылысы мен қызмет қағидалары жүйесін танытатын грамматика болып табылады»¹.

Түрік грамматикасының іргелі бір саласы ретінде түрік тілінің морфологиясының нысанына түрік тіліндегі түбір мен қосымшалар, олардың бір-бірімен байланысу жолдары, қосымшалардың мән-мағынасы мен қызметтері, тілдің сөзжасамдық және түрленімдік жүйесі алынады².

Зерттеу нысанына, бағыт-бағдарына, мақсатына қарай грамматика бірнеше салаларға бөлінеді. Мәселен, Ә. Хасенов грамматиканы зерттеудің қырына, мақсатына қарай сипаттамалы-синхрондық, тарихи-диахрониялық, туыстас тілдердің грамматикалық құрылысын салыстыратын салыстырмалы, құрылысы жағынан бөлек-бөлек топқа жататын тілдерді типологиялық тұрғыдан салғастыратын салғастырмалы грамматика деп топтастырады³. Сондай-ақ ол грамматиканың формальдік, нормативтік грамматика, мектеп грамматикасы, академиялық грамматика тәрізді түрлері бар екенін атап өтеді.

Түрік ғалымы С.Экер де грамматиканың мақсатына қарай нормативтік, сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы, педагогикалық, дәстүрлі және мәтіндік болуы мүмкін екенін айтады⁴. Нормативтік грамматика жазу тілін негізге алып, жазу тілінің ережелерін көрсетсе, сипаттамалы грамматикада ереже мен қағидалар орнына тілдің белгілі бір уақыттағы жағдайы қарастырылады. Тарихи грамматика тілдік тұлғалардың ең ежелгі дәуірден қазірге дейінгі даму барысын зерделейді. Салыстырмалы грамматика бір негізден өрбіген тілдердің

¹Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 127.

²Korkmaz Z. Gramer Terimleri Sözlüğü. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 203.

³Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық маңызы. – Алматы, 1985. - Б.44.

⁴Eker S. Çağdaş Türk Dili, Grafiker Ofset. – Ankara, 2003. - S.24.

құрылысын зерттейді. Ал тілді оқытқан кезде, педагогикалық грамматикаға ден қойылады.

Грамматика зерттеу нысанына қарай үлкен екі салаға бөлінеді: морфология және синтаксис. Грамматикалық мағына, оның берілу жолдары мен түрлері, сөздердің түрлену жүйесі мен парадигмалық сипаты, сөз тұлғаларының ерекшеліктері, сөздердің грамматикалық топтары, грамматикалық категориялар мен сөз таптарының арақатынасы, яғни сөз тұлғаларының тіл жүйесіндегі өзгеру, түрлену заңдылықтары морфология саласында қарастырылса, әр сөз тұлғасының түрленіп, бір-бірімен байланысқа түсуінің нәтижесінде сөйлем құрауы синтаксис саласына қатысты болып келеді. Сөздің екінші бір сөзбен байланысу ерекшеліктері, олардың белгілі бір тұлғада тұрып, сөйлем ішінде атқаратын қызметі де синтаксис саласында қарастырылады. Грамматиканың бұл екі саласы бір-бірімен тығыз байланыста болып келеді.

Морфологияның зерттеу нысаны – сөз, морфема. Морфология сөздердің сөйлемде қандай тұлғада қолданылатынын, сөз тұлғасын түрлендіру заңдылықтарын зерттейді. Грамматиканың бір саласы ретінде морфология сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырушы және сөзді тұлғалық жағынан түрлендіруші қосымшалардың сөз таптарына қатысын, сөз таптары категорияларының көрсеткіші екенін, олардың сөзге үстейтін грамматикалық мағыналарын қарастырады¹. Басқаша айтқанда морфология сөздердің ортақ қасиеттері арқылы белгілі топ құрай алуы мен түрлену, тұлғалану жүйесін, соның нәтижесінде пайда болатын жалпы мән-мағыналарды топтап, категориялық ерекшеліктерін зерттеп сипаттайды².

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылысының өзіндік ерекшелігі морфемалар арасындағы аражіктің айқындылығымен, түбір морфеманың семантикалық және грамматикалық жақтан біршама дербес қолданылатынымен, әрбір морфема сөз құрамында мотивті болып келіп, белгілі бір мағынаға ие болатынымен сипатталады. Сондай-ақ түркі тілдерінде сөз тұлғасының құрылым-құрылысы грамматикалық мағыналардың берілу ерекшелігімен тығыз астасып жатады. Мұндай ерекшелік

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.4.

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. Б. 411.

түркі тілдері жүйесінің жалғамалылық (агглютинациялық) қасиетінен туындайды.

Агглютинативті тілдерде грамматикалық мағыналардың санына сөз құрамындағы грамматикалық көрсеткіштердің саны біршама сай келеді, тіптен екеуі тепе-тең түсіп отырады деуге болады. Сондықтан ол тілдерде сөз формасының күрделенуі (көрсеткіш қана емес, сөз беретін мағынаның да) сөз формасының іштей өзгерісі, яғни ішкі флексия арқылы емес, аффикстердің сөзге қабаттасып жалғануы арқылы жүзеге асады. Агглютинативтік тілдердегі сөз формасының бұл ерекшелігі «агглютинативтік тілдерде грамматикалық мағыналар о баста дербес сөздер арқылы берілген, грамматикалық форма атымен болмаған» деген пікірдің (Штейнталь) орнығуына себеп болғаны сөзсіз. Әйтседе диахрондық тұрғыдан алғанда агглютинативтік тілдердегі жеке морфемалардың, айталық, аффикстердің шығу тегі жеке сөзге жетелеуі мүмкін. Алайда бүгінгі тілдердегі кез келген морфеманы сөзбен салыстыруға келмейді. Синхрондық тіл білімі сөз бен морфеманы (аффиксті) грамматикалық жағынан да, семантикалық жағынан да принципті айырмасы бар элементтер деп санайды.

Сөздің морфологиялық құрылымы немесе морфемалық құрамы тілдегі морфема ұғымымен тығыз байланысты болады. Морф, морфема гректің «morphē» «форма» деген сөзінен шыққан. Морф немесе морфема – сөз формасының ең қысқа мағыналы бөлшегі¹. «Морф» терминін 1947 жылы Ч.Ф. Хоккет ұсынған. Морф – морфеманың мәтіндегі ең кіші бірлігі. Морфема – тілдің негізгі бірлігі².

Сөз морфемалық құрамы жағынан бір немесе бірнеше морфемалардан құралуы мүмкін және морфемалардың сөз құрамындағы мағынасы мен атқаратын қызметі де алуан түрлі болып келеді. Мағынасы мен қызметіне қарай морфемалар түбір және көмекші морфема болып бөлінеді.

¹Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 1996. - Б.147.

²Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. Б.147.

Жалпылама лексикалық мағынаны білдіретін морфема түбір морфема немесе негізгі морфема деп аталады, ал грамматикалық мағынаны білдіретін морфема аффикстік морфема немесе көмекші морфема деп аталады¹.

Түбір морфема құрылысы, мағынасы жағынан әрі қарай бөліп, жіліктеуге келмейтін сөздің мағыналы ең түпкі бөлшегі болатын болса, көмекші морфемалар – өз алдына жеке тұрып, ешбір мағына білдіре алмайтын, тек түбір морфемаларға қосылып, оған әртүрлі қосымша мағына үстемелейтін таза грамматикалық тұлғалар.

Сөздердің морфологиялық құрылымы жағынан әр түрлі құрамда болуы ондағы морфемалардың сипатына, қолданысына байланысты болып келеді. Мұнда көмекші морфемалардың, әсіресе негізгі морфемаға қосымша грамматикалық мағына үстейтін қосымшалардың атқаратын қызметтері ерекше

Түрік тіл білімінде морфемалар тәуелді (қосымшалар) және тәуелсіз (сөз), мағыналы (лексикалық) және қызметтік болып сараланады². Мұнда тәуелсіз морфемалар – белгілі бір ұғымды білдіріп, сөздікте өз алдына реестр сөз болатын дыбыстар тіркесі тұрғысынан өзектеледі³.

Сөздердің грамматикалық құрылымы жағынан дамуы олардың лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық сипатына да белгілі дәрежеде әсерін тигізеді. Кейбір сөздердің құрамындағы морфемалардың шегі ауысып, морфологиялық құрылымының да өзгеруіне ықпал етеді. Аталған әсер-ықпалдар белгілі бір грамматикалық процестерге негізделеді. Соның әсерінен сөздің морфологиялық құрылымының дамуына, өзгеруіне негіз болатын құбылыстар қалыптасады.

Сөз құрамындағы морфемалардың мағыналары жойылып, олардың бір-біріне кірігіп кетуіне, соның нәтижесінде сөздің морфемалық жігінің күңгірттеніп, морфемаларға мүшелен-

¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: «Санат», 1996. - Б. 20.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili, Grafiker Ofset. – Ankara 2003. - S.265.

³ Aksan D. Anlambilim. Anlambilim Konuları ve Türkçenin Anlambilimi. – Ankara: Engin Yayın Evi, 2009. -S.27.

беуіне әкелетін морфологиялық процесс – сіңісу құбылысы, сөз құрамындағы морфемалардың бірінің элементі екіншісіне ауысып, ол морфемалардың бұрынғы жігі мен арақатынасының өзгеруі – жылысу құбылысы деп аталады¹. Сіңісу құбылысы түбір мен түбір (сексен, тоқсан), түбір мен қосымша морфемалардың (тімтін, тіміскіле), аффикстердің арасында кездеседі (-ыңқы, іңкі, т.б.). Жылысу құбылысы негізінен түбір мен жалғаудың, түбір мен жұрнақтардың арасында кездеседі: менің, оның, сарғай, т.с.с. Сонымен қатар сөздің морфологиялық құрылымының өзгеруіне күрделену, декорреляция, диффузия тәрізді құбылыстар да әсері етеді. Мәселен, күрделену құбылысы бойынша, о баста морфемаларға мүшеленбейтін сөздердің морфемаларға ажырауына бастапқы туынды емес негіздің туындыға айналуы негіз болады. Бұл құбылыс қазақ тілінде көбінесе кірме сөздердің морфемалық құрамында кездеседі.

Декорреляция құбылысы бойынша, сөздің бастапқы морфемалық құрамы, саны, орны өзгермей, олардың тек мағынасы мен сипаты ғана өзгеріске ұшырайды, басқаша айтқанда декорреляцияда сөздің морфемалық құрамы айтарлықтай өзгеріске түспейді. Мысалы: босқа, текке, қапыда, кенеттен, ретімен т.с.с. Ал диффузия құбылысы бойынша, түбір мен түбір, түбір мен қосымша арасындағы біркелкі дауысты немесе дауыссыз дыбыстардың өзгеріске ұшырауының сөз құрамындағы морфемаларға әсері болады. Мысалы: қара ат – қарат, қара ала – қарала, т.б.

Сонымен, сөздің морфологиялық құрылымының дамуы, ондағы морфемалар жігінің сандық, сапалық жақтан өзгерістерге түсуі тілде жүрілетін морфологиялық құбылыстар мен процестерге де байланысты болады.

¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздер. – Алматы, 1996. - Б.103.

§2. Грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория ұғымдары

Грамматикалық бірліктердің тілдік табиғатын, өзара байланысы мен қызметін, арақатынасын анықтау негізгі грамматикалық ұғымдармен тікелей байланысты болып келеді. Грамматикалық ұғымдар қатарын анықтауда түрліше көзқарастар кездеседі. Мәселен, К. Аханов тілдегі негізгі грамматикалық ұғымдарға грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық тәсіл және грамматикалық категорияларды жатқызса¹, Ә. Хасенов бұл ұғымдарды грамматиканың негізгі нысандары ретінде қарастырады². «Қазақ грамматикасында» да ең басты грамматикалық ұғымдар ретінде грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория аталады, грамматикалық тәсіл грамматикалық форманың құрамында қарастырылады³.

Түрік тіл білімінде грамматикалық категория мен грамматикалық қызмет негізгі грамматикалық ұғымдар тұрғысынан қарастырылады⁴. Грамматикалық категория сөйлем немесе сөз таптарының құрылым және қызметіне байланысты категория саналады.

Тіл-тілдің грамматикалық құрылысында грамматикалық мағынаның алатын орны ерекше. Сөздің жалпы лексикалық мағынасы құрамынан грамматикалық мағынаны ажыратып, бөлек алып қарастыруға болмайды. Грамматикалық мағына, олардың берілу жолдарына, тілдің грамматикалық құрылысында алатын орнына, грамматикалық категория жасауға негіз болуына және басқа сөздермен түрлі грамматикалық қатынасқа түсуіне қарай үшке бөлінеді: жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына. Грамматикалық мағынаны ішкі ерекшелігіне қарай жалпы грамматикалық мағына және жеке

¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. - Б. 8.

² Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. - Б. 203.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 415.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 93.

грамматикалық мағына деп жіктейтін пікірлер де кездеседі¹. Жалпы көптеген зерттеулерде қатыстық грамматикалық мағына мен категориялық грамматикалық мағынаны жеке грамматикалық мағынаның ішінде қарастыру орын алады.

Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері мен түрлері әрбір тілдің құрылымдық сипатына қатысты болады. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілінде грамматикалық мағыналардың белгілі бір тәсілдермен берілуі қазақ тілінің жалғамалық қасиетінен туындайды.

Қазақ тіл білімінде грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері жөнінде пікірлер әр тарап болып келеді. Мәселен, Ы.Маманов белгілі бір сөзді морфологиялық тұрғыдан лексикалық бүтін және грамматикалық бүтін деп екі топқа бөледі де, грамматикалық форма тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшаларды бір-бінен бөліп жармай, оларды сөз формасы деп қарастырады². Ал К.Аханов, Ә. Хасенов тәрізді ғалымдар грамматикалық мағынаның синтетикалық және аналитикалық тәсілдері болатынын³, «Қазақ грамматикасында» грамматикалық мағынаны білдірудің семантикалық, синтетикалық және аналитикалық тәрізді үш тәсілі, аталған тәсілдер арқылы берілетін бірнеше жолдары көрсетіледі⁴.

Грамматикалық форма – грамматикалық мағынаны білдіретін синтетикалық тәсілдің бір түрі. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың арақатынасы, грамматикалық мағынаның бір түрі, яғни категориялық грамматикалық мағынаның берілуінен көрінеді. Мұндағы грамматикалық форма дегеніміз – грамматикалық мағына туғызушы тілдік құралдар⁵.

Грамматикалық мағынаның барлық түрі тек грамматикалық формалар арқылы жасалмайтыны белгілі. Сондықтан грамматикалық форманы грамматикалық мағына жасаушы тілдік құралдардың бір түрі деп қараған жөн. Грамматикалық

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. –Б. 11.

² Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – Б.8.

³ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – Б.15; Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. – Б. 411.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 бет. – Б. 419.

⁵ Исаев С. Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997. –Б. 227.

мағынаның ешбір грамматикалық формасыз берілетін жағдайлары да кездеседі. Бұл құбылыс морфология саласында нөлдік форма ұғымымен түсіндіріледі. Нөлдік форма мен грамматикалық форма грамматикалық мағына білдірудегі қызметімен ерекшеленеді.

Қазақ тіл білімінде нөлдік форма және оның өзіндік белгілері, өзге грамматикалық формалардан ерекшеліктері мәселелері С. Исаев, Н. Оралбаева, Ы. Маманов, Ж. Балтабаева т.б. ғалымдардың зерттеулерінде арнайы сөз етіледі. Мәселен, С.Исаев, Н.Оралбаева зерттеулерінде грамматикалық форманың «белгіленушісі, яғни мағынасы бар екені», «сөздердің түрлену жүйесінен, парадигмадан орын алатыны», Ә.Төлеуов, Н.Сауранбаев, Ж. Балтабаева зерттеулерінде нөлдік форманың «сөзге бірде жалғанып, бірде жалғанбайтыны», «сөзге жалғанбаған күнде де дербес грамматикалық мағынаға ие екені» сөз болады¹. Сөйлем ішінде белгілі бір қызмет атқарып, екінші бір сөзбен қарым-қатынасқа түсіп, өзінің түбірі білдіретін жалпы грамматикалық мағынадан тыс категориялық грамматикалық мағынаны білдіре алу қабілеті сөздің нөлдік формасының басты белгісіне алынады. Нөлдік форма сырттай түбір тұлғамен ұқсас болғанымен, сөз түбірінің барлығы бірдей нөлдік форма бола бермейді.

Грамматикалық форма сөйлеу процесінде сөздерді өзара байланыстырып, әртүрлі грамматикалық мағына үстейді. Қазақ тілінде аналитикалық немесе перифрастикалық формалардың грамматикалық мәнді білдіруі, басқа тәсілдермен салыстырғанда өзгешелеу болып келеді. Мұнда, біріншіден, абстракты мән көмескі болып келеді де, көбінесе деректі әрекетке қосымша мән беру басым болып отырады. Екіншіден, грамматикалық тұрақтылық лексикалық тұрақтылықпен ұштасып келеді және ол екеуін бір-бірінен ажыратып қарау мүмкін бола бермейді. Үшіншіден, мұндай тіркестер екі, үш, кейде одан да көп сөздерден құрала береді. Төртіншіден, аналитикалық (перифрастикалық) формалар құрамындағы көмекші қызметтегі етістіктер тек сол

¹ Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі. Филол. ғ. д. ғылыми дәрежесін ... дисс. автореф. – Алматы, 2006. – Б. 13.

контекст құрамында ғана көмекші мәнде жұмсалады. Әйтпесе, олар басқа ыңғайда дербес сөздер ретінде қолданыла алады. Бесіншіден, аналитикалық формалар, әдеттегі грамматикалық формадай, жан-жақты емес, олардың көпшілігі етістіктердің белгілі бір семантикалық топтарына тән болып келеді. Аналитикалық тіркестердің грамматикализациялануы да біркелкі болып келмейді. Мәселен, құрамында қал, сал, кел, бер, түс, шық, жібер, таста, кет, жаз, қой етістіктері бар тіркестерді толық грамматикализациялануға ұшыраған деп айту қиын. Ал құрамында е- (еді, екен) көмекші етістігі бар – *р еді, -а еді, -мақшы еді, -ған еді, -мыш еді, -п еді, -ғай еді, -са еді* тәрізді формалар толық грамматикализацияланған тұлғалар саналады.

Грамматикалық мағынаның омоним сөздерде екпіннің орын ауысуы арқылы да көрініс беруі тек қазақ тіліне ғана емес, басқа да түркі тілдерінде кездеседі. Мысалы: қазақ тілінде алма (зат есім), алма (етістік), салма (етістік), салма (зат есім); әзірбайжан тілінде: ахшам «кеш», ахшам «кешкілік», тура «осы жер», тура «мұнда», һара «қандай орын», һара «қайда» т.б.

Грамматикалық мағынаның берілу жолдарының біріне негіздердің қайталанып келуі жатады. Мұны, әсіресе, сын есімнің күшейтпелі түрінен байқауға болады. Қайталанатын негіздердің алдыңғысы қысқарып қана қоймай, оған п, б, м дыбыстарының біреуі қосылуы, немесе қайталанған негіздердің соңғы сыңарының сәл өзгертіліп айтылуы қазақ тіліне ғана емес өзге де түркі тілдеріне тән құбылыс. Мысалы: қазақ тілінде: сап-сары, қап-қара, қып-қызыл т.б.; түрік тілінде: *kıpkırmızı, yemyeşil, upufak* т.б.; қазақ тілінде: ат-мат, әзірбайжан тілінде: ет – мет, пул – мул, қарашай-балқар тілінде: ахча – махча т.б.

Грамматикалық категория – грамматикалық мағына мен грамматикалық форма жүйесінің жиынтығы. Тіл білімінде грамматикалық категория ұғымына және тіл-тілдегі грамматикалық категориялардың түрлерін айқындауға қатысты мәселелер аз емес¹. Грамматикалық категория белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің түрлену жүйесі болуымен ерекшеленеді. Бұл жүйеде өзара тектес, мәндес, ыңғайлас, немесе

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 188.

бір-біріне қарама-қайшы мәндегі, бірнеше грамматикалық мағынада жұмсалатын грамматикалық тұлғалар тоғысы көрініс беруі мүмкін. Сондықтан да грамматикалық категориялардың сөз таптарына қатысы бірдей емес.

Тілдік деңгейге қатысты грамматикалық категориялар шартты түрде морфологиялық және синтаксистік категория, морфологиялық сипаты жағынан лексика-грамматикалық және таза грамматикалық болып бөлінеді¹. К.Аханов қазақ тіліндегі грамматикалық категориялар қатарына сан-мөлшер, септік, жақ, шақ, рай, етіс категорияларын жатқызады. Ал «Қазақ грамматикасында» грамматикалық категория ұғымына: «Грамматикалық категория – грамматикалық мағыналар жиынтығының белгілі грамматикалық формалар жүйесі сияқты арнайы грамматикалық тәсілдер арқылы берілуі» деген анықтама беріліп, оны зат есімнің сан-мөлшер (көптік), тәуелдік, септік категориялары, сапалық сын есімнің шырай категориясы, етістіктің салт және сабақтылық, етіс, болымды-болымсыздық, рай, шақ, жақ (жіктік) категориялары деп жіктеу орын алады². М.Эргин грамматикалық категориялар түрік тілінде негізінен есім сөз бен етістікке қатысты болатынын айта келіп, есімнің грамматикалық категориялары ретінде сан-мөлшер, тәуелдік, септік және сұрау категорияларын, ал етістіктің грамматикалық категориялары ретінде рай, шақ, жақ (жіктік), сан (мөлшер), сұрау, есімше, көсемше категорияларын атап көрсетеді³.

§3. Сөздерді таптастыру мәселесінің қазақ және түрік тіл білімдерінде өзектелуі

Тілдің грамматикалық құрылысы, белгілі топтағы сөздердің түрлену жүйесі, соған сәйкес туындайтын әр түрлі грамматикалық мағыналардың, грамматикалық категориялар мен грамматикалық формалардың сипаты сөздерді таптастыру мәселесімен тікелей астасып жатады.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 436.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 431.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S. 127.

Сөздерді таптастыру мәселесі қазақ тіл білімінің ірге тасы қаланған кезден-ақ, ең өзекті мәселе ретінде зерттеудің күн тәртібіне қойылды. Мәселен, А.Байтұрсынов қазақ тіліндегі сөздерді атауыш сөздер, шылау сөздер деп екіге бөліп, бірінші топқа зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, екіншісіне үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөздерді жатқызған болса¹, Қ.Жұбанов қазақ тілінің теориялық мәселелеріне арналған алғашқы зерттеулерінде-ақ, тілдегі сөздердің қай-қайсысы болса да өзіндік лексика-грамматикалық сипатына қарай үнемі біркелкі болып келе бермейтінін, олар іштей бірнеше жікке бөлініп жататынын және ол жіктердің белгілі бір тұрақты заңдылықтарға негізделіп, соның ыңғайында топтасып келетінін сөз етті. Қ.Жұбанов сөздерді: 1) лексикалық қасиеттеріне қарай; 2) морфологиялық қасиеттеріне қарай: қандай қосымша, қандай қосалқы ерітетіндігіне қарай; 3) сөйлемде қай мүше болатындығына, қай орында тұратындығына қарай классификациялау қажеттігін алға тартты. Қ.Жұбанов: «Тілдегі барлық сөздерді грамматикалық жағынан топтастырғанда екі түрлі нысана негізге алынуы тиіс. Біріншіден, ол сөздердің лексикалық, яғни семантикалық жағы, екіншіден, грамматикалық жақтары ескерілуі қажет» - деп атап көрсетті². Қ.Жұбановтың бұл ұстанымдары бүгінге дейін қазақ тіл білімінде маңызын жоймаған теориялық қағидаттар саналып, қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне арналған зерттеулердің теориялық –методологиялық негізіне алынып келеді.

А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектері арқылы қазақ тіл білімінің морфология саласының теориялық негізінің ірге тасы қаланды десек, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, Ы.Маманов, Н.Оралбаева, С.Исаев, т.б. ғалымдардың зерттеулері арқылы қазақ тілінің морфологиялық құрылым-құрылысының өзіндік заңдылықтары айқындалып, сөздерді таптастыру ұстанымдары жетілдірілді, сөз таптарының ара жігі ашаланып, әр сөз табы кіші жүйе тұрғысынан сараланды. Мәселен, сөздерді сөз таптарына таптастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік принциптерді тоғыстырудың қажеттілігі А.Ысқақов

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. - Б.160 –168.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – Б.185 - 186.

еңбектерінде басты теориялық тұжырым түрінде көрініс береді. «Басқа тілдердегі сөздер сияқты, қазақ тіліндегі барлық сөздер семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай, ең алдымен, атауыш, көмекші және одағай сөздер болып үш үлкен топқа бөлінеді» дей келіп, А. Ысқақов атауыш сөздерді есімдер және етістіктер деп бөліп, алғашқысына зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, еліктеу сөздер, екіншісіне етістіктерді жатқызады. Көмекші сөздерді жалғаулықтар, демеуліктер, септеуліктер деп бөліп, оған шылау сөздерді қосады, ал одағай сөздерді өз алдына жеке бір топ ретінде қарастырады. Көмекші сөздер қатарына көмекші есім мен көмекші етістікті де қосады. Сөздерді таптастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілердің барлық сөздерде бірдей дәрежеде көрініс бермеуіне байланысты, кей жағдайларда олардың біріне басымдылық беруге тура келетіні, айталық, одағай, еліктеу, шылау және модаль сөздердің жеке сөз табы ретінде танылуындағы негізгі ұстаным ретінде сөздердің мағынасы, яғни семантикалық белгі алынатыны ғалым назарынан тыс қалмайды. «Мұндай жағдайларға қарамастан, сөздерді сөз таптарына таптастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік принциптер негізге алынады» - дейді А. Ысқақов¹. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясында семантикалық, морфологиялық және синтаксистік принциптер негізінде айқындалып, тұрақтанған сөз табының саны он: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, еліктеу сөздер, шылау, одағай, модаль сөздер².

Қазақ тіліндегі он сөз табының лексика-грамматикалық сипаты, қызметі, тілдің морфологиялық жүйесіндегі алатын орны т.б. бірдей емес. Олардың ішінде таптастырудың барлық ұстанымдарына сай келетіндері де, сәйкес келе бермейтіндері де, грамматикалық категориялары бар түрленетіндері де, я болмаса грамматикалық категориялары жоқ, түрленбейтін сөз таптары да, сөйлемде синтаксистік қызмет атқаратыны да, атқара алмайтыны да бар. Мәселен, үстеу, еліктеу, одағайлар түрленбейді, бірақ үстеу мен еліктеу сөздер сөйлем мүшесі

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. – Алматы, 1992. - Б.439.

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. -Б.440.

қызметін атқарады, ал одағай сөздер сөйлемде синтаксистік қызмет атқармайды.

Түрік тілінде сөз таптарына жіктеуде сөздердің лексикалық және функциялық сипаттарымен қатар, олардың мағыналық тұрғыдан түрлену, түрленбеу ерекшеліктері және сөйлем ішінде атқаратын қызметтері ескеріледі¹ Түрік тілінде сөздер сөйлемдегі орны мен мағынасына қарай басқа сөз табы құрамында қарастырылуы мүмкін. Сөздердің таптық сипаты нақты айқындалмағандықтан, кейбір сөздердің кейде зат есім, енді бірде сын есім болып та қолданыла алатыны түрік тілінің алғашқы грамматикаларында да сөз болады.

Қазіргі түрік тіл білімінде сөздерді таптастыруда құрылымдық, синтаксистік (қызметтік) және семантикалық принциптер ескеріледі, сөз таптары есім, етістік, шылау тәрізді үш үлкен топта қарастырылады. Дейтұрғанмен сөздерді таптастыруда пікір қайшылығы орын алады. Мәселен, С.Экер сөздерді сөйлемдегі қызметтерін ескеріп, есім және есім сөздер, шылаулар және шылау сөздер, етістіктер деп үш топқа бөлетін болса², М.Эргин сөздерді мағыналық және функционалдық ерекшелігін ескеріп, есім сөздер, етістік, шылау сөздер үш топқа жіктейді³. Ал З.Коркмаз сөздерді «мағыналы сөздер (есімдер мен есім сөздер, етістіктер мен етістік сөздер; қызметтік сөздер (шылаулар, жалғаулық шылаулар); мағыналық-қызметтік сөздер (одағайлар)» деп топтай келіп, түрік тілінде зат есім (*ad*), сын есім (*sıfat*), есімдік (*adıl*), үстеу (*belirteç*), шылау (*ilgeç*), жалғаулық (*bağlaç*), одағай (*ünlem*), етістік (*eylem*) тәрізді 8 сөз табы бар деп атап көрсетеді⁴ Д. Аксан түрік тіліндегі сөздерді сегіз топқа бөледі: есім (*ad*), сын есім (*ön ad*), үстеу (*belirteç*), есімдік (*adıl*), шылау (*ilgeç*), жалғаулық (*bağlaç*), одағай (*ünlem*), етістік (*eylem*)⁵.

М.Хенгирмен сөздерді таптастыруда олардың синтаксистік мәні мен функциясы ескерілуі қажет десе⁶, М. Билгин сөз

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili, Grafiker Ofset. – Ankara 2003. - S.309.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili, Grafiker Ofset. – Ankara, 2003. - S.351.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul, 1999. - S.216.

⁴ Korkmaz Z. Gramer Terimleri Sözlüğü. – Ankara: TDK Yay., 2003. -S. 213.

⁵ Aksan D. Her Yönüyle Dil. Ana Çizgileriyle Dilbilim. – Ankara: TDK Yay., 2000. - S. 84.

⁶ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. –Ankara: Engin Yayınevi, 2002. - S. 115.

таптары синтаксистік және семантикалық принциптер негізінде айқындалатынын айтады. Ол зат есім (*ad*) мен етістікті (*eylem*) сөз таптары арасындағы «негізгі сөз таптары» (*ana türler*) деп көрсетеді де, ал бұл екеуінен басқасын осы екі сөз табына көмекшісі болатын «екінші дәрежедегі түрлер» (*ikincil türler*) деп атайды. Екінші дәрежедегі түрлерге сын есім (*sıfat*), есімдік (*adıl*), үстеу (*belirteç*), жалғаулық (*bağlaç*), шылау (*ilgeç*), одағайды (*ünlem*) жатқызады. Екінші дәрежедегі сөздердің зат есімдерге немесе бір-біріне айналуы мүмкін екенін атап көрсете келіп, М. Билгин оларды атауыш сөздер қатарында қарастырады¹ М.Эргин сөз таптарын зат есім (*ad*), сын есім (*sıfat*), үстеу (*belirteç*), есімдік (*adıl*), етістік (*eylem*), шылау (*ilgeç*) деп алтыға бөледі де, одағайларды (*ünlem*) шылау сөздердің (*ilgeç*) ішінде қарайды. Ал Т.Бангуоглу зат есім (*ad*), сын есім (*sıfat*), есімдік (*adıl*), үстеу (*belirteç*), шылау (*ilgeç*), жалғаулық (*bağlaç*), одағай (*ünlem*), етістік (*eylem*) деп сегіз сөз табын ажыратып көрсетеді. Т.Бангуоглуның пікірін М.Хенгирмен қолдайды.

Сонымен, «қазіргі қазақ тілінде 10 сөз табы бар» деген пікір қазақ тіл білімінде біршама орыққан болса, түрік ғалымдарының дені түрік тіліндегі сөз табының саны – 8 деп көрсетеді. Демек қазақ тілінде жеке-жеке сөз таптары саналатын сан есім мен модаль сөздер түрік тілінде сөз таптары болып есептелінбейді. Түрік морфологиясында сан есімдер сын есімнің құрамында қарастырылады, мұнда олардың заттың, нәрсенің, құбылыстың сандық сипатын танытатын қызметі ескеріледі.

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. -S. 179.

II ТАРАУ

ЗАТ ЕСІМ ЖӘНЕ ОНЫҢ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

§1. Зат есім туралы жалпы түсінік

Сөз таптарының ішінде грамматикалық құрылысы, синтаксистік қызметі жағынан ерекшеленетін негізгі сөз таптарының бірі – зат есім. Зат есім – заттың атын, жанды-жансыз ұғымдардың атауын білдіріп, сөйлемде негізінен бастауыш пен толықтауыш болатын толық мағыналы сөздер табы¹. Түрік ғалымдары зат есімге «жанды-жансыз барлық ұғымдар мен мақұлықтарды жеке-жеке немесе топ-тобымен атайтын сөздер»², «шын мәнінде кездесетін нәрсенің, я болмаса ойда болатын қандай-да бір ұғымның атауы»³, «ғаламдағы жанды-жансыз және адам ойындағы барлық нақты және абстрактілі ұғымдарды жеке-жеке немесе түр тұрғысынан жіліктеп атайтын сөздер»⁴ деген анықтамалар береді.

Зат есімдердің жеке сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктері оның мағыналық және құрылымдық топтарын анықтауға мүмкіндік береді. Зат есімдер мағыналық сипатына қарай деректі және дерексіз, жалпы және жалқы, көптік мәнді, реңдік және үстеулік мәнді деп бірнеше топқа бөлінеді⁵.

¹ Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. - Б.95.

² Ergin M. Türk Dil Bilgisi. –İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.218.

³ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. –Ankara: TDK Yay., 2007. -S.319.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). –Ankara: TDK Yay., 2003. - S. 195.

⁵ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б.442.

Зат есімдердің түрлену жүйесі оның грамматикалық категорияларымен сипатталады. Зат есімдердің сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік сияқты грамматикалық мағыналары және олардың сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық қарым-қатынасқа түсуі көптік, тәуелдік және септік жалғаулары арқылы жүзеге асады.

Көптік жалғауының жалғануы зат есімдерді тек жекеше, көпшеге жіктеуге негіз болып қана қоймайды, көптік жалғауы өзі жалғанған сөздерге көптік мағынамен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да үстемелейді.

Тәуелдік категориясы арқылы белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екені айқындалады. Мұнда меншіктеуші жақ пен меншіктелуші зат қатар көрсетіледі. Басқаша айтқанда, тәуелдеу категориясы бір заттың екінші затқа меншіктелуін ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге оның қай жаққа қатысты екендігін де білдіреді¹.

Зат есімдер грамматикалық және кеңістікті білдіретін септік жалғаулары арқылы түрленеді. Септік категориясы – есім сөздердің ішінде зат есімдерге ғана тән грамматикалық категориялардың бірі. Ал басқа сөз таптарының септік жалғауларын қабылдауы заттану, яғни субстантивтенумен байланысты болып келеді. Септік жалғаулары арқылы зат есімдер өзара бір-бірімен немесе басқа сөздермен байланысқа түседі. Соның нәтижесінде грамматикалық тұрғыдан құрылымдық және мағыналық өзгеріске ұшырайды.

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі². Бірақ зат есімдердің барлығы бірдей жіктік жалғауын қабылдай бермейді. Олардың ішінде адамға, оның кәсібіне, қызметіне, тегіне, мамандығына қатысты зат есімдер ғана баяндауыш қызметінде жіктік жалғауларымен түрленеді.

Зат есімдердің жеке сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктері оның мағыналық және құрылымдық топтарын анықтауға мүмкіндік береді. Зат есімдер мағыналық сипатына

¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. - Б.150

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.458.

қарай бірнеше топқа бөлінеді. Қазақ тіліндегі зат есімдер семантикалық сипатына қарай деректі, дерексіз, жалпы, жалқы¹ немесе нақты, абстрактілі, жалпы, жалқы, даралау, жинақтау, жеке және топтау мәнді² я болмаса, адамзат, ғаламзат атаулары; жалпы, жалқы зат есімдер; деректі-дерексіз; дара, жинақтық мағыналы; әртүрлі реңк мәнді зат есімдер болып³ түрлі топтарға жіктеледі. Кей ретте эмоциялы-экспрессивтік, персондық, бейперсондық мәнде жұмсалатын сөздер де зат есімнің семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері бар сөздер тобы ретінде көрсетіледі⁴.

«Қазақ грамматикасында» зат есім адамзат және ғаламзатқа қатысты, жалпы және жалқы, көптік мәнді, реңдік және үстеулік мәнді, эмоция-экспрессия реңі бар атаулар болып лексика-грамматикалық топтарға жіктеледі⁵.

Түрік тілінде зат есімдерді тілдегі қызметтері, морфологиялық құрылымы, қолданылуы тағы басқа ерекшеліктеріне қарай әртүрлі топтастыруға болады. З.Коркмаз зат есімдерді: 1) деректі және дерексіз (*somut ve soyut adlar*); 2) жалқы және жалпы (*özel adlar, cins adları*); 3) масдар (*oluş ve kılış adları*) деп үш топқа жіктейді⁶.

М.Эргин зат есімді жалқы (*has isimler*) және жалпы (*ortak isimler*)⁷ деп екі топқа бөледі. Т.Бангуоглу да зат есімдерді жалқы (*yoğun adlar*) және жалпы (*yalın adlar*) деп топтай келе, мұның сыртында есімнің нақты және абстрактілі мағыналары болатынын айтады⁸. М.Хенгирмен зат есімді мағыналық ерекшеліктеріне қарай деректі (*somut adlar*), дерексіз (*soyut adlar*), жалқы (*özel adlar*), жалпы (*cins adları*), жекеше (*tekil adlar*), көпше (*çoğul adlar*), топтық (*topluluk adları*) атаулар деп топтастырады⁹. М.Билгин зат есімді төрт категорияға жинақтайды: 1) аталуына қарай жалқы (*özel*

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б.203.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992. - Б.195.

³ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.86.

⁴ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992. - Б.195.

⁵ Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. - Б. 442.

⁶ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.195.

⁷ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.218.

⁸ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yay., 2007. - S.319.

⁹ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin Yayınevi, 2002. - S.116.

ad), жалпы (*tür adı*); 2) санына қарай жекеше (*tekil*), көпше (*çoğul*), топтық (*topluluk*); 3) қалыптасуына қарай деректі (*somut*), дерексіз (*soyut*); 4) құрылымына қарай түбір (*yalın*), туынды (*türemiş*), біріккен (*bileşik*)¹. С.Экер зат есімді түрі, мағынасы, құрылымы т.б. тұрғыдан топтауға болатынын айтады. Ол зат есімдерді жалпы (*tür adları*) – жалқы (*özel adlar*), жекеше (*tekil adlar*) – көпше (*çoğul adlar*), дерексіз (*soyut adlar*) – деректі (*somut adlar*), саналатын (*sayılabilen adlar*) – саналмайтын (*sayılamayan adlar*), түбір (*kök/basit adlar*) – туынды (*türemiş adlar*) – біріккен (*birleşik adlar*) деп топтайды. Түрік тілінде род категориясы болмайтынын айта келіп, С.Экер жануардың биологиялық ерекшелігін көрсететін атауларда, туыстық атауларда және жынысты білдіретін сөздерде родтық ұғым қосалқы мәндік реңкте көрініс беретініне назар аударады².

Қорыта айтқанда, тіл төңкерісінен кейін іле-шала жарық көрген түрік тілінің грамматикаларында (Т.Бангуоглу, М.Эргин) зат есімдерді мағыналық тұрғыдан жалқы және жалпы атаулар деп екі топқа ғана бөлу көрініс беретін болса, бергін келе жазылған грамматикаларда зат есімнің семантикалық-құрылымдық сипаттары ескеріліп, жалпы және жалқыдан басқа да топтары, айталық, нақты және абстрактілі, жекеше және көпше, түбір, туынды, біріккен болып тармақтала қарастырылуы байқалады.

§2. Зат есімнің лексика-семантикалық топтары

Зат есімдер бір заттың, нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның атын білдіреді, қазақ тілінде кім? не?, кімдер?, нелер? түрік тілінде *kim? ne? kimler? neler?* деген сұрақтарға жауап береді. Екі тілде де кім? сұрағы адамдарға қатысты, не? адамнан басқа тірі және өлі табиғатқа байланысты есім сөздерге қойылады. Зат есімдер мағыналық тұрғыдан төмендегідей лексика-семантикалық қатарларды құрайды:

Адамзат есімдері (*İnsanla ilgili isimler*).

Адамға қатысты зат есімдерге кісі аттары, адамдардың әлеуметтік-қоғамдық жағдайын, тұрмыстық хал-ахуалын,

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. – S.180-187.

² Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Ofset, 2003. – S.353.

туыстық қатысын білдіретін барлық атаулар кіреді. Қазақ және түрік тілдерінде кім? (kim?) деген сұраққа жауап беретін зат есімдерді іштей бірнеше мағыналық топтарға жіктеуге болады:

а) адамның жынысына, өсу, жетілу деңгейіне қатысты атаулар: қазақ тілінде: әйел, еркек, ұл, қыз, бала, бөпе, сәби, қалыңдық, шал, кемпір, кісі т.б.; түрік тілінде: *kadın, erkek, çocuk, bebek, gelin, ihtiyar, kocakarı, kişi, adam* т.б.;

ә) адамдардың туыстық қарым-қатынасына қатысты атаулар: қазақ тілінде: ата, әже, әке, шеше, аға, іні, жиен, апа, сіңлі, қарындас, немере, шөбере, құда, құдағи, күйеу т.б.; түрік тілінде: *dede, nine, baba, anne, ağabey, kardeş, yiğen, abla, kız kardeş, torun, dünüir, dünüire* т.б.;

б) кәсіп-мамандық иелерінің атаулары: қазақ тілінде: дәрігер, медбике, мұғалім, әнші, суретші, ғалым, сатушы, шопан, биші, сәулетші, құрылысшы, сот, әскер т.б.; түрік тілінде: *doktor, hemşire, öğretmen, şarkıcı, ressam, alim, satıcı, çoban, dansöz, mimar, inşaatçı, hakim, asker* т.б.;

в) адамның қызмет бабына, лауазымына қатысты атаулар: қазақ тілінде: президент, министр, директор, ректор, декан, доцент, төраға, бастық, әкім, офицер т.б.; түрік тілінде: *cumhurbaşkanı, bakan, müdür, rektör, dekan, doçent, başkan, patron, vali, subay* т.б.;

г) кісі аттары: қазақ тілінде: Асан, Үсен, Ахмет, Арман, Әлия, Гүлсім, Жәмила, Дидар, Нұрбек, Ботагөз, Қарашаш т.б.; түрік тілінде: *Hasan, Hüseyin, Ahmet, Armağan, Barış, Mert, Arzu, Aliye, Gülsüm, Cemile, Gülnur, Berna, Lale* т.б.

Ғаламзат есімдері (İnsan dışındaki kavram isimleri).

Ғаламзат есімдері не? (ne?) деген сұраққа жауап береді. Бұл топқа адамнан басқа, өлі және тірі табиғат атаулары енеді. Ғаламзат атаулары жіктік жалғауларының үшінші жағын қабылдайтынымен, поэзия тілі мен әдебиетте ғана бірінші және екінші жақта қолданылуы мүмкін екендігімен ерекшеленеді¹ Ғаламзат атауларын іштей мынадай лексика-семантикалық топтарға жіктеуге болады:

а) деректі, дерексіз заттар мен заттық ұғым атаулары: қазақ тілінде: су, топырақ, тас, құм, ойын, күлкі, қуаныш, реніш, ақыл

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б.443.

т.б.; түрік тілінде: *su, toprak, taş, kum, oyun, gülme, kıvanç, küskünlük, akıl* т.б.;

ә) өсімдік атаулары: қазақ тілінде: ағаш, қарағай, алма, жиде, өрік, гүл, раушангүл, жапырақ, тамыр, сабақ т.б.; түрік тілінде: *ağaç, çam, elma, iğde, erik, çiçek, gül, yaprak, kök, sarı* т.б.;

б) ас-су атаулары: қазақ тілінде: ет, сүт, май, ірімшік, нан, шұжық, айран, қымыз, қаймақ, балмұздақ т.б.; түрік тілінде: *et, süt, yağ, peynir, etmek, sucuk, ayran, kımız, kaymak, dondurma* т.б.;

в) жануарлар, аң, құс атаулары: қазақ тілінде: жылқы, сиыр, қой, ешкі, киік, аю, жолбарыс, қаз, үйрек, балапан т.б.; түрік тілінде: *yılki, sığır, koyun, keçi, geyik, ayı, kaplan, kaz, ördek, civciv* т.б.;

г) балық аттары: қазақ тілінде: шортан, сазан, көксерке, хамса балық, бахта т.б.; түрік тілінде: *turna, sazan, akbalığı, hamsi, alabalık* т.б.;

д) құрт құмырсқа, бақа-шаян аттары: қазақ тілінде: шыбын, маса, ара, көбелек, кесіртке, бақа, шаян т.б.; түрік тілінде: *sinek, sivrsinek, ara, kelebek, kertenkele, kurbağa, akrep* т.б.;

е) тұрмыстық зат атаулары: қазақ тілінде: үй, терезе, есік, табақ, қасық т.б.; түрік тілінде: *ev, pencere, kapı, tabak, kaşık*.

Жалпы есімдер (*tür adları*) және жалқы есімдер (*has isimler*).

Тілдердің қай-қайсысында болмасын сөздер жалпы есімдер және жалпы есімдер болып екі үлкен топқа бөлінеді. Қазақ және түрік ғалымдарының жалпы есімдерге берген анықтамалары, негізінен, бірдей түсіп жатады. Мәселен, А.Ысқақов: «Тілде әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдарды білдіретін зат есімдер жалпы есімдер деп аталады» десе¹, М.Хенгирмен жалпы есімдерді «жануар, нәрсе және құбылыстарға берілген жалпылама атау» деп түсіндіреді², З.Коркмаз «жалпы есімдерде атау мен сол атауды тудырған зат, құбылыс арасында қандай да бір байланыс жібі болады, мәселен, ағаш деген кезде адамдар ағашты елестетеді» дейді³.

Жалқы зат есім – адамның аты-жөні, бірыңғай заттың дараланған жеке атауы болып табылады. Жалқы есімдер

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.139.

² Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin Yayınevi, 2002. - S.117.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - Б.214.

құрылысы мен қолдану жүйесіне және мағыналық ерекшелігіне қарай әртүрлі болып келеді. Жалқы есімдер халық тарихының қат-қабат әлеуметтік іздерін, бір елмен екінші елдің тарихи қарым-қатысын, мәдени байланысын көрсететін құнды тілдік дереккөз саналады. Жалқы есімдер бойында кездесетін өлі, көне және тірі форманттар, көне атаулар қазақ тілінің немесе қазақ тарихының ғана емес, адамзаттық тарихтың да кейбір мәселелерінің айқындалуына септігін тигізеді¹. Жалқы есімдерді, оның шығу, даму тарихын, лексикалық құрамы мен морфологиялық құрылымын, мән-мағынасын зерттейтін тіл білімінің ономастика саласы зерттейді.

Жалқы есімдерді іштей антропонимдер (кісі аттары), топонимдер (жер-су аттары, елді мекен, қала, көше т.б. әкімшілік-территориялық атаулар), космонимдер (ай, жұлдыз т.б. аспан денелері атаулары), этнонимдер (ру, тайпа, ел, халық аттары), зоонимдер (үй хайуанаттарына, жануарларға қойылған аттар), товарлық белгілер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер аттары, газет, журнал, кітап т.б. басылымдар аттары деп жіктеуге болады.

1. Антропонимдер. Қазақ антропонимиясы құрамы, құрылымы, мазмұны жағынан бай және алуан түрлі болып келеді. Мәселен, шығу тегі жағынан жалпытүркілік байырғы лексикалық қорға жетелейтін таза қазақ тіліндегі Көпжасар, Ботагөз, Құдайберді, Тәңірберді, Нарқыз, Балбике, Қарақат, Ұлболсын, Жібек, Темір, Болат, Айкүміс т.б. есімдермен қатар, қазақ антропонимиясы құрамында үндіеуропа, араб, парсы, моңғол, орыс т.б. тілдерден енген кірме есімдер (Мұса, Иса, Дәуіт, Жүсіп, Ысқақ, Айша, Махамбет, Қадыр, Бәтима, Индира, Жанна, Рүстем, Мөңке, Баян, Шыңғыс, Ноян, Эльмира, Света, Раиса, Меліс, Октябрь т.б.) де молынан кездеседі.

Қазақ антропонимиясының мазмұндық құрылымы ел-жер тарихымен, халықтың наным-сенімімен, салт-дәстүрімен, рухани және заттық мәдениетімен, эстетикалық таным-талғамымен астасып жатады. Сондықтан да аспан денелері атаулары (Күнтуған, Айтуған, Айғаным, Шолпан, Таңшолпан, Айсұлу,

¹ Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. I том. – Астана, 2006. - Б.5.

Күнсұлу, Әсемай, Айбарша, т.б.), ежелгі халықтық наным-сенім (Тәңірберген, Құдайберді, Итжемес, Сарыбас т.б.), аң, құс, жан-жануар аттары (Елік, Арыстан, Қарлығаш, Сандуғаш, Бұлбұл), ел тарихында өз ізін қалдырған тұлғалар есімдері (Шыңғыс, Кенесары, Абылай, Тұмар, Бекарыс т.б.), қоғамдық-әлеуметтік өмірде болған елеулі оқиғалар (Майдан, Сайлаухан, Кеңес) адамның арман-тілегі, үміті (Болатжан, Құрышбек, Темірбек, Ұлболсын, Ұлдана, Қызтуған, Үміт, Арман), асыл заттар (Маржангүл, Інжу, Лағыл, Меруерт), құрал-сайман атаулары (Балтагүл, Шопантай, Қойшығара, Қазанғап) т.с.с. антропонимдердің уәждемелік негізіне алынады.

Түрік тіліндегі кісі аттарын З.Коркмаз уәждемелік негізіне қарай зат немесе материал атаулары негіз болған есімдер (*Demir, Altın*); құс, жан-жануар атаулары негіз болған есімдер (*Yıldız, Aslan*), Ислам мәдениеті қабылданғаннан кейін қалыптасқан есімдер (*Ahmet, İsmail, Ayşe*), түріктің байырғы сөздерінен қойылған есімдер (*Çetin* «Четин – қиын», *Bilge, Seçkin* «Сечкин – таңдаулы», *İteriş*), етістіктің бұйрық рай немесе басқа шақта жіктелуінен қалыптасқан есімдер (*Erol, Dursun, Yaşar*) деп бөледі¹

2. Үй хайуанаттарына, жануарларға қойылған аттар. Қазақ тілінде кез келген малға немесе жануарға арнайы ат берілмейді. Қазақтар көбінесе аңшылық, құсбегілік кәсіптерге байланысты тазы ит, қыран құс, сәйгүлік жылқыларға ат қоятын болса, түрік тілінде бұлардың сыртында мысық, сиыр, қой сияқты үй жануарларына да ат берілетіні байқалады. Мысалы: қазақ тілінде: Бөрібасар, Ақтөс, Ақтабан, Құлагер, Тайбұрыл т.б.; түрік тілінде: *Boncuk, Patuk, Maviş, Karabaş, Kocabaş, Sarıkız, Rüzgar*.

3. Географиялық, әкімшілік-территориялық атаулар: қазақ тілінде: Қазақстан, Түркия, Алатау, Ертіс, Сарыарқа, Астана, Талғар, Абай көшесі т.б.; түрік тілінде: *Kazakistan, Türkiye, Aladağlar, Kara Deniz, Altay Dağları, Atatürk Bulvarı* т.б.

Жер-су атауларының жазылу емлесінде қазақ және түрік тілдерінде айырмашылық орын алады. Мәселен, қазақ тілінде күрделі жер-су атаулары құрамындағы географиялық терминдер

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). –Ankara: TDK Yay., 2003. - S.199-205.

кіші әріппен жазылатын болса (Алатау, Қаратау, Қаратөзіз, Ақсу, Көктөбе т.б.), түрік тілінде, *nehir* «өзен», *göl* «көл», *dağ* «тау», *boğaz* «бұғаз» т.б. географиялық терминдер топонимдердің жеке сыңары ретінде көрініс беріп, бас әріппен жазылады. Түрік тілінде *mahalle* «аудан», *bulvar, sokak* «көше», *saray, köprü* «көпір» т.б. сияқты атау құрамындағы сөздер де бас әріппен жазылады¹

4. Кәсіпорындар, ұйым мен мекемелердің атаулары. Қазақ тілінде екі немесе одан да көп сөзден тұратын кәсіпорын, ұйым мен мекеме атауларының тек бірінші сыңары ғана бас әріппен жазылатын болса (Қаржы министрлігі, Еуразия ұлттық университеті, Түркі академиясы, Қазақтелеком т.б.), түрік тілінде күрделі атаудың әр сыңары бас әріппен жазылады: *Maliye Bakanlığı, Gazi Üniversitesi, Türk Dil Kurumu, Türk Telekom* т.б.

5. Кітаптар, журнал т.б. басылым атаулары: қазақ тілінде: Егемен Қазақстан, Ана тілі, Әлем әдебиеті, Абай жолы, Қыз Жібек, Ер Тарғын т.б.; түрік тілінде: *Türk Dili Dergisi, Bilig, Hürriyet, Cumhuriyet, Osmanlı Ansiklopedisi, Türk Dil Bilgisi, Safahat*.

6. Аспан денелері атаулары: қазақ тілінде: Үркер, Күн, Ай, Жетіқарақшы т.б.; түрік тілінде: *Ülker, Güneş, Ay, Büyük Ayı*.

7. Тарихи оқиғаларға қатысты атаулар: қазақ тілінде: Ақтабан шұбырынды, Ұлы Отан соғысы, Желтоқсан оқиғасы т.б.; түрік тілінде: *İkinci Dünya Savaşı, Birinci Haçlı Seferi, Türk İstiklal Savaşı* т.б.

Түрік тілінде жалқы есімдердің жоғарыда көрсетілген лексика-семантикалық қатарларының сыртында, ұлт, ұлыс, ру-тайпа атаулары, олар сөйлейтін тіл атаулары, дінге, шарифатқа қатысты атаулар жалқы есімдер саналып, бас әріппен жазылады: *Kazak, Türk, İngiliz, Çinli* «қытайлық», *Fransız; Müslümanlık, Musevilik, Budizm, Katolik, Türkçe, Kazakça, Japonca*². Ал қазақ тілінде ұлт, ұлыс, ру-тайпа және олардың тілдері жалпы есімдер болып табылады.

Тілдік табиғаты жағынан алғанда, жалқы есімдер тілдің жалпы заңдылықтары мен нормасына бағынышты болып келеді және олардың барлығы да тілдегі жалпы есім сөздерден жасалады. Сондықтан жалқы есім екіншілік атау болып табылады.

¹ Yazım Kılavuzu. – Ankara: TDK Yay., 2005. - S.18.

² Hengirmen Mt. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin Yayınevi, 2002. S.117; Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. - S.181.

Жалқы есім мен жалпы есім арасында бірінен екіншісіне ауысу құбылысы, яғни онимизация (жалпы есімнің жалқы есімге айналуы) және деонимизация (жалқы есімнің жалпы есімге айналуы) құбылыстары үнемі жүріп отырады.

Деректі және дерексіз зат есімдер (Somut ve soyut adlar).

Табиғатта зат, құбылыс түрінде бар нақты нәрселердің атауы деректі зат есімдер болып табылады¹. Мәселен, қазақ тілінде: гүл, ұшақ, тікұшақ, өзен, ауыл, кітап, қалам, мектеп т.б.; түрік тілінде: çiçek, uçak, helikopter, nehir, köy, kitap, kalem, okul т.б. Дерексіз зат есімдер – тек ойымыз бен қиялымыз арқылы түйсінуге, ұғынуға болатын ұғымдарды білдіретін атаулар. Мысалы, қазақ тілінде: сенім, бақыт, үміт, бостандық; түрік тілінде: inanç, mutluluk, umut, hürriyet.

Көптік мәнді есімдер (çoğul adlar).

Затты жекелеп, дараламай, оны тобымен атайтын зат есімдерді көптік мәнді есімдер деп атайды. Қазақ тілінде көптік мәнді есімдер көбінесе көптік жалғауынсыз жұмсалады. А.Ысқақов көптік мәнді есімдерге²:

а) сұйық заттардың атауын: айран, шай, тұздық.

ә) газ тектес заттардың атауларын: азон, бу, түтін, туман.

б) уақ, ұнтақ заттардың, ұйысқан заттар мен бытыранды, үгітінді заттардың атауларын: ұн, шаң, түбіт, шаш, кірпік, алша.

в) дерексіз ұғымдарды білдіретін заттардың атауларын: айла, ақыл, дау, қайғы, қасірет, шындық.

г) өздігінен табиғи бөлшектенбейтін кесек заттардың атауларын: алтын, қола, құрыш, шойын.

ғ) жаратылыс құбылыстарының атауларын: боран, жаңбыр, қар, жел, қар жатқызады. Бұл топтардағы зат есімдер ешқандай грамматикалық көрсеткішсіз мағыналық тұрғыдан көптік ұғымды білдіреді. Сондай-ақ аяқ, көз, құлақ, байпақ, қолғап, сырға тәрізді жұптық ұғымды білдіретін сөздер, армия, сынып, табын, топ, команда тәрізді адамдар тобын көрсететін сөздер көптік мәнді есімдер бола алады.

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.196.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.142.

Түрік тілінің грамматикаларында көптік мәнді есімдер жеке категория ретінде қарастырылмайды. Әйтсе де *sınıf* «сынып», *ordu* «армия», *aile* «отбасы», *sürü* «табын», *okul* «мектеп», *meclis* «мәжіліс», *ulus* «ұлт», *kurul* «кеңес», *kurultay* «құрылтай» т.б. заттарды топтап көрсететін көптік мәнді есімдер түрік тілінде молынан кездеседі¹

Түрік тілінде шай, шаш, шындық мағынасындағы *çay*, *saç*, *gerçek* көптік мәнді сөздер көптік жалғауымен және жалғауынсыз да қолданыла береді: *Saçımı boyattım* (Шашымды бояттым) – *Saçlarımı taradım* (Шашымды тарадым). *Çay kaynadı* (Шай қайнады) – *Çaylar geldi* (Шай келді). *Gerçek misin?* (Шының ба?) – *Gerçekler ortaya çıktı* (Шындықтың беті ашылды). З.Коркмаз көптік мәнді есімдерге көптік жалғауы мағынаны күшейту үшін жалғанатындығын айтады².

Қазақ және түрік тілдерінде де -лық (-lık) және -шылық (-cılık) жұрнақтары арқылы жасалған кәсіп түрін білдіретін сөздер мен дерексіз зат есімдер де көптік мәнді білдіре алады. Мәселен, қазақ тілінде: ақындық, достық, байлық, жоқшылық, зайырлылық, егіншілік, малшылық, аңшылық т.б.; түрік тілінде: *şairlik*, *uzmanlık*, *dostluk*, *zenginlik*, *yokluk*, *layiklik*, *tarımcılık*, *devletçilik* т.б.

Эмотативтік-экспрессивтік есімдер.

Зат есімдерде затты я заттық ұғымды әдеттегіше атаумен қатар, сол аталған зат сын-сипат жағынан өзгешелеу болып келгенін, әсерлеу не бейнелеу жолымен сезімге әсер ете алатын топтары кездеседі³. А.Ысқақов мұндай сөздер тобын эмоциялық-экспрессивтік реңктегі ішкі категория есебінде қарастырылуы қажеттігін айтады.

Негізінен -шық, -ша, -сымақ, -й, -еке, -тай, -жан, -қан, -қай, -ш, -кен тәрізді эмотативті-экспрессивтік мән арқалаған жұрнақтардың қатысуымен жасалатын мұндай есімдер туынды зат есім болғанымен, жаңа сөз емес, түбірге бар болғаны эмоциялық рең үстемеленген формалар болып есептеледі.

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. S.186; Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yay., 2007. - S.322.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.258.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.143.

Түрік тілінде бұл категориядағы зат есімдер сүйіну, мейірлену, жаны ашу сияқты эмоциялық реңк арқалаған *-cik*, *-cak*, *-ş*, *-o* тәрізді арнайы жұрнақтар арқылы жасалады¹. Олар білдіретін мағынасы жағынан қазақ тіліндегі *-еке*, *-тай*, *-жан*, *-кен*, *-қан*, *-ш* кішірейткіш-еркелету мәніндегі жұрнақтарға жақындайды. Мәселен, қазақ тілінде: *төбешік*, *кілемше*, *кітапсымақ*, *ағай*, *апеке*, *шешетай*, *әкежан*, *балақай*, *ботақан*, *Әлкен* (*Әлібек*), *Сәулеш* (*Сәуле*) т.б.; түрік тілінде: *tepecik*, *halıcık*, *ağabeysicim*, *ablacığım*, *anneciğim*, *babacığım*, *yavrucak*, *Fatoş* (*Fatma*), *İbo* (*İbrahim*), *Memo* (*Mehmet*) т.б.

Көмекші есімдер.

Көмекші есімдер дербес лексикалық мағынасы бар сөздер, бірақ тілдің дамуы кезінде бастапқы лексикалық мағынасымен қатар тәуелдік жалғауын қабылдап, анықтауыш болатын сөздің жетегінде, шылауында айтылып, көмекшіге айналған зат есімнің кеңістік ұғымын білдіретін тобы². Қазақ тілінде дербес тұрып, немесе зат есімдермен тіркесіп қолданылатын көмекші есімдер сан жағынан көп болмағанымен, олардың қолдану өрісі кең. Н. Оралбай: «Көмекші есім септік жалғауын тіркестіретін саты, жалғастырушы қызметін атқарады»³ дей келе, көмекші есімдерді септік категориясының бір көрсеткіші ретінде қарастырады. Семантикалық сипаты мен грамматикалық қолданысындағы осындай белгілері көмекші есімдер жалпы көмекші сөзден, оның ішінде шылаулардан ерекшеленеді.

Көмекші есімдер нақтылы бір ұғымның атауы. Алайда көмекші есімдердің зат есімдерден айырмашылығы: мағыналық жағынан дерексізденуі және семантикалық тұрғыдан нақтылы бір ұғымды өзінен бұрын тұрған есім сөзге тіркесу арқылы ғана білдіруінде. Мәселен, *сырт*, *іш* деген сөздер жалпы бір нәрсенің сырты немесе іші туралы ұғымды білдіретіні белгілі. Алайда бұл сөздер сөйлеушіден ненің сырты, ненің іші туралы толық ақпаратты, яғни ой айқындылығын талап етеді. Көмекші есімдердің бойында зат есімдерге тән семантикалық дербестік те,

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.250.

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б.448.

³ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.116.

морфологиялық жақтан дәл сол зат есімдердей түрлену қабілеті де толық сақталады. Олар семантикалық тұрғыдан білдіретін мағынасына қарай өзара синонимдес (мәндес) және антонимдес (қарсы мәндес) болып келеді. Мәселен, үсті және басы, арты және сырты, жаны және жағы, ортасы және іші тәрізді сөздерді мағыналас көмекші есімдер, алды және арты, асты және үсті, іші және сырты тәрізді сөздерді антонимдес көмекші есімдер деп тануға болады. Сондай-ақ көмекші есімдер негізгі сөздерге үстейтін қосымша мағыналарына қарай көлемдік және мезгілдік қатынастарды білдіреді. Сондықтан білдіретін мағыналарының жалпы сипатына қарай көмекші есімдер горизонталь бағыттағы кеңістік қатынасты, вертикаль бағыттағы кеңістік қатынасты және көлемдік кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер болып үш топқа бөлінеді¹:

а) горизонталь бағыттағы кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер: алды, арты, қасы, жаны, маңы, маңайы, тұсы, айналасы, төңірегі, шеті, жан-жағы, бойы.

ә) вертикаль бағыттағы кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер: асты, үсті, беті, түбі.

б) көлемдік кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер: іші, сырты, ортасы, арасы.

Көмекші есімдер зат есімдер сияқты көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын, кейбір жұрнақтарды қабылдай береді. Мысалы: сырт-ы-на, іш-і-нде, ара-ңыз-ға т.б.

Қазақ тіліндегі алды, арты, үсті, асты, жаны, қасы, арасы, ортасы, іші, сырты, басы, беті, шеті, түбі, төбесі, тұсы, маңы тәрізді тәуелдіктің III жағының жалғауымен көмкерілген көмекші есімдердің түбір-негіздері: арт, үст, аст, жан, қас, ара, орта, іш, сырт, бас, бет, шет, түп, төбе, тұс, маң т.б.

Түрік тіліндегі көмекші сөздерді алғаш рет зерттеген орыс ғалымы Н.К.Дмитриев болды. Ол «Служебные имена в турецком языке» деген мақаласы арқылы² түрік тіл біліміне «көмекші есім» терминін енгізді. Түрік тіліндегі көмекші есімдер туралы

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б.450-452.

² Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва: Восточная литература, 1962. С.606.

профессор З.Коркмаз былай дейді: «Тілімізде орын және бағытты көрсететін бұл есімдердің шылауға қарағанда өздерінің жеке тәуелсіз мағынасы болады. Басқа есім сөздердей оларға да зат есімнің тәуелдік, көптік, септік жалғаулары мен жұрнақтары жалғанады. Демек, олар шылау сияқты қолданыла алатын есімдер»¹

Түрік тіліндегі көмекші есімдерге *alt, art, arka, boy, civar, etraf, üst, ön, yan, ara, sağ, sol, iç, dış, kıyı, köşe, orta, son, taraf, yön, yüz, öte* тәрізді сөздерді жатқызуға болады.

§3. Зат есімдердің құрылымдық жіктелісі

Қазақ және түрік тілдерінде зат есімдер морфологиялық құрылымы жағынан түбір (*basit/yalın*), туынды (*türemiş*) және күрделі (*birleşik*) болып үш үлкен топқа жіктеледі. Күрделі зат есімдер іштей біріккен, қосарланған, құрама және қысқарған бөліп бөлінеді. З.Коркмаз бұлардың сыртында түрік тілінде белгілі жалғаумен қолданыла келіп, сіріленген зат есімдерді қалыптасып қалған (*kalıplaşmış*) зат есімдер деген жеке топты атап көрсетеді². Бұл жерде айта кететін бір жайт, түрік тілінде түбір есімдерге балама ретінде жұмсалатын *basit/yalın* термині негізінде «жай, қарапайым» деген мағынаға келеді. Сондықтан да З.Коркмаз «жай» зат есімдер тобында *ana-baba* «әке-шеше», *bağ-bahçe* «бау-бақша», *çocuk-çocuk* «бала-шаға» сияқты қос сөздерді жатқызады. Ол бұл сөздерді әу баста мағынаны күшейту үшін бірге қолданылған сөздердің бертін келе бір-бірінен дараланбайтын бір сөзге айналған түрі деп қарайды.

Түбір зат есімдер (*Basit adlar*) – ешқандай жұрнақ жалғанбаған түбір күйіндегі есімдер. Түбір – сөздің морфологиялық тұрғыдан бөлшектенбейтін бөлігі. З.Коркмаз басқа тілдерден енген сөздер сол тілде туынды болғанымен, түрік тілінде түрік тілінің өз жұрнақтары жалғанбаған жағдайда түбір есім болып қалатынын

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.1084.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.219.

ескертеді¹ Мысалы: қазақ тілінде: шаш, қол, ағаш, құс, тас, бас, ат, су т.б.; түрік тілінде: *saç, kol, ağaç, göz, kuş, taş, baş, at, su*.

Туынды есімдер (Türemiş adlar) – түбір-негізге сөз тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жасалатын зат есімдер. Мұнда түбір сөз бен одан туындаған жаңа туынды сөз арасында мағыналық байланыс тұрғысындағы жақындық көп жағдайда сақталады. Мысалы: көз – көзілдірік, тара – тарақ.

Туынды есімдер есім және етістік түбірінен есім тудыратын жұрнақтар арқылы жасалатындықтан, олар: 1) есім негізді зат есімдер; 2) етістік негізді зат есімдер деп екі топта қарастырылады.

Қазақ тілінде есімнен зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар қатарына -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік; -шы/-ші; -шылық/-шілік; -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес; -лақ/-лек, -дақ/-дек, -тақ/-тек; -ақ/-ек, -ық/-ік, -қ/-к; -шық/-шік қосымшаларын жатқызуға болады. Мысалы: жақсылық, тілші, оқытушылық, замандас, қыстақ, бұтақ, талшық т.б.

Ал -шақ/-шек; -сыз/-сіз; -ған/-ген, -қан/-кен; -ша/-ше, -са/-се; -дырық/-дірік; -ым/-ім; -пар/-мар; -ман/-мен, -пан/-пен; -стан; -хана; -нама; -паз; -қор; -дар; -гер/-кер; -кеш; -қай/-кей; -ай/-ей/-й; -аң/-ең/-ң; -ыш/-іш; -ыл/-іл; -ыр/-ір; -кер; -кеш; -қой; -т, -ат, -айт/-ейт; -қал – есімнен зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар саналады. Мысалы: келіншек, жеңсіз, желкен, белдемше, табалдырық, мейірім, шоқпар, оқпан, Қазақстан, дәмхана, жылнама, өнерпаз, парақор, құлағдар, саудагер, арбакеш, күнгеі, маңай, босаң, түйреуіш, тосқауыл, шымшуыр, қызметкер, тайлақ, түйекеш, әуесқой, сызат, құмайт, шатқал т.б.

Түрік тілінде -lık/-lik, -luk/-lük; -cı/-ci, -cu/-cü; -çı/-çi, -çu/-çü; -lı/-li, -lu/-lü; -sız/-siz, -suz/süz; -ki, -ık/-ik, -cuk/-cük, -çık/-çik, -çuk/-çük; -daş/-deş, -taş/-teş; -msı/-msi есімнен зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар саналады: *taş-lık, yol-cu, şehir-li, iş-siz, şimdi-ki, yavru-cuk, vatan-daş, acı-msı* т.б.

Ал есімнен зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар қатарына:

-cak/cek; -cağız/-ceğiz; -cal/-ce, -çal/-çe; -ncı/-nci; -ar/-er, -şar/-şer; -z, -sı/-si, -sul/-sü; -mtırak, -layın/-leyin; -an/-en; -kek; -kan, -ç; -kal/-ke; -cıl/-cil, -cull/-cül, -çıl/-çil, -çull/-çül; -dırik/-dirik, -duruk/-dürük; -man/-men; -aç/-

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.219.

eç; -şın/-şin; -ak/-ek, -k; -t, -tıl/-ti; -az/-ez; -ay/-ey; -l; -sıl/-sil, -sul/-sül; -sal; -gıl/-gil, -gull/-gül, -kıl/-kil, -kull/-kül; -la/-le қосымшаларын жатқызуға болады. Мысалы: *kız-cağız, Türk-çe, iki-nci, beş-er, beş-i-z, çocuk-su, mavi-mtırak, sabah-leyin, baş-kan, ev-cil, boyun-duruk, koca-man, sarı-şın, sol-ak, bebe-k, yaş-ı-t, patır-tı, yok-sul, kum-sal, Ayhan-gil, kış-la.*

Қазақ және түрік тілдеріне ортақ есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар ретінде *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік; шы/-ші; -шылық/-шілік; -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес; -шақ/-шек; -сыз/-сіз; -дырық/-дірік; -ша/-ше* қосымшаларын көрсетуге болады.

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік // -лік/-lik, -luk/-lük екі тілде де ең өнімді жұрнақтар саналады. Қазақ тілінде *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік* жұрнақтарының қатысуымен этномәдени лексикаға қатысты сөздер, орын-мекен мағыналы сөздер, туыстық қатынасты білдіретін сөздер, дерексіз жалпылама мәнді сөздер, кәсіп түріне байланысты туынды зат есімдер жасалса, түрік тілінде *-лік/-lik, -luk/-lük* арқылы дерексіз ұғымдарды білдіретін сөздер, орын, мекен мәнді сөздер, құрал-сайман атаулары жасалады. Бұл жұрнақтың қазақ тілінде дауысты және дауыссыз дыбыс үндестігіне қарай алты варианты болса, түрік тілінде дауысты дыбыс үндестігіне (жуан-жіңішке, еріндік-езулік) қарай төрт варианты бар. Мәселен, қазақ тілінде: көрімдік, мойындық, жоқтық, қажылық, дәрігерлік, жомарттық; түрік тілінде: *görümlük, boyunluk, yokluk, hacılık, hekimlik, cömertlik.*

Қазақ және түрік тілдеріне ортақ есімнен зат есім тудыратын өнімді жұрнақтардың бірі – қазақ тіліндегі *-шы/-ші* және түрік тіліндегі *-cı/-ci, -cul/-cü; -çı/-çi, -çu/-çü.* Бұл жұрнақтардың көмегімен әртүрлі кәсіпке, мамандыққа, дағды-машыққа қатысты атаулар жасалады. Қазақ тілінде жұрнақтың екі варианты болса, түрік тілінде дауысты және дауыссыз дыбыс үндестігіне қарай сегіз варианты қолданылады. Мәселен, қазақ тілінде: аңшы, ойыншы, күзетші, дүкенші, етікші, жолаушы т.б., түрік тілінде: *avcı, oyuncu, bekçi, dükkancı, çizmeci, yolcu* т.б.

Есімнен зат есім тудыратын қазақ тіліндегі *-шылық/-шілік* жұрнағына түрік тіліндегі *-culuk/-cülük, -çılık/-çilik, -çuluk/-çülük*

жұрнағы сәйкес келеді. Түрік тілінде құранды жұрнақ саналатын бұл қосымша арқылы дерексіз зат есімдер жасалады¹

Етістік-негізден зат есім тудыратын қазақ тіліндегі өнімді жұрнақтарға *-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе; -ым/-ім, -м; -ғы/-гі, -ыс/-іс, -с; -у; -ақ/-ек, -ық/-ік, -қ/-к; -ыңды/-інді; -ғыш/-гіш, -қыш/-кіш, -қаш/-кеш; -ыш/-іш, -ш; -уыш/-уіш* (бума, сенім, сыпырғы, айтыс, байқау, тарақ, қорытынды, сүзгіш, қуаныш, бастауыш) қосымшаларын, ал өнімсіз жұрнақтарға *-мақ/-мек, -пақ/-пек, -бақ/-бек; -сын/-сін; -мыс/-міс, -мыш/-міш; -мал/-мел; -ман/-мен, -бан/-бен; -ыр/-ір, -ар/-ер, -р; -ат/-ет, -ыт/-іт, -т; -уыл/-уіл; -қын/-кін, -ғын/-гін; -асы/-есі; -ын/-ін, -н; -шақ/-шек; -ашақ/-ешек; -ғақ/-гек, -қақ/-кек; -ан/-ен, -н; -ғыш/-гіш, -қыш/-кіш, -қаш/-кеш; -а; -й; -л; -қа/-ке, -ға/-ге; -дақ/-дек; -маш/-меш, -паш/-пеш, -баш/-беш* (құймақ, борасын, тұрмыс, орамал, шекпен, шұқыр, жанар, шабыт, тасқын, аласы, келін, бөлшек, алашақ, жабысқақ, боран, тегістегіш, жыра, орай, болжал, тұтқа, қуырдақ, жаңылтпаш) аффикстерін жатқызуға болады.

Түрік тілінде *-mak/-mek; -mal/-me; -ış/-iş, -uş/-üş; -m; -k; -ak/-ek; -n; -gi/-gi, -gul/-gü, kul/-kü; -gın/-gin, -gun/-gün, -kın/-kin, -kun/-kün; -ı/-i, -ul/-ü* (*gitmek, yazma, bakış, giyim, açık, korkak, tütün, bölge, seçkin*) етістіктен зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар, ал *-gal/-ge; -gan/-gen, -kan/-ken; -gıç/-giç, -guç/-güç; -gaç/-geç, -kaç/-keç; -ağan/-eğen; -ıcl/-ici, -ucul/-ücü; -ç; -al/-e; -tı/-ti, -tul/-tü; -t; -l; -sıl/-si, -sul/-sü; -anak/-enek; -amak/-emek; -mik/-mik, -muk/-mük; -aç/-eç; -am/-em; -alak/-elek; -arı/-eri; -amaç/-emeç; -maç/-meç, -baç/-beç; -sal/-sel; -man/-men; -sak/-sek; -pak/-pek; -van/-ven; -mur/-mür; -cal/-ce; -macal/-mece* (*unutkan, başlangıç, süzgeç, olağan, okuyucu, sevinç, yazı, yara, görüntü, umut, tütsü, gelenek, öğretmen, yırtmaç, düşünce, bilmece*) етістіктен зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар саналады.

Екі тілге ортақ етістіктен есім тудыратын жұрнақтар ретінде қазақ. *-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе* // түрік. *-mal/-me*; қазақ. *-ыс/-іс, -с* // түрік. *-ış/-iş, -uş/-üş*; қазақ. *-ғы/-гі, -қы/-кі* // түрік. *-gi/-gi, -gul/-gü, kul/-kü*; қазақ. *-ым/-ім, -м* // түрік. *-m*; қазақ. *-ақ/-ек, -ық/-ік, -қ/-к* // түрік. *-ak /-ek*; қазақ. *-қын/-кін, -ғын/-гін* // түрік. *gın/-gin, -gun/-gün, -kın/-kin, -kun/-kün*; қазақ. *-қа/-ке, -ға/-ге* // түрік. *-gal/-ge*; қазақ.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.157.

-маш/-меш, -паш/-пеш, -баш/-беш // түрік. *-таш/-теш, -баш/-беш* қосымшаларын көрсетуге болады.

3.Коркмаз тұйық етістік жалғауымен жасалған және қимыл атауы болып келетін зат есімдерді жеке топқа бөліп, туынды сөздер қатарында қарастырады¹.

Күрделі зат есімдер.

Екі немесе одан да көп түбір морфемадан құралған күрделі зат есімдерді А.Ысқақов іштей біріккен, қосарланған, құрама, қысқарған зат есімдер деп жіктейді². Қазақ тіл білімінде күрделі сөздерді құрылымдық тұрғыдан қарастыруда басшылыққа алынатын А.Ысқақовтың бұл жіктемесімен салыстырғанда түрік тіліндегі күрделі зат есімдерді (Birleşik adlar) жіктеуде айырмашылық байқалады. Мәселен, түрік грамматикасының теориялық негізін қалаушылардың бірі З.Коркмаз күрделі зат есімдерді: 1) кісінің аты жөні болып табылатын екі есімнен тұратын күрделі зат есімдер (*Orhan Veli Kanık*); 2) изафет қалыбындағы күрделі зат есімдер (*aslanağzı, deve tabanı, Tepebaşı*); 3) сын есім мен зат есім тіркескен күрделі зат есімдер (*alabalık, ince hastalık, sonbahar*); 4) басқа тіркестер мен сөйлем түріндегі күрделі зат есімдер (*bilgisayar, gecекondu, vurdumduymaz, Erol, Ünal*) деп бөледі³.

Күрделі сөздерді құрылымдық тұрғыдан жіктеудегі қазақ тіл біліміндегі ұстанымды негізге алатын болсақ, екі тілдегі күрделі зат есімдердің мынадай салыстырмалы сипаттамасын беруге болады:

Біріккен зат есімдер (birleşik adlar) – кем дегенде екі түбір морфеманың бірігуі арқылы жасалған зат есімдер. Мәселен, қазақ тілінде: белбеу, елбасы, бәйтерек, бәйшешек, ағайын, өнеркәсіп т.б.; түрік тілінде: *akciğer, gecекondu, bilgisayar, kahvaltı, şekerpare, hanımeli, sivrisinek* т.б.

Қосарланған зат есімдер (ikileme adlar) – екі түбір морфеманың қосарлануынан жасалған зат есімдер. Қазақ тілінде: ата-ана, бала-шаға, қыз-қырқын, бау-бақша, тау-тас, шаң-тозаң, ыдыс-аяқ

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.214.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.148.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.217.

т.б.; түрік тілінде: *ana baba, çoluk çocuk, kız kıran, bağ bahçe, dağ taş, toz toprak, kap kacak* т.б.

Құрама зат есімдер – екі немесе одан да көп түбір сөздердің әр қилы жолмен тіркесуі негізінде жасалған зат есімдер. Қазақ тілінде: темір жол, күн тәртібі, сары май, т.б.; түрік тілінде: *şiş köfte, el emeği, yıl dönümü, ipek böceği, büyük baba, kuru yemiş* т.б.

Қысқарған зат есімдер (*Kısalmiş adlar*) – бірнеше сөзден құралатын күрделі сөздер құрамындағы сыңарлардың қысқартылып айтылуы немесе жазылуы. Қазақ тілінде: пединститут, медколледж, филфақ, ХДП, ТА т.б.; түрік тілінде: *ct, vb, Prof.Dr., TÖMER, K.Maraş, G.Antep, GÜ, TDK, TED.*

§4. Зат есімдердің түрлену жүйесі

Зат есімдердің түрлену жүйесі оның грамматикалық категорияларымен анықталады. Грамматикалық категорияларға қатысы тұрғысынан алғанда зат есімдердің көптелу, септелу, тәуелдену жүйесіндегі мағыналық ерекшеліктері көптік, септік, тәуелдік категорияларына байланысты айқындалады, басқаша айтқанда, зат есімдердің сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік сияқты грамматикалық мағыналары және олардың сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық қарым-қатынасқа түсуі көптік, тәуелдік және септік жалғаулары арқылы жүзеге асады.

Зат есімдердің көптік тұлғада қолданылуы.

Қазақ және түрік тілдерінде көптік мән зат есімдердің көпше түрін жасайтын жалғаулар арқылы жүзеге асады. Көптік жалғауының сөз бен сөзді жалғаушы, байланыстырушы қызметі оның басты қызметі болып саналмайды. Сондықтан да «негізінен сөз бен сөзді іліктестіріп, ұштастырып байлаушы қосымшалар болып табылатын тәуелдік, септік және сұрақ (түрік тілінде) жалғауларына қарағанда оның атқаратын қызметтерінде ерекшелік бары байқалады»¹.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S. 221.

Екі тілде де көптік мағынаны білдіретін негізгі морфологиялық форма *-лар/-лар*. Алайда қазақ тілінде көптік жалғауының *-лар/-лер*, *-дар/-дер*, *-тар/-тер* деген алты формасы болса, түрік тілінде тек қана *-лар/-лер* деген екі формасы қолданылады. Қазақ тілінде көптіктің *-лар/-лер*, *-дар/-дер*, *-тар/-тер* көрсеткіштерінен басқа көне *-ыз/-із*, *-з* және *-қ/-к* формалары кездеседі. А.Ысқақов қазақ тіліндегі жедел өткен шақ, бұйрық рай, шартты райдың көпше түрлерінің бірінші жағына қосылатын жіктік жалғауының *-қ/-к* тұлғасы бұрындары көптік мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіштердің бірі болуы мүмкін деп біледі¹. Ал көптіктің *-ыз/-із*, *-з* қосымшасы біз, сіз тәрізді жіктеу есімдіктері құрамында, жіктік жалғауының 1 және 2-жақ көпше *-мыз*, *-міз*, *-сыз*, *-сіз* қосымшалары құрамында, көз, егіз тәрізді жұптық мәнде қолданылатын сөздерде ұшырасады. Түрік тілінде көптіктің *-z* көрсеткіші жұп құрайтын *diz* «тізе», *göz* «көз», *otuz* «иық» самотизмдер құрамында, *ikiz*, *üçüz*, *dördüz*, *beşiz* сияқты сөздерде сақталған.

Көптік жалғауынан кейін тәуелдік, септік және сұрақ (түрік тілі үшін) жалғауларын жалғауға болады, алайда аталған жалғаулардан кейін көптік жалғауын жалғауға болмайды. М.Эргин түрік тілінде тек қана жекеше түрдегі бірінші және екінші жақ тәуелдік жалғауынан кейін көптік жалғауын жалғауға болатынын атап көрсетеді²: *baba-m-lar*, *anne-m-ler*.

Көптік жалғауының жалғануы зат есімдерді жекеше, көпше топтарға бөлуге ғана негіз болып қана қоймайды, сонымен қатар өзі жалғанған сөздерге көптік мағынамен қатар, мөлшерлеу, жинақтау, топтау түспалдау, болжау мағыналарын да үстейді.

Түрік тілінде көптік жалғау көптік мәннің сыртында, өзі жалғанған сөзге құрметтеу, сыйлау мағыналарын үстемелейді: *Kendileri henüz gelmediler* «Өзі әлі келген жоқ». *Yoklar* «Ол жоқ».

Көптік жалғау адамдар тобын немесе нақты бір ұйымды білдіруде, зоология немесе биологияда белгілі бір топты белгілеу үшін жинақтау мағынасында қолданылады: *Ahmetler* «Ахметтер», *İşadamları Derneği* «Іскерлер ұйымы», *Şoförler Odası*

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.41.

² Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.221.

«Жүргізушілер палатасы», *baklagiller* «бұршақтылар», *kemirgenler* «кеміргіштер».

Түрік тіліндегі көптік жалғау мезгілді білдіретін сөздерге жалғанғанда іс-әрекеттің сол мезгілде үнемі қайталанатынын меңзейді¹: *sabahları* «таңғысын», *akşamları* «кешкісін», *yazları* «жазғытұрым».

Көптік жалғаудың сөйлемдегі бірыңғай мүшелердің соңғысына ғана жалғануы екі тілде де кездеседі: Сыныпта парта, орындық және компьютерлер бар. – *Sınıfta sıra, sandalye ve bilgisayarlar var.* Мұнда екпін көптік жалғауға түседі. Түрік тілінде көптік жалғаудан кейін сұрақ және мағынаны үстемелеу жалғауы (-*dir*) жалғанса да, екпін көптік жалғауда қалады, егер екпінді өзіне тартатын септік және тәуелдік жалғаулар жалғанса, екпін соларға ауысады.

Зат есімдердің тәуелденуі.

Зат есімдердің тәуелденуі, яғни тәуелдік категориясы түркі тілдерінің басқа жүйедегі тілдерден құрылымдық жақтан айырмашылығын көрсететін ерекше белгілердің бірі саналады. Белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың бірінің меншігі екенін білдіру үшін тәуелдік категориясында меншіктеуші жақ пен меншіктелуші зат қатар көрсетіледі. Сондықтан да түркі тілдерінде тәуелдік категориясы арқылы бір заттың екінші затқа меншікті екені ғана емес, сонымен қатар оның қай жаққа қатысты екені де айқын көрініс табады². Мұнда тәуелдік жалғауларының рөлі мен атқаратын қызметі айрықша.

Қазақ тілінде морфологиялық тәсіл арқылы жасалатын тәуелдеуде екі қосымша көрсетіледі: 1) -нікі, -дікі, -тікі; 2) тәуелдік жалғаулары.

Қазақ тіліндегі құрама -*нікі*, -*дікі*, -*тікі* қосымшасы негізінен меншіктік мағынаны білдіреді. Мысалы: біздікі, мына есік көршінікі, Айгүлдікінде қалды. Бұл жалғауды А.Ысқақов ілік септігі жалғауымен сын есім тудыратын жұрнақтың бірігуінен жасалған жұрнақтар ретінде қарастырады³. Мұндай пікірді түрік

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. - S. 185.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. - Б.150.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.33.

ғалымы М.Эргин де ұсынады. Ол түрік тіліндегі меншік мәндегі *-deki* қосымшасын әрі тәуелдік жалғаулары қатарында, әрі есімдік және сын есім тудырушы жұрнақтар қатарында көрсетеді¹

Алайда түрік тілінде тәуелділікті білдіруде қазақ тіліндегідей құранды-*nikі, -dikі, -mikі* емес, жалаң-*ki* қосымшасы қолданылады. Ғалымдар бұл қосымша парсы тіліндегі *ki* шылауының әсерінен бір ғана жалаң тұлғада қалыптасқанын алға тартады. Түрік тілінде дыбыс үндестігіне бағынбайтын қосымшалардың бірі саналатын *-ki* қосымшасы *aitlik eki* «тиістілік, меншіктілік» жалғауы деп аталады. Бұл қосымшаны З.Коркмаз тәуелдік категориясы құрамында қарастырады². Түрік тілінде меншік мәнді *-ki* қосымшасы жіктеу есімдіктерінен кейін жалғанғанда, оның алдына қазақ тіліндегідей ілік септік жалғауы келеді: *benimki, seninki, onunki*.

Қазақ тілінде есімдерден сын есім тудыратын өнімді жұрнақтар қатарындағы *-қы/-кі, -ғы/-гі* жұрнағы мен түрік тіліндегі тәуелділік мағыналы *-ki* қосымшасын салыстырғанымызда, олардың қай-қайсысы да мезгіл мәнді сөздерге, жатыс септіктегі есім сөздерге жалғанатыны байқалады: *кешегі – dünkü³, көктемгі – baharki, үйдегі – evdeki, кейінгі – sonraki, сендердегі – sizlerdeki*. Демек, түрік тіліндегі меншік мәнді *-ki* қосымшасы мен қазақ тіліндегі зат есімнен сын есім тудыратын *-қы/-кі, -ғы/-гі* жұрнақтары арасында құрылымдық-семантикалық қатыстылық болуы әбден мүмкін.

Қазақ және түрік тілдерінде бір заттың екінші бір затқа (нәрсеге, құбылысқа) тиесілі екенін, бір заттың екінші бір заттың (құбылыстың) меншігі екенін білдіруде тәуелдік жалғауларының атқаратын қызметі ерекше.

І жақ жекешеді тәуелдік жалғауы қазақ тілінде: *-ым/-ім, -м* (қыз-ым, үміт-ім, әке-м), түрік тілінде: *-m* (*kız-ı-m, ümid-i-m, baba-m*) тұлғасында келеді.

Түрік тілінде дауысты және дауыссыз дыбыспен аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, тәуелдік жалғауының алдына *-ı, -i, -u, -ü* тәрізді «дәнекерлеуші дауыстылар» қойылады.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.161.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.263.

³ Негізінде түрік тілінде тек қана *-ki* болғанымен қазіргі қолданыста еріндік, езулік дыбыс үндестігіне сәйкес кейбір сөздерде *-kü* формасы кездеседі: *dünkü, bugünkü*.

Мысалы: *baş-ı-m, göz-ü-n, kalem-i-miz, un-u-nuz*. Сондықтан түрік тілінде тәуелдіктің I жақ жекеше *-m* тұлғасы, II жақ жекеше *-n* тұлғасы көрсетіледі. Ал қазақ тілінде *-ы, -і* дыбыстары түбір мен жалғау арасын байланыстырушы дәнекер дыбыстар болып саналмайды. Сондықтан тәуелдіктің I жақ жекеше түрінің жалғаулары *-ым/-ім, -м*, II жақ жекешенің жалғаулары *-ың/-ің, -ң* түрінде көрсетіледі. Жалғаулардың бұлайша үш түрлі вариантта кездесуі үндестік заңына байланысты болып келеді.

Тәуелдік жалғауы II жақ жекешеді қазақ тілінде *-ың/-ің, -ң* (қыз-ың, үміт-ің, әке-ң); *-ыңыз/-іңіз, -ңыз/-ңіз* (қыз-ыңыз, үміт-іңіз, әке-ңіз), ал түрік тілінде *-n* (*kız-ı-n, ümid-i-n, baba-n; kız-ı-nız, ümid-i-niz, baba-nız*) тұлғалы болып келеді.

Қазақ тілінде тәуелдіктің II жағының сыпайы және анайы түрлерінің жалғаулары актив қолданылатын болғандықтан, қазақ тіліне арналған грамматикаларда олар айқын көрсетілетін болса, түрік тілі грамматикаларында II жақ тәуелдік жалғауының сыпайы түрі ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қолданылады: *Senin annen ne zaman geldi? – Sizin anneniz ne zaman geldi?*

Тәуелдік жалғауының III жақ жекеше түрі қазақ тілінде *-ы/-і, -сы/-сі* (қыз-ы, үміт-і, әке-сі), түрік тілінде *-sı, -si, -su, -sü* (*baba-sı, dede-si, kuzu-su, ütü-sü*); *-ı, -i, -u, -ü* (*kitab-ı, kalem-i, tuz-u, süt-ü*) тұлғаларында қолданылады.

Қазақ тілінде тәуелдік жалғауы III жақ жекешеді тек жуан және жіңішке формада қолданылатын болса, түрік тілінде дауысты дыбыстардың жуан және жіңішкелігіне, еріндік және езулік сипатына қарай сегіз түрлі формада қолданылады.

Түрік тілінде тәуелдік жалғауының жалғануында III жақ жекешеді ауытқушылықтар орын алады. Мәселен, дауысты дыбыспен аяқталған *su* және *ne* сөздерінен кейін бірден тәуелдік жалғауының *-si, -su* тұлғасы емес, уинтервокалды дауыссыз дыбыс арқылы *-i, -u* тұлғасы жалғанады. Дегенмен соңғы кездері *ne* сөзі *nesi* және *neyi* болып, екі тұлғада қатар қолданылуда. Сол сияқты бірінен соң бірі үстемелеп жалғану тәуелдік жалғауларына тән емес екені байқалады. Әйтседе *bir-i-si, kim-i-si* сөздерінде мағынаны күшейту мақсатында III жақтың екі тәуелдік жалғауы

қосарлана жалғану орын алады.

Тәуелдіктің I жақ көпше түрі қазақ тілінде -мыз/-міз, -ымыз/-іміз (қыз-ымыз, үміт-іміз, әке-міз), түрік тілінде -mız/-miz, -mız/-müz (*kız-ı-mız, ümid-i-miz, çociğ-u-mız, ün-ü-müz*) жалғауларының көмегімен жасалады.

II жақ көпшеде тәуелдік жалғаулары қазақ тілінде: -(лар)ың/-(лер)ің (қыз-дарың, үміт-терің, әке-лерің); -(лар)ыңыз/-(лер)іңіз (қыз-дарыңыз, үміт-теріңіз, әке-леріңіз) тұлғаларында, түрік тілінде -nız/-niz, -nız/-nüz (*kız-ı-nız, ümid-i-niz, baba-nız*) тұлғаларында көрініс береді. Егер қазақ тілінде түбір-негізге тәуелдік жалғауы көптік жалғауынан кейін жалғанатын болса, түрік тілінде түбір-негізге тәуелдік жалғауы көптіктің көрсеткішінсіз, бірден жалғанады және тәуелдіктің II жақ жекеше сыпайы тұлғасымен сәйкес келеді.

III жақ көпшеде салыстырылушы екі тілде де тәуелдік жалғауынан (қазақ тілінде: -ы/-і // түрік тілінде: -ı, -i) бұрын көптік жалғауы жалғанады. Мәселен, қазақ тілінде: қыз-дар-ы, үміт-тер-і т.б.; түрік тілінде: *kız-ları, ümid-ler-i*.

Зат есімдердің септелуі.

Септік категориясы – есімдердің түрлену жүйесіне тән грамматикалық категориялардың бірі. Септік жалғаулары арқылы зат есімдер өзара бір-бірімен немесе басқа сөздермен байланысқа түседі, грамматикалық тұрғыдағы құрылымдық-мағыналық өзгеріске ұшырайды.

Септік жалғаулары тек зат есімге немесе зат есімдердің орнына жүретін сөздерге ғана жалғанады. Ал басқа сөз таптарының септік жалғауларын қабылдауы олардың заттануына, яғни субстантивтенуіне байланысты болып келеді.

Қазақ тілінде септік жалғауының жеті түрі бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес. Септік жалғаулары грамматикалық (атау, ілік, табыс) және кеңістікті білдіретін (барыс, жатыс, шығыс, көмектес) септік жалғаулары деп екіге бөлінеді.

Түрік тіл білімінде де септік жалғауларына (*ismin hâl ekleri*) «зат есімдерді түрлі байланыстарға түсіретін жалғаулар» - деген

анықтама беріледі¹. Септіктерді атауда да, септік жалғауының санын көрсетуде де пікір қайшылығы орын алады. Мәселен, түрік тіліндегі септік жалғаулары үшін М.Эргин «*Hal ekleri*», З.Коркмаз, Т.Бангуоглу «*Ad çekimi (Durum gösterme) ekleri*» терминдерін қолданады. Түрік тілінде М.Эргин тоғыз септік жалғауын көрсетсе, З.Коркмаз сегіз, Т.Бангуоглу ішкі септік жалғаулары деп алты және сыртқы септік жалғаулар деп төрт септік жалғауын көрсетеді. Кейбір ғалымдар септік атауы үшін шет тілден енген кірме атауды да қолданады. Түрік тіл біліміндегі септік аттарына қатысты қолданылатын терминдік аталымдарды қазақ тіліндегі баламасымен кесте түрінде былайша көрсетуге болады:

Қазақ тіліндегі септік аттары	Түрік тіліндегі септік аттары		
	М.Эргин	Т.Бангуоглу	З.Коркмаз
Атау септік	<i>Nominatif hâli (yalın hâl)</i>	<i>Kim hali (yalın hali)</i>	<i>Yalın durum</i>
Ілік септік	<i>Genitif hâli (ilgi hâli)</i>	<i>Kimin hali (katılma hali)</i>	<i>İlgi durumu</i>
Табыс септік	<i>Akkuzatif hâli (yapma hâli)</i>	<i>Kimi hali (etkilenme hali)</i>	<i>Yükleme durumu</i>
Барыс септік	<i>Datif hâli (yaklaşma hâli)</i>	<i>Kime hali (girme hali)</i>	<i>Yönelme durumu</i>
Жатыс септік	<i>Lokatif hâli (bulunma hâli)</i>	<i>Kimde hali (durma, kalma hali)</i>	<i>Bulunma durumu</i>
Шығыс септік	<i>Ablatif hâli (uzaklaşma hâli)</i>	<i>Kimden hali (çıkma, uzaklaşma hali)</i>	<i>Çıkma durumu</i>
Көмектес септік	<i>İnstrumental hâli (vasıta hâli)</i>	<i>Kimle hali (bilelik ve birlikte hali)</i>	<i>Vasıta durumu</i>
	Теңдік мәнді		
-	<i>Ekvatif hâli (eşitlik hâli)</i>	<i>Kimce hali (görelilik hali)</i>	<i>Eşitlik durumu</i>

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.226.

	Бағыт мәнді		
	<i>Direktif hâli (yön gösterme hâli)</i>		
	Біргелік мәнді		
	-	<i>Kimli hali (donanma, bezenme hali)</i>	
	Жекелік		
		<i>Kimsiz hali (giderme, yoksulluk hali)</i>	-

Кестеге зер салсақ, септік жалғауларының саны Т.Бангуоглу зерттеуінде өзгелерден көптеу болып келетінін байқауға болады. Т.Бангуоглу септік жалғауларын синтаксистік қызметтері тұрғысынан екіге бөліп, алты ішкі септік жалғауы мен төрт сыртқы септік жалғауын көрсетеді. Ішкі септік жалғаулары: 1.kim hali (yalın hali), 2.kimin hali (katılma hali), 3.kimi hali (etkilenme hali), 4.kime hali (girme hali), 5.kimde hali (durma, kalma hali), 6.kimden hali (çıkma, uzaklaşma hali); сыртқы септік жалғаулары: 1.kimle hali (bilelik ve birlikte hali), 2.kimce hali (görelilik hali), 3.kimli hali (donanma, bezenme hali), 4.kimsiz hali (giderme, yoksulluk hali)¹

Түрік тілінде септік жалғаулары сөз құрамында көптік және тәуелдік жалғауларынан кейін, сұрақ мәнді қосымшаның алдында тұрады: *anne-m-e* «шешеме», *çocuk-lar-da* «балаларда», *anneme mi?* «шешеме ме?». Септік жалғаулары өзіне екпін тартатын жалғаулар саналады. Сөйтсе де *-ki* жалғауы септік жалғауларынан кейін жалғанған жағдайда екпін *-ki* жалғауына ауысады.

Атау септік/*Yalın hal*.

Атау септіктің өзіне тән қосымшасы болмайды. Атау формадағы зат есім жекеше, көпше және тәуелді түрлерде қолданылып, кім? (kim?), кімдер? (kimler?), не? (ne?), нелер? (neler?) деген сұрақтарға жауап береді: қазақ, атамыз, балалар, гүл,

¹ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yayınları, 2007. - S.326-331.

кітаптар т.б.; түрік. *dedemiz, çocuklar, çiçek, kitaplar* т.б. Атау септік басқа септіктердің формалары мен мағыналарын салыстырып, ажырату үшін қабылданған, грамматикалық қызмет аясы кең негізгі тұлға болғандықтан негізгі септік аталады¹.

Ілік септік/ *İlgi hali*.

Ілік септігі қазақ тілінде кімнің? ненің?, түрік тілінде де *kimin? neyin?* сұрақтарына жауап береді. Ілік септігінің жалғаулары қазақ тіліндегі -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің, түрік тілінде *-in/-in, -un/-ün; -nin/-nin, -nün/-nün* тұлғалы болып келеді.

Ілік септік есіммен екінші бір есімді байланыстырады да меншікті білдіреді. Ілік септігінің жалғаулары тәуелдік және көптік жалғауларынан кейін ғана жалғана алады. Ілік септік иелік және меншікті білдіретіндіктен, тәуелдік жалғаулы сөзбен үнемі бірге қолданылады. Себебі тәуелдіксіз ілік жалғаулы сөзде грамматикалық тиянақтылық болмайды. Ілік септігі жалғауы кейде түсіріліп те айтылады. Бірінші және екінші жақ тәуелдік жалғауларынан кейін келетін ілік септігі жалғауы ешқашан түсірілмейді, сөз тәуелдіктің үшінші жағында болса, ілік септігін жалғаулықсыз қолдануға болады. Мысалы: *klib-i-m-in sonu, klib-i-n-in sonu, klib-i-nin sonu/klip sonu*. Ілік септікте тұрған бірінші сөз үшінші жақ тәуелдік жалғаулы екінші сөзбен тіркесіп «*Ad tamlaması*» деп аталатын изафетті құрайды.

Қазақ және түрік тілдерінде изафеттің үш түрі болады. Изафеттің түрлері түрік тілінде: 1. *Belirtili ad tamlaması* «анық тіркес», 2. *Belirtisiz ad tamlaması* «танық тіркес», 3. *Zincirleme ad tamlaması* «құранды тіркес» деп аталады. Ілік септіктегі есім «*tamlayan*», онымен тіркескен үшінші жақ тәуелдік жалғаулы есім сөз «*tamlanan*» болады.

1. Анық тіркес (*Belirtili ad tamlaması*). Тәуелдеулі сөзбен матасқан ілік септіктегі сөздің жалғауы түсірілмегенде анық тіркесті құрайды: мектептің есігі – *okulun kapısı*, қаламымның ұшы – *kalemimin ucu*;

2. Танық тіркес (*Belirtisiz ad tamlaması*). Тәуелдеулі сөзбен матасқан ілік септіктегі сөздің жалғауының түсіріліп қолданылуы танық тіркесті құрайды: қала өмірі – *şehir yaşamı*, гүл жапырағы

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.61.

– çiçek уарағы. 3.Коркмаз изафеттің бұл түрінің құрал сайман, мекеме, қызмет атауындағы біріккен есімдер жасауға ыңғайлы екеніне назар аударады¹: *ilçe kaıymakamı* «аудан әкімі», *dikiş makinası* «тігін машинкасы», *edebiyat öğretmeni* «әдебиет мұғалімі».

3. Құранды тіркес (*Zincirleme ad tamlaması*). Үш немесе төрт компоненттен құралған тіркес: Астана қаласының көшелері – *Astana şehrinin caddeleri*, Айшаның әкесінің жұмысы – *Auşe'nin babasının işi*.

Барыс септік/*Yönelme hali*.

Барыс септігі қимылдың бағытын, мақсатын білдіреді де, қазақ тілінде кімге? неге? қайда?, түрік тілінде *kime? neye? nereye?* деген сұрақтарға жауап береді. Барыс септіктерінің жалғаулары ретінде қазақ тілінде -ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е, -на/-не, түрік тілінде: -а/-е тұлғалары көрсетіледі.

Барыс септігінің -а/-е -ға/-қа қосымшалары түркі тілдерінің түгеліне жуығына ортақ қосымшалар (фонетикалық варианттарымен) болып саналады. Мысалы: көне түрк. *taııqa* 'тауға', чув. *təva*, тат., қаз., қырғ., тел. *tauıa*, түрік. *daıa*; көне түрк. *qaıanqa* 'қағанға', шығыс-түрк., батыс-түрк. *qaıanqa*, чув. *хипа, хона*; көне түрк. *qaıanpıta* 'қағаныма', *qaıanpııa* 'қағаныңа', *qaıanpıııa* 'қағанына', батыс-түрк. *Qaıanpıına* 'қағанына' Бұл жалғаулардың ішінен Г.Й. Рамстедт барыс септігінің *-а тұлғасын тұңғыс тілінен өзге алтай тілдерінің барлығында -а немесе -ai және -ga немесе -gai түрінде қолданылатын қосымшалардың ең бастапқы архиформасы деп таниды².

Қазақ тіліндегі барыстың -а/-е, -на/-не жалғаулары тәуелденген зат есімге жалғанады: балама, балаңа, баласына. Ал түрік тіліндегі -а/-е жалғауы тәуелденген зат есімге «прономинал -n» деп аталатын дауыссыз дыбыстан кейін жалғанады: *şosııđ-u-n-a*, *şosııđ-u-n-a*. Бұл жерде II жақ пен III жақта тәуелденген сөз формалық тұрғыдан бірдей. Алайда II жақтағы *ı* дауысты дыбысы баланыстырушы дауысты болса, III жақтағы *ı* дауыстысы III жақ тәуелдік жалғауы болып табылады. Негізінде тәуелденген

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.272.

² Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – Москва, 1957. – С.39

зат есімнен кейін жалғанатын септік жалғауы сыртқы тұрпат жағынан екі тілде де бірдей болып келеді, тек қазақ тілінде -на/-не барыс септігінің нақты жалғауы болып саналатын болса, түрік тілінде -n септік жалғауының құрамына әлі ене қойған жоқ.

Барыс септігінің бағытты білдіруден басқа да, айталық, орын, уақыт, салыстыру, себеп, мақсат, баға, құн, қатыстық, сәйкестік т.б. мәндерді бере алу мүмкіндігі бар¹. Мәселен, екі күнге кел – *iki günliğüne gel* немесе бүгінге үлгерді – *bugüne yetiştii* деген сөйлемде барыс септігі уақыт, мерзімді тұспалдаса, оқуға келді – *okumaya geldi*, жүгіруге шықты – *koşmaya çıktı* дегендерде мақсаты танытады. Ал барыс септіктегі сөз дейін, шейін (*dek, değin, kadar*), қарай (*doğru*), қарағанда (*göre*), қарсы (*karşı*), қарамастан (*rağmen*) сөздерімен тіркесіп келіп, үстеу мағыналы тіркес құрайды: бүгінге дейін – *bugüne dek*, кешке дейін – *akşama kadar*, саған қарамастан – *sana rağmen*.

Қазақ және түрік тіліндегі жекеше мен//*ben*, сен//*sen*, ол//*o* жіктеу есімдіктері барыс септігінде қазақ тілінде: маған, саған, оған тұлғасына өзгереді. Мұндай өзгерісті алтаист В. Котвич метатеза құбылысының нәтижесі (*magan > menga*) деп есептейді². Түрік тілінде барыстың -а жалғауы есімдіктің түбіріне (*ba-, sa-, o-*) «прономинал -n» дәнекері арқылы жалғанады: *bana, sana, ona*.

Табыс септік/**Belirtme hali**.

Табыс септігі қазақ тілінде кімді? нені?, түрік тілінде *kimi? neyi?* сұрақтарына жауап береді, қазақ тілінде жалғаулары -ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, -н, ал түрік тілінде -i/-i, -u/-ü тұлғалы болып келеді. Қазақ тілінде III жақ тәуелдік жалғауынан кейін табыс септігінің -n жалғауы жалғанады: әкесін, ұйқысын. Түрік тілінде III жақ тәуелдік жалғауынан кейін және меншік мәнді (*aitlik eki*) -ki жалғауынан кейін табыс септігінің жалғауының алдына «прономинал -n» дыбысы (*baba-sı-n-ı, uuku-su-n-u, gözliğ-ü-n-ü, evdeki-n-i*), ал дауысты дыбыспен аяқталатын сөздерден кейін табыс септігі жалғауының алдына интервокалды дауыссыз у дыбысы келеді: *baba-y-a, anne-y-e*. Табыс септігінің жалғауларымен келген есімдер тікелей етістікпен байланысатындықтан, табыс

¹ Ergin Muharrem. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. – S.233.

² Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С.43

септігіндегі сөз екі тілде де сөйлемде тура толықтауыш қызметін атқарады.

Табыс септігінің жалғауы қолданыста кейде ашық, кейде жасырын болып келеді. Екі тілде де меңгеруші сөз бен табыс септіктегі сөздің арасына басқа сөз келсе, немесе табыс септіктегі есім сөздің алдына сілтеу есімдіктері келетін болса жалғау түсірілмейді. Мысалы: кітап оқиды – кітапты үйде оқиды; kitap okuyor – kitabı evde okuyor. Қалам бере аласың ба? – Ана қаламды бере аласың ба? - *Kalem verebilir misin? – Şu kalemi verebilir misin?*

Жатыс септік/*Bulunma hali*.

Жатыс септігі заттың, құбылыстың, әрекеттің орнын білдіріп, қазақ тілінде кімде? неде? қайда?, ал түрік тілінде де *kimde? nede? nerede?* деген сұрақтарға жауап береді.

Жатыс септігінің жалғаулары екі тілде өзара толық сәйкеседі: қазақ тілінде *-dal/-де, -mal/-ме* // түрік тілінде *-da/-de, -ta/-te*. Екі тілде де III жақ тәуелдік жалғаудан кейін келетін жатыс септігі жалғауының алдына *-н* дыбысы қосылады: үйінде – *evinde*.

Іс-қимылдың орнын, мекенін білдіретіндіктен, жатыс септігіндегі сөз сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады: ағаштың түбінде отыр – *ağacın dibinde oturuyor*. Жатыс жалғаулы сөз мезгілді білдірген кезде қашан? (*ne zaman?*) деген сұрақ қойылады да, есім сөз іс-қимылдың орындалу мерзімін, уақытын етістікпен байланыстырады: Ол жаз ортасында келді – *O yaz ortasında geldi*. Жатыс септіктегі сөздер сөйлемде атқаратын қызметтеріне қарай жанама толықтауыш, мезгіл пысықтауыш, кейде баяндауыш болады.

Шығыс септік/*Uzaklaşma hali*.

Шығыс септік қазақ тілінде кімнен? неден? қайдан?, түрік тілінде *kimden? neden? nereden?* деген сұрақтарға жауап береді. Қазақ тіліндегі шығыс септігінің *-дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен* жалғауларының *-дан/-ден, -тан/-тен* варианттары түрік тіліндегі шығыс септігінің *-dan/-den, -tan/-ten* жалғауларымен толық сәйкеседі.

Шығыс септік қимылдың орны мен бағытын, себебін, мезгілін, мөлшерін білдіреді: терезеден лақтырды – *pencereden attı*, таудан

түсті – *dağdan indi*, суықтан қалтырады – *soğuktan titredi*, олардан жақсы – *onlardan iyi*, таңертеңнен – *sabahtan* т.б.

Шығыс септік жалғаулы сөздер шылаулармен де тіркесіп қолданылады: сенен басқа – *senden başka*, жастық шағымнан бері – *gençliğimden beri*, бізден бұрын – *dersten önce*, тамақтан кейін – *yemekten sonra* т.б. З.Коркмаз түрік тілінде шығыс септік жалғаулы бір сөздің барыс септік жалғауымен қайталанып, қайталама сөз құрайтындығын айтады¹: *baştan başa* «бастан аяқ», *inceden inceye* «егжей-тегжейлі», *karşıdan karşıya* «арғы беттен арғы бетке» т.б. Шығыс септіктегі сөз сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш, кейде баяндауыш болады.

Көмектес септік/*Vasıta hali*.

Көмектес септік іс-қимылдың құралын, тәсілін, мекені мен мезгілін және іс-әрекет, қимылдың жүзеге асуына қатыстырылған субъектілер және объектілераралық ортақтастық, біргелік қатынасты білдіріп, қазақ тілінде кіммен? немен?, түрік тілінде *kiminle? neyle?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: пышақпен кесті – *bıçakla kesti*, қаламмен жазды – *kalemle yazdı*; Айшемен келді – *Ayşe»le geldi*; балалармен ойнады – *çocuklarla oynadı*.

Көмектес септіктің қазақ тілінде *-мен, -бен, -пен; -менен, -бенен, -пенен* дыбыстық варианттағы 6 жалғауы болатын болса, түрік тілінде көмектес септіктің негізгі бір ғана *-n* жалғауы бар деп саналады.

Түрік тіліндегі көмектестің *-n* жалғауы о бастағы функционалдық қызметін түгелдей жоғалтқан, тек кейбір сөздер құрамында сақталып қалған көне тұлға саналады²: *yazın* «жазда», *ansızın* «күтпеген жерден», *ilkın* «бастапқыда».

Қазіргі кезде түрік тілінде актив қолданыстағы көмектес септіктің *-lal/-le* жалғауы «біргелік, ортақтық» мағынаны білдіретін *ile* жалғаулық шылауынан қалыптасқан болып есептеледі. Түрік тілінде көмектес септіктің *-lal/-le* жалғауы жіктеу есімдіктеріне жалғанғанда, жіктеу есімдіктері, ең алдымен, ілік септік

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.312.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.318; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.237.

жалғауымен түрленеді, сонан соң көмектес септіктің жалғауын қабылдайды: *ben-im-le* «менімен», *sen-in-le* «сенімен», *o-nun-la* «онымен». Түріктің ауызекі сөйлеу тілінде көмектес септіктің *-la/-le* жалғауынан кейін о баста көмектестің төл жалғауы болған *-n* тұлғасы жамалып, жалғау *-lan/-len* болып қолданылады: *onunlan konyuştum* (онымен сөйлестім). Демек, қазақ тіліндегі көмектес септіктің *-менен, -бенен, -пенен* жалғауы құрамындағы *-ен* тұлғасы мен көне түрік тілінде көмектес септік қызметінде қолданылған *-n, -in/-in; -an/-en*¹ жалғаулары арасында сабақтастық бар деуге болады.

Теңдік (эквативтік) септік/Eşitlik hali.

Қазақ тілінің септеу жүйесінде көрсетілмейтін бұл септікті М.Эргин «ұқсастық жалғауы» деп те атайды².

Түрік тілінде эквативтік септіктің арнайы жалғаулары ретінде *-ca, -ce, -ça, -çe* тұлғалары көрсетіледі. Сондай-ақ Көне Анатоли және ежелгі түрік тілінде жалғау ретінде қолданылған, ал қазір жұрнақ саналатын *-cak, -cek, -çak, -çek; -layın, -leyin* қосымшалары да осы септіктің көне жалғаулары ретінде қарастырылады³.

Теңдік септіктің негізгі қызметі екі заттың тең дәрежеде ұқсауына негізделеді де, бұл септіктегі сөз сөйлемде әрдайым пысықтауыш қызметінде жұмсалады. М.Эргин теңдік септік жалғауының кейде жұрнақ, кейде септік жалғауы бола алуының себебін оның функционалдық қызметінің кемуімен байланыстырады⁴.

Эквативтік септіктің *-ca, -ce, -ça, -çe* қосымшасының мағыналық реңкі әрқилы болып келеді. Мәселен, *dostça* «достай», *insanca* «адам сияқты» т.б. сөздерде *-ca, -ce, -ça, -çe* «ұқсап бағу, дәл сондай болу» мәнінде жұмсалады. Ал *-ca, -ce, -ça, -çe* мезгілге немесе мөлшерге қатысты көптік жалғаулы сөздерге жалғанғанда уақыттың немесе мөлшердің шамадан тым асып кетуін немесе оның ұзаққа созылуын білдіреді: *günlerce* «көптеген күн бойы», *saatlerce* «көп сағат бойы». Эквативтік *-ca, -ce, -ça, -çe* өзі жалғанған

¹ Gabain A.von. Eski Türkçenin Grameri (Çev.M.Akalın). – Ankara: TDK Yay., 2000. S.64.

² Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.239.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.241.

⁴ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.239.

сөздерге кейде «тарапынан» деген мағынаны үстемелейді: *bakanlıqsa* «министрлік тарапынан».

Түрік тіліндегі эквативтік септіктің мағынасын қазақ тілінде кейде *-дай/-дей* қосымшасы, сияқты, тәрізді сөздері бере алады.

Зат есімнің жіктелуі.

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі¹ Бірақ зат есімдердің барлығы бірдей жіктік жалғауын қабылдай бермейді. Олардың ішінде адамға, оның кәсібіне, қызметіне, тегіне, мамандығына қатысты зат есімдер ғана жіктеледі.

Қазақ және түрік тілдерінде жіктік жалғаулары жаққа, сондай-ақ көптік немесе жекелік мәнге қатысты түрленеді.

Зат есімнің жіктелуіндегі екі тілдегі айырмашылық негізінен III жаққа қатысты болып келеді. Қазақ және түрік тілінде есімдердің I және II жақта жіктелуі негізінен сәйкес түсіп жататын болса, қазақ тілінде III жақта есім сөз жіктіктің жалғауымен көмкерілмейді, яғни жіктеу нөлдік формада болып келеді. Ал түрік тілінде зат есім III жақта *-dir/-dir, -dur/-dür; -tir/-tir, -tur/-tür* қосымшалары арқылы түрленеді. Мәселен, қазақ тіліндегі жіктік жалғаулары жаққа қатысты жекеше және көпше тұрпатта төмендегідей болып келеді:

I жақ жекешеде: *-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін* (*студентпін, үйдемін*); көпшеде: *-мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз* (*студентпіз, үйдеміз*);

II жақ жекешеде: *-сың/-сің, -сыз/-сіз* (*студентсің/студентсіз, үйдесің/үйдесіз*); көпшеде: *-сыңдар/сіңдер, -сыздар/-сіздер*; (*студентсіңдер/ студентсіздер, үйдесіңдер/үйдесіздер*);

III жақ жекешеде: *Ø* (*студент, үйде т.б.*); көпшеде: *Ø* (*студенттер, үйде*).

Ал түрік тілінде жіктік жалғаулары:

I жақ жекешеде: *-im/-im, -um/-üm* (*evdeyim «үйдемін»*.; көпшеде: *-ız/-iz, -uz/-üz* (*evdeyiz «үйдеміз»*.;

II жақ жекешеде: *-sın/-sın, -sun/-sün* (*evdesin «үйдесің»*.; көпшеде: *sınız/-sınız, -sunuz/-sünüz* (*evdesiniz «үйдесіңіздер»*.;

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.458.

III жақ жекешеде: *-dır/-dir, -durl/-dür; -tır/-tir, -turl/-tür* (*evdedir* «үйде»); көпшеде: *-dırlar/-dirler, -durler/-dürlar; -tırlar/-tirler, -turlar/-türler* (*evdedirler* «үйде») формада қолданылады.

Қазақ тіл білімінде жіктеу есім категориясы ретінде қарастырылса, түрік тілінде есім сөздерді сөйлем ішінде баяндауышқа айналдыратын қосымша етістік «*ek fiil*» (*i- < e- < er-*) немесе «*isim fiil*» («есім – етістік») деп аталатын категорияда қарастырылады. Сондықтан түрік тілінде есім сөздер өзімен тіркесе қолданылатын толымсыз көмекші етістіктің осы шақ, анық өткен шақ, танық өткен шақ және шартты рай жалғаулы төрт түрлі жіктелісіне байланысты: 1) осы шақты; 2) анық өткен шақты; 3) танық өткен шақты; 4) шартты болып бөлінеді.

Есім сөздер осы шақтың шақ және жақ ұғымын *-ım/-im, -um/-üm; -sın/-sin, -sun/-sün; -dır/-dir, -durl/-dür; -tır/-tir, -turl/-tür; -ız/-iz, -uz/-üz; -sınız/-sınız, -sunuz/-sünüz; -(dır)lar/-(dir)ler, -(dur)lar/-(dür)ler; -(tır)lar/-(tir)ler, -(tur)lar/-(tür)ler* жіктік жалғаулары арқылы білдіреді: *mutluym* «бақыттымын», *mutlusun* «бақыттысың», *mutlu* «бақытты», *mutluuz* «бақыттымыз», *mutlusunuz* «бақыттысыздар», *mutlular*; «бақытты» т.б.

Есім сөздер анық өткен шақтың шақ және жақ ұғымын толымсыз көмекші етістіктің *idim, idin, idi, idik, idiniz, idiler* формаларының толық немесе *-dı/-di, -du/-dü, -tı/-ti, -tu/-tü* болып ықшамдалған түрі арқылы білдіреді: *yolcu idim-yolcu yudum* «жолаушы едім», *yolcu idin-yolcu yudin, yolcu idi-yolcu yudi, yolcu idik-yolcu yuduk, yolcu idiniz-yolcu yudinuz, yolcu idiler-yolcu yudular*.

Есім сөздер танық өткен шақ ұғымын толымсыз көмекші етістіктің *imişim, imişsin, imiş, imişsiz, imişsiniz, imişler* формаларының толық немесе *-miş/-miş, -miş/-miş* болып ықшамдалған тұлғасы арқылы білдіреді: *yolcu imişim – yolcu yımışım* «жолаушы екенмін», *yolcu imişsin – yolcu yımışsun, yolcu imiş – yolcu yımış, yolcu imişsiz – yolcu yımışuz, yolcu imişsiniz – yolcu yımışsunuz, yolcu imişler – yolcu yımışlar*.

Есім сөздер шарттылықты толымсыз көмекші етістіктің *isem, isen, ise, isek, iseniz, iseler* формаларының толық қолданылуы немесе *-sa/-se* болып ықшамдалған түрі арқылы білдіреді: *yolcu*

isem-yolcuysam «жолаушы болсам», *yolcu isen-yolcuysan*, *yolcu ise-yolcuysa*, *yolcu isek-yolcuysak*, *yolcu iseniz-yolcuysanız*, *yolcu iseler-yolcuysalar*.

Жоғарыдағы формалардың есім сөздерге ықшамдалып жалғануында ықшамдалған жалғау мен есім сөз арасында интервокалдық дауыссыз у дыбысы келеді. Бұл да жіктік жалғаулардың *i-* (*e-* < *er-*) етістігінен ықшамдалғанын байқатады.

Қазақ тіл білімінде зат есімдердің жіктелуін Н. Оралбай олардың синтаксистік қызметімен байланыстырады¹. Жіктік жалғаулары баяндауыш болатын сөздерге жалғанатындықтан, зат есімдер де баяндауыш қызметінде жіктеу жүйесімен толық түрленеді. Еді, екен көмекші етістіктерімен келген зат есімдер күрделі етістіктер болып табылады да, етістіктің шақ категориясымен байланыстырылады.

Қазақ тілінде емес сөзі зат есімдерге болымсыздық мағына үстейді: бала емес, адам емес, жас емес т.б. Емес сөзінен кейін жалғанатын еді және екен көмекші етістіктері арқылы болымсыз мағынадағы зат есімге өткен шақ ұғымы жамалады: бала емес еді, бала емес екен, жас емес еді т.б. Ал түрік тілінде зат есімдерге болымсыздық мағына *değil* (*degül*) шылауы арқылы үстемеленеді. Бұл тілде де *değil* шылауынан кейін *idi*, *imiş*, *ise* көмекші етістіктерінің тіркесуі зат есімге болымсыз мағынадағы өткен шақ пен шарттылық мағынаны үстемелейді: *çocuk değıldi*, *çocuk değılmiş*, *çocuk değılse*.

¹Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б. 125.

ІІІ ТАРАУ

СЫН ЕСІМ ЖӘНЕ ОНЫҢ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

§1. Сын есім және оның сын-сапалық көрсеткіштер жүйесі

Заттың, құбылыстың, кейде іс-қимылдың қалыпты жағдайдағы сан алуан сын-сипаттық қасиетін білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобы сын есім сөз табын құрайды. Зат есімдер сияқты сын есімдер де лексика-грамматикалық тұрғыдан әуел бастан-ақ жеке сөз табы ретінде танылып келе жатқан сөз таптарының бірі.

Сын есімдер – заттың салмағын, сапасын, сипатын, түр-түсін, көлемін, аумағын, басқа да түрлі сындық белгілерін білдіреді. Осыған орай сын есімдер басқа сөз таптарынан өзіндік мағынасы, морфологиялық белгілері және синтаксистік қызметі жағынан ерекшеленеді.

Түрік тілінде сын есім *sifat* деп аталады. Кейбір ғалымдар сын есімдерді есім деп жалпылама немесе сипаттау және белгілеу, анықтау есімі деп атайды¹ Нуреттин Коч *sifat* термині орнына *önad*, яғни «алғы есім» терминін қолданады². З.Коркмаз сын есімдердің зат есімдердей белгілі бір объектіні немесе нақты заттық ұғымды білдірмейтіндігін, мысалы *derin* «терең» деген сөзді алғанда, өзінен кейін келетін зат есіммен бірігіп қана нақты бір мағынаны білдіретінін, сол себепті де сын есімдер заттың атауы бола алмайтынын айтады³.

¹ Bilgegil K. Türkçe Dilbilgisi. – İstanbul: Dergah Yay., 1984. – S.189; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.244.

² Коç N. Yeni Dilbilgisi. – İstanbul: İnkılap Kitap Evi, 1996. - S.189.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.333.

Сын есімдердің сөз табы ретіндегі ерекшелігін, өзіне тән белгілерін айқындауға қатысты әртүрлі көзқарастар да бар. Мәселен, «Қазақ тілінің грамматикасында» (І б, 1934) І. Кеңесбаев, С. Аманжолов анықтауыш қызметіндегі сөздердің барлығын (күміс, шай (қасық)) сын есім деп, сын есімдерді мағыналық жағынан бөлгенде де, екі зат есімнің тіркесіндегі анықтауыш қызметін атқарып тұрған алдыңғы зат есімді тек сын және функционалдық сын деп қарастырды. Түрік ғалымдары да зат есім мен сын есімнің бірінің орнына бірі жұмсалып ерекшелігіне байланысты зат есімдердің де басқа бір зат есім алдына келіп, сын есім ретінде қолданыла алатынын атап өтеді:¹ *demir kapı* «темір есік», *yün çorap* «жүн шұлық». Сондай-ақ зат есімнің грамматикалық категорияларын сын есімге де ортақ деп санайтын пікірлер де болды. Мұндай пікірлердің қалыптасуына сын есімнің зат есімнен толық бөлініп шығуына және оны жеке сөз табы ретінде тануға негіз болатын басты белгілердің анықталмауы себеп болды.

Қазақ тіл білімінде сын есімді өз алдына жеке сөз табы ретінде тануға Ғ.Мұсабаев, Ж.Шәкенов т.б. ғалымдардың пікірлері негіз болды. Ғ.Мұсабаев сын есімді зат есімнен бөліп алуға негіз болатын себеп, біріншіден, онда арнайы форманттың жоқтығы болатын болса, екіншіден, сын есімнің сөйлемде атқаратын басты синтаксистік қызметі – анықтауыш екенін алға тартты². Қазіргі кезде сын есімді өзге сөз таптарынан даралайтын және оның дербес сөз табы екенін дәйектейтін басты белгілері ретінде: сын есімнің заттың түр-түсін білдіруі; заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін білдіруі; заттың сапалық белгі сипатын білдіруі; заттың дәмі, иісі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіруі; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл, мекенге қатысты сынын білдіруі тәрізді маңызды белгілері атап көрсетіледі³. Ал түрік морфологиясында сын есімдер үш топқа жіктеліп, қарастырылады⁴: 1) түп-төркіне қарай (түрікше төл сын

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. – S.335.

² Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдер категориясы. – Алматы, 1961. – Б.3.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 460.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. – S.337.

есімдер, кірме сын есімдер, аралас сын есімдер); 2) құрылымына қарай (түбір сын есімдер, туынды сын есімдер, біріккен сын есімдер, қосарлама сын есімдер, тіркесті сын есімдер); 3) қызметіне қарай (сипаттамалық сын есімдер, анықтаулық сын есімдер). М.Билгин сын есімдерді қызметі мен мағыналық және құрылымдық тұрғыдан екі топқа бөледі¹.

Сындық белгіні білдіретін сөздер сөйлеу қажеттілігіне қарай заттық ұғымда қолданылады². Сын есімдердің заттық мағынада қолданылуы сын есімнің субстантивтенуі деп аталады. Сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік жалғауларының бірі жалғанып қолданылуы субстантивтену, яғни заттану құбылысына байланысты болады. Н.Оралбаева сын есімнің заттануын контекстік және лексикалық заттану деп екіге бөледі³. А.Ысқақов кейбір сын есімнің әрі анықтауыш, әрі пысықтауыш болуын, сондай-ақ оның әрі зат есімге, әрі етістікке тіркесуін сын есімге тән ерекшеліктің бірі деп танып, онда (сын есімде) әрі адъективтік, әрі адвербиалдық қызмет бар екендігіне назар аударады⁴. Екі тілде де заттанған сын есімдер септік (жақсыға – *iyiye*, жақсыны – *iyiyi*), көптік (жақсылар – *iyiler*), тәуелдік (жақсысы – *iyisi*) жалғауларын қабылдайды.

§2. Сын есімнің мағыналық жіктелісі: сапалық және қатыстық сын есімдер

Сын есімнің семантикасын жан-жақты қарастыру оның сөз табы ретіндегі табиғатын анықтаумен тікелей астасып жатады. Қазақ тіл білімінде сын есімді мағынасына қарай жүйелеуде әртүрлі көзқарастар орын алады. Мәселен, А. Байтұрсынов сын есімді заттың сынын білдіретін, заттың сыр-сынын білдіретін тобы деп екіге бөлсе, Н.Сауранбаев оның сыр-сыны, қатыстық сын, өнер сыны, салыстырмалы сын тәрізді төрт түрін көрсетеді. Қазіргі кезде заттың, құбылыстың сыр, сипатын, түрлі белгілерін

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S.223.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.467.

³ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.159.

⁴ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.239.

білдіру сипатына қарай қазақ тіліндегі сын есімдер сапалық және қатыстық болып үлкен екі топқа бөлінсе¹, түрік тіліндегі сын есімдер сипаттамалық/сапалық (*vasıflandırma sıfatları*) және анықтаулық сын есімдер (*belirtme sıfatları*) болып екіге бөлінеді². Бұл жерде қазақ және түрік тілдеріндегі сын есімдердің қызметі және семантикасы тұрғысынан өзгеше екі үлкен топқа бөлінгенін байқаймыз. Сапалық сын есімдер шырай тұлғаларымен түрленсе, қатыстық сын есімдер түрлене алмайды. Сапалық сын есімдер қимылды анықтап, үстеу қызметінде жұмсалса, қатыстық сын есімдер өте сирек жағдайда үстеу қызметін атқарады.

Сапалық сын есімдер.

Сапалық сын есімдер мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын білдіретін сын есім сөз табының негізгі ұйтқысы болып табылады. Қазақ тіліндегі сапалық сын есімдер:

1. Заттың түрі мен түсін (қызыл, жасыл, қара);
2. Заттың сапасын (жақсы, жаман);
3. Заттың көлемі мен аумағын (үлкен, шағын, ауыр);
4. Заттың дәмі мен иісін (ащы, тәтті) білдіреді³.

Түрік тіліндегі сипаттамалық/сапалық сын есімдерге байланысты М.Эргин, заттардың қаншама ерекшелігі болса, соншалықты сипаттамалық сын есім болады және оларды жіктеудің қажеттілігі жоқ дей келе, семантикалық тұрғыдан олардың бір тобы затқа байланысты ерекшелікті білдірсе, екінші тобы іс-қимылдың ерекшелігін білдіреді деп атап көрсетеді⁴. Іс-қимылдың ерекшелігін білдіретін екінші топтағы сипаттамалық сын есімдер есімше тұлғасындағы сын есімдер болып табылады: *koşan adam* «жүгіріп бара жатқан кісі», *gelecek hafta* «келесі апта» т.б.

Түрік тіліндегі сипаттамалық/сапалық сын есімдер іштей мынадай түрлерге ажыратылады:

1. Түсті білдіретін сын есімдер (*kırmızı* «қызыл», *siyah* «қара», *kahverengi* «қоңыр» т.б.);

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.460.

² Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. – S.246.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.168.

⁴ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. – S.246-247.

2. Сапалық ерекшелікті білдіретін сын есімдер (*temiz* «таза», *güzel* «әдемі», *iyi* «жақсы», *buruşuk* «бырысқан» т.б.);

3. Көлем мен аумақты білдіретін сын есімдер (*büyük* «үлкен», *ağır* «ауыр», *küçük* «кіші» т.б.);

4. Сезім мүшелерімен сезіліп қабылданатын ерекшеліктерді білдіретін сын есімдер (*acı* «ащы», *tatlı* «тәтті», *ılık* «жылы» т.б.).

3. Коркмаз бұл топтардың сыртында *kutlu kaynak* «қасиетті бұлақ», *çalışkan eller* «еңбекқор қолдар» тәрізді затқа, құбылысқа тән дерексіз ерекшеліктерді білдіретін сын есімдер тобы болатынын айтады¹.

Қатыстық сын есімдер.

Қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдер белгілі бір заттың белгісін басқа бір заттың я іс-әрекеттің қатысы арқылы білдіреді. Қатыстық сын есімдердің сапалық сын есімдерден ерекшелігі – олардың мағынасы өздерінің жасалуына негіз болатын сөздермен тығыз байланысты болып келетіндігінде. Қатыстық сын есімдер негізінен сөз тудырушы жұрнақтар арқылы басқа сөз таптарынан жасалатындықтан, қатыстық сын есімдер сапалық сын есімдерден морфемдік құрам жағынан да өзгешелеу болып келеді. Бірақ бұдан қатыстық сын есімдер ғана туынды түбірлі болып келеді, ал сапалық сын есімдер тек негізгі түбірлерден ғана жасалады деген ұғым тумауы керек. Ы.Маманов туынды сын есімдердің барлығын жаппай қатыстық деп танитын жалаң формальды көзқарасты сынға ала отырып, сапалық сын есімді қатыстық сын есімнен ажыратудың басты белгісі ретінде сын есімдердің шырай формаларымен түрлену-түрленбеуін негізге алуды ұсынады². Сондықтан шырай жұрнақтарын қабылдайтын негізгі және туынды сын есімдер сапалық, ал шырай жұрнақтарын қабылдамайтын сын есімдер қатыстық болып табылады. Сын есімнің мағыналық топтары арасындағы айырмашылық сапалық сын есімдердің заттың әртүрлі белгісін ғана емес, қимылдың да сынын анықтауы және түрленуі, ал қатыстық сындардың тек заттың басқа затқа не қимыл-әрекетке қатысты белгілерін анықтаумен шектелетініне байланысты болып келеді.

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.363.

² Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. - Б.11.

Қатыстық сын есімдер, негізінен, есім сөздер мен егістіктерден жұрнақ арқылы жасалады: сулы жер, ойнағыш бала, егістікті алқап т.б.

Қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдер былайша топтастырылады¹:

1. Мекен, қонысты білдіреді: астаналық студент, ауылдық маман;
2. Орынды көрсетеді: алдыңғы бөлме, үстіңгі қабат;
3. Оқиғаның болу мезгілін танытады: кешкі спектакль, түскі тамақ;
4. Мерзімді аңғартады: апталық бағдарлама, айлық жоспар;
5. Адамға тән белгіні білдіреді: балалық шақ, жігіттік намыс;
6. Адамның көңіл күйіне байланысты қасиеттерді көрсетеді: көңілді қыз, тартымды мінез;
7. Затқа, құбылысқа тән белгілерді танытады: кітаби тіл, әскери тәртіп.

Бұл жіктеліске төмендегідей тағы бірнеше топты қосуға болады:

8. Бір қасиеттің кем болып тұрғанын білдіретін сын есімдер: балықсыз көл, тұзсыз тамақ, белгісіз адам.

9. Іс-қимыл мен шақтық мәнді қатар білдіретін сын есімдер: естілмеген хабар, тұратын үй, айтпақ сөз.

Қазақ тіліндегі белгілі бір заттың белгісін немесе басқа бір заттың я іс-әрекеттің қатысы арқылы жасалатын қатыстық сын есімдер түрік тілінде сипаттамалық сын есімдер тобына жатады.

М.Билгинсипаттамалықсын есімдерді: 1) тікелей сипаттамалық (*doğrudan niteleyiciler*); 2) қатыстық сын есімдер (*bağıntı sıfatları*) деп екіге бөле келіп, *Bağıntı sıfatları* деп атаған сын есімдер туралы «көбінесе өздері жасалған есімнің мағынасына қатысты болады» дейді². 3. Кормаз түрік тілінде сапалық сын есімдерден басқа сын есімнің төмендегідей түрлері орын алатынын айтады³:

а) есім сөзге қандай да бір ерекшелікке ие болу мағынасын беретін: *görgülü çocuk* «көргенді (әдепті) бала», *kokulu sabun* «иісті

¹ Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.32-33.

² Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S.223.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.366-370.

сабын», *mehtaplı gece* «айлы түн».

ә) мекен, қонысқа, бір ұйым, мекемеге қатысты болуды білдіретін: *Ankaralı doktor* «Анкаралық дәрігер», *üniversiteli gençler* «университет жастары».

б) «бір нәрсе үшін» мағынасын немесе бір нәрсенің көп мөлшерде екенін білдіретін: *kiralık ev* «жалдамалы үй», *haftalık gazete* «апталық газет», *ormanlık arazi* «ормандық жер».

в) адамдарда әдетке айналған, заттардың өзіндік ерекшелігін білдіретін: *düşündürücü durum* «ойлантатын жағдай», *sevindirici haber* «қуантарлық хабар».

г) бір нәрсенің кемшілігін, болмағандығын көрсететін: *düzensiz çalışma* «жүйесіз жұмыс», *susuz yer* «сусыз жер».

ғ) бір нәрсенің жасалған материалын білдіретін: *gümüş kaşık* «күміс қасық», *ipekten kumaş* «жібек мата», *altın yüzük* «алтын жүзік».

д) адамға тән немесе белгілі бір затқа ғана тән ерекшелікті білдіретін: *alınan insan* «өкпелегіш адам» *yarışkan madde* «жабысқақ зат».

е) аяқталған бір іс-қимылдың сынын білдіретін: *açık kapı* «ашық есік», *kısık ses* «өшкен дауыс».

ж) есім сөздердің істелу ерекшеліктерін көрсететін: *asma tavan* «аспалы төбе», *süzme yoğurt* «сүзбе йогурт».

з) іс-қимылды шақ ұғымымен байланыстыратын: *tanıdık adam* «таныс адам», *düşünen adam* «ойланып тұрған адам», *pişecek vakit* «пісетін уақыт».

Түрік тілінде сын есімдердің семантикалық ауқымды бір тобын анықтаушы сын есімдер құрайды. Анықтаушы сын есімдер мағыналық сипатына қарай төмендегідей жіктеледі¹:

1. Нұсқау-сілтеу мәнді сын есімдер (*işaret (gösterme) sıfatları*): *bu* «бұл, осы» (*bu çocuk* «бұл бала», *şu* «мынау, мына» (*şu kitap* «мына кітап», *o* «анау, ана, сол» (*o kalem* «сол қалам», *işbu* «осы» (*işbu sebep* «осы себеп»);

2. Сандық сипатты білдіретін сын есімдер (*sayı sıfatları*). Сандық

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.383-95; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S.247-257; Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. - S.225-237.

сипатты танытатын сын есімдер іштей: есептік (*asıl sayı sıfatları*): *yirmi beş* «жиырма бес» (*yirmi beş yaş* «жиырма бес жас») *iki* «екі» (*iki arkadaşı* «екі дос») *on dört* «он төрт» (*on dört gün* «он төрт күн») реттік (*sıra sayı sıfatları*): *ikinci* (*ikinci sınıf* «екінші сынып») *onuncu* (*onuncu ay* «оныншы ай») *beşinci* (*beşinci kat* «бесінші қабат») үлестірмелі (*üleştirme sıfatları*): *birer* (*birer elma* «бір бір алма») *beşer* (*beşer kalem* «бестен қалам») *altışar* (*altışar kişi* «алты алтыдан кісі») бөлшектік (*kesirli sayı sıfatları*): *üçte bir*, (*üçte bir muz* «үштен бір банан»,., *yüzde on* (*yüzde on komisyon* «жүзден он (он пайыз) комиссия») топтық (*topluluk sayı sıfatları*): *ikiz* (*ikiz kuzu* «егіз қозы») *beşiz* (*beşiz çocuklar* «бесем бала») *üçüz* (*üçüz bebekler* «үшем») т.б.;

3. Сұраулық сын есімдер (*soru sıfatları*): *kaç* «қанша» (*kaç balon* «қанша шар») *hangi* «қай» (*hangi mevsim* «қай мезгіл») *ne* «қай» (*ne vakit* «қай уақыт») *nasıl* «қалай, қандай» (*nasıl elbise* «қандай көйлек») *nice* «көп, соншама» (*nice yıllar* «көп жылдар») *kaçar* «қаншадан» (*kaçar şeker* «қаншадан қант») *kaçıncı* «нешінші» (*kaçıncı kitap* «нешінші кітап») т.б.;

4. Белгісіздік сын есімдер (*belirsizlik sıfatları*): *az* (*az dergi* «аз журнал») *başka* (*başka sayfa* «басқа бет») *bazı* (*bazı kişiler* «кейбір адамдар») *belli başlı* (*belli başlı konular* «белгілі тақырыптар») *bir* (*bir gün* «бір күні») *biraz* (*biraz şeker* «біраз қант») *birçok* (*birçok arkadaş* «біршама дос») *birkaç* (*birkaç elma* «бірнеше алма») *bir hayli* (*bir hayli emek* «біршама еңбек») *birtakım* (*birtakım sorular* «бірсыпыра сұрақ») *bir sürü* (*bir sürü para* «көп ақша») *bir yığın* (*bir yığın bulaşık* «біршама кір ыдыс») *bunca* (*bunca dondurma* «осынша балмұздақ») *bütün* (*bütün dünya* «бүкіл әлем») *çok* (*çok şey* «көп нәрсе») *çoğu* (*çoğu zaman* «көп уақыт») *fazla* (*fazla bilgi* «артық мәлімет») *her* (*her kapı* «әр есік») *hiç* (*hiç kimse* «ешкім») *hiçbir* (*hiçbir kalem* «ешбір қалам») *kimi* (*kimi yazarlar* «кейбір жазушылар») т.б.

§3. Сын есімдердің құрылымдық және құрамдық жіктелісі

Қазақ тіліндегі сын есімдер морфологиялық құрамы жағынан жалаң және күрделі болып бөлінеді. Жалаң сын есімдер негізгі және туынды түбірлі болып бөлінеді. Күрделі сын есімдер кем дегенде екі сөзден құралып, бір бүтін күрделі тілдік бірлік ретінде қолданылады.

Түрік тіліндегі сын есімдер морфологиялық құрамы жағынан жалаң, туынды, күрделі, шырайлы, тіркесті немесе құранды сын есімдер болып бес топқа жіктеледі¹.

Жалаң сын есімдер. Жалаң сын есімдер іштей негізгі (түбір) және туынды болып бөлінеді. Түбір сын есімдер ары қарай бөлшектеуге келмейтін түбір морфемадан тұрады. Қазақ тілінде: ақ, қара, тар, ащы т.б.; түрік тілінде: *ak, kara, dar, acı* т.б.

Туынды сын есімдер түбір сөздер мен негіздерге сын есім тудыратын жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады. Мұнда есім сөзден жасалған сын есімдердің қазақ тіліндегі өнімді жұрнақтары ретінде мынадай қосымшаларды көрсетуге болады: *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті; -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік; -ғы/-гі, -қы/-кі; -сыз/-сіз; -дай/-дей, -тай/-тей; -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес; -шыл/-шіл; -шаң/-шең*. Мысалы: гүлді, жылдық, ішкі, сусыз, біздей, қызметтес, күлкішіл, ашушаң т.б.

Түрік тілінде туынды сын есім жасайтын өнімді жұрнақтарға: *-лі/-лі, -лу/-lü; -лік/-лік, -лук/-lük; -сі/-сі, -су/-sü; -сал/-ce, -çal/-çe; -сік/-сік, -сук/-cük, -çік/-çik, -çук/-çük* қосымшалары жатады. Мысалы: *canlı, yazlık, işçi, yağmursuz, dostça, incecik* т.б.

Туынды сын есім жасайтын қазақ тіліндегі өнімсіз жұрнақтарға: *-ыл/-іл, -л, -ал/-ел; -дақ/-дек, -тақ/-тек; -шы/-ші; -и; -паз; -қой; -қор; -алақ/-елек* қосымшалары (*қызыл, тастақ, өткінші, әскери, өнерпаз, әзілқой, қамқор, жалталақ*), ал түрік тіліндегі өнімсіз жұрнақтарға *-сіл/-сіл, -сүл/-cül; -сі/-сі, -су/-sü; -мсі/-msi; -мсу/-msü; -мтірак/-mtirek; -шін/-şin; -ман/-men; -рак/-rek; -ар/-er, -şар/-şer; -інсі/-inci, -унсүл/-üncü; -із/-iz, -үз/-üz -î; -сал/-sel* (*insancıl, çocuksu, ekşimsi, sarımtırak, sarışın, egemen, bozrak, ikişer, altıncı, ikiz, edebî, kişisel*) қосымшалары жатады. Бұлардың арасынан екі тілге ортақ сын есім жұрнақтары ретінде: қазақ. *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* // түрік. *-лі/-лі, -лу/-lü*; қазақ. *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік* // түрік. *-лік/-лік, -лук/-lük*; қазақ. *-сыз/-сіз* // түрік. *-сіз/-siz, -сүз/-süz*; қазақ. *-шыл/-шіл* // түрік. *-сіл/-сіл, -сүл/-cül*; қазақ. *-и* // түрік. *-î* қосымшаларын көрсетуге болады.

Қазақ және түрік тілдерінде етістіктен туынды сын есім тудыратын қосымшалар өнімді және өнімсіз болып екіге бөлінеді.

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. – S.340.

Қазақ тіліндегі өнімді жұрнақтар: *-қ/-к, -ық/-ік, -ақ/-ек; -уық/-уік; -ыңқы/-іңкі, -ңқы/-ңкі; -ынды/-інді, -нды/-нді; -малы/-мелі, -балы/-белі, -палы/-пелі; -қыш/-кіш, -ғыш/-гіш; -шақ/-шек; -ымды/-імді, -мды/-мді; -улы/-улі; -қақ/-кек, -ғақ/-гек; -ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе (ашық, жылауық, көтеріңкі, туынды, жылжымалы, сенгіш, мақтаншақ, үйлесімді, бүктеулі, тайғақ, жалдама т.б.);*

Түрік тіліндегі өнімді жұрнақтар: *-ak/-ek, -k; -ik/-ik, -uk/-ük; -gan/-gen, -kan/-ken; -ağan/-eğen; -gin/-gin, -gun/-gün, -kın/-kin, -kün/-kün; -ı/-ı, -u/-ü; -ma/-me; -nç (ıslak, açık, çalışkan, olağan, bitkin, duru, karma, kıskanç т.б.);*

Қазақ тіліндегі өнімсіз жұрнақтар: *-ыс/-іс, -с; -қыр/-ғыр, -кір/-гір; -мыс/-мыш; -ымтал/-імтал; -қы/-кі, -ғы/-гі; -ыр/-ір, -ар/-ер; -у; -аған/-еген; -ын/-ін, -н; -қалақ/-келек, -ғалақ/-зелек; -анақ; -ғылықты/-гілікті, -қылықты/-кілікті; -мсақ/-мсек, -ымсақ/-імсек кіріс, өткір, аталмыш, сезімтал, күлдіргі, жұмыр, қызу, қабаған, ұзын, ұшқалақ, шығанақ, жеткілікті, тілемсек т.б.);*

Түрік тіліндегі өнімсіз жұрнақтар: *-arı/-eri; -alak/-elek; -man/-men; -iz/-iz (uçarı, yatalak, azman, ciliz т.б.)*

Екі тілге ортақ етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтарға: қазақ. *-қ/-к, -ық/-ік//* түрік. *-k; -ik/-ik, -uk/-ük*; қазақ. *-ақ/-ек//* түрік. *-ak/-ek*; қазақ. *-аған/-еген//* түрік. *-ağan/-eğen*; қазақ. *-ма/-ме (-ба/-бе, -па/-пе)//* түрік. *-ma/-me* тәрізді қосымшаларды жатқызуға болады.

Күрделі сын есімдер

Күрделі сын есімдер екі не одан көп сөздердің бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы жасалады және ол сыңарлардың барлығы бірігіп келіп, біртұтас сындық мағынаны білдіреді. Күрделі сын есімдердің құрамы тұрақты, компоненттерінің орны өзгермейді, арасына басқа сөз кірмейді. Біртұтас сөз болғандықтан, күрделі сын есімдер сөйлемде бір ғана мүше болады¹. Қазақ тіліндегі күрделі сын есімдер:

1) сапалық сын есімдердің бір -бірімен тіркесуі арқылы: сары ала, қара сұр т.б.;

2) бірыңғай негізгі немесе туынды сын есімдердің қайталануы арқылы: аппақ-аппақ, үлкен-үлкен т.б.;

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б.354.

3) негізгі сын есіммен *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* тұлғалы туынды сын есімнің тіркесуі арқылы: кең маңдайлы, қызыл жеңді т.б.;

4) зат есім, сан есімдермен *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік* тұлғалы сын есімнің тіркесуі және осы жұрнақ арқылы тұрақты тіркестерден: он жылдық, бір күндік, күн көрерлік т.б.;

5) екі компоненті де *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік* немесе *-и* жұрнағы арқылы жасалған туынды сын есімдердің қосарлануы: ғылыми-әдеби, әлеуметтік-экономикалық, саяси-экономикалық, ғылыми-тәжірибелік т.б. арқылы жасалады.

Түрік тіліндегі күрделі сын есімдер бірігу жолымен жасалған және белгілі бір ережеге сай жасалған күрделі сын есімдер болып бөлінеді. Біріккен сын есімдер қазақ тіліндегідей екі сын есімнің бірігуі арқылы жасалатын болса, белгілі бір ережеге сай жасалған күрделі сын есімдер¹:

1) сын есімді тіркестің соңғы сөзіне *-лі* жұрнағының жалғануы арқылы: *çok katlı* «көп қабатты», *uzun boylu* «ұзын бойлы».

2) сын есімді тіркестің соңғы сөзіне *-лік* жұрнағының жалғануы арқылы: *bir günlük* «бір күндік», *yarım saatlik* «жарты сағаттық».

3) үшінші жақ тәуелдік жалғаулы зат есім мен сын есімнің тіркесуі арқылы: *karnı tok* «қарны тоқ», *alını açık* «маңдайы ашық», *saçı uzun* «шашы ұзын».

4) *-лі* немесе *-siz* жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдердің қосарлануы арқылы: *evsiz barksız* «үй жайсыз», *tatsız tuzsuz* «дәмі тұзы жоқ», *irili ufaklı* «ұсақ ірі» жасалады.

Қазақ және түрік тілдерінде күрделі сын есімдердің бірігу, қосарлану және тіркесу тәсілдері арқылы жасалатынын ескере отырып, оларды біріккен, қос сөзді және тіркесті күрделі сын есімдер деп үш топқа жіктеуге болады:

Біріккен күрделі сын есімдер.

Біріккен сын есімдегі компоненттердің біреуінің мағынасы мүлде өзгеруі немесе біраз өзгеруі мүмкін. Екі компонент арасына ешқандай жалғау немесе жұрнақ қажет етілмейді. Екі тілде де біріккен сын есімдердің саны онша көп емес. Мысалы: қазақ тілінде: қонақжай, отансүйгіш, балажан, кертартпа т.б.; түрік тілінде: *konuksever, vatansever, boşboğaz* «аузына сөз тоқтамайтын», *kahverengi* «қоңыр» т.б.

¹ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin Yayınevi, 2002. - S.144.

Қос сөзді күрделі сын есімдер.

Қосарлану тәсілі арқылы жасалған сын есімдерді қос сөзді күрделі сын есімдер дейміз. Қазақ тілінде қосарлану тәсілімен жасалған қатыстық сын есімдердің күрделі түрлері өз ішінен¹:

1) жасалу жолына қарай: а) бірыңғай аффикстер арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің қайталануы: көлемді-көлемді, бармақтай-бармақтай т.б.; ә) бірыңғай аффикстер арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің қосарлануы: ащылы-тұщылы; б) әртүрлі аффикстер арқылы жасалған қатыстық сын есімдердің қосарлануы: сулы-сусыз, ғылыми-әдістемелік;

2) семантикалық сипатына қарай: а) өзара мәндес қатыстық сын есімдер: даусыз-талассыз, күшті-күшсіз; ә) ұштас мәндес қатыстық сын есімдер: ерлі-зайыпты, аталы-бабалы; б) қарама-қарсы мәндес қатыстық сын есімдер: ашпалы-жаппалы, ұзынды-қысқалы; в) бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз қатыстық сын есімдер: үйлі-баранды, қоралы-қопсылы; г) болымды-болымсыз мағыналы қатыстық сын есімдер: таулы-таусыз, сулы-сусыз болып жіктеледі.

Қос сөзді күрделі сын есімдер қазақ тілінде сызықша арқылы жазылса, түрік тілінде бөлек жазылады. Қазақ тіліндегі қос сөзді күрделі сын есімдердің семантикалық ішкі жіктелісін басшылыққа ала отырып, екі тілдегі қос сөзді күрделі сын есімдерді мағыналық тұрғыдан былайша сәйкестендіруге болады:

а) бір сөздің қайталануы арқылы жасалған күрделі сын есімдер: қазақ тілінде: үлкен-үлкен, бөлек-бөлек, биік-биік т.б.; түрік тілінде: *tıklım tıklım, ayrı ayrı, renk renk* т.б.;

ә) өзара мәндес сын есімдердің қосарлануы арқылы жасалған күрделі сын есімдер: қазақ тілінде: қайғы-қасіретсіз, кедір-бұдыр, телегей-теңіз, көл-көсір т.б.; түрік тілінде: *sağ salim, dayalı döşeli, doğru dürüst* т.б.;

б) қарама-қарсы мағыналы сын есімдерден құралған қос сөзді күрделі сын есімдер: қазақ тілінде: жақсы-жаман, ақ-қара, азды-көпті, ұзынды-қысқалы т.б.; түрік тілінде: *iyi kötü, alçaklı yüksekli, az çok, uzun kısa* т.б.;

¹ Сыздықова Г. Қазіргі қазақ тіліндегі қатыстық сын есімнің семантикалық және стильдік сипаты. Канд.дисс.афтореф. – Алматы, 2003. - Б.11.

в) бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз қатыстық сын есімдер: қазақ тілінде: ұсақ-түйек, балалы-шағалы т.б.; түрік тілінде: *ufak tefek, tek tük, çarpık çirpuk, eski püskü* т.б.;

г) екі сыңары да мағынасыз сын есімдер: қазақ тілінде: абыр-сабыр, некен-саяқ, ығы-жығы т.б.; түрік тілінде: *abur cubur, ıvir zıvir* т.б.

Тіркесті күрделі сын есімдер.

Тіркесті күрделі сын есімдер екі тілде де өте көп кездеседі. Олардың жасалу жолдарын салыстырмалы түрде былай көрсетуге болады:

1) сапалық сын есімдердің бір-бірімен тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер. Бұл топтағы сын есімдердің не бірінші (қара сұр, қара торы, қара шұбар), не екінші (қара ала, сары ала, қызыл ала) сыңарлары өзгермейді¹. Түрік тілінде сапалық сын есімдердің тіркесі көбіне *koю* және *açık* сөздерінің қатысуымен жасалады. Мысалы: қазақ тілінде: қызыл ала, қара көк, ақ сары, күрең қызыл т.б.; түрік тілінде: *koю mavı, açık sarı, koю kırmızı, al kırmızı* т.б.

2) сапалық сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер. Қазақ тілінде бұл топтағы сын есімдер тіркесті күрделі сын есім тобына қатысты болса, түрік тілінде біріккен сын есім тобында қаралады. Мысалы: қазақ тілінде: ала көлеңке, ақ жүрек, көк шалғын т.б.; түрік тілінде: *boşboğaz, büyükbaş, açık göz* т.б.

Түрік тілінде сапалық сын есім мен зат есімнен тұратын күрделі сөздердің біразы ауыс мағынада жұмсалып, тұрақты тіркеске айналған. Мысалы: *aksakal* «ақсақал», *akciğer* «өкпе», *karaciğer* «бауыр», *kara gün* «қиын күндер, ауыр кез» т.б.

3) қазақ тілінде тіркесті күрделі сын есімдер қатыстық сын есім мен сапалық сын есімнің тіркесуі арқылы жасалған: удай ащы, балдай тәтті т.б.

Түрік тілінде қазақ тіліндегідей удай, балдай қатыстық сын есімдердің у сияқты, бал сияқты мағыналарын *gibi* «сияқты» шылауы береді: *zehir gibi, bal gibi* т.б. Сондай-ақ түрік тілінде көне

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.182.

tegi сөзіне барып саятын, қазақ тіліндегі -дай, -дей қосымшасымен мәндес, мағыналас болып келетін *dek* шылауы кездеседі.

4) сапалық сын есім мен қатыстық сын есімнің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер: қазақ тілінде: қызыл шырайлы, ұзын бойлы, сары шашты т.б.; түрік тілінде: *kırmızı yüzlü, uzun boylu, sarı saçlı, mavi gözlü* т.б.

5) зат есім мен қатыстық сын есімнің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер: қазақ тілінде: алтын баулы, қой көзді, арыстан жүректі т.б.; түрік тілінде: *altın kalpli, badem gözlü, aslan yürekli* т.б.;

6) қатыстық сын есім мен қатыстық сын есімнің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер: қазақ тілінде: сәнді киімді, тұрақты жалақылы, желдей екпінді т.б.; түрік тілінде: *köylü davalı, üniversiteli yakışıklı, süzme yoğurtlu* т.б.;

7) сан есім мен қатыстық сын есімнің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер: қазақ тілінде: бес кісілік, он екі атты, екі күндік т.б.; түрік тілінде: *beş kişilik, on iki atlı, iki günlük* т.б.;

8) етістік пен қатыстық сын есімнің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер: қазақ тілінде: піскен алмадай, құлайтын адамдай, атқан таңдай т.б.; түрік тілінде: *ağlayacak çocukça* т.б.;

9) бірінші сыңары тәуелдіктің үшінші жағының қосымшасымен көмкерілген зат есім сөз, екінші сыңары негізгі сын есім болып келетін күрделі сын есімдердің бұл тобы екі тілде де көбіне тұрақты сөз тіркестері (фразеологизмдер) болып келеді: қазақ тілінде: басы бос, қолы ашық, жүзі жылы т.б.; түрік тілінде: *başı boş, eli açık, yüzü sıcak* т.б.

§4. Сын есімнің шырай категориясы

Шырай – заттың әртүрлі сындық белгілерінің көріну дәрежелерін білдіретін лексика-грамматикалық категория. Түбірге жалғанатын шырай қосымшалары, түбір білдіретін мағынаны мүлдем өзгертпейді, оған қосымша реңк үстемелейді.

Тіл үнемі даму үстінде болатындықтан, сөз таптарының лексика-семантикалық топтары арасында өзара ауысулар болып отырады. Бұл құбылыс қатыстық сын есім мен сапалық сын

есімдерге де тән. Шырай қосымшаларын қабылдау арқылы сын есімдерде қатыстық мағынадан сапалық мәнге ауысу жүріледі. Сол себепті сапалық сын есімдердің түрленуі оны қатыстық сын есімдерден ажырататын басты белгілерінің бірі болып саналады.

Қазақ тілінде шырай категориясының мағыналық құрамы әртүрлі болып келеді. Соған орай ол бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, Ж.Шәкенов сын есімнің жай, салыстырмалы, бәсең, күшейтпелі, таңдаулы тәрізді бес түрін, А.Ысқақов жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай деген төрт түрін¹, Н.Оралбаева жай, салыстырмалы және күшейтпелі шырай тәрізді үш түрін көрсетеді². М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкеновалар жай шырайдың басқа шырайдағы сөздердің мағынасын айырудағы қызметі айрықша екеніне мән береді³. «Қазақ грамматикасында» сапалық сын есімнің лексика-грамматикалық категориясы ретінде шырайдың екі түрі көрсетіледі: салыстырмалы және күшейтпелі шырай. Ал асырмалы шырай күшейтпелі шырай құрамында қарастырылады⁴.

Қазақ тіл білімінде шырай жұрнақтарының қызметіне қатысты әртүрлі пікірлер орын алады. Мәселен, Ғ.Мұсабаев *-ғыл, -ғылт, -ғылым, -шыл, -шіл* жұрнақтарын шағын шырай деп қараса, Ы.Маманов оларды сөз тудырушы қосымшаға жатқызады. Ғалым оған дәлел ретінде: «аталған қосымшалардың, біріншіден, сапалық сын есімдердің бәріне жалғана бермей, сөз тудырушы жұрнақтар тәрізді сөзге талғап жалғанатынын, екіншіден, бұл қосымшалардан соң *-лау/-леу, -рақ/-рек* формаларының жалғана беретінін» келтіреді.⁵

Түрік тілінде сын есім шырайларының теңеулік, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы деген төрт түрі көрсетіледі⁵.

1. Сын есімнің теңеулік шырайы салыстырылушы екі заттың бір-біріне ұқсас немесе ерекшеліктері жағынан тең түсіп

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б.278.

² Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.148.

³ Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.37.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б.467.

⁵ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. S.239; Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.370.

жататындығын білдіріп, *gibi* «сияқты, тәрізді» және *kadar* «-дай» шылауларының қатысуымен жасалады: *buz gibi soğuk su* «мұздай суық су», *saray gibi bir ev* «сарай сияқты бір үй». *senin kadar güzel* «сеңдей әдемі», *Mehmet kadar çalışkan* «Мехметтей еңбекқор» т.б.

2. Салыстырмалы шырай заттың, құбылыстың бойындағы бір қасиеттің басқа бір заттағы қасиетке қарағанда артығырақ немесе кемірек екендігін көрсетеді. Сын есімнің салыстырмалы шырайын жасауға *daha* «тағы» сөзі мен шығыс септігінің *-dan/-den/-tan/-ten* жалғауы қолданылады: *daha küçük* «бұдан да кішкентай», *daha geniş* «кеңірек», *daha iyi* «жақсырақ» немесе *Antalya Bodrum*. *an sıcak* «Анталия Бодрумнан ыстық». *Ali Sema'dan akıllı* «Али Семадан ақылды».

3. Сын есімнің күшейтпелі шырайын жасауға *çok* «өте», *pek* «өте», *fazla* «тым», *çok az* «өте аз», *pek çok* «бұдан тым», *pek az* «өте аз», *erey* «асыра» сияқты сөздер қатысады. Сын есімнің алдында қолданылатын бұл сөздер сын есімнің эмотативтік-экспрессивтік жүгін күшейтеді: *çok iyi* «өте жақсы», *pek sıcak* «өте ыстық», *fazla soğuk* «тым суық», *gayet ince* «өте жіңішке» т.б.

4. Асырмалы шырай *en* «ең» күшейтпелі үстеуі арқылы жасалады: *en büyük* «ең үлкен», *en küçük* «ең кішкентай», *en meşhur* «ең әйгілі» т.б.

Қазақ және түрік тілдерінде сын есімнің салыстырмалы, күшейтпелі және асырмалы шырайлары мағыналық-құрылымдық жақтан бір-біріне біршама ұқсас болып келетіні байқалады. Мәселен, екі тілде сын есімнің салыстырмалы шырайы бір заттың сынын, сипатын немесе түсін екінші заттың ерекшеліктерімен салыстырып, артық немесе кем екендігін белгілі қосымшалар арқылы білдіруімен сипатталады. Салыстырмалы шырайдың көрсеткіші ретінде қазақ тілінде *-рақ/-рек*; *-лау/-леу*, *-дау/-деу*, *тау/-теу* қосымшалары мен кейбір сын есімдерге ғана тән *-ғылт/-қылт*; *-ғылым/-қылтым*; *-шыл/-шіл*; *-шылтым/-шілтім*; *-ғыш/-қыш*; *-ілдір*; *-аң/-ең*; *-қай/-кей*; *-ша/-ше* жұрнақтары қолданылатын болса, түрік тілінде *-ca/-ce*, *-çal/-çe*; *-cak/-cek*; *-cik/-cik*; *-sıl/-si*, *-sul/-sü*; *-msıl/-msi*; *-mtırakl/-mtirek*; *-rakl/-rek* жұрнақтары пайдаланылады¹ Мысалы: қазақ тілінде: биігірек, аласалау, қызғылт, сарғылым, көкшіл, ақшылтым,

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi). – Ankara: TDK Yay., 2003. - S.377.

сарғыш, көгілдір, босаң, қоңырқай, қараша т.б.; түрік тілінде: *yüksekçe, alçakça, kırmızımsı, sarımsı, mavimsi* т.б. Мұның сыртында заттың сынын салыстыруда *daha* үстеуі қолданылады: кішірек – *daha küçük, көңілділеу – daha neşeli* т.б.

Күшейтпелі шырай бір заттың бастапқы сыны мен белгісі, сапасын күшейтіп айту мақсатында қолданылады. Қазақ тілінде күшейтпелі шырай сын есімнің алғашқы буынына *n* дауыссыз дыбысы қосылған күшейтпелі буын мен сын есімнің қосарлануы арқылы жасалады. Түрік тіліндегі күшейтпелі шырай да осы жолмен жасалады, әйтседе мағынаны күшейтуші буын жасауға түрік тілінде *m, p, r, s* дауыссыз дыбыстарының бірі қатысады. Қазақ тілінде күшейтпелі буын сызықшамен, ал түрік тілінде бірге жазылады. Мысалы: қазақ тілінде: қап-қара, қып-қызыл, жап-жасыл, ұп-ұсақ, *man-maza* т.б.; түрік тілінде: *sımsiyah, kıpkırmızı, yemyeşil, upufak, masmavi, tertemiz* т.б. Қазақ тілінде тек ақ және көк сын есімдеріне қосылатын күшейткіш буын аппақ және көкпеңбек болып бірге жазылады.

М.Билгин *kara kara bulutlar* «қара қара бұлттар», *dolu dolu bir çanta* «лық толы сөмке» тәрізді қос сөзді күрделі сын есімдерді, *güzel mi güzel* «әдемі ме әдемі», *kısa mı kısa* «қысқа ма қысқа», *yüzlerce* «жүздеген», *bunca* «осыншама», *güzelim toprak* «сұлуым топырақ», *canım insanlar* «қымбатты адамдар» тәрізді қолданыстарды күшейтпелі сын есімдер қатарына қосады¹.

Бір заттың сыны мен сапасын тым асырып немесе кемітіп көрсету үшін қолданылатын асырмалы шырай қазақ тілінде өте, аса, ең, тым, тіпті, ал түрік тілінде *en* «ең», *çok* «өте», *pek* «өте», *fazla* «тым», *çok az* «өте аз», *pek çok* «бұдан тым», *pek az* «өте аз», *epey* «аса» сияқты күшейтпелі үстеулердің сын есімнің алдында қолданылуы арқылы жасалады. Мысалы: қазақ тілінде: өте зерек, аса сезімтал, ең әдемі, тым арзан, тіпті қымбат т.б.; түрік тілінде: *çok zeki, oldukça duygusal, en güzel, pek ucuz, fazla pahalı* т.б.

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. - S.241.

IV ТАРАУ

САН ЕСІМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

§1. Сан есім жайлы жалпы түсінік

Есімдер тобына жататын сөз таптарының бірі – сан есімдер заттың санын, мөлшерін және ретін білдіреді. Мағыналық-функционалдық сипаты тұрғысынан сан есімдер сын есімдерге ұқсас келеді. Сын есімдер заттың түрлі сындық белгісін білдіретін болса, сан есімдер зат есімдермен тікелей байланысып, заттық ұғымның әртүрлі сандық сипатын білдіреді. Мысалы: қазақ тілінде: жасыл бұтақ – төрт бұтақ, жіңішке қалам – бес қалам т.б.; түрік тілінде: *yeşil dal – dört dal, ince kalem – beş kalem* т.б.

Зат есіммен тіркесіп не тіркеспей жеке-дара қолданылуы сан есімнің семантикасына да әсер етеді. Дербес, жеке дара қолданылғанда сан есімдер жалпы сандық ұғымдардың атауы (бір, бес, жеті т.б.) болатын болса, зат есіммен тіркескенде олар сандық ұғымды емес, өзі тіркескен заттың нақты санына, мөлшеріне, өлшеміне, ретіне қатысты мағынаны білдіреді. Мысалы: үш – үш бөлме, 67 – алпыс жетінші қатар т.б.

Басқа да бірқатар тілдердегі сияқты, қазіргі қазақ тілінде сан есімдер дербес сөз табы болатын болса, түрік тілінде сан есім сын есімнің бір түрі ретінде қарастырылады. Сан есімдердің ерекшеліктері сандық атауды білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық және грамматикалық сипатымен, қызметімен байланысты сипатталады.

Сан есімдердің басқа сөз таптарынан емес, тек сан есімнен және оған түрлі аффикстердің жалғануы арқылы жасалуын оның ең басты ерекшелігі ретінде көрсетуге болады. Басқа сөз таптарынан жасалмағанымен, сан есімдер басқа сөз таптарына қатысты сөздердің жасалуына негіз бола алады. Мысалы: қазақ. бірлік // түрік. *birlik*, қазақ. біріншілік// түрік. *birincilik*, қазақ. бірлесу // түрік. *birleşmek*, қазақ. бесті // түрік. *beşli* т.с.с.

Сандардың жасалуына екі тілде сәйкестік түзетін бірлік, ондық, жүздік, мыңдықтың атаулары арқау болады: қазақ. бір // түрік. *bir*, қазақ. екі // түрік. *iki*, қазақ. үш // түрік. *üç*, қазақ. төрт // түрік. *dört*, қазақ. бес // түрік. *beş*, қазақ. алты // түрік. *altı*, қазақ. жеті// түрік. *yedi*, қазақ. сегіз // түрік. *sekiz*, қазақ. тоғыз // түрік. *dokuz*, қазақ. он // түрік. *on*, қазақ. жиырма // түрік. *yirmi*, қазақ. отыз // түрік. *otuz*, қазақ. қырық // түрік. *kırk*, қазақ. елу // түрік. *elli*, қазақ. алпыс // түрік. *altmış*, қазақ. жетпіс// түрік. *yetmiş*, қазақ. сексен // түрік. *seksen*, қазақ. тоқсан // түрік. *doksan*, қазақ. жүз // түрік. *yüz*, қазақ. мың // түрік. *bin*.

Сан есімнің тағы бір ерекшелігі – оған тән арнайы грамматикалық категориялардың болмауы. Соған қарамастан сан есімдер басқа сөз табының, атап айтқанда, зат есімдердің грамматикалық категорияларымен түрленуге бейім келеді. Бұл сан есімдердің субстантивтенуімен байланысты.

§2. Сан есімнің құрылымдық-мағыналық жіктелісі

Қазақ және түрік тілдерінде сан есімдер морфологиялық құрылымы жағынан дара және күрделі болып келеді.

Дара сан есімдер іштей негізгі және туынды сан есімдер болып екіге бөлінеді. Негізгі сан есімдер дегеніміз – ары қарай морфологиялық бөлшектерге бөлінбейтін түбір сан есімдер: қазақ тілінде: екі, бес, жеті, он, жүз т.б.; түрік тілінде: *iki*, *beş*, *yedi*, *on*, *yüz* т.б.

Туынды сан есімдер негізгі сан есімдерге қосымшалардың жалғануы арқылы жасалады. Сан есімнің сөзжасам қосым-

шаларының қолданылуының тілде өзіндік заңдылығы қалыптасқан. Сан есім жұрнақтары басқа сөз табына жалғанбай, тек сан есім сөздерге ғана жалғанады да, одан сан есімнің түрлі мағыналық топтары жасалады¹. Өйткені сан есім қосымшалары жаңа сан атауларын емес, тек сандық атауларды түрлендіру, қосымша мағына үстемелеу қызметтерінде жұмсалады.

Сан есімнің жасалуында аналитикалық және синтетикалық тәсіл қолданылады. Аналитикалық тәсіл арқылы ондық атауларынан бастап, барлық қалған сан атаулары жасалады. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сан есім а) сыңарлардың бір-біріне көбейтілуі арқылы жасалады: қазақ. үш жүз // түрік. *üç yüz*, қазақ. алты мың // түрік. *altı bin*, қазақ. жүз жиырма мың // түрік. *yüz yirmi bin*; ә) сыңарлардың қосындысынан жасалады: қазақ. он төрт // түрік. *on dört*, қазақ. жиырма сегіз // түрік. *yirmi sekiz*, қазақ. жетпіс тоғыз // түрік. *yetmiş dokuz*, қазақ. жүз қырық // түрік. *yüz kırk* т.б.

Сан есімнің синтетикалық сөзжасам жүйесі лексикалық мағынаны түрлендіруші, құбылтушы топқа жатады². Осыған байланысты есептік сан есімнен реттік сандар тудыруда қазақ тілінде *-ыншы/-інші*, *-ншы/-нші*; түрік тілінде *-nci/-nci*, *-ncu/-ncü* жұрнақтары қолданылады. Бұл жұрнақ арқылы жасалған реттік сан есімдер заттың реттік саны мен тәртібін білдіреді.

Есептік сан есімнен жинақтық сан есім қазақ тілінде *-ау/-еу* қосымшалары арқылы жасалады. Бұл қосымша бірден жетіге дейінгі бірлік сан есімдерден жинақтық сан есімдер жасайды: төртеу, екеу, алтау т.б. Түрік тілінде бұл жұрнақ қолданылмайды. Жинақтау қызметін синтаксистік мағынаға қарай заттық ұғым білдіретін сан есімнен кейін жалғанатын үшінші жақ тәуелдік жалғауы атқарады: *üçü* «үшеуі», *beşinden* «бесеуінен», *altısına* «алтауына» т.б. Түрік тілінде бұдан басқа *-z* жұрнағы екіден жетіге дейінгі бірлік сан есімдерден зат ұғымын да білдіретін жинақтық сан есімдер жасауға қатысады: *ikiz*, *üçüz*, *dördüz*, *beşiz* т.б.

Егер қазақ тілінде өнімсіз *-ер* жұрнағы арқылы топтық сан есім саналатын бірер сөзі ғана жасалатын болса, түрік

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: «Астана полиграфия», 2002. - Б.363.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: «Астана полиграфия», 2002. - Б.369.

тілінде дауыссыздардан кейін жалғанатын *-ar/-er* және дауысты дыбыспен аяқталатын есептік сан есімнен кейін жалғанатын *-şar/-şer* қосымшалары топтық сан есім жасаушы өнімді қосымшалар болып табылады. Мысалы: *ikişer, üçer, onar, yirmişer* т.б. Қазақ тілінде топтау қызметін сан есімге жалғанатын шығыс септігінің жалғаулары атқарады: *екіден, үштен, алты-алтыдан* т.б.

Қазақ тілінде болжалдық сан есім: а) *-дай/-дей, -тай/-тей* (он бестей, елудей, жүздеу т.б.; ә) *-дап/-деп, -тап/-теп, -лап/-леп* (ондап, үштеп, жүздеп т.б.; б) *-даған/-деген, -таған/-теген* (ондаған, жүздеген т.б.) қосымшалары арқылы жасалады. Ал бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдердің синтаксистік қатынасқа түсуіне қарай айқындалады. Мұнда: а) бірінші сыңар ілік септік жалғауын, екінші сыңар үшінші жақ тәуелдік жалғауын алып тіркеседі: *үштің бірі, онның бесі* т.б.; ә) бірінші сыңар шығыс септік жалғауын алу арқылы, екінші сыңар дара тұрпатта немесе үшінші жақ тәуелдік жалғауын қабылдау арқылы бөлшектік сандар жасалады. Мысалы: *сегізден бір, мыңнан елу; оннан төрті, екіден бірі* т.б. Түрік тіліндегі бөлшектік сан есім бірінші сыңарға жатыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы жасалады: *üçte bir, yüzde otuz, binde sekizi* т.б.

Күрделі сан есімдер дара сан есімдердің қосарлануы немесе тіркесуі арқылы жасалады. А.Ысқақов қазақ тіліндегі күрделі сан есімдер қосылмалы және көбейтімелі жолдармен жасалатынын айтады¹. Мәселен, жиырма бес, он бір тәрізді сан есімдер қосылмалы жол арқылы жасалса, үш жүз, тоғыз мың сандары көбейтімелі жол арқылы жасалған.

Қазақ және түрік тілдерінде күрделі сан есімдер құрамындағы компоненттердің бірігіп келіп, бір ғана сандық ұғымды білдіруімен сипатталады. Екі тілдегі күрделі сан есімдерді іштей: а) негізгі сан атаулары: қазақ тілінде: он тоғыз, жиырма алты, жүз сексен бес, үш мың тоғыз жүз сексен төрт т.б.; түрік тілінде: *on dokuz, yirmi altı, yüz seksen beş, üç bin dokuz yüz seksen dört* т.б.; ә) қосарланған сан атаулары: бес-алты, жиырма-жиырма бес т.б.; түрік тілінде: *beş altı, yirmi yirmi beş* т.б. деп екіге бөлуге болады.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.284.

§ 3. Сан есімнің семантикалық топтары

Қазақ тіл білімінде сан есімдерді семантикалық топтастыруда әртүрлі пікірлер орын алды. Мәселен, А. Байтұрсынов сан есімдерді есептік, реттік және темілдік деп үш топқа, есептік сан есімдердің өзін жай (бір, екі, үш) және жадағай (біреу, үшеу, төртеу т.б.) деп екіге бөледі. Темілдік сан есімдерге жарты, жарым, ширек сөздерін жатқыза келіп, А.Байтұрсынов олардың «нәрсенің бүтіні емес, бөлімтігінің санын көрсететінін» ескертеді¹. Демек, А.Байтұрсыновтың «темілдік» сан есімдерге берген анықтамасы қазіргі бөлшектік сан есімдерге берілетін анықтамаларға жуықтайды. Ә. Хасенов сан есімдерді есептік, реттік, жинақтық-субстантивтік, топтық, бөлшектік, болжалдық-шамалық деп алты топқа жіктейді². Қазіргі қазақ тілінде сан есімдер мағыналық ерекшеліктеріне қарай: есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, топтау сан есімі, болжалдық сан есім, бөлшектік сан есім болып алты топқа бөлінеді.

Сан есімнің мағыналық топтары заттың нақты санын және дерексіз сандық ұғымдарды білдіру сипаты, морфологиялық құрылымы, жасалу жолы, зат есімдермен тіркесуі, өзгеруі жағынан бірдей емес. Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшелігі, құрылымы, түрленуі бар. Мәселен, сан есімнің мағыналық түрлерінің ішінде зат есіммен тікелей байланысқа түсетіні және зат есімдерше түрленуге бейімі – есептік сан есімдер. Ал жинақтық, топтық, бөлшектік сан есімдер заттың сандық мөлшерін білдіргенімен, зат есімдермен тікелей байланыса алмайды. Мәселен, жинақтық сан есімдер зат есімдерсіз, тек солардың орнына қолданылатын болса, топтау сан есімдері заттардың санын топтап көрсеткенімен, зат есімдердің грамматикалық формаларымен түрленбейді.

Зат пен құбылыстың бөлшектік санын білдіретін бөлшектік сан есімдер де сан есімнің басқа мағыналық түрлерінен морфологиялық құрамының күрделілігі жағынан ерекшеленеді.

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б.223.

² Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. - Б.297.

Сан есімдер түрленбейтін сөз табы бола тұрса да, оның кейбір мағыналық топтарының жасалуына септік және көптік жалғаулары араласады. Ы.Маманов қазақ тіліндегі алты-алтыдан, бесінші, он бестер тәрізді сөздердің құрамындағы қосымшаларды «сөз тудырушы емес, сөздің грамматикалық формасын жасаушы бірліктер санатына жатқызудың қажеттігін, сондықтан сан есімдер құрамындағы мұндай грамматикалық формалардың мағыналық қырларын кеңінен қарастырудың маңызды екенін» айтады¹.

Түрік тілінде де сан есімдер іштей есептік, реттік, топтық, бөлшектік, жинақтық болып бес топқа бөлінеді.

Есептік сан есімдер заттың нақты санын, сандық мөлшерін білдіреді. Есептік сан есімдер семантикалық мағынасы мен синтаксистік қызметі жағынан сын есімдерге бір табан жақын сөздер саналады².

Түрік тілінде есептік сан есімдер *asıl sayı sıfatları*, яғни негізгі сан есімдер деп аталады. Екі тілде де сан есімдер дәрежесіне қарай: бірлік (қазақ тілінде: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз; түрік тілінде: *bir, iki, üç, dört, beş, altı, yedi, sekiz, dokuz*), ондық (қазақ тілінде: он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан; түрік тілінде: *on, yirmi, otuz, kırk, elli, altmış, yetmiş, seksen, doksan*), жүздік (қазақ тілінде: екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз, бір жүз; түрік тілінде: *yüz, iki yüz, üç yüz, dört yüz, beş yüz, altı yüz, yedi yüz, sekiz yüz, dokuz yüz*), мыңдық (қазақ тілінде: бір мың, екі мың, үш мың, төрт мың, бес мың, алты мың, жеті мың, сегіз мың, тоғыз мың он мың, жүз мың; түрік тілінде: *bin, iki bin, üç bin, dört bin, beş bin, altı bin, yedi bin, sekiz bin, dokuz bin, on bin, yüz bin*) болып бөлінеді.

Қазақ тілінде бір есептік саны жүз, мың сандарының алдында келіп, бірде айқын, бірде түсіріліп қолданылатын болса, түрік тілінде *bir* саны бұл позицияда мүлдем қолданылмайды: бір жүз үш – *yüz üç, бір мың тоғыз жүз бес – bin dokuz yüz yüz beş*. т.б.

З.Коркмаз түрік тіліндегі *ilk* «алғашқы» және *son* «соңғы» сөздерін есептік сан есімдер тобында қарастыра келіп, «олар

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. - Б.11.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 198.

нақты санды атап көрсетпегенімен, алғашқы және соңғы санды меңзейді» - дейді. Сондай-ақ ол түрік тілінде бір санынан басқа есептік сан есімдер көптік мағынаны білдіре алатындықтан, сан есімді тіркестерде сан есімнің көптік жалғауын қабылдамайтынын, көптің жалғауы сан есімге тіркескен зат есім сөздің соңына жалғанатынын ескертеді¹. Мысалы: *kırk haramiler* «қырық қарақшы», *üç silahşörler* «үш мушкетер».

Екі тілде есептік сан есімдер субстантивтеніп, заттық мағынада жұмсалғанда септік, көптік, тәуелдік жалғаулары сияқты сөз түрлендіруші қосымшаларды қабылдайды. Мысалы: жиырма тоғызға – *yirmi dokuz*, онның бірі – *ondan biri*, бесден алтыға – *beşten altıya*, төртті – *dördü*, алтылар – *altılar* т.б.

Қазақ және түрік тілдерінде бір сан есімінің лексика-семантикалық және грамматикалық сипаты ерекше болып келеді.

Қазақ тілінде бір сан есімі: а) етістіктің алдында күшейткіш мағынада (шерін тарқатып, бір жылап алды); ә) зат есімнің алдына келіп, белгісіздік мағынада (бір ой келді); б) сын есімді тіркесте сындық мағынаны күшейту мәнінде (ең бір әдемі қуыршақ); в) мезгілді, уақытты білдіретін сөздердің алдында болжалдық мәнде (бір күні, бір жолы) жұмсалады. Түрік тілінде де *bir* сөзінің тіркес шеңберінде арқалайтын мағыналық жүктері қазақ тіліндегідей болып келетіні байқалады. Мәселен, *bir* сан есімі: а) етістіктің алдына келіп, қимыл-әрекеттің экспрессиясын күшейтеді: *bir ağladı bir ağladı* «жылағаны сонша». *bir ağladı herkes ayağa kalktı* «бір жылағанда барша жұрт түрегелді». б) белгісіздік есімдігі ретінде қолданылады: *aklına bir düşünce geldi* «бір ой келді». в) сын есімді тіркесте сын есім мен зат есім арасында қолданылады: *güzel bir şehir* «әдемі (бір) қала». г) уақытты, мезгілді білдіретін сөздермен тіркесіп, болжалдық мағынада қолданылады: *bir gün, bir defa* т.б.

Реттік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық ретін білдіреді. Реттік сан есімдер қазақ тілінде есептік сан есімдерге *-ыншы/-інші, -ншы/-нші*; түрік тілінде *-ncı/-nci, -ncül/-ncü* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: екінші сынып - *ikinci sınıf*; он алтыншы қабат – *on altıncı kat*; үшінші қабат – *üçüncü kat*.

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil bilgisi), TDK yay., – Ankara 2003. - S.390.

Реттік сан есімдер іштей дара және күрделі болып бөлінеді. Бір ғана сан атауы негіз болған реттік сан есімдер дара (екінші – *ikinci*, төртінші – *dördüncü*), ал екіден жоғары сан атаулары негіз болған реттік сан есімдер күрделі құрылымды (он алтыншы – *on altıncı*, жиырма төртінші – *yirmi dördüncü*) саналады.

Реттік сан есімдер субстантивтеніп, заттық мағынада қолданылғанда көптік, тәуелдік және септік жалғауларын қабылдайды: біріншілер – *birinciler*, екіншісі – *ikincisi*, төртіншіге – *dördüncüye*.

Заттың, құбылыстың жиынтық санын білдіретін жинақтық сан есімдер қазақ тілінде бір мен жеті арасындағы сан есімдерге *-ау/-еу* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу. Жинақтық сан есімдер зат есімдерсіз жеке қолданылып, заттық мәнге ие болып, әрі сандық, әрі заттық мағынаны бірдей білдіреді¹. Мұндай жағдайда олар зат есімнің көптік, септік және тәуелдік жалғауларын қабылдайды: біреулер, екеуіміз, үшеуіңізде, бесеуі, т.б.

Түрік тілінде қазақ тіліндегідей арнайы жұрнақ арқылы жасалған жинақтық сан есімдер жоқ. Алайда қазақ тіліндегі жинақтық сан есімдер арқалайтын мағынаны түрік тілінде *-z* көптіктің көрсеткішімен келген есептік сан есімдер білдіреді: *ikimiz, üçünüzden, birileri*. Түрік тілінде *-z* жұрнағы жалғанған екіден жетіге дейінгі есептік сан есімдер (*ikiz, beşiz, üçüz*) зат есімнің алдына тіркесіп те, жеке тұрып та жинақтық мәндегі заттық ұғымды да білдіре алады. Жинақтық мән *-z* жұрнағынан кейін *-li/-li, -lu/-lü* қосымшасының тіркесіп келуімен де немесе есептік сан есімге *-li/-li, -lu/-lü* қосымшасының тікелей жалғануы арқылы да көрініс береді: *ikizli badem* «егіз бадам», *beşizli yarışta* «бестік жарыс». *ikili anlaşma* «екі жақты келісім», *yedili şamdan* «жетілік шамдан» т.б.

Топтық сан есімдер заттардың санын топтап көрсетеді де, қазақ тілінде есептік сан есімдерге шығыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы жасалады: екіден, бестен. Қазақ тіліндегі топтық сан есімдер іштей дара және күрделі болып бөлінеді: а) дара топтық сан есімдер: екіден, үштен, оннан, жиырмадан; ә) күрделі сан

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.476.

есімдер: екі-екіден, бес-алтыдан. Шығыс септік жалғауының сан есіммен тіркескен сөзге жалғануы да топтық мағынаны білдіре алады: бес кітаптан, екі-екі қойдан.

Түрік тіліндегі топтық сан есімдер *üleştirme sıfatları* «үлестірмелі сан есімдер» деп аталады да, есептік сан есімдерге *-ar/-er*, *-şar/-şer* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады: *birer elma* «бір-бір алмадан», *beşer kalem* «бес қаламнан», *altışar kişi* «алты кісіден».

Болжалдық сан есімдер заттар мен құбылыстардың санын дәл білдірмей, шамалап, болжалдап, тұспалдап көрсетеді¹ Қазақ тілінде болжалдық сан есімдер синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалады. Болжалдық сан есімдердің синтетикалық жолмен жасалуына мынадай қосымшалар қатысады:

а) *-дай/-дей*, *-тай/-тей*: он бестей, елудей, жүздей. Бұл жұрнақ сан есіммен тіркесетін сөздерге жалғанып та болжам мәнді білдіреді: бес айдай, үш сағаттай, он тоннадай т.б.;

ә) *-дап/-деп*, *-тап/-теп*, *-лап/-леп* қосымшасы арқылы жасалады: ондап, үштеп, жүздеп т.б.;

б) *-даған/-деген*, *-таған/-теген*, *-лаған/-леген* қосымшасы арқылы жасалады: ондаған, жүздеген, бестеген т.б.;

Болжалдық сан есімдер: а) есептік сан есімдердің қосарлануы (бес-алты оқушы, үш-төрт орындық); ә) түбір тұлғалы, барыс немесе шығыс септіктегі есептік сан есімдерге шақты, шамалы, таман, жуық, астам, тарта, таяу сөздерінің тіркесуі (он шақты қой, елуге тарта бөлме, мыңнан астам студент) тәрізді аналитикалық жолдармен жасалады².

Түрік тілінің грамматикаларында сан есімнің болжалдық түрі арнайы көрсетілмейді. Дейтұрғанмен түрік тілінде қазақ тіліндегідей синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалатын болжалдық сан есімдер қолданылады. Мәселен, *он*, *yüz*, *bin* сөздеріне көптік жалғауы мен теңдік септік қосымшалары жалғанған сан есімдерді синтетикалық тәсіл арқылы жасалатын болжалдық сан есімдер ретінде (*onlarca* «ондаған», *yüzlerce*

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – Б.477.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – Б.478.

«жүздеген», *binlerce* «мыңдаған», ал аналитикалық жолмен жасалып, болжалдық мән арқалайтын сан есімдерге: а) есептік сан есімнің қосарлануы арқылы жасалған *beş altı öğrenci* «бес-алты оқушы», *on on beş kalem* «он-он бес қалам». ә) түбір тұлғалы есептік сан есімдер мен *kadar, civarında, fazla, aşkın* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалатын *on kadar* «он шамасында», *yirmi kadar* «жиырма шақты», *on civarında* «онға жуық», *binden fazla* «мыңнан астам», *yirmiüi aşkın* «жиырмадан астам» тәрізді құрылымдарды жатқызуға болады.

Қазақ тілінде бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдердің синтаксистік қатынасқа түсуіне қарай: а) бірінші сыңары ілік септік жалғауымен, екінші сыңары үшінші жақ тәуелдік жалғауымен көмкеріліп келуінен (үштің бірі, онның бесі); ә) бірінші сыңар шығыс септік жалғауын, екінші сыңар жалғаусыз немесе үшінші жақ тәуелдік жалғауын қабылдау арқылы жасалады: сегізден бір, мыңнан елу; оннан төрті, екіден бірі.

Түрік тіліндегі бөлшектік сан есімдерді жасауға жатыс септік жалғауы қолданылады: *üçte bir muz* «үштен бір банан», *yüzde otuz* «жүзден отыз», *binde sekizi* «мыңның сегізі».

Сандық ұғым білдіретін сөздер.

Екі тілде семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін, бірақ сан атауы ретінде қолданылмайтын сөздер бар. Мұндай сан мағыналы сөздердің қазақ тілінде үш түрі кездеседі:

- 1) сан есімнің тура, яғни дәл сан мағынасын білдіретін сөздер;
- 2) абстрактылы сан ұғымды сөздер;
- 3) нумеративтік сөздер¹

Сандық ұғымды білдіретін сөздер «Қазақ грамматикасында» мағыналық тұрғыдан салмақ, көлем, қалыңдық, қашықтық, ұзындық және т.б. топтарға жіктеледі².

Сандық ұғымды білдіретін сөздер лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне сай сан есімдерден басқа да сөз таптарының ішінде қарастырылады. Сан есім қатарында «бір» ұғымын тура мағынасы арқылы білдіретін қазақ тіліндегі жалғыз, дара, жалқы, түрік тіліндегі *yalnız, tek* сөздерін, сонымен қатар «екі» ұғымын

¹ Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. - Б. 300.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – Б.479.

білдіретін қазақ тіліндегі сыңар, егіз, қос, ал түрік тіліндегі *çift* сөзін, «төрттен бір» дегенді білдіретін қазақ тіліндегі ширек, түрік тіліндегі *çeyrek* сөздерін көрсетуге болады. Түрік тілінің морфологиясына қатысты еңбектерде *yarım* «жарым», *biçuk* «жарты, жарым», *çeyrek* «ширек» сөздерін бөлшектік мағына білдіргендіктен бөлшектік сан есімдер ретінде қарастыру орын алады¹.

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S.231.

V ТАРАУ

ЕСІМДІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

§1. Есімдіктердің қазақ және түрік тіл білімдерінде зерттелуі

Лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық ерекшелігі, тілдегі қолданысы жағынан есімдіктер есім сөз таптары қатарынан ерекше орын алады. Есімдіктер сан жағынан аса көп болмағанымен, зат есім, сын есім, сан есімдердің орнын басатын сөз табы ретінде көп жұмсалады. Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын білдірмейді, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады¹. Есімдіктердің нақты мағыналары өздерінен бұрын айтылған сөйлемге немесе сөйлем ыңғайына қарай айқындалады².

Түрік тіліндегі есімдіктерге М.Эргин «заттар атауларының орнына жұмсалатын сөздер» деп³, Т.Н.Генжан «өзінің алдындағы ұғымдардың орнын алатын және айтылғандарды еске салатын сөздер» деп⁴, Т.Бангуоглу «адам немесе зат ұғымында қолданылып, есімнің орнын басатын сөздер»⁵ деп анықтама береді. Есімдіктер үшін түрік тілінде көбінесе *zamir*, кей жағдайда *adil* терминдері қолданылады⁶.

¹ Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. - Б.224.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.207.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.217.

⁴ Gencan T. Dilbilgisi. – Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1979. - S.282.

⁵ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yay., 2007. - S.360.

⁶ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S.147.; Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S.246.

Қазақ тіл білімінде есімдіктер біршама тереңірек зерттелген сөз таптарының бірі деуге болады. Есімдіктердің қалыптасу тарихы, құрамы мен сөзжасам жүйесі, мағыналық сипаты Н.Сауранбаевтың («Есімдіктер»), Ш.Сарыбаевтың («К вопросу о местоимении в казахском языке»), Ә.Төлеуовтің («Қазақ тіліндегі есімдіктер»), Ә.Ибатовтың («Қазақ тіліндегі есімдіктер») зерттеулерінде жан-жақты қарастырылады¹.

Түрік тіл білімінде есімдіктер түрік тілінің грамматикасына арналған еңбектерде, сондай-ақ И.Коджасаваштың «Türkçede Şahıs Zamirleri» («Түрік тіліндегі жіктеу есімдіктері») зерттеуінде жан-жақты сөз болады.

Лексика-семантикалық тұрғыдан есімдіктердің мынадай негізгі белгілерін атап көрсетуге болады:

1. Есімдіктердің мағыналық жақтан жалпылануы өте жоғары дәрежеде болып келеді;

2. Есімдіктер сөйлеушінің сөйлемдегі айтылған ойға, құбылысқа қатысын көрсетуші ретінде әр уақытта субъектімен байланысты болады². Есімдіктің субъектімен байланысы оның мағыналық сипатына әсер етеді. Мәселен, жіктеу, өздік есімдіктерінде оның тура мағынасы көрініс беретін болса, сілтеу есімдіктерінде нұсқаулық мән басым болды т.с.с.

Есімдіктер, мағыналық тұрғыдан жалпылануына қарамастан, қандай сөздің орнына қолданылуына орай сол сөздің негізгі мағынасына сәйкес заттық ұғыммен немесе заттық белгімен ұштасады. Осы ерекшелігіне қарай олар субстантивтік және атрибутивтік есімдіктер болып бөлінеді³. Субстантивтік есімдіктер заттық ұғымды, атрибутивтік есімдіктер заттың белгісін білдіретін сөздер орнына қолданылады.

Субстантивтік есімдіктер көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларымен түрлене алатын болса, атрибутивтік есімдіктер тек субстантивтенген жағдайда ғана аталған грамматикалық формаларды қабылдайды. Н.Оралбай жалпы грамматикалық

¹ Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Павлодар: С.Торайғыров ат.ПМУ, 2008. Б.4.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. - Б.48.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы, 1992. - Б.301.

ұғымдардың түрлеріне қарай есімдіктерді заттық есімдіктер, белгі есімдіктері және сандық есімдіктер деп үш түрге бөледі¹.

Түрік тіл білімінде есімдіктерді зат есімнен ажырататын критерийлердің бірі ретінде оның жұрнақтар арқылы сөз тудыру қабілетінің төмендігі көрсетіледі. Түрік тілінде есімдіктер негіз болған *benlik* «мендік», *senlik* «сендік», *benli senli* «өте жақын араласатындар», *bencileyin* «маған қарағанда», *bensiz* «менсіз», *sensiz* «сенсіз», *onsuz* «онсыз», *buncasık* «осыншама», *şuncasık* «соншама» тәрізді туынды сөздер аз да болса кездеседі².

Есімдіктердің зат есімдерден тағы бір ерекшелігі – олардың *gibi* «сияқты, тәрізді», *ile* «мен (жалғау)», *için* «үшін» шылауларымен тіркескенде ілік септік жалғауын қабылдайтындығында: *benim gibi* «мен сияқты», *onun gibi* «ол сияқты», *şunun gibi* «сол сияқты», *benim için* «мен үшін», *sizin için* «сіз үшін», *şunun için* «сол үшін», *benim ile* «менімен», *seninle* «сенімен». Ал қазақ тілінде есімдіктер тәрізді, сияқты, үшін шылауларымен жалғаусыз тіркеседі: мен үшін, сен үшін, ол үшін, олар үшін, сен сияқты, ол сияқты т.б.

Қазақ тіліндегі есімдіктерді А.Ысқақов байырғы түбір есімдіктер мен соңғы кездері қалыптасқан есімдіктер деп екі топқа бөліп қарастырады³. Алғашқы топқа мен, сен, ол, біз, сіз, қай? кім? не? міне, бұл, осы, сол сияқты тіл дамуының қазіргі деңгейінде бөлшектеп, талдап жатуға келмейтін түбір тұлғалы есімдіктерді, екінші топқа: а) лексикалық жолмен жасалған: бір, бар, біреу, бүкіл, түгел; ә) морфологиялық тәсіл арқылы жасалған: мынау, анау, сонау, барлық, қанша, қандай, нешінші; б) синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған: бірдеңе, бірнеше, кейбіреу, әлдеқашан, әлдеқайда, әрбір, ешкім, ешқайсы тәрізді есімдіктерді жатқызады.

Есімдіктердің түрленуінде, әсіресе септелу жүйесінде бірқатар өзіндік ерекшеліктер орын алады. Ол ерекшеліктер жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінде жиі кездеседі. Синтаксистік қызметі жағынан есімдіктер, орынбасар сөз табы ретіндегі мағыналық ерекшеліктеріне қарай белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады.

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.183.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S.399-400.

³ Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.209.

Атрибутивтік есімдіктер негізінен анықтауыштық қызмет атқарады, тек субстантивтенген кезде ғана басқа сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалатын болса, субстантивтік есімдіктер сөйлемде көбіне тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер қызметін атқарады.

§2. Есімдіктердің мағыналық түрлері

Қазақ тіліндегі есімдіктерді семантикалық тұрғыдан классификациялау Ахмет Байтұрсынұлынан басталады деуге болады. А.Байтұрсынов есімдіктерді мағыналық сипатына қарай беске бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) жіктеу есімдігі; 5) танықтық есімдігі¹ Ғалымның бұл топтастыруында жіктеу есімдігі деп берілетін есімдіктер тобында өз және бәрі, барша тәрізді есімдіктер, ал танықтық есімдіктер қатарында қазір белгісіздік және болымсыздық аталып жүрген есімдіктер көрсетіледі.

Қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктер мағыналық сипатына қарай жеті топқа бөлінеді: жіктеу есімдіктері, сілтеу есімдіктері, сұрау есімдіктері, өздік есімдіктері, белгісіздік есімдіктері, болымсыздық есімдіктері, жалпылау есімдіктері. Есімдіктерді таптастыруда лексика-семантикалық және грамматикалық ұстанымдар негізге алынады.

Түрік тіліндегі есімдіктерді мағыналық сипатына қарай М.Эргин жіктеу есімдіктері, өздік есімдіктері, сілтеу есімдіктері, сұрау есімдіктері, белгісіздік есімдіктері және дәнекер есімдігі деп алтыға², З.Коркмаз мағыналық-функционалдық ерекшеліктеріне қарай жіктеу, өздік, сілтеу, қатыстық, сұрау, белгісіздік есімдіктері және дәнекер есімдігі деп жеті топқа жіктейді.³ Кейбір ғалымдар есімдіктердің жіктеу, сұрау, сілтеу, белгісіздік, өздік есімдіктері деп аталатын бес түрін көрсетеді⁴.

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б.226.

² Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.265-280.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.405.

⁴ Demir N., Yılmaz E. Türk Dili El Kitabı. – Ankara: Grafiker, 2010. - S.223.

Жіктеу есімдіктері/Şahıs zamirleri

Белгілі бір жақтық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі жіктеу есімдігі деп аталады¹. Жіктеу есімдіктері сан жағынан аз болғанымен, өте жиі қолданысқа түсетіндігімен ерекшеленеді.

Қазақ және түрік тілдерінде жіктеу есімдіктері мағыналық-тұлғалық жақтан, жекеше және көпше түрде бір-бірімен біршама сәйкес түсіп жатады: қазақ тілінде: мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар; түрік тілінде: *ben, sen, o, biz, siz, onlar*.

Қазақ тілінде жіктеу есімдіктерінің екінші жағының әрі жекеше, әрі көпше түрлерінде де сыпайы түрлері көрсетіледі. Түрік грамматикаларында ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын екінші жақтың сыпайы түрі, сондай-ақ бірінші және екінші жақтың көпшесінде қазақ тіліндегідей көптік жалғауымен келген қолданыстар (*bizler, sizler*) ескерілмейді. Алайда З.Коркмаз көпше түрдегі бірінші және екінші жақтағы есімдіктерге (*biz, siz*) көптік мағынаны күшейту үшін көптік жалғауының жалғанатынын, жекеше түрдегі екінші *siz* жақтағы есімдігінде «құрмет көрсету» мәні болатынын айтады². М.Эргин *biz, siz* есімдіктері *ben* және *sen* есімдіктерінің сыпайылық көрсету мақсатында қолданылатын жекеше түрлері екенін ескереді³.

Жіктеу есімдіктері әрдайым жақтық ұғыммен байланысып жатады. Бірінші жақ – айтушы, сөйлеуші жақ, екінші жақ – тыңдаушы жақ. Бұлар адамға қатысты болатындықтан екі тілде де кім?/kim? деген сұраққа жауап береді. Ал сілтеу есімдігіне де тән келетін үшінші жақ – бөгде жақ болып табылады да, әрі адамға, әрі басқа затқа байланысты жақ болатындықтан екі тілде де кім?/kim?, не?/ne? деген сұрақтарға жауап береді.

Қазақ тілінде жіктеу есімдіктері былайша септеледі:

Атау: мен, сен, ол, біз, сіз, сендер, сіздер, олар

Лік: менің, сенің, оның, біздің, сіздің, сендердің, сіздердің, олардың

¹ Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. - Б.225.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.406.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.267.

Барыс: маған, саған, оған, бізге, сізге, сендерге, сіздерге, оларға

Табыс: мені, сені, оны, бізді, сізді, сендерді, сіздерді, оларды

Жатыс: менде, сенде, онда, бізде, сізде, сендерде, сіздерде, оларда

Шығыс: менен, сенен, одан, бізден, сізден, сендерден, сіздерден, олардан

Көмектес: менімен, сенімен, онымен, бізбен, сізбен, сендермен, сіздермен, олармен.

Ал түрік тілінде жіктеу есімдіктері:

Атау: *ben, sen, o, biz, siz, onlar*

Лік: *benim, senin, onun, bizim, sizin, onların*

Барыс: *bana, sana, ona, bize, size, onlara*

Табыс: *beni, seni, onu, bizi, sizi, onları*

Жатыс: *bende, sende, onda, bizde, onlarda*

Шығыс: *binden, senden, ondan, bizden, onlardan*

Көмектес: *benimle, seninle, onunla, bizimle, sizinle, onlarla*

Теңдік: *bence, sence, onca, sizce, onlarca* түрінде септеледі.

Ә.Ибатов қазақ тіліндегі мен, сен, ол жіктеу есімдіктерінің септелуіндегі ерекшеліктердің бес түрін атап көрсетеді¹:

1) ілік, барыс, табыс, шығыс септіктерінде түбір сөздің соңғы н дыбысының түсіп қалуы;

2) мен, сен түбірлерінің барыс септігінде ма(н), са(н) болып өзгеріске түсуі;

3) барыс септіктің *-ған* формасында келуі;

4) көмектес септігінде *-ы, -і* дыбыстарының пайда болуы;

5) ол есімдігінің соңғы л дыбысының септік жалғауларын қабылдауда н дыбысына айналуы.

Жіктеу есімдіктері жіктік жалғауларын алып, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады.

Қазақ тілінде жіктеу есімдіктері: менмін, сенсің, сізсіз, ол, бізбіз, сендерсіңдер, сіздерсіздер, олар; ал түрік тілінде: *benim, sensin, o, biziz, sizsiniz, onlar* болып жіктеледі. Жіктеу есімдіктері екі тілде де тәуелденбейді.

¹ Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Павлодар: С.Торайғыров ат.ПМУ, 2008. - Б.73-74.

Сілтеу есімдіктері /İşaret zamirleri.

Сілтеу есімдіктері сілтеу, нұсқау, меңзеу, көрсету мағыналарын білдіреді де, қазақ тілінде қай? қайсы? түрік тілінде *hangi?* деген сұрақтарға жауап береді.

Қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктері: бұл, сол, ол, осы, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне.

Түрік тіліндегі сілтеу есімдіктері: *bu, şu, o, bunlar, şunlar, onlar*. Соңғы үш сілтеу есімдігі негізгі үш есімдіктің (*bu, şu, o*) көптік жалғау қабылдаған түрі болып табылады.

А.Ысқақов қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктерінің мағыналарын екі тұрғыдан қарау керектігін, біріншіден сілтеу есімдіктерінің кеңістік аралықты немесе топографиялық кеңістікті, екіншіден уақыт аралығын немесе хронологиялық мерзімді білдіретіндігін атап көрсетеді¹. Топографиялық кеңістікті білдіру тұрғысынан жақындағы затты немесе құбылысты сілтеп көрсету үшін осы, бұл, мына, мынау, осынау, міне есімдіктері қолданылса, бұларға қарағанда алысырақ тұрған зат пен құбылыстарды нұсқау үшін ол, сол, ана, анау, сонау, сона, түү есімдіктері қолданылады.

Түрік тілінде сөйлеушіге ең жақын зат немесе құбылысқа *bu*, одан сәл алыстауларына *şu*, ең алыс, ұзақ қашықтықта орналасқан заттарды (құбылысты) нұсқап көрсету үшін *o* сілтеу есімдігі қолданылады.

Сілтеу есімдіктері субстантивтенген жағдайда көптік, тәуелдік және септік жалғауларын қабылдайды. Сілтеу есімдіктері көптік жалғауын қабылдағанда қазақ тілінде бұл, сол, ол сөздеріндегі соңғы л дыбысы түсіп қалатын болса, түрік тілінде *bu, şu, o* сөздерінің соңында, көптік жалғаудың алдында прономинал *n* дыбысы пайда болады. Мысалы: қазақ тілінде: бұлар, солар, олар т.б.; түрік тілінде: *bunlar, şunlar, onlar*.

Сілтеу есімдіктері жекеше түрде бірінші, екінші және үшінші жақта тәуелденген жағдайда қазақ тілінде сілтеу есімдіктерінің түбіріндегі л дыбысы н дыбысына алмасады, ал көпше түрдегі бірінші, екінші және үшінші жақта көптік жалғау болғандықтан н дыбысына алмаспайды. Мысалы: бұным, бұның, бұныңыз, бұнысы, бұларың, бұларыңыз, бұлары. Көпше түрдегі бірінші

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.213.

жақ кейде көптік жалғауынсыз қолданыла беретіндіктен екі жағдайда да кездеседі: бұнымыз/бұларымыз. Түрік тілінде сілтеу есімдіктері дәнекер *n* дыбысы арқылы тәуелденеді: *bunim, bunin, bunusu, bunimiz, bununuz, bunlari*. көптік жалғауын қабылдаған кездегідей пайда болады.

Қазақ тілінде сілтеу есімдіктерінің заттанып, септелген кездегі төрт ерекшелігін ғалым С.Исаев төмендегідей атап көрсетеді¹:

1) бұл, сол, ол сілтеу есімдіктері мен, сен, ол жіктеу есімдіктері сияқты септеледі. Мұнда: а) ілік, табыс, шығыс септіктерде түбірдегі *л* дыбысы түсіп қалады; ә) жатыс септікте түбірде *л* дыбысы *н*-ға айналады; б) көмектес септікте түбір мен жалғаудың арасында *-ы* дәнекері пайда болады (дұрысында түбірдегі *л* дыбысы түсіп қалып, көмектес септік жалғауы ілік септіктің дыбыстық өзгеріске түскен *-ны* (*н*) тұлғасының үстіне жалғанады); е) барыс септік жалғауы түбірдегі *л* дыбысы түсіп қалған түбірге *-ған* түрінде жалғанады;

2) барыс септік жалғауы *-ған* түрінде осы, мына, ана деген сілтеу есімдіктеріне де жалғанады;

3) жатыс септікте осы сілтеу есімдігіне *-нда* жалғауы жалғанады;

4) бұл сілтеу есімдігінің түбірі ілік, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде мұ түрінде де қолданылады. Қазақ тілінде сілтеу есімдіктері төмендегідей септеледі:

Атау: бұл, осы, ана

Ілік: бұның, осының, ананың

Барыс: бұған, осыған, анаған

Табыс: бұны, осыны, ананы

Жатыс: бұнда, осыда, анада

Шығыс: бұдан, осыдан, анадан

Көмектес: бұнымен, осымен, анамен

Түрік тіліндегі сілтеу есімдіктері былайша септеледі.:

Атау: *bu, şu, o*

Ілік: *bunun, şunun, onun*

Барыс: *buna, şuna, ona*

Табыс: *buni, şuni, onu*

¹ Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. - Б.228.

Жатыс: *bunda, şunda, onda*

Шығыс: *bundan, şundan, ondan*

Көмектес: *bununla, şununla, onunla*.

Сұрау есімдіктері/Soru zamirleri.

Жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қойылған сұрақтар сұрау есімдігі болады¹.

Қазақ тіліндегі сұрау есімдіктеріне: кім? не? қай? қайсы? қандай? неше? қанша? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан? қайдағы? қашанғы? т.б., ал түрік тілінде сұрау есімдіктері: *kim? ne? nere* «қай жер», *nereye* «қайда», *neden* «неден, неліктен», *nereden* «қайдан», *kaç* «қанша», *kaçıncı* «нешінші», *hani* «қане», *hangisi* «қайсы, қайсысы» т.б. түрлерде кездеседі.

З.Коркмаз түрік тіліндегі *kim? ne? nere?* сұрау есімдіктерінің негізгі сұрау есімдіктері екенін айтатын болса², М.Эргин сұрау есімдіктері ретінде тек *kim?* және *ne?* есімдіктерін көрсетеді, бұлардан басқа сұрау сын есімдері тәуелденіп (*hangisi? kaçı?*), сұрау есімдігі қызметінде қолданылады деп біледі³.

Сұрау есімдіктері септеледі, тәуелденеді, көптік және жіктік жалғауларын қабылдай береді. Десе де қазақ тілінде кім? не? қайсы? нешеу? сұрау есімдіктерінен басқалары тәуелденбейді. Түрік тілінде *kim? ne? kaç? kaçıncı? hangi?* сұрау есімдіктері ғана тәуелденеді.

Қазақ тіліндегі кейбір сұрау есімдіктері былайша тәуелденеді: кімім?/нем? кімің?/нең? кіміңіз?/неңіз? кімі?/несі? кіміміз?/неміз? кімдерің?/нелерің? кімдеріңіз?/нелеріңіз? кімдері?/нелері?

Түрік тілінде *kim? ne?* сұрау есімдіктері *kimim?/neyim? kimin?/neyin? kimi?/nesi? kimimiz?/neyimiz? kiminiz?/neyiniz? kimleri?/neleri?* болып тәуелденеді. Түрік тіліндегі *ne?* сұрау есімдігі дауысты дыбысқа аяқталғандықтан, тәуелденгенде *net, nep, netiz, nepiz* түрінде емес, *neyim, neyin, neyimiz, neyiniz* болып өзгереді. Үшінші жақта ғана *neyi* орнына бұрынғыдай *nesi* түрі қолданылады.

¹ Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. - Б.228.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.441.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.278.

Сұрау есімдіктерінен қазақ тілінде тек кім? не? неше? дегендер, түрік тілінде *kim? ne? kaç? kaçınсі? hangi?* сұрау есімдіктері көптік жалғауын қабылдайды.

Қазақ тілінде кім? не? қайсы? нешеу? сұрау есімдіктері ғана септелсе, түрік тілінде *kim? ne? kaç? kaçınсі? hangi(si)? nere?* септік жалғауларын қабылдайды.

Сұрау есімдіктерінен қазақ тілінде кім? не? қандай? қанша? қалай? нешінші? қайсы? нешеу?, ал түрік тілінде *kim? ne? kaç? kaçınсі? hangi? nere?* жіктеледі.

Қазақ тіліндегі кім? сұрау есімдігі былайша жіктеледі: кіммін? кімсің? кімсіз? кім? кімбіз?/кімдерміз? кімдерсіңдер? кімдерсіздер? кімдер? Осы сұрау есімдіктерінің түрік тіліндегі баламаларының жіктелуі мынадай болып келеді: *kimim? kimsin? kim? kimiz? kimsiniz? kimler?*

Қазақ тілінде кім, не, неше тәрізді кейбір сұрау есімдіктері:

Атау: кім? не? неше?

Ілік: кімнің? ненің? нешенің?

Барыс: кімге? неге? нешеге?

Табыс: кімді? нені? нешені?

Жатыс: кімде? неде? нешеде?

Шығыс: кімнен? неден? нешеден?

Көмектес: кіммен? немен? нешемен? түрінде септеледі. Түрік тілінде *kim?* сұрау есімдігінің тәуелденуі мен жіктелуі сыртқы тұрпат меже тұрғысынан бірдей болып келеді: *kimim?* Осы сұрау есімдігі көмектес септік жалғауын қабылдаған кезде, алдымен ілік септік, содан кейін көмектес септіктің жалғауы жалғанады: *kiminle? kim?* сұрау есімдігі жіктеу есімдіктеріндей *gibi, için* шылауларымен қолданылғанда ілік септік жалғауымен түрленеді: *kimin gibi* «кім тәрізді», *kimin için* «кім үшін».

Түрік тілінде *kim? ne? nere?* сұрау есімдіктері төмендегідей септеледі:

Атау: *kim? ne? nere?*

Ілік: *kimin? neyin? nerenin?*

Барыс: *kime? neye? nereye?*

Табыс: *kimî? neyi? nereyi?*

Жатыс: *kimde? nede? nerede?*

Шығыс: *kimden? neden? nereden?*

Көмектес: *kiminle? neyle? nereyle?*

Өздік есімдігі /Dönüşlülük zamiri.

Қазақ тілінде өз, түрік тілінде *kendi* сөзі өздік есімдігі болады. Бұл есімдік тәуелденіп, септеліп, көптеліп те қолданылады. Жіктеу есімдіктерінің немесе зат есімнің орнына жүре алатындығымен ерекшеленеді. Өздік есімдігі тәуелденген соң септеліп, жіктеледі.

А.Ысқақов өздік есімдігінің тәуелдеулі формасының қолданысында екі түрлі ерекшелікті атап көрсетеді¹:

1) жіктеу есімдіктері қабаттасып та (тіркесіп те), қабаттаспай да қолданылады. Өздік есімдігі тәуелдіктің қай жағында тұрса, қабаттасатын жіктеу есімдігі де сол жақта қолданылады (өзім – мен өзім, өзіміз – біз өзіміз);

2) тәуелдеулі өздік есімдік сөйлемде бастауыш болса, жақ жағынан жіктік жалғауды тікелей өзіне бағындырады (өзім келдім, өзіңіз келдіңіз).

Түрік тілінде *kendi* өздік есімдігі тәуелденіп барып, септеледі. Үшінші жақта әрі тәуелдеулі (*kendisi*), әрі тәуелдеусіз (*kendi*) түрі қолданылады. Үшінші жақтағы өздік есімдігіне септік жалғаулары жалғанбастан бұрын, прономинал *n* дыбысы жалғанады. Өздік есімдігі жіктелген кезде, оның үшінші жақта тәуелдеулі түрі бірінші және екінші жақта тәуелдеулі түріне қарағанда көбірек қолданылады.

Қазақ тіліндегі өздік есімдігі былайша жіктеледі: өзіммін, өзімсің, өзімізсіз, өзім; өзіңмін, өзіңсің, өзіңізсіз, өзің; өзімін, өзісің, өзісіз, өзі; өзімізбіз, өзімізсіңдер, өзімізсіздер, өздеріміз.

Түрік тіліндегі өздік есімдігі *kendisiyim, kendisisin, kendisi, kendisiyiz, kendisisiniz, kendileri* болып жіктеледі.

Қазақ тілінде өздік есімдігі:

Атау: өзім, өзің, өзі

Ілік: өзімнің, өзіңнің, өзінің

Барыс: өзіме, өзіңе, өзіне

Табыс: өзімді, өзіңді, өзін

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.218.

Жатыс: өзімде, өзіңде, өзінде

Шығыс: өзімнен, өзіңнен, өзінен

Көмектес: өзіммен, өзіңмен, өзімен деп септеледін болса, түрік тілінде өздік есімдігі былайша септеледі:

Атау: *kendim, kendin, kendisi*

Ілік: *kendimin, kendinin, kendisinin*

Барыс: *kendime, kendine, kendisine*

Табыс: *kendimi, kendini, kendisini*

Жатыс: *kendimde, kendinde, kendisinde*

Шығыс: *kendimden, kendinden, kendisinden*

Көмектес: *kendimle, kendinle, kendisiyle*

Белгісіздік есімдіктері/Belirsizlik zamirleri.

Зағтар мен құбылыстарды нақты білдірмей, белгісіз етіп, жорамалдап, тұспалдап айтатын сөздер белгісіздік есімдіктері деп аталады.

Қазақ тіліндегі белгісіздік есімдіктерінің жасалуына бір, әр, әлде сөздері ұйтқы болады¹: біреу, кейбіреу, кейбір, қайбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме, біраз, бір, әр, әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әрқашан, әлдекім, әлдене, әлдеқайда, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан, кімде-кім.

Түрік тіліндегі белгісіздік есімдіктеріне келетін болсақ, З.Коркмаз белгісіздік есімдігі болатын сөздердің өте аз екенін, бұларға негізінен *adam* «ер кісі», *insan* «адам», *kimse* «ешкім» сөздерімен бірге, парсы тілінен енген *herkes* «барлығы», араб тілінен енген *falan* «пәлен», *filan* «пәленше», *şey* «нәрсе» сөздері жататынын, кейбір белгісіздік сын есімдері, сұрау есімдіктері мен үстеулерге тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы жасалатынын (*başkası* «басқасы», *bazısı* «кейбіреуі», *biri* «біреу», *çoğu* «көбі», *hepsi* «барлығы», *kimisi* «кейбірі», *kimisi* «кейбіреуі», *gerisi* «қалғаны», *öbügü* «басқасы, анауы», *öteki* «анау», *topu* «баршысы», *tütü* «барлығы». айтады². З.Коркмаз *büyükü* «үлкені», *büyükleri* «үлкендері» сөздерін белгісіздік есімдіктері қатарында қарастырады. Бұл сөздер сан жағынан немесе жас

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.219.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S.433.

тұрғысынан белгісіз болып, нақтыланбағанымен, сөйлеушінің немесе түсіндірушінің ойындағысының өзінен немесе өздерінен үлкен біреулер туралы екенін жеткізеді. Сол себепті үлкені деген сөзбен қатар кішісі деген сөзді де белгісіздік есімдігі деп қарастыруға тура келеді.

Басқа ғалымдар да белгісіздік есімдіктері ретінде *kimse* «кім болса да, ешкім», *biri* «біреу», *bazısı* «кейбіреуі», *başkası* «басқасы», *hepsi* «барлығы», *falan* «пәлен», *filan* «пәленше», *şey* «нәрсе» сөздерін көрсетеді¹. Сонымен, түрік тіліндегі белгісіздік есімдіктері ретінде *biri* «біреу», *bazısı* «кейбіреуі», *kimisi* «кейбірі», *bir kaçı* «бірнешеуі», *bir çoğu* «біршамасы», *her biri* «әр бірі, әрқайсысы», *herkes* «әркім», *falan* «пәлен», *filan* «пәленше» сөздерін көрсетуге болады.

Қазақ тіліндегі белгісіздік есімдіктерінің төрт ерекшелігін ғалым С.Исаев былай деп көрсетеді²: 1) әлде, әр, кей, қай, бір сөздері екінші есімдіктермен (біреу, кім, не, бір, қашан, қалай, қайда, аз) тіркескенде, бірге жазылады да, басқа сөз таптарымен (мысалы, зат есімдермен) тіркескенде бөлек жазылады; 2) біреу, кейбіреу, қайсыбіреу, бірдеме, әрне, кімде-кім, әлдекім, әркім, әлдене тәрізді белгісіздік есімдіктер зат есім орнына жұмсала отырып, көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдайды; 3) қайсыбір, кейбір, әр, әрбір, қайбір деген белгісіздік есімдіктер сын есім орнына жұмсалып, әлденеше, бірнеше, біраз деген белгісіздік есімдіктер сан есім орнына қолданылады; 4) әрқашан, әрқалай, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқайдан деген белгісіздік есімдіктері үстеу мәнінде мезгіл, мекен мағыналарын білдіреді.

Болымсыздық есімдіктері.

Болымсыздық есімдіктері қазақ тілінде еш деген сөзбен негізінен кім, қашан, қандай, қайдан, қайда, қайсы тәрізді есімдіктерінің бірігуі арқылы жасалады да, бірге жазылады. Қазақ тілінде еш, ешкім, ештеме, ештеңе, ешбір, ешқашан,

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.279.; Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S.256.

² Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. - Б.232.

ешқандай, ешқайсы, дәнеңе, дәнеме тәрізді сөздер болымсыздық есімдіктері болып табылады.

Түрік тілінің морфологиясына арналған зерттеулерде есімдіктің болымсыздық түрі арнайы көрсетілмейді. Алайда қазақ тіліндегі есімдіктердің жіктелісін басшылыққа алатын болсақ, түрік тілінде *hiç* «еш» сөзімен жасалған сөздерді болымсыздық есімдіктері ретінде тануға болады: *hiçkimse* «ешкім», *hiçbir şey* «ештеме», *hiçbir* «ешбір», *hiçbiri* «ешбірі, еш қайсысы», *hiçbir zaman* «ешқашан». Түрік тіліндегі *hiçkimse* «ешкім», *hiçbiri* «ешбірі, еш қайсысы» тәрізді сөздерді З.Коркмаз белгісіздік есімдіктері санайды¹.

Қазақ тіліндегі ешкім, ешқайсы, ештеңе, дәнеңе зат есімнің орнына; ешқандай, ешбір сын есімнің орнына; ешқашан, ешқайдан үстеу немесе мезгілдік, мекендік мағынаны білдіретін сөздердің орнына қолданылады².

Жалпылау есімдіктері.

Жалпылау есімдіктері екі не одан да көп заттар мен құбылыстарды жинақтау, жалпылау үшін қолданылады.

Қазақ тілінде бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, түгел, тегіс сөздері жалпылау есімдіктері болатын болса, түрік тілінде белгісіздік есімдіктері ретінде қарастырылатын *hepsi* «бәрі», *tümü* «барлығы», *tamamı* «бүкілі», *çoğu* «көбі» сөздерін жалпылау есімдіктері ретінде көрсетуге болады.

Жалпылау есімдіктері көптеледі, септеледі және тәуелденеді. Жіктік жалғауын қабылдамайтын жалпылау есімдіктерінің субстантивтенген түрлері тәуелденіп, септеледі.

Түрік тілінде *hepsi* «бәрі», *tümü* «барлығы», *tamamı* «бүкілі», *çoğu* «көбі» сөздерінің сыртында «байланыстырушы есімдік» деп аталатын парсы тілінен енген *ki* қолданылады. «Байланыстырушы есімдік» бір сөзбен екінші сөзді, бір сөз тіркесімен екінші сөз тіркесін немесе бір сөйлеммен екінші сөйлемді байланыстыру қызметін атқарады. Мұндай байланыстырушы қызметті түрік тілінде бұрындары *kim* сөзі атқарғанын айта келіп, М.Эргин

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.439.

² Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. - Б.231.

Османлы дәуірінің аяқ жағына қарай парсы тілінен енген *ki* элементінің қолданыс аясының кеңеюі салдарынан түрік тіліндегі төл «байланыстырушы *kim*» есімдігі ығысып, оның орнын *ki* басқанын және *ki* элементін «байланыстырушы шылау» деп тану орынды болатынын айтады¹

1 Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.280.

VI ТАРАУ

ЕТІСТІК ЖӘНЕ ОНЫҢ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

§1. Етістіктің қазақ және түрік тіл білімдерінде зерттелуі

Етістік деп қимыл-әрекетті, қалып пен күйді білдіретін, етіс, рай, шақ, жақ, сан, болымсыздық категорияларын арнайы морфологиялық тұлғалар жүйесі арқылы білдіре алатын сөз табы аталады¹

Етістікті есім сөздерден бөліп алып, жеке сөз табы ретінде қарауға негіз болатын оның сөз тудыру тәсілдері, болымды және болымсыз түрлері, сабақты және салт етістік, етіс, сипат (көрініс) категориялары, шақ пен рай, есімше мен көсемше т.б. ерекшеліктері бар².

Етістік – ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формаларының алуан түрлілігінен, олардың арақатынасынан, грамматикалық категорияларынан, сөзжасам жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемдегі қызметінен т.с.с. лексика-грамматикалық қасиеттерінен көрінеді.

Қазақ тіліндегі етістіктер теориялық және қолданбалы бағыттарда: 1) оқу бағдарламалары мен оқулықтар деңгейінде; 2) жеке зерттеу мақалалары деңгейінде; 3) кандидаттық, докторлық диссертациялар деңгейінде; 4) кең көлемді монографияларда;

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. - Б.137.

² Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. - Б.38.

5) қазақ тілі грамматикаларында; 6) түркітанудың жекелеген мәселесі қатарында қарастырылды.

Соңғы жылдарда етістіктің әрбір категориясы да арнайы зерттеу нысанына алынып, тілдік мол фактілермен толықтырылуда. Мұндай зерттеулердің теориялық-методологиялық негізіне Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, Ы.Маманов, А.Әбілқасымов, А.Ысқақов, С.Исаев, Н.Оралбаева, А.Қалыбаева т.б. белгілі ғалымдардың қазақ морфологиясына, соның ішінде етістік сөз табына қатысты қағидаттары, ой-тұжырымдары, пікірлері алынады.

Қазақ тіл біліміндегі етістік сөз табына арналған зерттеулерге жасалған шолу етістікке қатысты анықтамаларда пікір қайшылықтары барын байқатады. Мәселен, С.Исаев «Қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіретін сөз табы деген пікір дұрыс емес, етістік қимылдың атын емес, нақ өзін білдіреді, ал қимылдың атын етістіктің кейбір тұлғалары (қимыл есімі не тұйық етістік) білдіреді» дейді¹. Н. Оралбай қимыл ұғымын етістіктің жалпы мағынасымен байланыстырады².

Түрік тілінде етістік туралы пікірлер: 1) оқу бағдарламалары мен оқулықтар деңгейінде; 2) жеке зерттеу мақалалары деңгейінде; 3) магистрлік, PhD докторлық диссертацияларда; 4) кең көлемді монографияларда; 5) түрік тілі грамматикаларында; 6) түркітану саласындағы еңбектерде көрініс береді. Етістік сөз табы А.Б.Ержиласун, К.Ераслан, З.Коркмаз, Г.Гүлсевин, К.Үстүнова, Ж.Керимоглу, А.Илькер, А.Бензер т.б. ғалымдардың зерттеулерінде арнайы сөз болады. Соңғы кездері түрік тіл білімінде етістіктің категорияларының әрқайсысын зерттеудің дербес нысанына алып, оларды тереңдеп қарастыруға бағытталған зерттеулер саны көбеюде.

Түрік тіл білімінде етістікке берілетін анықтамалар көп жағдайда бір-бірімен орайлас болып келеді. Мәселен, З. Коркмаз: «Етістік нақты және абстрактілі зат пен ұғымдармен байланысып жататын әртүрлі іс-қимыл, әрекет пен жағдайды білдіреді» дей келіп, «етістік есімге тәуелді сөз түрі, өйткені жалғыз өзі қолданыла алмайды. Етістік білдіретін іс-қимылдың мағынасы

¹ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б.238.

² Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.201.

ол есім сөзбен бірге болғанда ғана ашылады, байқалады» дейді¹ Ал М. Эргин етістікке «іс-қимылды білдіретін сөздер» деген қысқаша анықтама береді².

Етістіктің сөз табы ретіндегі ерекшеліктері, ең алдымен, етістіктің түбір тұлғасының лексикалық, грамматикалық сипатына байланысты болып келеді.

Қазіргі қазақ тілінде етістіктің түбір тұлғасы (мейлі ол негізгі немесе туынды түбір болсын) етістіктің кейбір грамматикалық категориясының формаларымен, атап айтқанда, бұйрық райдың 2-жақ анайы тұлғасымен тұрпат, меже тұрғысынан сәйкес келеді. Сондықтан қазақ тілінің грамматикалық құрылым-құрылысына арналған зерттеулерде «етістіктің түбіріне қимылды білдірумен бірге бұйрықтық және 2-жақ анайы жекешелік мағына тән» деп көрсетіледі. Мәселен, Н.Оралбаева: «Бұйрық мағына түбір етістіктің өзінде берілген, сондықтан бұйрықтың қай жаққа қатысын білдіру үшін етістікке тек жіктік жалғау жалғанады» десе, Ә.Төлеуов: «Етістіктің морфологиялық белгілері мынадай: етістіктің түбірі 2-жақтың бұйрық райы болады да, оның басқа түрлері осы формасына қосымшалар қосылу арқылы жасалады. Яғни оның морфологиялық категориялары бұйрық райдан өрбіп жатады» деген пікір айтады.³ Ал А.Хасенова «Түбір сөз немесе түбір тұлға деп аталатын термин тұрғысынан қарағанда, етістіктің басқа сөз таптарынан өзіндік ерекшеліктері бар. Ол мейлі негізгі не туынды түбір (біт, өкін, өйтіп, өйтпегенде), дара не күрделі (біліп ал) тұлғаларда келгенмен, шақ, рай т.б. грамматикалық категориялардың арнайы формалары қосылмағанның өзінде сол категориялардың белгілі мағынасында қолданылады. Осы келтірілген әрбір етістік 2-жақтың анайы түріне қаратыла айтылып (сен оны біліп ал), бұйрық рай, келер шақ мәнін береді. Былайша айтқанда, бұл грамматикалық мағыналар етістік түбіріне тән қасиеттер деп саналады» дейді⁴.

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.527.

² Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.280.

³ Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы, 1982. - Б.72.

⁴ Хасенова А. Етістіктің лексика –грамматикалық сипаты. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. - Б. 38-39.

Ғалымдардың пікірі бойынша, 2-жақ бұйрықтық (оған қоса келер шақтық) мағына етістік түбіріне тән саналады да, «етістіктің түбірі» ұғымы етістіктің 2-жақ бұйрық райы (сонымен қоса тұлғасы да) деген ұғыммен бірдей болып белгіленеді. Десе де бұйрық райдың 2-жағы – жіктелу үлгісінің бір көрінісі, яғни сөйлеу процесі нәтижесінде пайда болатын грамматикалық мағына¹. С.Исаев: «Бір ұғымды, яғни етістіктің белгілі бір тұлғадағы грамматикалық мағынасын және оны білдіретін грамматикалық форманы бірде етістіктің түбір тұлғасы, енді бірде бұйрық райдың 2-жақ анайы тұлғасы деп екі түрлі атаудың қажеттілігі жоқ. Өйткені біріншіден, бұл екеуі бір ғана грамматикалық құбылыс болса, оны бір-ақ түрде атау керек. Екіншіден, бұйрықтық, жақтық мағына болса, онда ол тұлға етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының (рай) бір грамматикалық түрі (бұйрық рай) бола алмас еді. Етістіктің түбірі білдіретін мағына – етістіктің барлық басқа тұлғаларында сақталып тұратын қимылды білдіру мағынасы да, ал 2-жақ бұйрықтық мағына етістіктің белгілі сөздермен сөйлемде белгілі бір қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын мағына» дейді².

Олай болса, біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы тұрпаты жағынан ғана сәйкес келетін тілдік ерекшелік. Екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, етістіктің түбір тұлғасы белгілі бір мағынаны (қимыл) білдіргенімен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларымен (есімше, көсемше т.б.) көмкеріліп, оның үстіне жіктеліп, барып жұмсалады³. Түрік тіліндегі етістіктің осы тақылет сәйкес ерекшелігі туралы З. Коркмаз да былай дейді: «Етістіктер түбір күйінде есіммен байланыса алмайды. Етістік тек жалғау алғанда ғана есіммен байланысады»⁴

Етістіктің сөз табы ретіндегі тағы бір ерекшелігі – оның күрделі грамматикалық сипаты мен түрлену тұлғасында. Осы

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.496.

² Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б.239.

³ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б.245.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.527.

орайда етістіктің грамматикалық категорияларының атқаратын қызметтері мен етістік жүйесіндегі орны ерекше. Жалпы басқа сөз таптарымен салыстырғанда, етістік – грамматикалық категорияларға бай сөз табы.

Етістіктің грамматикалық категорияларының бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер етістіктің грамматикалық формаларының етістік түбіріне үстейтін мағыналарының табиғатынан, түрлену жүйесінен көрінеді. Осыған сай олар бірнеше топқа бөлініп, қарастырылады. Мәселен, Ғ.Әбуханов етістік категорияларын лексика-семантикалық және грамматикалық деп екі топқа бөліп, лексика-семантикалық категорияларға болымды, болымсыз етістік, көсемше, есімше, салт, сабақты етістік, етіс түрлерін, ал грамматикалық категорияларға етістіктің шақтарын, рай түрлерін жатқызады¹ Ал А.Ысқақов «етістік формаларының жүйесін» төмендегідей бірнеше грамматикалық категорияларға бөледі: 1) етістік негізі; 2) қимыл атауы категориясы; 3) салттылық-сабақтылық категориясы; 4) етіс категориясы; 5) болымдылық және болымсыздық категориясы; 6) амалдың өту сипаты категориясы; 7) есімшелер категориясы; 8) көсемшелер категориясы; 9) рай категориясы; 10) шақ категориясы²

С.Исаев етістіктің грамматикалық категорияларын топтастыруда, жіктеуде кездесетін пікір қайшылықтарына тоқтала келіп, етістік тұлғасының жүйесін, оның грамматикалық сипатын түсіну үшін етістіктің сөйлемде қолданылу ерекшеліктеріне назар аудару қажет екенін ескертеді. Ол етістіктің грамматикалық категориясын іштей лексика-грамматикалық және таза грамматикалық категориялар деп екіге бөліп, алғашқысына салт-сабақты етістік, етіс, күшейтпелі етістік немесе көрініс, болымсыз етістік категорияларын; екіншісіне рай, шақ, жақ немесе жіктеу категорияларын жатқызады³.

Қазақ тілінде етістіктің грамматикалық категориялары бір-бірімен тығыз байланыста болып келеді. Мәселен, қимыл есімі

¹ Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1982. - Б.137-149.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.274.

³ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. - Б.265.

(тұйық етістік) семантикалық сипаты жағынан зат есімге жақын болғандықтан, етістіктің грамматикалық категорияларына бейтарап болып келетін болса, есімше мен көсемше етістіктің шақ категориясының жасалуына негіз болады. Сол себепті есімше мен көсемше формалары өзара жеке грамматикалық категория жасауға негіз болатын етістіктің ерекше формалары деп аталады, ал тұйық етістік бүтіндей басқа сөз табының грамматикалық сипатын ғана көрсететін айрықша түрі саналады¹.

Қазақ тіліндегі етістіктерді грамматикалық семантикасына және соған сәйкес қалыптасқан негізгі функциясына қарай А.Ысқақов үш салаға бөледі²:

1. Негізгі лексикалық мағынасын толығымен сақтап, дербес грамматикалық қызметін түгелімен атқаратын түбір етістіктер: аз, айт, ас, аш, бақ, кір, күл т.б.;

2. Негізгі лексикалық мағынасын толық сақтағанымен, басқа жетекші (негізгі) етістікпен тіркескенде, лексикалық мағынасын жартылай не бүтіндей жоғалтатын жәрдемші (әрі жетекші, әрі көмекші) етістіктер: ал, бар, баста, бер, бол, де, ет, жат, жүр т.б.;

3. Тек қана грамматикалық мағынада келіп, бірыңғай көмекші есебінде ғана жұмсалатын етістіктер: е, еді, екен, жазда т.б.

Қазақ тіліндегі етістіктің қолданылуында жетекші (негізгі) етістік пен көмекші етістіктің тіркесі ерекше қызмет атқарады.

Жетекші етістіктер толық лексикалық мағынаны, яғни қимыл атауын білдірсе, көмекші етістіктердің өзіне тән лексикалық мағынасы болмайды. Сол себептен де олар жеке дара жұмсалмай, тек жетекші етістіктердің екінші сыңары ретінде ғана қолданылады. «Қазақ грамматикасында» жетекші етістіктердің бірнеше белгілері көрсетіледі. Олар: 1) лексикалық мағынасының болуы; 2) көмекші етістікпен тіркесінде үнемі бірінші тұруы; 3) көмекші сөздермен де, көмекші сөздерсіз де қосымшаларды қабылдауы; 4) морфемдік құрамының әртүрлі болып келуі³.

Көмекші етістіктер күрделі етістіктің құрамында есімше, көсемше тұлғаларында қолданылып, қимылдық ұғымды

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.504-505.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.225.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 534 –535.

білдіретін жетекші етістіктерге түрлі грамматикалық мағына үстейді.

Мағынасына және қызметіне қарай көмекші етістіктер әртүрлі топтастырылады. Мәселен, А.Байтұрсынов оларды «құр көмекші, күй көмекші, е көмекші» деп, М.Балақаев «нағыз көмекшілер мен шала көмекшілер» деп¹, Қ.Жұбанов «төтенше кеміс (е, де, бол, шығар), толық (ал, сал, қал, жібер)» деп², Ғ.Әбуханов «арнаулы, ауыспалы» деп³, А.Ысқақов «толымды және толымсыз»⁴ деп бөледі. Қазақ тіліндегі көмекші етістіктер лексикалық мағынасы болмайтын мәнсіз көмекші етістіктер (е, ет, де, жазда) және әрі негізгі, әрі көмекші етістік мәнінде қолданылатын мәнді көмекші етістіктер болып та бөлінеді⁵. А.Ысқақов әрі негізгі, әрі көмекші етістік мәнінде қолданыла алатын көмекші етістіктерді толымды көмекші етістік деп, лексикалық мағынасынан толығымен айрылған еді, екен, емес тұлғаларында қолданылатын е- көмекші етістігін толымсыз көмекші етістік деп жіктей келе, бол, ет, қыл етістіктерін өзге көмекші етістіктерден ажыратып, олардың есімдерден құранды етістіктер тудыратын көмекшілік қызмет атқаратынын атап өтеді⁶.

Көмекші етістіктер қимылдың жүзеге асуын нақты сипаттап, дәл көрсетуде ерекше қызмет атқаратындығы белгілі.

Тілдің морфологиялық құрылымының дамуының нәтижесінде бастапқы лексикалық мағынасынан ажырап, таза грамматикалық қызмет атқаруға көшкен ал, бақ, бар, баста, бер, бол, біл, біт, жазда, жат (ыр), жөнел, жүр, жібер, де, еді, екен, емес, ет, кел, көр, қал, қой, қыл, отыр, өт, сал, таста, тұр, шық тәрізді көмекші етістіктер саны қазақ тіліндегі шамамен отыз шақты деп есептеледі⁷.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысында көмекші етістіктерге тікелей қатысты болып келетін, амалдың өту сипатын

¹ Алтаева А. Көмекші етістіктердің семантикасы. – Алматы: Арыс, 2006. - Б.35.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - Б.386.

³ Әбуханов Ғ. Қазақ тілі лексика, фонетика, морфология және синтаксис. – Алматы: Мектеп, 1982. - Б.135.

⁴ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.246.

⁵ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б.253.

⁶ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.246-248, 265-267.

⁷ Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. - Б.536.

білдіретін етістіктердің аналитикалық формасының орны ерекше. Қимылдың даму процесіндегі көмекші етістіктің грамматикалық мағыналарының ерекшелігін анықтау аналитикалық формант танымының қалыптасуына негіз болды. Сөздің аналитикалық формасы, соның ішінде етістіктердің аналитикалық формалары мәселесі қазақ морфологиясында соңғы жылдары арнайы зерттеле бастады. Н.Оралбаева қазақ тіліндегі етістіктерге тән аналитикалық форманттардың грамматикалық табиғатын айқындай келіп, формант құрамына енетін бірінші элемент – негізгі етістікке жалғанатын аффикс те, екінші элемент – көмекші етістік екендігін айтады¹

Түрік тілінің грамматикаларында етістік түбірі (негізгі не туынды түбір болсын) жазуда дефис арқылы *aç-*, *gir-*, *çık-*, *otur-* көрсетіледі де, сөйлеу кезінде бұйрық райдың екінші жағымен шатастырылмауы үшін тұйық етістік түрінде, яғни *açmak*, *girmek*, *çıkmak*, *oturmak* деп атап айтылады²

Түрік тіліндегі етістіктерді З.Коркмаз мағыналық тұрғыдан *esas filler* (негізгі етістік) және *yardımcı filler* (көмекші етістік) деп екіге бөледі. Негізгі етістіктің жеке тұрғанда мағынасы болады, ал көмекші етістік тек есім сөзбен бірлесіп келіп, белгілі бір мағынаны білдіре алады³. Түрік тіліндегі *et-*, *ettir-*, *edil-*, *edin-*, *eyle-*, *ol-*, *olun-*, *bul-*, *bulun-*, *kıl-*, *kılın-*, *buuyur-* тәрізді көмекші етістіктер есім сөзбен тіркесіп, құранды етістік жасайды: *teşekkür et-* «алғыс айту», *tamir ettir-* «жөндету», *bilgi edin-* «мәлімет алу», *arz eyle-* «өтіну», *temnün ol-* «риза болу», *kabul olun-* «қабылдану», *namaz kıl-* «намаз оқу», *kabul buuyur-* «қабыл ету» т.б.

§2. Етістіктің морфологиялық құрылымы

Қазақ және түрік тілдеріндегі етістіктерді морфологиялық құрылымы жағынан жалаң және күрделі деп екіге, жалаң етістіктердің өзін іштей құрылымына қарай түбір және туынды деп екі топқа жіктеуге болады.

¹ Оралбаева Н. Аналитические формы глагола в современном казахском языке, автореферат док.диссертации. – Алма –Ата, 1971.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.527-528.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.533.

Түбір етістіктер – ары қарай морфологиялық бөлшектеуге келмейтін етістік формалары. Мысалы: қазақ тілінде: аш, бар, бас, бол, де, жет, же, жаз, тол т.б.; түрік тілінде: *aç-, var-, bas-, ol-, de-, yet-, ye-, yaz-, dol-* т.б.

Туынды етістіктер деп арнайы жұрнақтар арқылы жасалатын етістіктер аталады. Екі тілде де туынды етістіктер есім негізді және етістік негізді болып келеді. Мұнда есім сөздерден етістік тудыратын жұрнақтарға қазақ тілінде: *-ла-, -ле, -да-, -де, -та, -те; -лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен; -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес; -лат, -лет, -дат, -дет; -а, -е; -ай, -ей, -й; -қар, -кер, -зар, -гер; -ар, -ер, -р; -ал, -ел, -л, -ыл, -іл; -ық, -ік; -сы, -сі; -ымсы, -імсі; -сын, -сін; -сыра, -сіре; -ыра, -іре; -ырай, -ірей* қосымшалары жататын болса, түрік тілінде есімнен етістік тудыратын жұрнақтар ретінде *-а, -е; -al, -el; -an, -en; -ar, -er; -aş, -eş; -at, -et; -da, -de; -k; -l; -la, -le; -lan, -len; -laş, -leş; -msa, -mse; -r; -ra, -re; -sa, -se; -si, -si* қосымшаларын көрсетуге болады. Бұлардың арасынан есім сөздерден етістік тудыратын екі тілге ортақ жұрнақтар ретінде:

- жалпытүркілік **-la/-le* қосымшасына барып саятын қазақ тіліндегі *-ла/-ле* (алты дыбыстық варианттағы) мен түрік тілінде тек екі фонетикалық вариантта қолданылатын *-la, -le* қосымшаларын;

- жалпытүркілік **-la, -le* жұрнағынан өрбіген қазақ тіліндегі *-лан/-лен, -дан/-ден, -тан/-тен*, түрік тіліндегі *-lan/-len* қосымшаларын;

- жалпытүркілік **-la, -le* жұрнағынан өрбіген қазақ тіліндегі *-лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес* пен түрік тіліндегі *-laş/-leş* қосымшаларын;

- қазақ тіліндегі *-al/-e* мен түрік тіліндегі *-al/-e* қосымшаларын;

- қазақ тіліндегі *-ar/-er/-p* мен түрік тіліндегі *-ar/-er* қосымшаларын;

- қазақ тіліндегі *-al/-el/-л* мен түрік тіліндегі *-al/-el* қосымшаларын;

- қазақ тіліндегі *-сы/-сі* мен мен түрік тіліндегі *-si/-si* қосымшаларын көрсетуге болады.

Етістіктен етістік тудыратын жұрнақтар амалдың өту сипаты мен етіс категорияларының тұлғалары болғандықтан, олардың

дені екі тілге ортақ жұрнақтар болып табылады. Етістіктен етістік тудыратын жұрнақтарға қазақ тілінде: *-ла, -ле, -да, -де, -та, -те; -қыла, -кіле, -ғыла, -гіле; -мала, -меле, -бала, -беле, -нала, -неле; -қышта, -кіште, -ғышта, -гіште; -ыңқыра, -іңкіре, -ңқыра, -ңкіре; -ымсыра, -імсіре; -с, -ыс, -іс; -т, -тыр, -тір, -дыр, -дір; -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз; -ыл, -іл, -л; -ын, -ін, -н*, ал түрік тілінде: *-а, -е; -ala, -ele; -ar, -er; -k, -ik, -ik; -mala, -mele; -maş, -meş; -dir, -dir, -dur, -dür, -tır, -tir, -tur, -tür; -dar, -der; -l; -n; -r; -ş; -t* қосымшалары жатады.

Күрделі етістіктер.

Қазақ тілінде негізгі етістік көсемше, есімше, шартты рай тұлғаларына көмекші етістіктер және негізгі етістік түбірге *-ғы, -гі, -қы, -кі* қосымшаларының тәуелденген тұлғасына кел көмекші етістігінің тіркесуінен жасалып, бір ғана етістіктің орнына жұмсалатын етістіктің түрі күрделі етістік болып табылады¹ Қазақ тіліндегі күрделі етістіктер: 1) кесімді күрделі етістік, 2) босаң күрделі етістік, 3) бейімдік күрделі етістік, 4) қалау мәнді күрделі етістік деп төртке бөлінеді².

Күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістік лексикалық мағынасынан кейде толығымен, кейде жартылай айрылады да, етістіктің таза грамматикалық категорияларының бірінде қолданылады.

Түрік тіліндегі күрделі етістік: 1) есім сөздермен *etmek, edilmek, olmak, olunmak, eylemek, kılınmak, uarmak* көмекші етістіктерінің тіркесуінен; 2) белгілі формаларда тіркескен екі бөлек етістіктің тіркесуінен жасалады³.

§3. Салт - сабақтылық категориясы

Салт-сабақтылық категориясы етістіктің жалпы грамматикалық мағынасына қатысты қимыл-әрекетті, амалды білдірумен қатар, семантикалық жағынан сол қимылға, әрекетке, амалға қатысты тура немесе жанама объектіні де қажет етеді. Бұл

¹ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б.247.

² Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1966. - Б. 61 – 63.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.530.

категорияның етістіктің басқа категорияларынан басты ерекшелігі – арнайы грамматикалық тұлғаларының болмауы, ал өзіне қатысты мағынасы семантикалық сипаты арқылы беріледі.

Қазақ тіл білімінде етістіктің салт-сабақтылық түрі бұрынғы кейбір еңбектерде жеке категория ретінде қаралмағанымен, етіс категориясының ішінде аталғаны байқалады¹ А.Байтұрсынов етістіктің салт-сабақты түрін «сабақты етіс дейміз – еткен іске бір нәрсе сабақтаулы болса; салт етіс дейміз – өткен іске сабақталып, байланып тұрған нәрсені болмаса» деген анықтамамен етістер құрамында береді².

Сабақты етістік әр уақытта тура объектіні талап етіп, табыс септікті сөзбен тікелей байланысып, оны меңгереді, ал салт етістік тура объектіні қажет етпейді, табыс септікті сөзбен байланыспай қолданылады³. Мысалы: сабақты оқы, хатты жаз, киноны көр, т.б.

Түрік тіліндегі салт-сабақтылық категориясы *geçişli-geçişsiz fiiler* деп аталады. М.Эргин бұл категория туралы: «Етістік түбірі немесе негізі екі түрлі іс-қимылды білдіреді. Бұлардың біреуінде қимыл сыртқа қарай бағыттталып, әсер ететін объектінің субъектіге қатысы болмайды. Бұларды *geçişli fiiler* «сабақты етістік» дейміз. Екіншісінде қимыл ішке қарай бағыттталады, яғни қимыл субъектіге бағыттталады. Бұлар *geçişsiz fiiler* «салт етістік» болады» дейді⁴. З.Коркмаз етістіктің түбір және негіздеріне етіс қосымшалары жалғануы арқылы пайда болатын салт және сабақтылық грамматикалық категория ретінде етіс категориясы құрамында қаралуы қажет деп біледі⁵. Бұл пікір етіс категориясының объектіге қатысы тұрғысынан өзектелуінде де көрініс береді. Мәселен, М.Хенгермен түрік тіліндегі етістерді объектіге байланысты етіс және субъектіге байланысты етіс деп екіге бөледі де, салт және сабақты етістіктерді етіс категориясының ішіндегі объектіге байланысты етіс ішінде қарастырады⁶. Сайып

¹ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г. т.б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Print –S, 2005. - Б.318.

² Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б.231.

³ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б.267.

⁴ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.282.

⁵ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.543.

⁶ Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S.203.; Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 543.

келгенде, түрік лингвистерінің көбісі етістіктің салт-сабақтылық категориясын етіс категориясы құрамында қарастыратыны байқалады¹.

Қазақ тілінде бірдей айтылатын етістіктер тек сабақты немесе тек салт мәнде болуына байланысты көп мағыналы етістік; бірде салт, бірде сабақты болуына байланысты омоним, яғни бөлек-бөлек сөз (етістік) болып бөлінетіндігі ескеріледі². А.Хасенова қазақ тіліндегі бір буынды сөздердің (етістіктердің) лексика-семантикалық ерекшеліктері және сөйлемде атқаратын қызметі жағынан көбінесе омоним түбірлер немесе көп мағыналы болып келетінін айтады³. Қазақ тіліндегі бұл құбылыс етістіктердің семантикалық қырларының тілдің дамуы барысында жетіле түсуіне, кейбір етістіктердің әрі салт, әрі сабақты болып келуіне байланысты болады⁴. Қазақ тілінде бірде салт, бірде сабақты болып келіп, омонимдік қатар құрайтын етістіктердегі мағыналық айырмашылықты былайша көрсетуге болады: жүкті артты – салмағы артты, шашты тарады – үйлеріне тарады. Түрік тілінде осы етістіктерді алып қарайтын болсақ, олардың бірде салт, бірде сабақты болып келуі байқалмайды: жүкті артты – *yükleđi*, салмағы артты – *kilo aldı, şişmanladı*; шашты тарады – *saçtı taradı*; үйлеріне тарады – *evlerine dağıldı*.

Етіс аффикстері арқылы негізгі және туынды түбір салт және сабақты етістіктерден жаңа мағыналы туынды түбір салт немесе сабақты етістіктер жасалады. Өздік және ырықсыз етіс қосымшалары сабақты етістіктерден жаңа мағыналы туынды түбір салт етістік жасайды: бу, жу, тазала, тара деген тура объектімен айтылатын сабақты етістіктер өздік етісте: жуын, тазалан, таран болып; ырықсыз етістікте: қағаздар буылды, қора тазаланды, шаш таралды болып салт етістікке айналады. Ал өзгелік етіс аффикстері жаңа мағына бере отырып, салт

¹ Gencan T.N. Dilbilgisi. – Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1979. - S.329.; Bilgegil K. Türkçe Dilbilgisi. – İstanbul: Dergah, 1984. S.278; Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. – Ankara: Engin, 2002. - S.203.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.506.

³ Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. - Б.232.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 506.

етістікті сабақты етістікке айналдырады: кел, жүр, ұш, өт деген салт етістік негіздерінен машинаны келтір, жүргіз, ұшыр, өткіз тәрізді сабақты етістік жасалады¹.

Түрік тілінде де етіс аффикстерінде осындай ерекшелік байқалады. Өздік және ырықсыз етіс аффикстері сабақты етістіктерден туынды түбір салт етістік жасайды: *kapa, yıka, temizle, tara* сабақты етістіктері *kapandı, yıkandı, temizlendi, tarandı* болып салт етістікке айналса, өзгелік етіс аффикстері салт етістікті сабақты етістікке айналдырады: *geldi- getirdi, yürüdü-yürüttü, uçu- uçurdu, geçti-geçirdi*.

Өзгелік етіс жұрнағымен келген туынды түбір сабақты етістік өздік және ырықсыз етіс қосымшалары арқылы қайтадан салт етістікке айнала алады. Қазақ тілінде: жүргізді – жүргізілді, ұшырды – ұшырылды, өткізді – өткізілді болып өзгерсе, түрік тілінде де *getirdi-getirildi, yürüttü-yürütüldü, uçurdu-uçuruldu*.

§4. Болымдылық-болымсыздық категориясы

Қимыл, іс-әрекеттің іске асу, аспауын етістіктің арнайы грамматикалық амал-тәсілдері арқылы жасалған тұлғалары білдіреді. Етістік білдіретін іс-әрекеттің болмауы етістіктің түбірлеріне, етіс тәрізді лексика-грамматикалық категориялардың тұлғаларына қазақ тілінде *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе*; түрік тілінде *-та, -те* қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады. Бұл қосымша арқылы тек етістіктің болымсыздық түрі ғана емес, етістіктің болымсыздық категориясы да жасалады².

Болымсыздық мән қазақ тілінде аналитикалық жолмен де беріледі: 1) есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғасы жалғанған етістікке жоқ модаль сөзі; 2) есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен; -атын, -етін, -йтын, -йтін; -ар, -ер, -р; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* тұлғалары жалғанған етістіктерге емес көмекші етістігінің тіркесуі арқылы. Болымсыздық категориясы етістіктің лексика-

¹Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. – Б.250-251.

²Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 511.

грамматикалық категориясы болғандықтан бұлар болымсыздық категориясына кірмейді¹

Түрік тілінде етістіктің болымдылық-болымсыздық категориясы жеке аталып көрсетілмегенімені, сөз тудырушы жұрнақтар арасында ғана *-та, -те* қосымшасының өзі жалғанатын сөзге болымсыз мән үстейтіндігі айтылады². З.Коркмаз болымсыздық мән арқалайтын *-та, -те* жұрнағы *i-* (*i-di, i-miş, i-se*) толымсыз көмекші етістіктен басқа барлық етістіктердің түбіріне жалғанатынына назар аударады: *git-me-yen* «бармаған», *çık-ta-di* «шықпады», *gör-me-yecek* «көрмейді».

Түрік тіліндегі болымсыздық жұрнағы осы шақтың қосымшасының әсерінен дыбыстық өзгеріске ұшырайды, яғни қосымшадағы ашық дауысты дыбыс етістік түбіріндегі соңғы дауысты дыбыстың ыңғайына қарай қысаңданады. Мысалы: *gel-me-yor > gel-mi-yor* «келмейді», *yüz-me-yorum > yüz-mü-yorum* «жүзбеймін», *boz-ta-yorsun > boz-tu-yorsun* «бұзбайсың», *bak-ta-yor > bak-tı-yor* «қарамайды». Болымсыздық мәнді қосымшада жүрілетін осындай дыбыстық өзгеріс келер шақ пен қалау райдың бірінші жағында және *-an, -en-* есімше жалғауы жалғанғанда да байқалады, алайда бұл өзгеріс тек айтылымда ғана байқалады да, жазуда көрсетілмейді: *yaz-ta-yacak /yaztıyacak/* «жазбайды», *git-me-yeyim /gitmiyim/* «бармайын», *söyle-me-yen /söylemiyen/* «айтпаған».

Түрік тілінде де қазақ тіліндегідей етістікте болымсыздық мән аналитикалық жолдар арқылы да беріледі. Мұнда негізінен *değil* «емес (түгіл)» шылауы көбінше *-acak, -ecek; -mış, -miş, -muş, -müştü* тұлғаларымен келген етістікке тіркесіп болымсыз мағынаны білдіреді: *gidecek değiliz* «баратын емеспіз», *birakmış değilsin* «тастаған емессің», *okuycak değilim* «оқитын емеспін. Егер *değil* шылауы болымсыздықтың *-та, -те* қосымшасымен тіркескен есімше тұлғасынан кейін келсе, етістікке болымдылық мағына дарытады: *söylemeyecek değiliz* «міндетті түрде айтамыз», *getirmemiş değilsiniz* «әкелген болуыңыз керек, әкелгенсіз».

Қазақ тіліндегі күрделі етістіктер құрамында болымсыздық қосымшасы кейде негізгі, кейде көмекші етістікке жалғануына

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.511.

² Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. – S.200-201.

қарай белгілі бір стильдік жүк атқарады: қарамай жүр, істемей қалды, қарап жүрме, істеп қалма, сұрап қоймады. Ал күрделі етістіктер құрамында негізгі және көмекші етістіктің екеуіне де жалғанса, болымдылық мәнге ие болып, өзгеше стильдік мәнде жұмсалады: беріспей кетпеді, оқымай қоймады т.б.

§5. Етіс категориясы

Етіс – қимыл, іс-әрекеттің субъекті мен объекті арасындағы әртүрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын семантикалық–синтаксистік сипаттағы етістік категориясы¹.

Егер салт етістік пен сабақты етістіктер өзара мағынасы мен синтаксистік қызметі жағынан ажыратылса, етіс түрлері өзара белгілі бір грамматикалық формалары арқылы ерекшеленеді.

Етіс жұрнақтары семантикалық тұрғыдан сөзжасам қосымшаларына жақын болып келеді. Етіс қосымшалары туынды негіздер жасап, жаңа сөз тудыру қызметінде де (табысу, келісу, айттыру т.б.), етістіктің мағынасын толығымен өзгертпей, түбір етістік білдіретін мағынаға үстеме мән қосу арқылы сөйлемде субъект пен объект арасындағы қатынасты өзгерту қызметінде де (оқы, оқыл, оқытқыз) жұмсалады.

Түрік тілінде де етіс жұрнақтары етістіктің түбіріндегі немесе негізіндегі басты мағынаны өзгертпей, тек қана грамматикалық қызмет атқаратыны айтылады².

Етіс жұрнақтарының сөзжасамдық қабілетін ескеріп, түрік тілін зерттеуші кейбір мамандар оларды етістік тудырушы жұрнақтар қатарында көрсететін болса³, енді біреулері етіс жұрнақтарын сөзжасамдық та, сөз түрлендіруші де қосымшалар емес, сөзжасам және сөзтүрлендіру жүйелеріаралық тұлғалар санайды⁴.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 507.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 538.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S. 319 – 321.

⁴ Grunina E. Fiil Çatısı Üzerine // TDAY Belleten 1997, Ankara: TDK Yay, 2000. - S. 197.

Етіс категориясы салт және сабақты етістік ұғымдарымен де тікелей байланысып жатады. Бұл байланыс салт етістіктің сабақтыға, сабақты етістіктің салт етістікке ауысуындағы етіс жұрнақтарының қызметінен көрінеді. Етістердің бұл қызметі етістерді топтастыруда «салт және сабақты етіс» аталатын топтың етіс категориясынан орын алуына негіз болады¹.

Қазақ тіліндегі етістер жұрнақтарының түрлеріне, олардың мағыналары мен қызметтеріне қарай бұрындары: 1) негізгі етіс; 2) ортақ етіс; 3) өзгелік етіс; 4) ырықсыз етіс; 5) өздік етіс болып беске бөлініп келген болса², соңғы кездердегі зерттеулерде «негізгі етіс» деп аталатын етіс түрінің етістіктің түбірінен (негізгі түбір, туынды түбір, күрделі түбір) семантикалық-тұлғалық табиғаты және басқа сөздермен байланысы тұрғысынан ешбір айырмашылығы жоқ екені, сондықтан «негізгі етіс» аталатын етіс категориясының түрі бола алмайтыны айтылады³. Демек қазіргі қазақ тілінде етістер мағынасы және тұлғасына қарай: 1) өздік етіс; 2) өзгелік етіс; 3) ырықсыз етіс; 4) ортақ етіс болып төртке бөлінеді⁴.

Түрік тілінде етістер (*çatı ekleri*): 1) *etken* «негізгі етіс». 2) *edilgen* «ырықсыз етіс». 3) *dönüşlü* «өздік етіс». 4) *işteş* «ортақ етіс». 5) *ettirgen* «өзгелік етіс» болып беске жіктеледі. Кейбір зерттеулерде бұлардың сыртында етістің *meçhul çatı (öznesiz çatı)* «белгісіз/бастауышы жоқ етіс» деп аталатын алтыншы түрі көрсетіледі. Бұл жерде ырықсыз етістің сабақты етістіктен жасалатындығы, ал белгісіз етістің салт етістіктен (*I*l, -(U)l, -(I)n, -(U)n жұрнақтары арқылы жасалатындығы ескеріледі⁵. Етістің бұл түрімен жасалған баяндауышы бар сөйлем бастауышсыз болады. Мысалы: *Dün pikniğe gidildi* «Кеше пикникке барылды». *Toplantıda bu konudan söz edildi* «Жиналыста осы тақырып бойынша сөз қозғалды». Ал кейбір еңбектерде *olumsuz görünüş* «болымсыз етіс/аспект»

¹ Gencan T.N. Dilbilgisi. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1979. - S. 329. Bilgegil K. Türkçe Dilbilgisi. İstanbul: Dergah, 1984. - S. 278.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 283.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 508 - 509.

⁴ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 38.

⁵ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 549.

атауымен болымсыздық қосымшасымен жасалған болымсыз етістік алтыншы етіс түрі ретінде көрсетіледі¹

Түрік тілінде бес етіс түрінің бірі саналатын негізгі етіске (*etken çatı*) «іс қимылдың тікелей объект тарапынан істелгендігін көрсететін етіс түрі» деген анықтама беріледі². Негізгі етіс үшін түрік тілінде *etken çatı* терминінен басқа да, айталық, *ilk fiil tabanı* «етістіктің алғашқы түбірі», *yalın görünüş* «жалаң/қарапайым аспект», *asil çatı* «негізгі етіс» тәрізді терминдер қолданылады.

Өздік етіс (*dönüşlü çatı*).

Өздік етіс істелген істің орындаушысына бағытталғанын білдіреді. Өздік етістің қосымшалары қазақ және түрік тілдерінде бір-біріне толық сәйкеседі: қазақ. -ын/-ін-, -н- // түрік. -n-, -in/-in-, -un/-ün-. Мысалы: Қазақ тілінде: киінді, таранды, мақтанды, шешінді т.б.; түрік тілінде: *giyindi, tarandı, övündü, soyundu* т.б.

Қазақ тілінде өздік етістің қосымшалары қимыл, іс-әрекет субъектінің өзіне қарай бағытталатын сабақты етістіктерге ғана жалғанады, ал айт, оқы, бер, ағыт, ат сияқты сабақты етістіктерден өздік етіс жасалмайды³. Өздік етістің көрсеткіштеріне -лан/-лен-, -дан/-ден-, -тан/-тен- тәрізді құранды қосымшаларды да жатқызатын пікірлер де кездеседі⁴. Алайда Ы.Маманов: «Бұл қосымшалар арқылы жасалған намыстану, мейірлену, шаттану, жандану, булану сияқты етістіктерді сыртқы тұлғасына қарап, өздік етіс деуге болмайды, мұнда -н- дербес морфемалық қызмет атқармайды» дей келіп, тіптен көріну, тартыну, бөліну сияқты сыртқы тұлғасы жағынан өздік етісті бірліктерге ұқсайтын етістіктерде өздік мәннің жоқ екенін, бұл етістіктер барлық затқа, құбылысқа ортақ қолданыла беретінін айтады⁵.

Ал түрік тіліндегі өздік етісті А.Н. Кононов: «1) глаголы собственно-возвратного залога, 2) глаголы общевозвратного залога, 3) глаголы косвенно-возвратного залога» деген үш түрлі разрядқа жіктей келіп⁶, бірінші разрядта көрсеткен *уікантак*

¹ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. - S. 411.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 545.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 509.

⁴ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б. 277.

⁵ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 38.

⁶ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва-Ленинград: Академия наук СССР, 1956. - С. 194-195.

«жуыну», *giyinmek* «киіну», *soyunmak* «шешіну» тәрізді етістіктер субъектіге бағытталған қимыл-әрекетті білдіретінін, ал екінші разрядтағы *sevinmek* «қуану, сүйіну», *eğlenmek* «көңіл көтеру», *bakınmak* «жан-жағына қарау» сияқты етістіктер қимыл-әрекетті жасаушының тікелей өзіне қатысты екенін, ал үшінші топтағы етістіктерде субъект тарапынан өз мүддесі үшін істелген іс-әрекеттік мағына болатынын айтады және бұл етістіктердің сабақтылық мәнді сақтап қалатынына назар аударады: *Ben de seni evlat edindim* «Мен де сені асырап алдым». *İstanbul'a geçmeği adet edinmiştik* «Ыстамбұлға баруды әдетке айналдырдық».

Ырықсыз етіс (*edilgen çatı*).

Ырықсыз етіс қимыл мен іс-әрекеттің өздігінен орындалғандығын білдіреді. Мысалы: қазақ тілінде: жиналды, айтылды, басталды, жазылды, тазаланды т.б.; түрік тілінде: *açıldı* «ашылды», *alındı* «алынды», *başlandı* «басталды», *duyuldu* «естілді», *okundu* «оқылды» т.б.

Ырықсыз етістің қосымшалары қазақ және түрік тілдерінде бірдей болып келеді. Қазақ тілінде ырықсыз етістің -ыл-, -іл-, -л- қосымшалары негізгі жұрнақтар саналады. Мұның сыртында етістіктің түбірі л дыбысына бітсе оған ырықсыздың -ын-/ -ін-, -н- қосымшалары жалғанады. Түрік тілінде де -l-, -il-/ -il-, -ul-/ -ül- қосымшалары ырықсыз етістің негізгі қосымшалары болып есептеледі. Ал түрік тілінде ырықсыз етістің -n-, -ın-/ -in-, -un-/ -ün- қосымшасының түбірге жалғануында қазақ тілімен салыстырғанда аздаған айырмашылық байқалады. Мұнда -n-, -ın-/ -in-, -un-/ -ün- қосымшасы қазақ тіліндегідей л дыбысымен аяқталған етістіктің түбіріне ғана емес, сонымен қатар дауысты дыбыспен аяқталған түбір-негіздерге де жалғанады. Мұндай жағдайларда етістің ырықсыз не өздік етіс екендігі контекстіге қарай, немесе ырықсыздық мәнді күшейту үшін -n-, -ın-/ -in-, -un-/ -ün- қосымшасына үстемеленген -l-, -il-/ -il-, -ul-/ -ül- қосымшасы (*bul-un-ul-* «табылу», *de-n-il-* «деліну», *söyle-n-il-* «айтылу» т.б.) негізінде ажыратылады.

Қазақ тілінде ырықсыз етіс қосымшасы жалғанған сабақты етістік салт етістікке айналады. Қазақ тілінде де бірдей болып келетін қосымшаның өздіктің немесе ырықсыз етістің

қосымшалары екені контекстіге қарай ажыратылады. Бірықсыз етіс өздік етіспен салыстырғанда әлдеқайда өнімді, көп қолданылатын тұлға¹

Ортақ етіс (*işteş çatı*).

Қимыл-әрекеттің бірден көп субъект арқылы жүзеге асатындығын білдіретін ортақ етістің қазақ тілінде -ыс-/-іс-, -с- тұлғалы, ал түрік тілінде -ş-, -іш-/-іш-, -уш-/-üş- тұлғалы қосымшалары бар.

Қазақ тіліндегі ортақ етіс арқалаған мәнде іс-әрекеттің субъектілерінің қимылға ортақтығы бірдей де, бірдей емес те болуы мүмкін, осыған орай ортақ етіс қосымшалары салт етістікке де, сабақты етістікке де жалғана береді². Ортақ етіс тұлғасындағы етістіктің субъектілермен қатысы контекске байланысты әр түрлі мағынада болады³:

1. Субъектілердің бір-біріне қарама-қарсы бағытталған іс-әрекеттерін білдіреді: сүзісу, тебісу, құшақтасу т.б.;

2. Қимылды орындаушының бірі қимылға түп ие болады да, екіншісі оған көмекші болып келеді. Ортақ етістің бұл мәні сабақты етістіктен жасалғанда пайда болады: еден жуысты, перде тағысты т.б.

3. Салт етістік түбірінен болған ортақ етіс тұлғасы қимыл иесінің көптігін білдіреді: отырысу, мінісу, шуласу т.б.

4. Ортақ етіс қазақ тілінде қимыл атауын білдіруге бейім келеді⁴. Мысалы: соғыс, айтыс, жүріс, байланыс.

Түрік тіліндегі ортақ етіс тұлғасындағы етістік те контекске байланысты әр түрлі мағына бере алады:

1. Бірнеше субъектінің бір іс-әрекетті өзара қарама-қарсы жүзеге асырғандығын білдіреді: *bak-ış-* «қарасу», *kucakla-ş-* «құшақтасу», *selamla-ş-* «сәлемдесу», *bul-uş-* «кездесу» т.б.

2. Бір іс-әрекетті бірнеше субъектінің бірлесе отырып, жұмыла атқарғандығын білдіреді: *ağla-ş-* «жыласу», *bağır-ış-* «бақырысу», *koş-uş-* «жүгірісу» т.б.

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 39.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 511.

³ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 47.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 511.

Қазақ тілінде ортақ етіс бір субъектінің екінші субъектінің іс-әрекетті жүзеге асыруына көмек беруін білдіретін болса (қағысу, тексерісу т.б.), түрік тіліндегі ортақ етіс қосымшалары мұндай мән арқаламайды.

Ғалымдар түрік тілінде қазіргі кезде актив қолданыстағы *alış-* «бой үйрену», *çalış-* «жұмыс істеу», *değiş-* «өзгеру», *eriş-* «жету», *giriş-* «кірісу», *uğraş-* «айналысу», *uyuş-* «ұйысу, (аяқ қол) ұю» сияқты ортақ етіс мағынасынан ажыраған етістіктерде өздік етіс мәнінің басымырақ екенін¹, ортақ етіс қосымшаларының кейде ортақтықты білдіретін мәнінен ажырап, өздігінен болатын іс-қимыл білдіретін *dönüş-*, *tutuş-*, *dolaş-* тәрізді туынды етістік жасайтынын айтады². Қазақ тілінде де ортақ етіс мәнінің кейбір етістіктерде әлсіреуі кездеседі. Мысалы: жарасу, жайғасу, кірісу т.б. Түрік тілінде ортақ етіс қосымшалары кейбір жағдайда етістіктің бойына жалпылама сипаттағы өздік реңк үстемелейді³: *kalkışmak* «бір істі бастау», *yatışmak* «тынышталу, сабасына түсу», *gelişmek* «даму».

Өзгелік етіс (*ettirgen çatı*).

Өзгелік етіс іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі емес, басқа бір субъекті арқылы іске асатынын білдіреді. Сол себепті қимылды жүзеге асырушы екеу болады: бірі - іс-әрекетті орындатушы болса, екіншісі іс-әрекетті орындаушы субъекті. Өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасалады.

Қазақ тіліндегі өзгелік етіс қосымшалары 4 түрлі болып келеді:

- 1) -т-;
- 2) -ғыз-/ -гіз-, -қыз-/ -кіз-;
- 3) -дыр-/ -дір-, -тыр-/ -тір-;
- 4) -ыр-/ -ір-

Қазақ тіліндегі өзгелік етіс қосымшаларының негізгі етістікке жалғануында белгілі бір тәртіп болады⁴:

– түбір етістік дауысты дыбысқа бітсе -т- жұрнағы, дауыссыз және у, и дыбыстарына бітсе, -дыр-/ -дір-, -тыр-/ -тір-; -ғыз-/ -гіз-, -қыз-/ -кіз- жұрнақтары жалғанады;

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 555.

² Karaağaç G. Türkçenin dilbilgisi. – Ankara: Akçağ, 2012. - S. 319.

³ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва - Ленинград: Академия наук СССР, 1956. - С. 193.

⁴ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. Б. 42 –43.

- бірінен соң бірі жалғанатын жағдайда *-m-* жұрнағы арқылы жасалған өзгелік етіс тұлғасына *-тыр-, -тір-; -қыз-, -кіз-* жұрнақтары, ал *-ғыз-, -гіз-, -қыз-, -кіз-* тұлғасынан кейін *-дыр-, -дір-* жұрнағы жалғанады;

- өзгелік етістің *-дыр-/дір-, -тыр-/тір-* жұрнағына аяқталған тұлғасына *-m-* жұрнағы жалғанады.

Түрік тілінде өзгелік етістің *-it-/it-, -ut-/üt-, -t-; -dir-/dir-, -dur-/dür-; -tir-/tir-, -tur-/tür-; -ir-/ir-, -ur-/ür-, -r-; -dar-/der-* қосымшалары етістіктің түбіріне мынадай ретпен жалғанады:

1. Дауысты дыбыспен немесе *r, l* сияқты үнді дауыссыз дыбыспен аяқталатын екі немесе одан да көп буынды етістік түбіріне *-it-/it-, -ut-/üt-, -t-* жұрнағы жалғанады. Мысалы: *benze-t-* «ұқсату», *tanı-t-* «таныту», *çoğal-t-* «көбейту», *morar-t-* «көгерту». Өзгелік етістің *-it-/it-, -ut-/üt-, -t-* қосымшалары *k, ç, p, m* дауыссыз дыбыстарымен аяқталатын бір буынды етістіктен кейін де жалғанады: *ak-it-* «ағызу», *kork-ut-* «қорқыту», *ürk-üt-* «үркіту».

2. Дауысты дыбыспен немесе дауыссыз дыбыспен аяқталатын бір буынды, сондай-ақ *r, l* дауыссыз дыбысынан басқа дауыссыздармен аяқталатын көп буынды етістік түбіріне *-dir-/dir-, -dur-/dür-; -tir-/tir-/tur-, -tür-* қосымшасы жалғанады. Мысалы: *de-dir-* «дегізу», *tut-tur-* «ұстату», *dur-dur-* «тоқтату», *tat-tir-* «татқызу», *yüz-dür-* «жүзгізу», *birik-tir-* «біріктіру», *uyan-dir-* «ояту», *değiş-tir-* «өзгерту».

3. Етістік түбірінің соңында *ç, ş, t* сияқты тіс дауыссыздары мен *g, y* тәрізді алдыңғы таңдай дауыссыздары келсе *-ir-/ir-, -ur-/ür-, -r-* қосымшасы жалғанады. Мысалы: *bit-ir-* «бітіру», *iç-ir-* «ішкізу», *piş-ir-* «пісіру», *doy-ur-* «тойғызу» т.б. З.Коркмаз бұл топ қатарына *-ar-/er-* қосымшасын да қосады: *çık-ar-* «шығару», *kop-ar-* «жұлу», *yak-ar-* «жалбарыну». Алайда бұл қосымшада өзгелік етістен гөрі сөзжасамдық қасиет басым.

4. Қазір актив қолданыста жоқ, бірақ кейбір етістіктердің түбірінде сақталып қалған *-dar-/der-* (*gönder-(DLT könd-ger-* «жолдау, жіберу»). қосымшасы да өзгелік етіс қосымшасы ретінде қарастырылады. Бұл қосымша *-t-* және *-ar-* қосымшаларының бірігуі арқылы жасалған құранды жұрнақ болуы мүмкін. Сол

сияқты *-z-* (*em-i-z-i-r-* «еміздіру», *damızlık* «тұқымдық») (*tam-i-z-* «тамызу»). қосымшасы да өзгелік етістің қосымшасы ретінде танылады¹.

Қазақ тіліндегі салт етістікке өзгелік етіс жұрнағы жалғанғанда: 1) қимыл, іс-әрекет иесі, орындаушы субъект жаңадан пайда болады да, қимыл, іс-әрекетті тікелей өзі атқарады; 2) салт етістік сабақты етістікке айналады; 3) салт етістіктегі грамматикалық бастауыш сабақты етістіктің тура объектісіне айналады; 4) екінші субъект – агенс, қимыл, іс-әрекетті тікелей орындаушы субъект болмайды².

Қазақ тілінде етіс жұрнақтары бірінің үстіне бірі жалғана береді. Өздік етістен кейін өзгелік етіс пен ортақ етіс, ортақ етістен кейін өзгелік етіс, өзгелік етістен кейін өзгелік етіс жұрнақтары жалғанады. Мысалы: жуындыру, киіндіру, желпінісу, көрінісу, сөйлестіру, жинастыру, айтқыздыру, жасатқызу т.б.

Түрік тіліндегі етіс қосымшаларының бірінен кейін бірінің жалғану ерекшелігі туралы З.Коркмаз былай деп атап көрсетеді³: «Өздік етіс пен ортақ етіс тек қана бірінші етіс жұрнағы бола алады. Ырықсыз етіс тек қана соңғы етіс жұрнағы бола алады. Өзгелік етіс жұрнақтары ырықсыз етістен басқа етіс жұрнақтарынан кейін жалғана алады. Ал өзінен кейін тек қана ырықсыз етіс жұрнағын қабылдайды. Бір етістікте өздік етіс пен ортақ етіс бірге қолданыла алмайды. Өзгелік етіс жұрнақтары бірінің артынан бірі жалғана алады». Демек, түрік тілінде де өздік етістен кейін қазақ тіліндегідей өзгелік етіс (*giyindirmek, gücendirmek*) және ырықсыз етіс қосымшасы (*denilmek* «деліну», *yenilmek* «желіну», ортақ етістен кейін қазақ тіліндегідей өзгелік етіс жұрнағы (*bölüştürmek* «бөлістіру», *tanıştırmak* «таныстыру», *karşılaştırmak* «салыстыру», ортақ етістен кейін ырықсыз етіс қосымшасы (*anlaşıldı* «түсінікті болды», *görüüldü* «кездесілді», өзгелік етістен кейін ырықсыз етіс жұрнағы (*aldırıldı* «алғызылды», *görüştürüldü* «кездестірілді», *giydirildi* «кигізілді» жалғанады.

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S. 561–562.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 510.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S. 566.

§6. Рай категориясы

Рай категориясы – етістіктің грамматикалық категорияларының ішіндегі тұлғасы мен мән-мазмұны жағынан бай категориялардың бірі. Рай категориясы рай тұлғаларынан тұрады.

Қазақ тіліндегі рай категориясына «сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы берілетін модальдік (рай) категориясы» немесе «модальдік категориясының етістік формалары арқылы берілетін амалтәсілдерінің жүйесі» деп келетін анықтамалар беріледі¹. Демек рай категориясының негізін модальдық мән мен мағына туғызатын етістік тұлғаларының жүйесі құрайды.

Рай формалары модальдық мәнді мезгіл және шақ жайлы ұғыммен ұштастыру қызметін атқарады. Модальдық мән субъективтік (яғни айтушының іске қатынасын білдіруі), объективтік (жай хабарлау) жағдайлардың өткені мен болашақтағы істі растау, қостау немесе жоққа шығаруға қатысты болып келеді. Рай категориясы модальдық мән мен шақ формаларының бірлесіп келуі арқылы сипатталатын іс әрекеттің астарында объективтік және субъективтік мәнерлеудің жатуына негізделеді. Объективтік мәнердің басым болуы субъективтік мәннің бәсең болуына, ал рай тұлғасында субъективтік мәннің басым болуы объективтік мәндердің әлсізденуіне байланысты болады.

Модальдық мәндерді білдіру дәрежесі тұрғысынан рай түрлері бірыңғай болып келмейді. Мәселен, ашық райдың модальдық мәндерді білдіру дәрежесі райдың басқа түрлерінен нөлдік тұлға болуымен, аффикстердің бірінен кейін бірі қабаттасып келуімен ерекшеленеді. Сол сияқты басқа рай түрлерінен бұйрық райдың ерекшелігі сол, ол қимылдың өзін білдірмейді, оны орындауға қозғаушы болады. Ол әрекет өтініш, бұйрық, тыңдаушының еркінен тыс көтермелеу түрінде болып келуі мүмкін.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 322.

Рай категориясының мазмұны мынадай бөліктерден тұрады: 1) іс жайлы хабар (фактіні констатация жасау) ашық рай формалары арқылы беріледі; 2) істің істелу мүмкіндігін, оның орындалу дәрежесін қалау, шартты рай формалары білдіреді; 3) істің орындалу, орындалмауы жайлы тілек, өтініш, ұйғарым, бұйрық мәндерді бұйрық, қалау, кейде ашық рай тұлғалары білдіреді.

Қазақ тіл білімінде райдың түрлері жөніндегі көзқарастар әртарап болып келеді. Мәселен, А.Байтұрсынов оның 14 түрін¹, Ғ.Әбуханов бес түрін², Ы.Маманов 6 түрін³ көрсетеді.

Қазіргі қазақ тілінде райдың ашық, бұйрық, қалау, шартты рай тәрізді 4 түрі аталатын болса, түрік тілінде бұлардан басқа міндеттілік райы көрсетіледі. Әрбір рай түрінің жасалу жолы, грамматикалық тұлғасы, өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, ашық райдың арнайы грамматикалық формалары жоқ, ол белгілі бір шаққа қатысты қимыл-әрекетті білдіреді. Ал бұйрық, қалау, шартты райлар қимылға, іс-әрекетке қатысты белгілі бір грамматикалық мағынаны арнайы грамматикалық тұлғалар арқылы білдіреді. Бұл орайда, әсіресе бұйрықтық, шарттылық мағыналардың белгілі бір жаққа қатысын анықтауда жіктік жалғаулары ерекше қызмет атқарады.

Түрік тіліндегі рай категориясы (*kip kategorisi*) негізінен екі үлкен топқа бөлінеді: *bildirme kipleri* «хабарлау райлары», «жобалау» райлары (*tasarlama kipleri*). «Хабарлау» деп аталатын ашық рай белгілі бір шақтағы іс-әрекетті білдірсе, жобалау рай категориясына бұйрық, қалау, шартты және міндет райлары енеді.

Ашық рай – сөйлеушінің қимылдың болу-болмауы туралы объективтік шындықты баяндауын көрсететін етістіктің арнайы формасы. Ашық райдың басқа райларға қарағанда шақтық мағынасы ашық, айқын көрініп тұрады⁴ Ашық рай қимыл, іс-әрекет үш шақтың (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бірін білдіреді.

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б. 234.

² Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1982. - Б. 156.

³ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 194.

⁴ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 95 –96.

Түрік тіліндегі ашық райда іс-қимыл, амал-әрекет төрт шақты білдіреді: жедел өткен шақ (*görülen geçmiş zaman*), бұрынғы өткен шақ (*duyulan geçmiş zaman*), осы шақ (*şimdiki zaman*), келер шақ (*gelecek zaman*), аорист шақ (*geniş zaman*).

Ашық рай сөйлеушінің объективті шындыққа қатысын білдіріп, қимыл, іс-әрекеттің болу, болмауына қатысты модальдылық мән арқалайтын болса, шақ категориясы сөйлеп тұрған сәтпен байланысты сол қимылдың грамматикалық өту мерзімін, кезін білдіреді, бірақ ол мерзімдік мән жеке сөздер арқылы емес, грамматикалық жолдармен көрінеді¹.

Бұйрық рай (**Emir kipi**) сөйлеушінің тыңдаушыға немесе тыңдаушы арқылы бөгде біреуге (III-жаққа) қаратылып, бұйыра, өтіне айтылатын, өзіне (I-жаққа) байланысты қимылға, іс-әрекетке қозғау салу, ниет мәнін білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы берілетін рай түрі болып табылады². Екі тілде де бұйрық рай бұйрықтық мағынаны білдіреді. Бұйрық мән әсіресе II жақта айқын сезіледі, III-жақта бұйрықтан гөрі өтініш немесе тілек мән, ал I-жақта ниет пен тілек мән басым болады.

Бұйрық райдың бірінші жағы тікелей бұйрықты білдірмейтіндіктен, Мехмет Хенгирмен, Кая Билгегиль, Хайдар Эдискун, Өмер Демирджан, Фарук Тимурташ, Тахир Нежат Генджан, Хикмет Диздароглу, Тахсин Бангуоглу сияқты түрік ғалымдары адам өз-өзіне бұйрық бере алмайтындықтан бұйрық райда көпше және жекеше түрдегі бірінші жақтың болмайтынын айтады. Ал Мухаррем Эргин, Эмин Өздемир, Зейнеп Коркмаз сияқты ғалымдар бұйрық райда үш жақтың бәрі болады деп санайды.

М.Эргин бірінші жақ бұйрық рай қосымшаларының соңғы кездері қолданыстан шығып қалған қалау райдың бірінші жақ жалғауының орнын басқанын, сол себепті де қалау және бұйрық мәндер бір-бірімен араласып кеткенін айтады. М.Эргин көне түркі тілінде кездесетін *-ayıt/-eyit* қосымшасы көне Анатолы түрік тілінде бірінші жақтағы жіктік жалғауының әсерімен *-ayıt/-eyit* болып өзгеріске түскенін және бұл қосымшалар тең

¹ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б. 301.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 513.

дәрежеде бірдей қолданыла келіп, кейіннен Османлы тілінде *-ауыт/-еуіт* қосымшасының орнын *-ауын/-еуін* түбегейлі басқанын айтады¹. З.Коркмаз қазіргі түрік тілінде бұйрық райдың бірінші жағында қолданылатын *-ауын/-еуін*, *-алым/-елим* қосымшаларының көне Анатолы түрік тілінде бұйрықпен қоса қалау мағынаны білдіргенін, бүгінде қалау райдың *-а*, *-е* қосымшаларының бірінші жақта қолданылуы сиреп, *-ауыт/-еуіт*, *-алым/-елим* қосымшаларының қалау және тілек білдіру мәні күшейе түскенін алға тартады².

Қазақ тілінде бұйрық райда бірінші және үшінші жақ көрсеткіштерінің болуы бұйрық райдың түрлену парадигмасымен тұлғалық жүйесіне байланысты болып келеді³.

Қазақ тілінде бұйрық рай:

I-жақ жекешеді: *-айын/-ейін*, *-йын/-йін*; көпшеде: *-айық/-ейік*, *-йық/-йік*;

II-жақ жекешеді: *-ыңыз/-іңіз*, *-ңыз/-ңіз*; көпшеде: *-ыңдар/-іңдер*, *-ңдар/-ңдер*; *-ыңыздар/-іңіздер*, *-ңыздар/-ңіздер*;

III-жақ жекешеді: *-сын/-сін*; көпшеде: *-сын/-сін* қосымшалары арқылы түрленеді.

Түрік тілінде бұйрық рай:

I-жақ жекешеді: *-ауыт/-еуіт*, *-уауыт/-уеуіт*; көпшеде: *-алым/-елим*, *-уалым/-уелим*;

II-жақ жекешеді нөлдік тұлғада, ал көпшеде: *-ын/-ін*, *-уп/-үйн*, *-уын/-уйн*, *-ууп/-уүйн*; *-ınız/-iniz*, *-unuz/-ünüz*, *-уınız/-yiniz*, *-уunuz/-yünüz* тұлғасында;

III-жақ жекешеді: *-сын/-сін*, *-сун/-сүйн*; көпшеде: *-сынлар/-сінлер*, *-сунлар/-сүйнлер* тұлғаларында келеді.

Екі тілде бұйрық райдың бірінші жағының жекеше түрінің қосымшалары ұқсас болып келеді: қазақ. *-айын/-ейін*, *-йын/-йін* // түрік. *-ауыт/-еуіт*, *-уауыт/-уеуіт*. Түрік тілінде дауысты дыбысқа аяқталатын етістік түбіріне жалғанатын бұйрық рай қосымшасы қазақ тіліндегідей қысқармайды, яғни қосымшадағы *а* және *е* дауыстылары түсіп қалмайды, керісінше, қосымша

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S. 305.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.667.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 513.

мен етістіктің түбір-негізі арасына «дәнекер» у дыбысы келіп қосылады. Бірінші жақтың көпше түрінде қазақ тілінде -айық/-ейік, -йық/-йік, түрік тілінде -alım/-elim, -yalım/-yelim қосымшалары қолданылады. Қазақ тілінің кейбір диалектілерінде бұйрық мән бірінші жақтың көпшесінде -алы/-елі (баралы, шығалы) түріндегі тұлғамен, ал түрік тілінің оңтүстік-шығыс диалектілерінде -ak/-ek түрінде жұмсалатын қосымшалар арқылы беріледі (*Tarlaya gidek mi?*) «Егістікке барайық па?».

Бұйрық райдың екінші жағының жекеше түрінде екі тілде де арнайы қосымша болмайды. Алайда қазақ тілінде бұйрық райдың II жағының -ғын/-қын; -ғыл/-қыл қосымшаларымен (барғын, айтқын, алғын т.б.) берілуі сирек те болса кездеседі. Қазақ тіліндегі бұйрық мән арқалаған -ғыл/-қыл тұлғасына сәйкес келетін -gil қосымшасы түрік тілінің тарихи дамуының белгілі бір кезеңдерінде кездеседі¹.

Бұйрық райдың екінші жағының сыпайы түрі қазақ тілінде көрсетілсе, түрік тілінде көрсетілмейді. Алайда *Siz gidin* немесе *gidiniz; siz söyleyin* немесе *söyleyiniz* болып ауызекі сөйлеу тілінде де, әдеби тілде де қолданылады. Бұйрық райдың екінші жағының көпше түрінде қазақ тілінде анайы және сыпайы түрлердің қосымшалары көрсетіледі.

Бұйрық райдың үшінші жағының қосымшалары екі тілге ортақ болып келеді. Қазақ тілінде жуан және жіңішке екі дыбыстық варианттағы -sin/-sin, түрік тілінде жуан-жіңішкемен қоса, еріндік-езулік сыңарлы төрт дыбыстық варианттағы -sin/-sin, -sun/-sün түрінде қолданылады. Түрік тілінде үшінші жақтың көпше түрінде рай тұлғасынан кейін көптік жалғауы жалғанады.

Бұйрық райдың қазақ және түрік тілдеріндегі жіктелуінің төмендегідей үлгілерін көрсетуге болады:

Қазақ тілінде		Түрік тілінде
жақ	жекеше	
I	Мен отырайын, жүрейін, ойнайын, сөйлейін.	Ben alayım, vereyim, oynayaуым, söyl-yeyim.

¹ Gencan T.N. Dilbilgisi. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1979. - S. 294.

II	Сен отыр, жүр, ойна, сөйле. (Сіз отырыңыз, жүріңіз, ойнаңыз, сөйлеңіз).	Sen al, ver, oyna, söyle. (Siz alın, verin, oynayın, söyleyin)
III	Ол отырсын, жүрсін, ойнасын, сөйлесін.	O alsın, versin, oynasın, söylesin.
көпше		
I	Біз отырайық, жүрейік, ойнайық, сөйле-йік.	Biz alalım, verelim, oynayalım, söyleyelim.
II	Сендер отырыңдар, жүріңдер, ойнаңдар, сөйлеңдер. (Сіздер отыр-ыңыздар, жүр-іңіздер, ойна-ңыздар, сөйле-ңіздер).	Siz alın, verin, oynayın, söyleyin. (Sizler alınız, veriniz, oynayınız, söyleyiniz)
III	Олар отырсын, жүрсін, ойнасын, сөйлесін.	Onlar alsınlar, versinler, oynasınlar, söylesinler.

Шартты рай (Şart kipi) – іс-әрекеттің болу, болмау, орындалу, орындалмау мүмкіндігін, шартын білдіреді. Екі тілде шартты рай тұлғалары бір-бірімен толық сәйкеседі: қазақ тілінде: -са/-се ~түрік тілінде: -sa/-se.

Шартты райлы етістік екі тілде де жедел өткен шақта қолданылатын жіктік жалғауларын қабылдайды(кестеге зер салыңыз):

Қазақ тілінде		Түрік тілінде
жақ	жекеше	
I	Мен барсам, көрсем.	<i>Ben alsam, görsem.</i>
II	Сен барсаң, көрсең. Сіз барсаңыз, көрсеңіз	<i>Sen alsan, görsen.</i>
III	Ол барса, көрсе.	<i>O alsa, görse.</i>
көпше		
I	Біз барсақ, көрсек.	<i>Biz alsak, görsek.</i>

II	Сендер барсаңдар, көрсеңдер. Сіздер барсаңыздар, көрсеңіздер.	<i>Siz alsanız, görseniz.</i>
III	Олар барса, көрсе.	<i>Onlar olsa, görse.</i>

Екі тілде де шартты рай тұлғалы етістік шартпен қатар тілек, мақсат тәрізді модальдылық мәндерді де білдіреді, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады: Шіркін, қазір жаз болса! *Keşke şimdi yaz olsa!*

Қазақ тілінде шартты райлы етістік жіктелген соң ғой, еді, екен, етті сияқты көмекші сөздермен де тіркесіп, сөйлеушінің тілегін, өтінішін, ниетін де білдіре алады: қар жауса ғой, шықсаңыз етті, істесе екен т.б. Түрік тілінде шартты райлы етістікке үстемеленетін тілек, мақсат, арман сияқты модальдылық мәндер *ah, keşke* «шіркін», *bari* «ғой, етті» сияқты сөздер арқылы нақтылана түседі: *Keşke bugün yağmur yağmasa!* «Шіркін, бүгін жаңбыр жаумаса!» *Bi şınavı da geçsem bari.* «Бұл емтиханнан да өтсем етті».

Қазақ тілінде шартты рай тұлғалы етістік игі еді сөзімен тіркесіп, келіп қалау мәнді білдіреді, яғни қалау рай жасайды: оқысам игі еді, оқысаң игі еді т.б.

Екі тілде де шартты райлы етістік керек//*gerek* сөзімен тіркесіп қолданылып, болжамды білдіреді: *gelse gerek /келсе керек*, келген шығар, *olsa gerek /болса керек*, болған шығар.

Қазақ тілінде шарт тұлғасына -шы/-ші қосымшасы жалғанып, сөйлеушінің бұйрық аралас тілек пен қалауын білдіреді: отырсамшы, отырсаңшы (отырсайшы), отырсаңызшы, отырсашы, отырсақшы, отырсаңдаршы, отырсаңыздаршы, отырсашы. Осындай мағынаны білдіретін шартты рай тұлғалы етістіктерді түрік тілінде де кездестіруге болады. Олар қазақ тіліндегідей барлық жақта емес, тек екінші жақ жекеше және көпше түрде жұмсалады: *gelsene* «келсеңші», *otursana* «отырсаңшы», *gitsenize* «барсаңызшы», *baksanıza* «қарасаңызшы». Шартты райлы етістіктен кейін а! (<уа!) одағайы тіркескенде, етістікке бұйрық мән үстемеленеді.

Түрік тілінде сондай-ақ *baksana* «қарашы», *bana kalsa* «ойымша, маған қарағанда», *bilsen* «білетін болсаң, біле берсең», *ben olsam* «мен болсам», *görünüşe bakılırsa* «жағдайға қарағанда», *ne olursa olsun* «не болса да», *olsa olsa* «болатын болса», *ona bakarsan* «соған қарайтын болсаң, соған қарағанда», *nasıl olsa* «қалай болса да, қалай болғанның өзінде», *ne de olsa* «не де болса», *istersen* «қаласаң» сияқты сіріленген құрылымдар да шарттылық мәнде қолданылады.

Қалау рай (*İstek kipi.*)

Рай категориясының ішінде бірнеше жолмен жасалатын категорияның бірі қалау рай болып табылады. Жалпы қалау рай «сөйлеушінің қимыл-іс-әрекетті орындауға я орындамауға деген қалауын, ниет, ынтасын», «сөйлеушінің әлі жүзеге аспаған немесе келешекте болуы ықтимал іс-қимылын білдіреді».

Екі тілдегі қалауды білдіретін формаларды құрамына қарай жалаң және күрделі деп екіге бөліп қарастыруға болады. Қалау рай мәнін бірғана қосымша арқылы білдіретін тұлғалар жалаң болады. Қалау мәнді жалаң тұлғаларды жасауға қазақ тілінде: -ғай/-гей; -ca/-ce; түрік тілінде: -a/-e; -sa/-se қосымшалары қатысатын болса, бірнеше тұлға арқылы жасалатын күрделі құрылымдар қазақ тілінде: -ғы/-гі кел; -айын/-ейін де; -мақ(шы) бол; -ca/-ce еді/екен/игі еді, түрік тілінде: -ası/-esi gel-; -mak/ -mek iste- тұлғаларының көмегімен жасалады.

Қазақ тіліндегі қалау рай мағынасына қарай екіге бөлінеді: а) ерікті қалау рай; ә) тілекті қалау рай¹.

Ерікті қалау рай негізгі етістікке -ғы/-гі, -қы/-кі қосымшалары жалғанып, жаққа қарай тәуелденген соң кел көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Менің барғым келеді.	Біздің барғымыз келеді.
II	Сенің барғың келеді. Сіздің барғыңыз келеді.	Сендердің барғыларың келеді. Сіздердің барғыларыңыз келеді.
III	Оның барғысы келеді.	Олардың барғысы келеді.

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 96.

Қазақ тіліндегі тілекті қалау рай етістік түбіріне -ғай/-гей, -қай/-кей қосымшасының жалғануы арқылы жасалады. М.Томанов -ғай/-гей, -қай/-кей тұлғаларын түркі тілдерінде кең таралған, жалпытүркілік қалау рай тұлғасы деп, ал оның дыбыстық варианттары ретінде тілек, қалау мәнді -ай/-ый және -алы қосымшаларын көрсетеді: барайын, баралық, барайық¹.

Тілек мәнді қалау рай кейде -ғай/-гей, -қай/-кей қосымшасы жалғанған етістіктен кейін еді көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен оқығаймын (оқығай едім).	Біз оқығаймыз (оқығай едік).
II	Сен оқығайсың (оқығай едің). Сіз оқығайсыз (оқығай едіңіз).	Сендер оқығайсыңдар (оқығай едіңдер). Сіздер оқығайсыздар (оқығай едіңіздер).
III	Ол оқығай (оқығай еді).	Олар оқығай (оқығай еді).

Қазіргі қазақ тілінде шартты рай жалғауы жалаң күйінде (-са, -се) шарт білдірумен қатар тілек, арман, мақсат сияқты модальдылық мән де білдіреді²: солай болса, жаз келсе. Шартты рай тұлғалы етістікке игі еді, игі екен, екен сөздерінің тіркесуі арқылы да тілекті қалау рай жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен алсам игі еді, барсам игі екен, кездесем екен.	Біз алсақ игі еді, барсақ игі екен, кездесек екен.

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – Б. 155–156.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 514.

II	Сен алсаң игі еді, барсаң игі екен, кездессең екен. Сіз алсаңыз игі еді, барсаңыз игі екен, кездессеңіз екен.	Сендер алсаңдар игі еді, барсаңдар игі екен, кездессеңдер екен. Сіздер алсаңыздар игі еді, барсаңыздар игі екен, кездессеңіздер екен.
III	Ол алса игі еді, барса игі екен, кездессе екен.	Олар алса игі еді, барса игі екен, кездессе екен.

Түрік тілінде қалау райға тән бірден-бір көрсеткіш ретінде қазіргі кезде қолданыстан шығып қалған, тек *Hayır ola!* «Қайырлы болғай!», *Kolay gele!* «Ісің оңнан болғай!» тәрізді тілек мәнді сіріленген тіркестер құрамында ғана кездесетін *-al/-e* қосымшасы көрсетіледі¹. Бұл қосымша жайлы З.Коркмаз: «*-al/-e* көне және орта ғасыр түркі тілдерінде *-gal/-ge* тұлғасында қолданылған қосымшаның өзгерген түрі» - дейді². Демек қалау, тілек мәнді қазақ тіліндегі *-ғай/ -гей, -қай/ -кей* қосымшасымен түрік тіліндегі *-al/-e* қосымшалары арасында мағыналық-құрылымдық тұрғыдағы тектестік бар деуге болады.

Қазіргі түрік тілінде қалау райдың *-al/-e* қосымшаларының орнына жекеше және көпше бірінші жақта бұйрық райдың *-ayım/-eyim, -alım/-elim* жұрнақтары қолданылады³. Мұның себебін З.Коркмаз бұйрық райдың *-ayım/-eyim, -alım/-elim* қосымшаларының көне түркі тілінде бұйрықпен қоса қалау, тілек мағыналарын да білдіргендігімен түсіндіреді. З. Коркмаз: «Көне түркі тілінде *-ayım/-eyim, -alım/-elim* қосымшалары атқарған бұйрық және қалау, тілек мәнді білдіру қызметтерінің қазіргі түрік тілінде жалғасып келе жатқанын қалау райдың *-al/-e* қосымшаларының бірінші жақтағы қолданыс күші әлсіреп, ал *-ayım/-eyim, -alım/-elim* жалғауларының қалауды, тілекті білдіру қызметінің күшейе түскені көрсетеді» -дейді⁴.

¹ Aksoy Ö.A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – Ankara: TDK Yayınları, 1971. - S. 217.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. – Ankara: TDK Yayınları, 2003. - S. 649.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Basım, 1999. - S. 307.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. – Ankara: TDK Yayınları, 2003. - S. 667.

Түрік тілінде қалау, тілек мағынасын қазақ тіліндегідей кел көмекші етістігі қатысқан құрылымдар білдіретіні байқалады. Мұнда *gel-* «кел» етістігі есім сөздермен тіркесіп те (*uykusu gelmek* «ұйқысы келу», тәуелдік жалғауларымен көмкерілген *-ası/-esi* есімше тұлғасымен тіркесіп те қалау, ниет мағынаны білдіреді. Мысалы:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Benim gülesim geldi.</i>	<i>Bizim gülesimiz geldi.</i>
II	<i>Senin gülesin geldi.</i>	<i>Sizin gülesiniz geldi.</i>
III	<i>Onun gülesi geldi.</i>	<i>Onların gülesi geldi.</i>

Қазіргі түрік, азірбайжан, гагауыз тілдерінде келер шақ мәнінде қолданылатын *-ası* қосымшасы ортағасырларда қалау, тілек мәнде жұмсалған¹. Оның бұл қызметі түрік тілінің ауызекі сөйленісінде *yok* «жоқ» сөзімен тіркескен *-ası* қосымшалы етістіктердің жиі қолданылуынан айқын көрінеді: *içesim yok* «ішкім жоқ, ішкім келмейді», *gidesim yok* «кеткім жоқ, кеткім келмейді» т.б.

Түрік тілінде қалау мәнді *-mak/-mek* тұлғалы тұйық етістік пен «қалау, сұрау» мағынасындағы *iste-* етістігі тіркескен күрделі құрылым (*-mak/-mek iste-*) да білдіреді. Мысалы:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben gitmek istiyorum.</i>	<i>Biz gitmek istiyoruz.</i>
II	<i>Sen gitmek istiyorsun.</i>	<i>Siz gitmek istiyorsunuz.</i>
III	<i>O gitmek istiyor.</i>	<i>Onlar gitmek istiyorlar.</i>

Қазақ тілінде жоғарыдағы төрт рай түрінен басқа да, айталық, бір істің, қимылдың болу, болмауы екінші бір іске, қимылға байланысты екенін білдіретін етістік формасы ретіндегі шарттылық рай, өз тыңдаушысының және бөгде біреудің өткен кезде бір істі істегендігі, не істемегендігі туралы сөйлеушінің өкіне

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – Б. 157.

сөйлегенін білдіретін өкініш рай тәрізді түрлері көрсетіледі¹ Мұнда шарттылық рай дағдылы есімше және болжалды келер шақ есімше формаларының еді көмекші етістігімен тіркесуі арқылы жасалады және төмендегідей жіктеледі:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен айтар едім, айтатын едім.	Біз айтар едік, айтатын едік.
II	Сен айтар едің, айтатын едің, сіз айтар едіңіз, айтатын едіңіз.	Сендер айтар едіңдер, айтатын едіңдер Сіздер айтар едіңіздер, айтатын едіңіздер.
III	Ол айтар еді, айтатын еді.	Олар айтар еді, айтатын еді.

Өкініш рай: а) тәуелденген тұйық етістіктің етті көмекші етістігімен тіркесуі арқылы; ә) шартты рай формасының етті көмекші етістігімен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен баруым етті, алсам етті	Біз баруымыз етті, алсақ етті,
II	Сен баруың етті, алсаң етті. Сіз баруыңыз етті, алсаңыз етті.	Сендер баруларың етті, алсаңдар етті. Сіздер баруларыңыз етті, алсаңыздар етті
III	Ол баруы етті, алса етті	Олар барулары етті, алса етті.

Түрік тілінде іс-қимылдың, амал-әрекеттің орындалуы, істелуі қажет екенін білдіретін *-malı, -meli* қосымшасы арқылы жасалатын райдың міндет мәнді рай деп аталатын түрі көрсетіледі.

Қазақ тілінде міндеттілік, қажеттілік мәнді керек, қажет, мүмкін, тиіс сияқты дербес сөздер білдіреді. Міндеттілік мәннің рай категориясы құрамында қарастырылмауының себебін осы

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 102.

мәнде жұмсалатын арнайы қосымшалардың болмауымен, болған күнде де қосымшаларда модальдылық реңкіні нақты көрсететін категориялық сипаттың жоқтығымен, немесе барлық етістікке я етістіктің белгілі бір грамматикалық тобына әрдайым жүйелі түрде жалғана алмайтынымен түсіндіруге болады¹.

Түрік тіліндегі міндет мәнді райдың *-malı/-meli* қосымшасы етістіктердің барлық түріне жалғана алады. Мысалы:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben yazmalıyım.</i>	<i>Biz yazmalıyız.</i>
II	<i>Sen yazmalısın.</i>	<i>Siz yazmalısınız.</i>
III	<i>O yazmalı.</i>	<i>Onlar yazmalılar.</i>

Түрік тілінде қажеттілік, міндеттілік мәнді *lazım* «керек», *gerek* «керек», *tesburiyetinde* «мәжбүр, қажет», *zorunda* «тиіс» сияқты модаль сөздер де білдіреді. *Lazım* «керек», *gerek* «керек» модаль сөздерімен тіркескенде *-mak/-mek* тұлғалы тұйық етістік тәуелдік жалғауларымен түрленеді. Мысалы:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Benim bakmam lazım, görmem gerek.</i>	<i>Bizim bakmamız lazım, görmemiz gerek.</i>
II	<i>Senin bakman lazım, görmen gerek.</i>	<i>Sizin bakmanız lazım, görmeniz gerek.</i>
III	<i>Onun bakması lazım, görmesi gerek.</i>	<i>Onların bakmaları lazım, görmeleri gerek.</i>

Тұйық етістік *tesburiyetinde* «мәжбүр, қажет», *zorunda* «тиіс» сияқты модаль сөздермен тіркескенде жіктік жалғауларын тұйық етістіктің өзі емес, *tesburiyetinde* «мәжбүр, қажет», *zorunda* «тиіс» сөздері қабылдайды. Мысалы:

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 512.

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben okumak zorundayım, vermek mecburiyetindeyim.</i>	<i>Biz okumak zorundayız, vermek mecburiyetindeyiz.</i>
II	<i>Sen okumak zorundasın, vermek mecburiyetindesin.</i>	<i>Siz okumak zorundasınız, vermek mecburiyetindesiniz.</i>
III	<i>O okumak zorunda, vermek mecburiyetinde.</i>	<i>Onlar okumak zorundalar, vermek mecburiyetindeler.</i>

Сонымен, қазақ және түрік тілдерінде кейбір рай түрлері мағыналық – тұлғалық жақтан толық сәйкесетін болса (шартты рай, бұйрық райдың үшінші жағының қосымшалары) кейбіреулерінің қосымшалары тарихи тұрғыдан тектес болып келеді (қалау рай тұлғалары), ал қайсы біреулерінде тұлғалық ұқсастық (бұйрық райдың бірінші жағының жекеше түрінің қосымшалары) байқалады. Міндеттілік, қажеттілік, мүмкінділік, тиістілік мәндерді түрік тілінде жеке рай (міндет мәнді) қосымшалары да, *lazım, gerek, mecburiyetinde, zorunda* тәрізді модаль сөздердің тұйық етістікпен тіркесуі арқылы жасалған күрделі құрылымдар да білдіретін болса, қазақ тілінде тәуелденген тұйық етістік пен керек, қажет, тиіс сияқты сөздердің тіркесі білдіреді.

§7. Шақ категориясы

Етістікті басқа сөз таптарынан ерекшелендіретін негізгі категориялардың бірі – шақ категориясы. Шақ категориясы – мазмұны мен тұлғасы әбден орныққан категориялардың бірі.

Шақ грамматикалық категория ретінде қимыл, іс-әрекеттің белгілі бір уақытқа, мезгілге қатысын білдіреді. Қимыл мен оның жасалу уақыты арасындағы қарым-қатынас шақ категориясының негізгі түрлері арқылы анықталады.

Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі болады: сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ, әлі болмаған, бірақ кейін болатын қимылды келер шақ, сөйлеп

тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді¹. Ал жақтық мағына шақ көрсеткіші жалғанған етістіктің жіктелуі арқылы беріледі.

Қазақ тілінде шақ категориясы шақтық мағынасына қарай өткен шақ, осы шақ, келер шақ болып үшке бөлінеді.

Түрік тілінде шақ категориясы bildirme kipleri «хабарлау райлары» құрамында қарастырылады және шақтың негізгі төрт түрі көрсетіледі: өткен шақ (*geçmiş zaman*), осы шақ (*şimdiki zaman*), келер шақ (*gelecek zaman*), аорист шақ (*geniş zaman*).

Өткен шақ (*geçmiş zaman*) – сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды білдіретін етістіктің грамматикалық формасы. Қазақ тіліндегі өткен шақты Ы.Маманов грамматикалық формасы мен семантикалық ерекшеліктеріне қарай беске бөледі:

а) жедел өткен шақ (-ды/-ді, -ты/-ті);

ә) бұрынғы өткен шақ (-ған/-ген, -қан/-кен);

б) ежелгі өткен шақ (-п, -ып/-іп);

в) дағдылы өткен шақ (-атын/ -етін, -йтын/-йтін; -ушы/-уші еді);

г) қатысты өткен шақ (-п, -ып, -іп еді; -ған, -ген, -қан, -кен еді; отыр, жүр, тұр, жатыр еді)². Ал А.Ысқақов өткен шақ категориясын оны жасайтын көрсеткіштердің жалаң және күрделі болуына байланысты:

1) анық (айғақты) өткен шақ (-ды/-ді, -ты/-ті; -ған/-ген, -қан/-кен; -атын/-етін, -йтын/-йтін; -ып еді; -ған еді; -ушы еді; тұр, жүр, отыр, жатыр еді);

2) танық (айғақсыз) өткен шақ (-ып/-іп, -п; -ған екен; -ады екен);

3) неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ (-мақ еді) деп үшке бөледі³. Өткен шақтың осылайша жіктелуіне байланысты С.Исаев қазақ тіліндегі «негізгі етістік пен көмекші етістіктен тұратын және екеуіндегі шақ көрсеткіші екі түрлі тұлғада келетін етістіктердің қай шаққа жататынын айқындау оңай емес»- деген тұжырымға келеді⁴.

Сонымен, қазіргі қазақ тілінде өткен шақ грамматикалық формасы мен мағыналық ерекшеліктеріне қарай жедел өткен

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 515.

² Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 104 –112.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 328 –328.

⁴ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б. 304.

шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ деп үшке бөлінеді.

Түрік тілінде өткен шақ негізінен екі түрге бөлінеді: 1) *görülen geçmiş zaman* «анық өткен шақ», 2) *duyulan geçmiş zaman* «танық өткен шақ». Әйтседе өткен шақтың түрлерін атауда бірізділік байқалмайды: З.Коркмаз «*görülen geçmiş zaman, duyulan geçmiş zaman*», Г.Караагач «*görülen geçmiş zaman, öğrenilen geçmiş zaman*» деген терминдерді қолданады.

Жедел өткен шақ – белгілі бір іс-қимылдың немесе амал-әрекеттің сөйлеу кезінен бұрынғы уақытта аяқталғандығын немесе аяқталмағандығын білдіреді. Сөйлеушінің өз көзімен көрген немесе толығымен қанық болған амал-әрекетті білдіреді.

Жедел өткен шақ түрік тілінде *görülen geçmiş zaman*, яғни «көзбен көрген өткен шақ» (З. Коркмаз, М. Эргин) немесе *belirli geçmiş zaman* «белгілі өткен шақ» (М. Хенгирмен) деп аталады.

Екі тілде жедел өткен шақ бірдей жұрнақтар арқылы жасалады, тек олардың фонетикалық варианттары түрік тілінде қазақ тіліне қарағанда көбірек болып келеді. Жедел өткен шақтың болымды түрі қазақ тілінде етістік түбіріне -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтарының жалғануы арқылы, түрік тілінде етістік түбіріне *-dı/-di, -du/-dü, -tı/-ti, -tu/-tü* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі етістік түбіріне қазақ тілінде -ма/-ме-, -ба/-бе-, -па/-пе; түрік тілінде *-ma/-me* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Қазақ және түрік тілдерінде болымды етістіктің жедел өткен шақтағы жіктелуін мынадай үлгіде көрсетуге болады:

Қазақ тілінде		Түрік тілінде
жақ	жекеше	
I	Мен алдым, көрдім, іштім.	<i>Ben aldım, gördüm, içtim.</i>
II	Сен алдың, көрдің, іштің. Сіз алдыңыз, көрдіңіз, іштіңіз.	<i>Sen aldın, gördün, içtin.</i>
III	Ол алды, көрді, ішті.	<i>O aldı, gördü, içti.</i>

көпше		
I	Біз алдық, көрдік, іштік.	<i>Biz aldık, gördük, içtik.</i>
II	Сендер алдыңдар, көрдіндер, іштіңдер. Сіздер алдыңыздар, көрдіңіздер, іштіңіздер.	<i>Siz aldınız, gördünüz, içtiniz.</i>
III	Олар алды, көрді, ішті.	<i>Onlar aldılar, gördüler, içtiler.</i>

Болымсыз етістік қазақ және түрік тілдерінде жедел өткен шақта былайша жіктеледі:

Қазақ тілінде		Түрік тілінде
жақ	жекеше	
I	Мен алмадым, көрмедім.	<i>Ben almadım, görmedim.</i>
II	Сен алмадың, көрмедің. Сіз алмадыңыз, көрмедіңіз.	<i>Sen almadın, görmedin.</i>
III	Ол алмады, көрмеді.	<i>O almadı, görmedi.</i>
көпше		
I	Біз алмадық, көрмедік.	<i>Biz almadık, görmedik.</i>
II	Сендер алмадыңдар, көрмедіңдер. Сіздер алмадыңыздар, көрмедіңіздер.,	<i>Siz almadınız, görmediniz.</i>
III	Олар алмады, көрмеді.	<i>Onlar almadılar, görmediler.</i>

Екі тілдегі жедел өткен шақтағы етістіктің жіктелу үлгісі қазақ тілінде етістік жедел өткен шақта екінші жақ жекеше және көпшеде анайы және сыпайы түрлерде қолданылатынын, ал түрік тілінде жекешеде сыпайы түрі, көпшеде анайы түрі қолданылмайтынын үшінші жақтың көпшесі қазақ тілінде көптік жалғаумен көмкерілмейтін болса, түрік тілінде жедел өткен шақтың қосымшасынан кейін көптіктің *-lar/-ler* көрсеткіші қолданылатынын көрсетеді. Дейтұрғанмен соңғы кездері етістіктердің жіктелісінде үшінші жақта көптік жалғауының түсіп қалуы белең алуа: *Onlar gitti, görmedi, almadı* т.б.

Қазақ және түрік тілдерінде жедел өткен шақ тұлғалары(қазақ. -ды/-ді, -ты/-ті және түрік. -dı/-di, -du/-dü, -tı/-ti, -tu/-tü) қимыл-әрекетке қатысты мынадай мағына арқалайды:

а) сөйлеуші мен тыңдаушының екеуі де, немесе сөйлеушінің өзі куә болған қандай-да бір аяқталған іс – әрекетті білдіреді: Кеше сенімен киноға бардық. - *Dün seninle sinemaya gittik.* Аялдамада автобус күттім. - *Durakta otobüs bekledim.*

ә) Сөйлеуші күәгер болмаған, алайда бұрын болғаны анық, нақты белгілі бір оқиғаны, әрекетті білдіреді: Түркия Республикасы 1923 жылдың 29 қазан күні жарияланды. - *Türkiye Cumhuriyeti 29 Ekim 1923 yılında ilan edildi.*

б) Түріктілінде үшінші жақтағы анық өткен шақ қосымшасынан кейін сұрақ шылауы тіркесіп, сөйлемде мезгіл немесе шартты білдіретін пысықтауыш қызметін атқарады: *Rüzgar esti mi, bulutlar seyrelir.* «Жел соққанда бұлттар азаяды». *Bir ağladı mı, durdurmak zor.* «Бір жыласа, тоқтату қиын».

Бұрынғы өткен шақ / *Duyulan geçmiş zaman.*

Бұрынғы өткен шақ – сөйлеу кезінен әлдеқашан бұрын болып өткен іс-қимылды білдіреді.

Сөйлеушінің өткен іс-әрекетті көрмеуі, білмеуі, тек басқа біреудің айтуына сүйенуі немесе бұрын істелген іс-қимыл, амал-әрекетті кейіннен байқауы да мүмкін. Мұндай мән арқалаған өткен шақты түрік тілінде *duyulan geçmiş zaman* «естілген өткен шақ» (З.Коркмаз, М.Эргин), *belirsiz geçmiş zaman* «белгісіз өткен шақ» (М.Хенгирмен) деп атайды.

Бұрынғы өткен шақ қазақ тілінде көсемшенің -п, -ып/-ін жұрнағы арқылы, ал түрік тілінде есімшенің -muş/-miş, -muş/-miş жұрнағы арқылы жасалады.

Қазақ тіліндегі -п, -ып/-ін тұлғалы етістіктің болымды түрі және түрік тілінде болымды етістік бұрынғы өткен шақта былайша жіктеледі:

Қазақ тілінде		Түрік тілінде
жақ	жекеше	
I	Мен алыппын, көріппін.	<i>Ben almışım, görmüşüm.</i>
II	Сен алыпсың, көріпсің. Сіз алыпсыз, көріпсіз.	<i>Sen almışsın, görmüşsün.</i>

III	Ол алыпты, көріпті.	<i>O almış, görmüş.</i>
көпше		
I	Біз алыпмыз, көріппіз	<i>Biz almışız, görmüşüz.</i>
II	Сендер алыпсыңдар, көріпсіңдер. Сіздер алыпсыздар, көріпсіздер	<i>Siz almışsınız, görmüşsünüz.</i>
III	Олар алыпты, көріпті.	<i>Onlar almışlar, görmüşler.</i>

Қазақ тіліндегі -ма-/ -ме-, -ба-/ -бе-, -па-/ -пе- тұлғалы, ал түрік тіліндегі -та-/ -те- тұлғалы болымсыз етістіктер де бұрынғы өткен шақта жоғарыдағы үлгіге сай жіктеледі.

Ы.Маманов бұрынғы өткен шақты «ежелгі өткен шақ» деп атай отырып, оның қазақ тілінде мынадай жағдайларда қолданылатынын айтады¹: 1) ертегі, әңгімелерде, халық ауыз әдебиетінде; 2) сөйлеуші өзіне таныс адамды, қаланы, жерді ұзақ уақыт көрмей жүріп барып көргенде, сондағы өзі байқаған өзгерістерді осы формада баяндайды; 3) сөйлеуші сәби кезіндегі өзінің немесе басқалардың істегендерін кейіннен басқа біреудің айтуынан естіп білсе, осы формада айтады; 4) сөйлеуші өткенде өзінің істеген ісі туралы ұмытып, кейіннен есіне түссе, осы формада айтады т.б.

Бұрынғы өткен шақ түрік тілінде:

1) Қазақ тіліндегідей ертегі сияқты халық ауыз әдебиеті үлгілерінде қолданылады: *Az gitmiş, uz gitmiş.* – Аз жүріпті, көп жүріпті.

2) Сөйлеуші көрмеген, басқа біреуден естіп білген іс-әрекетті түсіндіру үшін қолданады: *O, daha önce bu şehre gitmiş.* - Ол бұрын сол қалаға барыпты. *Kitabı masanın üzerine koymuş.* - Кітапты үстелдің үстіне қойыпты.

3) Сөйлеуші кейін байқаған немесе кейін көрген іс-әрекетті баяндау үшін қолданады: *Evide elektrikler kesilmiş.* - Үйде шам өшіп қалыпты. *Bilgisayarım bozulmuş.* - Компьютерім сыныпты.

4) Түрік тілінде бұрынғы өткен шаққа жалғанатын *-turl/-tir, -turl/ -tür* күшейтуші қосымша іс-әрекеттің болғанын шамалауды

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 109.

немесе іс-әрекеттің нақты болып өткенін білдіреді. Мысалы: *Mehmet Bey stadyuma çoktan gelmiştir.* «Мехмет мырза стадионға келіп қойған шығар». *Bu kuralları öğrenmişsinizdir.* «Бұл ережелерді үйренген шығарсыздар». *Topluma seçim hakkı verilmiştir.* «Қоғамға таңдау құқы берілді. «*Kırgızistan*». *a cumhurbaşkanlığı seçimleri Ekim ayında geçmiştir.* «Қырғызстанда президенттік сайлау қазан айында өтті.

Бұрынғы өткен шақтың екінші түрі қазақ тілінде *-ған/-ген, -қан/-кен* тұлғалы есімшенің жіктелуі арқылы жасалады¹. Ы.Маманов *-ған/ -ген, -қан/-кен* қосымшаларын бұрынғы өткен шақтың көрсеткіші деп көрсете отырып: «Жедел өткен шақ пен бұрынғы өткен шақ формасының арасында мезгілді білдіру жағынан еш айырма жоқ. Жедел өткен шақ формасы сөйлеушінің сөйлеу кезінен бұрын болып өткен қимылды жай хабарлау түрінде баяндауын білдіреді. Ал бұрынғы өткен шақ формасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болған істі жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару керек болғанда қолданады»². – деп пайымдайды.

Қазақ тілінде бұрынғы өткен шақтың көрсеткіші ретінде қолданылатын *-ған/-ген, -қан/-кен* қосымшасын А.Ысқақов анық өткен шақтың көрсеткіші деп көрсетеді³. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен барғанмын, көргенмін, айтқанмын.	Біз барғанбыз, көргенбіз, айтқанбыз.
II	Сен барғансың, көргенсің, айтқансың. Сіз барғансыз, көргенсіз, айтқансыз.	Сендер барғансыңдар, көргенсіңдер, айтқансыңдар. Сіздер барғансыздар, көргенсіздер, айтқансыздар.
III	Ол барған, көрген, айтқан.	Олар барған, көрген, айтқан.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 516.

² Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 106.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 328.

Болымсыз етістік бұрынғы өткен шақта мынадай жолдармен жасалады: 1) бұрынғы өткен шақтың *-ған/-ген, -қан/-кен* көрсеткіші етістік түбіріне жалғанған болымсыздықтың *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* қосымшаларынан кейін келіп, жіктік жалғауын қабылдайды; 2) етістіктің болымсыз түрі жоқ, *емес* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалғанда, бұрынғы өткен шақтың *-ған/-ген, -қан/-кен* көрсеткіші етістік түбіріне тура жалғанады да, ал жіктік жалғаулары жоқ, *емес* сөздерінен кейін жалғанады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен бармағанмын, барған жоқпын, барған емеспін.	Біз бармағанбыз, барған жоқпыз, барған емеспіз.
II	Сен бармағансың, барған жоқсың, барған емессің. Сіз бармағансыз, барған жоқсыз, барған емессіз.	Сендер бармағансыңдар, барған жоқсыңдар, барған емессіңдер. Сіздер бармағансыздар, барған жоқсыздар, барған емессіздер.
III	Ол бармаған, барған жоқ, барған емес.	Олар бармаған, барған жоқ, барған емес.

Бұлайша жіктелетін етістіктің болымсыз түрлерінің әрқайсысының өзіне тән стильдік ерекшеліктері бар. Қазіргі қазақ тілінде іс-әрекеттің болмағанын кесіп айтуда соңғы екі вариант көбірек қолданылады¹

Қазақ тілінде бұрынғы өткен шақтың күрделі формалары *-ған/ -ген, -қан/-кен* тұлғалы есімшеге, сондай-ақ *-п, -ып/-іп* тұлғалы көсемшеге еді, екен көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады². Қазақ тіліндегі мұндай күрделі тұлғалардың мағыналарын түрік тілінде контекске қарай *-muş/-miş, -muş/-müştü* қосымшасына *idi* «еді» толымсыз көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалған *-muştu/-mişti, -muştu/-müştü* немесе тікелей жедел

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 107 – 108.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 516.

өткен шақтың *-dı/-di, -dul/-dii, -tı/-ti, -tul/-tü* қосымшалары білдіре алады. Мысалы:

Қазақ тілінде		Түрік тілінде
жақ	жекеше	
I	Мен жазған едім, барып едім.	<i>Ben yazdım, gitmişim</i>
II	Сен жазған едің, барып едің. Сіз жазған едіңіз, барып едіңіз.	<i>Sen yazdın, gitmişin. Siz yazdınız, gitmişiniz</i>
III	Ол жазған еді, барып еді.	<i>O yazdı, gitmişti.</i>
көпше		
I	Біз жазған едік, барып едік.	<i>Biz yazdık, gitmiştik.</i>
II	Сендер жазған едіңдер, барып едіңдер. Сіздер жазған едіңіздер, барып едіңіздер.	<i>Siz yazdınız, gitmişiniz. Sizler yazdınız, gitmişiniz.</i>
III	Олар жазған еді, барып еді.	<i>Onlar yazdılar, gitmişlerdi</i>

Қазақ тілінде *-ған/-ген, -қан/-кен* тұлғалы есімшеге, немесе *-п, -ып/-іп* тұлғалы көсемшеге еді, екен көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалатын бұрынғы өткен шақтың күрделі формалары өткен шақ категориясы құрамында, ал түрік тілінде *idi* «еді», *imiş* «екен», *ise* «болса» көмекші етістіктерінің тіркесуімен жасалатын күрделі формалар *Birleşik çekim* «күрделі жіктеліс» құрамында қарастырылады.

Ауыспалы өткен шақ (дағдылы өткен шақ).

Ауыспалы өткен шақ есімшенің *-атын/-етін, -йтын/-йтін* жұрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақтық мағынада қолданылады¹ Өткен шақтың бұл формасының келер шақтық ұғымы ашық рай мағынасында

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 517.

емес, модальдық мағынада, яғни сөйлеушінің объективтік көзқарасын білдіретіндіктен және жазба әдебиетте бұл мәнде кездеспейтіндіктен Ы.Маманов -атын/-етін, -йтын/-йтін жұрнақтары арқылы жасалған өткен шақты «дағдылы өткен шақ» деп атайды. Дағдылы өткен шақ мәнін -атын/-етін, -йтын/-йтін қосымшаларының сыртында, есімшенің -ушы/-уші формасымен еді көмекші етістігінің тіркесуі де білдіреді¹

Жалпы алғанда дағдылы өткен шақ еді көмекші етістігімен тіркесіп те жұмсалады, оның болымсыз түрі етістікке -ма/-ме, -ба/ -бе, -па/-пе жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен айтатынымын, айтушы едім, айтатын едім.	Біз айтатынбыз, айтушы едік, айтатын едік.
II	Сен айтатынсың, айтушы едің, айтатын едің. Сіз айтатынсыз, айтушы едіңіз, айтатын едіңіз.	Сендер айтатынсыңдар, айтушы едіңдер, айтатын едіңдер. Сіздер айтатынсыздар, айтушы едіңіздер, айтатын едіңіздер.
III	Ол айтатын, айтушы еді, айтатын еді.	Олар айтатын, айтушы еді, айтатын еді.

Қазақ тіліндегі дағдылы өткен шақтың мәнін түрік тілінде дағдыға, әдетке айналған іс-әрекетті білдіретін -ir/ -ir, -ur/-ür, -ar/-er,-r қосымшасы мен *idi* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалған өткен шақтың күрделі түрі бере алады:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben yazardım, giderdim, okurdum, görürdüm.</i>	<i>Biz yazardık, giderdik, okurduk, görürdük.</i>
II	<i>Sen yazardın, giderdin, okurdun, görürdün.</i>	<i>Siz yazardınız, giderdiniz, okurdunuz, görürdünüz.</i>
III	<i>O yazardı, giderdi, okurdu, görürdü.</i>	<i>Onlar yazarlardı, giderlerdi, okurlardı, görürlerdi.</i>

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 111.

Түрік тіліндегі өткен шақ мәні «күрделі жіктеліс» деп аталатын күрделі формалар арқылы да беріледі. Күрделі формада белгілі шақ көрсеткіштері мен *i-* (<*er-*) көмекші етістігінің *idi* (еді), *imiş* (екен), *ise* формалары қолданылады. А.Н.Кононов *idi* формасын «өткен шақтағы баяндауыштың жұрнағы» деп атайды да, *imiş*, *ise* формаларын «етістіктің модальдылық формалары» деп көрсетеді. *Imiş* формасына субъективті модальдылық мән, *ise* формасына шартты білдіретін модальдылық мән тән¹. З.Коркмаз *idi* «еді» формалы күрделі жіктелісті «*birleşik kipli fiillerin hikayesi*», ал *imiş* «екен» формалы күрделі жіктелісті «*birleşik kipli fiillerin rivayeti*», *ise* «болса» формалы күрделі жіктелісті «*birleşik kipli fiillerin şartı*» деп атайды.

Сонымен, түрік тілінде өткен шақты білдіретін *idi* «еді» «етістігімен жасалған күрделі формалар бұйрық райдан басқа райдың барлық түрлерімен тығыз байланыста болып келеді:

1. Осы шақ қосымшасымен қолданылып, өткен шақтағы белгілі бір уақыт тілімінде, сол мезетте орындалған, кейде аяқталып, аяқталмағаны белгісіз іс-қимылды білдіреді: *Mektup yazıyordum* «хат жазып отырған едім». *Kitap okuyorduk* «кітап оқып жатқан едік».

2. Аорист шақ қосымшасымен келіп, бұрын қайталанып тұратын, әдетке айналған іс-қимылды білдіреді: *Mektup yazardım* «хат жазатын/жазушы едім». *Kitap okurduk* «кітап оқитын/оқушы едік».

3. Келер шақ қосымшасымен қолданылып, өткен шақта ойластырылған, алайда жүзеге аспаған әрекетті білдіреді: *Mektup yazacaktım* «хат жазайын деп едім». *Kitap okuyacaktım* «кітап оқиын деп едім».

4. Жедел өткен шақ қосымшасымен қолданылып, бұрын болып кеткен іс-қимылды білдіреді: *Mektup yazdıyım* «хат жазған болатынмын». *Kitap okudıyduk* «кітап оқыған едік».

5. Бұрынғы өткен шақ қосымшасымен қолданылып, бұрын болған іс-қимылды білдіреді: *Mektup yazmıştım* «хат жазып қойған едім». *Kitap okumuştuk* «кітап оқып едік».

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград: Академия наук СССР, 1956. – С.237 - 248.

6. Шартты рай қосымшасымен қолданылып, өткен шақтағы шарттылықты, кейде өкінішті білдіреді: *Mektup yazsaydım* «хат жазған болсам», *Kitap okusaydık* «кітап кітап оқыған болсақ».

7. Қалау рай қосымшасымен қолданылып, бұрын жүзеге аспаған қалауды білдіреді: *Mektup yazaydım* «хат жазсам етті». *Kitap okuyaydık* «кітап оқысам етті».

8. Міндет мәнді райдың қосымшасымен қолданылып, бұрын істелуі қажет, бірақ істелмеген іс-әрекетті білдіреді: *Mektup yazmalıydım* «хат жазуым керек еді». *Kitap okumalıydık* «кітап оқуымыз керек еді».

Бұдан басқа *imiş* «екен» көмекші етістігі де бұйрық рай мен шақ категориясындағы жедел өткен шақтан басқа барлық рай категорияларымен тығыз байланысқа түсіп, әр түрлі стильдік мәнде жұмсалады.

1. Осы шақ қосымшасымен қолданылып, сөйлеушінің бұрын болып өткен, бірақ өзі кейін байқаған іс-қимылды білдіреді: *Mektup yazıyormuşım* «хат жазып отырған екенмін». *Kitap okuyormuşız* «кітап оқып жатқан екенбіз».

2. Аорист шақ қосымшасымен қолданылып, сөйлеушінің бұрын тұрақты болып тұрған, бірақ оның болғанын өзі кейін байқаған іс-қимылды білдіреді: *Mektup yazarmışım* «хат жазатын/жазушы екенмін». *Kitap okurmüşız* «кітап оқитын/оқушы екенмін».

3. Келер шақ қосымшасымен қолданылып, басқа біреудің айтуынша істелуі қажет іс-әрекетті білдіреді:

4. *Mektup yazacakmışım* «хат жазуым керек екен». *Kitap okuyacakmışız* «кітап оқуымыз керек екен».

5. Бұрынғы өткен шақ қосымшасымен қолданылып, басқа біреудің білдіруінше істелген іс-қимылды, кейбір кездері сол әрекетке байланысты мысқыл да білдіреді: *Mektup yazmışım* «хат жазыппын екен / жазыппын-мыс». *Kitap okumuşmuşız* «кітап оқыппыз екен / оқыппыз-мыс».

6. Шартты рай қосымшасымен қолданылып, өткен шақтағы шарттылықты, кейде өкінішті білдіреді: *Mektup yazsaymışım* «хат жазған болсам», *Kitap okusaymışız* «кітап оқыған болсақ».

7. Қалау рай қосымшасымен қолданылып, бұрын жүзеге аспаған қалауды білдіреді: *Mektup yazaumışım* «хат жазсам етті». *Kitap okıyuumışız* «кітап оқысақ етті».

8. Міндет мәнді райдың қосымшасымен қолданылып, бұрын істелуі қажет екенін кейін байқаған іс-әрекетті білдіреді: *Mektup yazmalıumışım* «хат жазуым керек екен». *Kitap okımalıumışız* «кітап оқуымыз керек екен».

Осы шақ / *Şimdiki zaman* – қимылдың, іс әрекеттің сөйлеу барысында болып жатқанын, өтіп жатқанын білдіреді. Осы шақтағы етістіктер әрдайым қайталанып тұратын дағдылы іс-әрекетті де білдіру үшін жұмсалады¹. Қазақ тіліндегі осы шақ мағынасына қарай нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ болып екіге бөлінеді.

Нақ осы шақ сөйлеу кезінде болып жатқан іс-қимылды білдіреді. Қазақ тілінде құрамына қарай жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді. Нақ осы шақтың жалаң түрі отыр, жүр, жатыр, тұр қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен отырмын, жүрмін, жатырмын, тұрмын.	Біз отырмыз, жүрміз, жатырмыз, тұрмыз.
II	Сен отырсың, жүрсің, жатырсың, тұрсың. Сіз отырсыз, жүрсіз, жатырсыз, тұрсыз.	Сендер отырсыңдар, жүрсіңдер, жатырсыңдар, тұрсыңдар. Сіздер отырсыздар, жүрсіздер, жатырсыздар, тұрсыздар.
III	Ол отыр, жүр, жатыр, тұр.	Олар отыр, жүр, жатыр, тұр.

Етістіктің болымсыз түрі -ған/-ген есімше тұлғалы қалып етістіктерінің жоқ сөзімен тіркесуі арқылы жасалады. Жіктік жалғауы жоқ сөзіне жалғанады:

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 517.

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен отырған /жүрген / жатқан / тұрған жоқпын.	Біз отырған/ жүрген/ жатқан/ тұрған жоқпыз.
II	Сен отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқсың. Сіз отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқсыз.	Сендер отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқсыңдар. Сіздер отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқсыздар.
III	Ол отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқ.	Олар отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқ.

Қазақ тілінде нақ осы шақтың күрделі түрі көсемшенің -а, -е, -й, -ып/ -іп, -п тұлғасында келген етістік пен отыр, жүр, жатыр, тұр қалып етістіктерінің тіркесуінен жасалады. Мұнда жіктік жалғау қалып етістіктерінен кейін жалғанады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен оқып отырмын / жүрмін / жатырмын / тұрмын.	Біз оқып отырмыз / жүрміз / жатырмыз / тұрмыз.
II	Сен оқып отырсың / жүрсің / жатырсың /тұрсың. Сіз оқып отырсыз / жүрсіз / жатырсыз /тұрсыз.	Сендер оқып отырсыңдар / жүрсіңдер / жатырсыңдар / тұрсыңдар. Сіздер оқып отырсыздар / жүрсіздер / жатырсыздар / тұрсыздар.
III	Ол оқып отыр / жүр / жатыр / тұр.	Олар оқып отыр / жүр / жатыр / тұр.

Күрделі тұлғалы болымсыз етістік осы шақта:

а) -ып/-іп,-п көсемше тұлғалы негізгі етістік пен -ған/-ген есімше тұлғалы қалып етістіктерінің және жіктік жалғауымен түрленген жоқ сөзінің тіркесуі арқылы жасалады:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқпын.	Біз жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқпыз.
II	Сен жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқсың. Сіз жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқсыз	Сендер жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқсыңдар. Сіздер жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқсыздар.
III	Ол жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқ.	Олар жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқ.

ә) болымсыздықтың *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* жұрнақтарымен көмкерілген негізгі етістікке көсемшенің *-й* қосымшасының жалғануы және оған жіктік жалғаулы қалып етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен жазбай отырмын / жүрмін / жатырмын / тұрмын.	Біз жазбай отырмыз / жүрміз / жатырмыз / тұрмыз.
II	Сен жазбай отырсың / жүрсің / жатырсың / тұрсың. Сіз жазбай отырсыз / жүрсіз / жатырсыз / тұрсыз.	Сендер жазбай отырсыңдар / жүрсіңдер / жатырсыңдар / тұрсыңдар. Сіздер жазбай отырсыздар / жүрсіздер / жатырсыздар / тұрсыздар.
III	Ол жазбай отыр / жүр / жатыр / тұр.	Олар жазбай отыр / жүр / жатыр / тұр.

Түрік тілінде қазақ тіліндегідей отыр, жүр, жатыр, тұр қалып етістіктері арқылы жасалатын осы шақ түрі қолданылмайды. Алайда түрік тіліндегі осы шақтың көрсеткіші *-yor > yori-r / yoru-r*

«жүр» етістігіне барып саятынын, түрік тіліндегі *yori-* «жүру» мен қазақ тіліндегі нақ осы шақты жасауға қатысатын жүр етістігінің бір негізден өрбігенін ескерсек, екі тілдегі осы шақтың көрсеткіштерінде ортақтықтық бар деп санауға болады.

Осы шақтың көрсеткіші ретінде толығымен етістік түбіріне жалғанатын жұрнақ болып қалыптасқан *-yor* қосымшасының көне Анатоли түрік тіліндегі қалыптасу барысын З.Коркмаз былайша көрсетеді: *al-a yoru-r > al-ıyor, başla-y-u yoru-r > başlı-yor*¹.

Түрік тілінде осы шақ негізінен *-yor* және *-maktal/-mekte* қосымшалары арқылы жасалады. Бұлардың сыртында *-madal/-mede* қосымшасын осы шақ көрсеткіштері қатарына қосатын пікірлер де кездеседі².

Түрік тілінде етістік осы шақта былайша жіктеледі:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben başlıyorum, okuyorum, oturuyorum, görüyorum.</i>	<i>Biz başlıyoruz, okuyoruz, oturuyoruz, görüyoruz.</i>
II	<i>Sen başlıyorsun, okuyorsun, oturuyorsun, görüyorsun.</i>	<i>Siz başlıyorsunuz, okuyorsunuz, oturuyorsunuz, görüyorsunuz.</i>
III	<i>O başlıyor, okuyor, oturuyor, görüyor.</i>	<i>Onlar başlıyorlar, okuyorlar, oturuyorlar, görüyorlar.</i>

Етістік түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталғанда *-yor* жұрнағының алдына қысаң *-ı, -i, -u, -ü* көмекші дауысты дыбыстарының бірі дыбыстық үндестікке сәйкес жалғанады, яғни соңғы дауысты дыбыс *a, ı* болса *ı; e, i* болса *i; o, u* болса *u; ö, ü* болса *ü* жалғанады: *ak-ı-yor* «ағып жатыр, ағады», *ser-i-yor* «жайып жатыр, жаяды», *dur-u-yor* «тұр, тұрады», *gör-ü-yor* «көріп тұр, көреді». Дауысты *a* және *e* дыбыстарына аяқталған етістіктің түбіріне *-yor* қосымшасы жалғанғанда ашық *a* және *e* дыбыстары қысаңданып, *-ı, -i, -u, -ü* дауысты дыбыстарына айналады: *başla-yor > başlıyor* «бастайды», *bekleyor > bekliyor* «күтеді», *oynayor > oynuyor* «ойнайды», *özüyor > özlüyor* «сағынады».

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 611.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 611.

Болымсыз етістік осы шақта у дауыссыз дыбысының әсерімен қысқанданып, *-ти-, -ті-, -ту-, -тү-* түріне енген болымсыздықтың *-та-, -те-* жұрнақтары арқылы жасалады:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben bakmıyorum, vermiyorum, okumuyorum, dökmüyorum.</i>	<i>Biz bakmıyoruz, vermiyoruz, okumuyoruz, dökmüyoruz.</i>
II	<i>Sen bakmıyorsun, vermiyorsun, okumıyorsun, dökmüyorsun</i>	<i>Siz bakmıyorsunuz, vermiyorsunuz, okumıyorsunuz, dökmüyorsunuz</i>
III	<i>O bakmıyor, vermiyor, okumuyor, dökmüyor.</i>	<i>Onlar bakmıyorlar, vermiyorlar, okumuyorlar, dökmüyorlar.</i>

Ауыспалы осы шақ – қимыл, іс-әрекеттің дағдылы бір қалыпта болып тұруын білдіреді¹ Қазақ тілінде етістіктің түбір-негізіне көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған осы шақтың бұл түрін А.Ысқақов жалпы осы шақ деп атайды және оның контекстегі қызметіне қарай сөйлеп отырған кезде болатын амал-әрекетті, үнемі істелетін кәсіби және басқа күнбе-күнгі әрекетті, адамзатқа, ғаламзатқа үйреншікті, дағдылы қимыл, қозғалыс, амал, әрекетті білдіретінін айтады². Ауыспалы осы шақта етістіктер былайша жіктеледі:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен барамын, жүремін, ойнаймын.	Біз барамыз, жүреміз, ойнаймыз.
II	Сен барасың, жүресің, ойнайсың. Сіз барасыз, жүресіз, ойнайсыз	Сендер барасыңдар, жүресіңдер, ойнайсыңдар. Сіздер барасыздар, жүресіздер, ойнайсыздар.
III	Ол барады, жүреді, ойнайды.	Олар барады, жүреді, ойнайды.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 518.

² Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.330.

Етістіктің болымсыз түрі ауыспалы осы шақта етістік түбіріне жалғанған *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* болымсыздықтың көрсеткіштерінен кейін көсемшенің *-й* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен бармаймын, жүрмеймін, айтпаймын, жазбаймын.	Біз бармаймыз, жүрмейміз, айтпаймыз, жазбаймыз
II	Сен бармайсың, жүрмейсің, айтпайсың, жазбайсың. Сіз бармайсыз, жүрмейсіз, айтпайсыз, жазбайсыз.	Сендер бармайсыңдар, жүрмейсіңдер, айтпайсыңдар, жазбайсыңдар. Сіздер бармайсыздар, жүрмейсіздер, айтпайсыздар, жазбайсыздар
III	Ол бармайды, жүрмейді, айтпайды, жазбайды.	Олар бармайды, жүрмейді, айтпайды, жазбайды.

Түрік тілінде ауыспалы осы шақ мәнін «аорист шақ» деп аталатын *-ır/-ir, -ur/-ür, -r, -ar/-er* жұрнақтары арқылы жасалатын шақ түрі білдіреді. А.Н.Кононов түрік тіліндегі бұл шақ түрін «настоящее-будущее время» деп атайды¹.

Түрік тілінде сондай-ақ осы шақ *-makta, -mekte* қосымшасының көмегімен де жасалады. Бұл құранды қосымша *mastar eki* деп аталатын тұйық етістіктің *-mak/-mek* тұлғасы мен жатыс септіктің *-ta/-te* жалғауынан тұрады. А.Н.Кононов «настоящее -длительное время» деп атаған² бұл шақта «істің жалғасып жатуы» мәнін жатыс септігі арқалайды³ Түрік тілінде *-makta/-mekte* тұлғалы етістік былайша жіктеледі:

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград: Академия наук СССР, 1956. – С. 226.

² Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград: Академия наук СССР, 1956. – С.229.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.621.

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben oturmaktaım, görmekteyim</i>	<i>Biz oturmaktayız, görmekteyiz</i>
II	<i>Sen oturmaktasın, görmektesin</i>	<i>Siz oturmaktasınız, görmektesiniz</i>
III	<i>O oturmaktadır, görmektedir.</i>	<i>Onlar oturmaktadırlar, görmektedirler</i>

Етістіктің болымсыз түрі түбір-негізге жалғанған болымсыздықтың *-та, -те* жұрнақтарынан кейін *-makta, -mekte* қосымшасының жалғануы арқылы жасалады:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben oturmamaktaım, görmemekteyim.</i>	<i>Biz oturmamaktayız, görmemekteyiz.</i>
II	<i>Sen oturmamaktasın, görmemektesin.</i>	<i>Siz oturmamaktasınız, görmemektesiniz.</i>
III	<i>O oturmamaktadır, görmemektedir.</i>	<i>Onlar oturmamaktadırlar, görmemektedirler.</i>

Аорист шақтың іс-әрекеттің созымалылығын білдіретін мағынасын қазақ тілінде баспасөз тілінде III жақта жиі қолданылып жүрген *-уда/-уде* тұлғасы бере алады. Қазіргі кезде *-уда/-уде* қосымшасын осы шақтың көрсеткіші деп танитын пікірлер белең алуды¹. Кейбір ғалымдар бұл формада ешқандай да вербалдық мағына болмайтындықтан және оған етістікке тән қосымшалар қосылмайтындықтан етістіктің шақ формасы ретінде қаралмауы керек деп санайды².

Қазақ тілінде екі түрлі аналитикалық формант арқылы жасалатын осы шақтың неғайбыл осы шақ деген үшінші бір түрі көрсетіледі³. Бірінші түрі көсемшенің келер шақ *-ғалы/-гелі, -қалы/-келі* формасындағы етістікке жатыр, жүр, тұр, отыр етістіктерінің бірінің тіркесуі арқылы жасалса, екінші түрі де

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.519.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.332.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 331.

-йын/-йін деп форманты жалғанған етістікке жатыр, жүр, тұр, отыр етістіктерінің бірінің тіркесуі арқылы жасалады. Бұл форма арқылы келешекте істелетін іс-әрекет, қимыл-амал туралы ой сөйлеп отырған кезде жүзеге асырылатындай етіп жеткізіледі. Қазақ тілінде неғайбыл осы шақ білдіретін мағынаны түрік тілінде *-mak/-mek* көрсеткішімен келген тұйық етістікке *üzere* сөзінің тіркесуі арқылы жасалған құрылым береді: *şıkmak üzere* «шығайын деп жатыр/шыққалы жатыр». Түрік тіліндегі құрылымды А.Н.Кононов келер шақтың бір түрі деп көрсетеді және «ближайщее будущее время» деп атайды¹

Келер шақ / *Gelecek zaman* – сөйлеу кезінде әлі орындалмаған іс-қимылдың келешекте жүзеге асырылатынын білдіреді. Қазақ тілінде келер шақ мағыналық ерекшеліктеріне қарай үшке бөлінеді: болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ.

Болжалды келер шақ – қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін болжауды білдіреді. Бұл шақта етістіктің болымды түрі етістік түбіріне есімшенің *-ар/-ер, -р* жұрнағының жалғануы арқылы жасалса, болымсыз түрі болымсыз етістіктен кейін *-с* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен алармын, берермін, алмаспын, бермеспін.	Біз алармыз, берерміз, алмаспыз, бермеспіз
II	Сен аларсың, берерсің, алмассың, бермессің. Сіз аларсыз, берерсіз, алмассыз, бермессіз.	Сендер аларсыңдар, берерсіңдер, алмассыңдар, бермессіңдер. Сіздер аларсыздар, берерсіздер, алмассыздар, бермессіздер.
III	Ол алар, берер, алмас, бермес	Олар алар, берер, алмас, бермес

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва - Ленинград: Академия наук СССР, 1956. - С. 236.

Қазақ тілінде болжалды келер шақ жасауға қатысатын есімшенің -ар/-ер, -р қосымшасымен сәйкес түсіп жататын түрік тіліндегі -r, -ar/ -er, -ır/-ir, -ur/-ür қосымшасы қазақ тіліндегідей болжалды келер шақтың емес, ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақ көрсеткіші ретінде жұмсалады.

Түрік тілінде келер шақтың -acak/-ecek тұлғалы бір ғана түрі көрсетіледі. Келер шақтың -acak/-ecek көрсеткішінің негізгі міндеті орындалатын, жүзеге асатын іс-қимылды нақты білдіру екенін атап айта отырып, А.Н.Кононов бұл шақты «будущее-категорическое время» деп атайды¹

З.Коркмаз: «көне Анатоли дәуірінде пайда болған -acak/-ecek қосымшасы, алдымен есімше қызметінде, кейіннен жіктік жалғауларын қабылдап, шақты білдіретін қызметте қолданылатын болды» -дейді². Келер шақта етістік түбіріне жалғанантын -acak/-ecek қосымшасының соңындағы қатаң дауыссыз k өзінен кейін дауысты дыбыспен басталатын жіктік жалғауларымен түрленгенде ұяң ğ дыбысына айналады: *ver-ecek-im* > *ver-eceğ-im*. Етістік түбірі дауысты дыбыспен аяқталатын болса, келер шақтың -acak, -ecek көрсеткіштері мен етістік түбірі арасына «дәнекер -у-» дыбысы келеді.

Түрік тілінде болымды және -та, -те тұлғалы болымсыз етістік келер шақта былайша жіктеледі:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben bakacağım, geleceğim,takmayacağım, girmeyeceğim.</i>	<i>Biz bakacağız, geleceğiz, takmayacağız, girmeyeceğiz</i>
II	<i>Sen bakacaksın, geleceksin,takmayacaksın, girmeyeceksin</i>	<i>Siz bakacaksınız, geleceksiniz, takmayacaksınız, girmeyeceksiniz.</i>
III	<i>O bakacak, gelecek. takmayacak, girmeyecek.</i>	<i>Onlar bakacaklar, gelecekler, takmayacaklar, girmeyecekler.</i>

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва - Ленинград: Академия наук СССР, 1956. - С. 234.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.624.

Келер шақтың *-acak/-ecek* қосымшасы болатын, жүзеге асырылатын іс-әрекетті білдіріп қана қоймайды, қажеттілік, міндеттілік мәнде де жұмсалады. Мысалы: *Şimdi bu elbiseyi giyeseksin.* «Қазір мына көйлекті киесің / киюің керек.» *O, bize bu saatten sonra her şeyi söyleyecek!* «Ол бізге енді бар нәрсені айтады / айтуы керек!» Сондай-ақ *-acak/-ecek* қосымшасына екінші және үшінші жақта бұйрық мән үстемеленеді: *Verdiğim kitabı okuyacaksın.* «Мен берген кітапты оқисың!» *Ahmet bu sokaktan bir daha geçmeyecek!* «Ахмет бұл көшеден енді өтпейді / өтпейтін болсын!

Мақсатты келер шақ - қимылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсатты түрде орындалатынын білдіреді.

Қазақ тілінде мақсатты келер шақ етістік түбіріне *-мақ/-мек, -бақ/ -бек, -пақ/-пек* қосымшаларының жалғануы, я болмаса олардан кейін *-шы/-ші* жұрнағының үстемеленуі арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен оқымақпын, ашпақшымын, жүрмекшімін.	Біз оқымақпыз, ашпақшымыз, жүрмекшіміз.
II	Сен оқымақсың, ашпақшысың, жүрмекшісің. Сіз оқымақсыз, ашпақшысыз, жүрмекшісіз.	Сендер оқымақсыңдар, ашпақшысыңдар, жүрмекшісіңдер. Сіздер оқымақсыздар, ашпақшысыздар, жүрмекшісіздер.
III	Ол оқымақ, ашпақшы, жүрмекші.	Олар оқымақ, ашпақшы, жүрмекші.

Мақсатты келер шақта іс-әрекеттің болмауын *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* тұлғалы негізгі етістік пен ойымда жоқ, ниетім жоқ тәрізді сөздердің тіркесуі білдіреді. Мысалы: Ертең таң ата ауылға жол жүрмек ниетім жоқ.

Түрік тілінде мақсатты келер шақ мәнін *-tak/-tek* тұлғалы тұйық етістік пен *niyetinde* сөзінің тіркесі жеткізе алады. Алайда бұл құрылым шақ формасы ретінде көрсетілмейді: *gelmek niyetindeyim* «келмекшімін, келмек ойым бар».

Ауыспалы келер шақ қазақ тілінде ауыспалы осы шақ тәрізді көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнақтарының көмегімен жасалады. А.Ысқақов бұл жұрнақ арқылы жасалған келер шақты жалпы (анық) келер шақ деп атайды да, амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, анық жүзеге асатынын білдіретінін айтады¹. Мысалы: Ол ауылға жиі барады. Асанның үлкен баласы университетте, ал кіші ұлы мектепте оқиды. Ит үреді, керуен көшеді.

Қазақ тіліндегі ауыспалы осы шақтың пен ауыспалы келер шақтың беретін мағыналарын түрік тілінде *geniş zaman* деп аталатын шақ түрі көрсете алады. А.Н.Кононов шақтың бұл түрін осы шақ аясында қарастырады. *Geniş zaman* өткенде басталған, қазір жалғасып жатқан, келешекте де жалғасатын іс-қимылды білдіреді.

Түрік тіліндегі ауыспалы келер шақ *-r, -ar/-er, -ır/-ir, -ür/-ür* жұрнақтары арқылы жасалып, жиі қайталанатын, әдетке айналған іс-әрекетті білдіреді. Мысалы: *körek havlar, balık yüzer* – ит үреді, балық жүзеді. *Her gün işe gider* – күнде жұмысқа барады.

Ауыспалы келер шақтың *-r, -ar/-er, -ır/-ir, -ür/-ür* қосымшалары етістіктің түбіріне белгілі бір тәртіп бойынша жалғанады:

- етістіктің түбірі дауысты дыбыспен аяқталса *-r* жалғанады: *anla-r* «түсінеді», *de-r* «дейді», *yürü-r* «жүреді».

- етістіктің түбірі екі және одан көп буынды болатын болса, *-ır/-ir, -ür/-ür* жұрнақтары жалғанады: *çıkar-ır* «шығарады», *bilin-ir* «білінеді», *duyur-ur* «естіртеді», *düşün-ür* «ойланады».

- етістіктің түбірі бір буынды болса *-ar/-er* жұрнағы жалғанады: *yap-ar* «істейді», *gir-er* «кіреді», *düş-er* «құлайды», *sor-ar* «сұрайды».

- бір буынды болғандарына қарамастан, мынадай он екі етістікке *-ar/-er* қосымшалары емес, *-ır/-ir, -ür/-ür* жұрнақтары жалғанады: *al-ır* «алады», *bil-ir* «біледі», *dur-ur* «тұрады», *gel-ir* «келеді», *gör-ür* «көреді», *kal-ır* «қалады», *ol-ur* «болады», *öl-ür* «өледі», *san-ır* «деп ойлайды», *var-ır* «барады, жетеді», *ver-ir* «береді», *vur-ur* «ұрады».

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 332.

Ауыспалы келер шақта болымды етістіктер былайша жіктеледі:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben yaşarım, yüzerim, alırım, olurum, görürüm.</i>	<i>Biz yaşarız, yüzeriz, alırız, oluruz, görürüz</i>
II	<i>Sen yaşarsın, yüzersin, alırsın, olursun, görürsün</i>	<i>Siz yaşarsınız, yüzersiniz, alırsınız, olursunuz, görürsünüz.</i>
III	<i>O yaşar, yüzer, alır, olur, görür.</i>	<i>Onlar yaşarlar, yüzerler, alırlar, olurlar, görürler.</i>

Болымсыз етістік бірінші жақ жекеше және көпшеде *-ma, -me* жұрнақтары арқылы, екінші және үшінші жақта *-maz, -mez* жұрнақтары арқылы жасалады:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>Ben uyumam, gelmem;</i>	<i>Biz uyumayız, gelmeyiz.</i>
II	<i>Sen uyumazsın, gelmezsin</i>	<i>Siz uyumazsınız, gelmezsiniz</i>
III	<i>O uyumaz, gelmez</i>	<i>Onlar uyumazlar, gelmezler</i>

Түрік тіліндегі ауыспалы келер шақ жалпы болатын іс-әрекетті де білдіреді. Мысалы: *Her akşam yatmadan önce kitap okurum.* «Күнде кешке жатпай тұрып, кітап оқимын».

Ауыспалы келер шақ (*Geniş zaman*) ниет етілген, алайда нақты түрде жүзеге асар, аспасы беймәлім іс – қимылды да білдіреді. Мысалы: *Yarın beraber sinemaya gideriz* «Ертең бірге киноға барамыз/ барармыз». *Gelecek hafta işlerini bitirirsi* «Келесі апта жұмыстарыңды бітірерсің».

§8. Жақ категориясы

Жақ категориясы (*şahıs ekleri*) іс-әрекеттің, қимылдың кімге, қай жаққа қатысты екенін білдіреді. Мұнда іс-әрекеттің белгілі бір жаққа қатысын арнайы грамматикалық формалар білдіреді.

Жақ категориясы мен жіктелу ұғымын бір деп қарауға болмайды. Жіктелу тек етістікке ғана тән емес, етістіктер сияқты есім сөздер де жіктік жалғауын қабылдайды. Бірақ олардың жіктелу жүйесіндегі басты айырмашылықтары – жіктік жалғауларын тікелей немесе қосымшадан соң қабылдауында. Есім сөздердің жіктелуі етістікке қарағанда өзгешелеу болады. Жіктік жалғау есім сөздерге тікелей жалғанатын болса, қалып етістіктерінен басқа етістіктердің түбіріне тікелей жалғана алмайды.

Қазақ тіл білімінде жақтық мағына мен жіктік жалғауының арақатынасы жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Мәселен, Ы. Маманов жіктік жалғауының өзі жалғанған сөзге тек жақтық мағына ғана үстейтіндігін, яғни предикативтік рең беретінін айтса¹, А. Ысқақов: «етістік формаларына қосылатын жіктік жалғаулардың қосымшалары тек жақ көрсеткіштері ғана емес, құрамдарына сандық көрсеткіштерді де бөлінбейтін компонент етіп алуы – олардың шақтық мәнді білдіруге қатысы барын айғақтайды» - дейді². Жіктік жалғауы субъектімен қиыса байланысып, ойды тұжырымдап, сөйлемді аяқтап тұратындықтан баяндауыш қосымшасы немесе баяндауыш категориясының тұлғасы деп аталады³.

Қазақ тіліндегі жіктік жалғауларының шығу тегі мен қалыптасу тарихын зерттеушілер жіктеу есімдіктерімен байланыстырып, *-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін* жіктік жалғаулары мен есімдігіне, *-сың/-сің* жалғаулары сен есімдігіне, *-сыз/-сіз* тұлғалары сіз есімдігіне, *-мыз/-міз, -пыз/-піз, -быз/-біз* тұлғалары біз есімдігіне, *-сыңдар/-сіңдер, -сыздар/-сіздер* тұлғалары көптіктің *-дар/-дер* көрсеткішімен түрленген сен және сіз есімдіктеріне барып

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 71.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 346.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 520.

саятынын айтады. Ал жіктік жалғауларының екінші түрі -м, -ң, -ңыз/-ңіз тұлғаларын бара-мын дегеннің сөйлеу тілінде бара-м болып ықшамдалатыны тәрізді жіктік жалғауларының дыбыстық өзгерістерге ұшыраған түрі деп көрсетеді¹.

Қазақ тілінде етістіктің жіктелісі төрт түрлі болып келеді²:

1. Етістіктің есімше тұлғалы түрі (-ған/ -ген/-қан/-кен, -атын/-етін/-йтын/ -йтін, -ар/-ер, -р, -мақ/-мек/-бақ/-бек/-пақ/-пек және отыр, тұр, жүр, жатыр, -уда/-уде) есім сөздерше жіктеледі: 1-жақ жекеше –мын/-мін, -пын/-пін, көпше –мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз; 2-жақ анайы жекеше -сын/-сің, көпше -сыңдар/-сіңдер, сыпайы түрі жекешеді -сыз/-сіз, көпшеде -сыздар/-сіздер; 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

2. Етістіктің көсемше тұлғалы түрі (-а, -е, -й және -ып/-іп, -п) 1-және 2-жақтарда есімдерше жіктеледі де, 3-жақта арнайы -ды/-ді, -ты/-ті деген жалғауы болады.

3. Етістіктің шартты рай (-са/-се) және жедел өткен шақ (-ды/-ді, -ты/-ті) тұлғалы түрлері ықшамдалғандалған қосымшалар жалғану арқылы жіктеледі: 1-жақ жекеше -м, көпше -к/-қ; 2-жақ анайы түрі жекешеді -ң, көпшеде -ңдар/-ңдер, сыпайы түрі жекешеді -ңыз/-ңіз, көпшеде -ңыздар/-ңіздер; 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

4. Етістіктің бұйрық рай тұлғасының жіктелуі төртінші түр болып саналады.

С.Исаев қазақ тілінде етістіктің ерекше жіктелетін бесінші түрі ретінде қалау рай тұлғасын көрсетеді де, қалау рай тұлғасының тәуелдік жалғау арқылы жаққа жіктеліп, қимыл, іс әрекет иесі, жақ иесі атау тұлғада емес, ілік септігінде тұратынын айтады³.

Түрік тілінде етістікке жалғанатын жіктік жалғаулары етістік білдіретін іс-қимылды қай жақ жүзеге асырғанын көрсететін грамматикалық категория тұрғысынан қарастырылады⁴. Жіктік жалғауларына «сөйлем ішіндегі баяндауышта рай және шақ қосымшаларынан басқа іс-әрекеттің жақ және жекеше-

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 522.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 524 – 525.

³ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б. 314.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.571.

көпшелігін көрсететін жалғаулар жіктік жалғаулары деп аталады» деген анықтама беріледі және олардың шығу тегі жіктеу есімдіктерімен байланыстырылады¹.

Түрік тілінде етістіктің III жақ көпше түріндегі жіктелісінде көптіктің *-lar/-ler* қосымшасының қолданылуы оның қазақ тілінен айырмашылығын көрсетеді. Сонымен түрік тіліндегі етістіктің жаққа қатысты жіктелісі мынадай болып келеді:

1) жіктеу есімдіктері негізді жіктік жалғаулар (*zamir kökenli şahıs ekleri*): жіктеу есімдіктерінің уақыт өте келе жалғауға айналуынан пайда болған жіктік жалғаулары арқылы жіктелуі:

Түрік тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	<i>-im/-im, -um/-üm; -yım/-yım, -yum /-yüm;</i>	<i>-ız/-iz, -uz/-üz; -yız/-yız, -yuz/-yüz</i>
II	<i>-sın/-sın, -sun/-sün</i>	<i>-sınız/-sınız, -sunuz/-sünüz</i>
III	Ø	<i>-lar/-ler</i>

Мұнда қазақ тіліндегі жіктік жалғауларымен салыстырғанда, ықшамдалу процесінің түрік тілінде көбірек болғаны байқалады: қазақ тілінде I жақта *-мын/-мын, -бын/-бін, -пін/-пін* болса, түрік тілінде *-im/-im, -um/-üm*, көпшеде қазақ тілінде *-мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/ -пиз* болса, түрік тілінде *-ız/-iz, -uz/-üz; -yız/-yız, -yuz/-yüz*. Алайда қазақ тілінде де сөйлеу тілінде әсіресе ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтың жіктелісінде түрік тіліндегідей қысқарып ықшамдалу байқалады: келемін – келем, шығамын – шығам.

Бұрынғы өткен шақ (*-miş/-miş, -muş/-müş*), нақ осы шақ (*-yor*), келер шақ (*-acak/-ecek*), ауыспалы келер шақ (*-ır/-ir, -ur/-ür, -r, -ar/-er*), міндет мәнді (*-malı/-meli*) және қалау райлары (*-a, -e*) тұлғаларымен келген етістіктердің жіктелісінде жіктеу есімдігіне барып саятын жіктік жалғаулар қолданылады: *Gelmiş-im, gidiyor-sun, alacak, yürür-üz, çıkmalı-sınız, gitmeye-ler*.

Тәуелдік жалғау негізді жіктік жалғаулар (*İyelik kökenli şahıs ekleri*): Түрік тіліндегі тәуелдік жалғау негізді жіктік жалғаулары

¹ Karaağaç G. Türkçenin dilbilgisi. – Ankara: Akçağ, 2012. - S.355.

жедел өткен шақ пен шартты рай тұлғалы етістіктердің жіктелісінде қолданылады: Ал бұйрық рай тұлғасының жіктелуі түрік тілінде етістік жіктелісінің үшінші түрін құрайды.

§9. Амалдың (қимылдың) өту сипаты категориясы

Қазақ тіліндегі етістік формалары жүйесінде өзіне лайық ерекше мазмұны мен арнаулы морфемалары бар грамматикалық құбылыс амалдың өту сипаты категориясы деп аталады¹.

Қазақ тіл білімінде амалдың (қимылдың) өту сипаты категориясының көрсеткіштері ретінде қарастырылатын арнайы жұрнақтар мен етістіктің аналитикалық форманттары түбір семантикасына іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың бағыты мен бағдарын, мезгілі мен мезетін, ыңғайы мен орайын, тыңғылықтылығы мен тиянақтылығын, үстірт немесе шалағай екенін, жедеқабыл мен қарбаластығын, орындалуы мүмкін немесе мүмкін еместігін, үздік-создықтығын, асығыстығы мен жайбырақаттылығын, бәсеңдігі мен үдемелілігін т.б. білдіретін реңкі үстемелейтін грамматикалық формалар тұрғысынан сипатталады².

Қазақ тілінде амалдың өту сипаты категориясының арнайы жұрнақтары бар. Мәселен, *-ла/-ле/-да/-де/-та/-те* және *-қыла/-кіле/-ғыла/ -гіле* өзі жалғанатын түбір етістіктің немесе етістік негізінің лексикалық мағынасына іс-әрекет, амалдың қайталануын, үсті-үстіне еселенуін, үдеуін білдіретін реңк дарытатын болса (қуала, қорғала, сабала, жұлқыла, атқыла, кескіле), іс-әрекет, қимылдың сирек қайталануын *-мала/-меле/-бала/-беле/-пала/-пеле* (итермеле, қазбала, үстемеле т.б.), жиілеуін *-ғышта/-қышта/-кіште/-гіште* (алғышта, барғышта, келгіште т.б.), біртіндеп үдей түсуін *-ыңқыра/-іңкіре, -ңқыра/-ңкіре* (алыңқыра, оқыңқыра, өсіңкіре

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 289.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974; Әбуханов Ф. Қазақ тілі. – Алматы, 1982; Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998; Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрлысы мен мағынасы. – Алматы, 1979; Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.

т.б.), толымсыздығын – ымсыра/–імсіре, –мсыра/–мсіре (жыламсыра, күлімсіре т.б.) тәрізді құранды қосымшалар білдіреді¹.

Амалдың өту сипаты категориясының екінші түрі аналитикалық форматтар арқылы жасалады және олар қазақ тілінде сан жағынан мол әрі сан алуан болып келеді. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарды арнайы зерттеген Н.Оралбаева оларды құрылысына қарай жалаң және күрделенген, құрам ұқсастығына қарай ортақ қосымшалы аналитикалық форманттар және көмекші етістіктері ортақ аналитикалық форманттар деп топтастырады. Н.Оралбаева: «Жалаң аналитикалық форманттардың құрамы бір морфемадан басталып, үш морфемаға жетеді, бірақ олардың бәрінде көмекші сөз саны бірден аспайды: кел-е бер, айт-а сал, оқы-п жүр, барып еді т.б. Негізінен екі морфемалы етістіктің аналитикалық форманттарының бірігуінен тұратындықтан, күрделенген аналитикалық форманттар құрамында екі бірдей көмекші сөз болады: -п қоя бер, -п жүре бер, -п бара жатыр, -п кеп қал, -са игі еді т.б.» -дейді. Ортақ қосымшалы аналитикалық форманттардың өзін көсемшелі (-а бер, -п бер, -а қал, -ғалы отыр т.б.), есімшелі (-ған бол, -мақ бол, -атын бол, -р болса, -ушы болма, -мақ еді, -ған еді, -атын еді т.б.), шарттылы (-са болды, -са еді, -се екен т.б.) деп іштей үш топқа жіктей отыра, Н.Оралбаева қазақ тілінде 70-тей көсемше арқылы жасалған аналитикалық форманттардың бар екенін, яғни аналитикалық форманттарды қалыптастыруда көсемшенің үлес салмағы есімшеге қарағанда ерен екенін, ал шарттылы аналитикалық форманттар құрамында шартты райдың -са/-се жұрнақтары өз мағынасын сақтамай, қалау тілек мағынасына көшкенін айтады².

А.Ысқақов қазақ тіліндегі аналитикалық форманттар тарихи тұрғыдан үш түрлі нұсқаға барып саятынын атап көрсетеді³:

¹ Қазақ тіл білімінің антологиясы: Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010. - Б. 346.

² Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрлысы мен мағынасы. – Алматы, 1979. - Б.51 - 76.

³ Қазақ тіл білімінің антологиясы: Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010. - Б. 347 - 356.

1-нұсқа: көсемшенің -ып/-іп, -п және -а,-е,-й жұрнақтары мен толымды көмекші етістіктерден құралатын форманттар: айт-а жөнелді, айт-а алды, айт-ып бақты, айт-ып шықты, айт-ып берді т.б.;

2-нұсқа: идиомаланған тұтас бір күрделі морфема (көрсеткіш) есебінде жұмсалатын -айын/ейін, -йын және де- етістігінің қатысуымен жасалған формант. Бұл формантқа басқа да қосымша формалардың үстемеленуі негізінде амалдың өту сипатының сан алуан реңкі саралана түседі. Мысалы: жел басыл-айын де-ді; жел басыл-айын де-п келеді; жел басыл-айын де-ді білем; жел басыл-айын де-п еді т.б.

3-нұсқа: есімше, көсемше (кейбір түрі), рай жұрнақтары мен еді, екен көмекші етістіктерінен құралатын форманттар: айт-қан еді; айт-ар еді, айт-атын еді; айт-қы-сы кел-іп еді; айт-са еді; айт-қан екен; айт-атын екен; айт-қы-сы кел-іп пе екен т.б.

Амалдың, іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың өту барысы белгілі бір мерзімге қатысты сатылы процесс болатындықтан, оның басталу сәтін көрсетуге көсемшелі негізгі етістіктің баста, жөнел, бер тәрізді көмекші етістіктермен тіркесуі (*айта бастады, шаба жөнелді, жылап қоя берді*), өту, жасалу үстінде екенін білдіруге бар, кел, тұр, отыр, жатыр сияқты амалдың жай-күйін көрсететін етістіктердің көсемшелі негізгі етістікке тіркесуі (бар-а жатыр, кет-іп бар-а жатыр, өс-іп келеді, кір-іп кел-е жатыр), аяқталу кезеңін жасауға көсемшелі негізгі етістік пен біт, бол, кеш, қал, шық тәрізді көмекші етістіктердің тіркесуінен жасалатын (айт-ып шық-ты, піс-іп кетті, жаз-ып болды) күрделі аналитикалық форманттар қатысады.

Қазақ тіліндегі аналитикалық форманттар амалдың өту сипаты категориясының мағынасын білдірумен қатар, амалдың өту тәсілі мен амалдың даму сатысын да білдіреді. Қазақ тілінде амалдың жасалу тәсілдерінің әр түрінің білдіретін өзіндік мағынасы бар. Мәселен, *-ған бол* жалған, жасанды қимылды, *-а* жазда қимылдың жасалуға жақындап барып, аяқталмай үзіліп қалуын, *-п ал, -п бер* қимылды субъект өзі үшін, немесе басқалар үшін жасағанын, *-п бақ*: қимылдың ерекше ынтамен жасалуын,

-а сал, -а отыр, -е жүр қимылдың жол жөнекей жасалуын, -а қой, -а кет, -а қал қимылдың ойда жоқта, күтпеген жерден болғанын, -п таста, -п жібер, -п түс, -п қал қимылдың қысқа, аз уақытта жасалуын, -п кеп жібер, -п кеп қал қимылдың ерекше қарқынмен, күшпен жасалуын; -е бер, -е түс: қимылдың ұзаққа созылуын, -а тұр: қимылдың жасалуына шек қоюды, -а жатарқимылдың жасалуындағы асығыссыздықты, -йын де, -ғалы отыр, -гелі жүр, -ғалы тұр, -ғалы жатыр қимылдың жасалуға дайын екенін, -п қал: қимылдың бір қалыптан тұрақты қалыпқа көшуін, -а сала, -а салып бір қимылдың соңынан ілесе екінші қимылдың басталуын білдіреді.

Аналитикалық формалар түркі тілдеріне тән сөз формаларының бірі екенін атап айта отыра М.Томанов, олардың грамматикалық мәнді білдірудегі басты ерекшеліктері ретінде:

1) дерексіз мәннің көмескі тартып, көбінесе деректі әрекетке қосымша мән үстемелеу басым болып отыруын;

2) грамматикалық тұрақтылықтың лексикалық тұрақтылықпен ұштасуын;

3) тіркестердің екі, үш, кейде одан да көп сөздерден құралуын;

4) аналитикалық формалар құрамындағы көмекші қызметтегі етістіктер тек сол контекст құрамында ғана көмекші мәнде жұмсалатынын, әйтпесе олар басқа ыңғайда дербес сөздер ретінде қолданыла алатынын;

5) аналитикалық формалардың көпшілігі етістіктердің белгілі бір семантикалық топтары айналасында ғана болып отыруын;

6) аналитикалық тіркестердің грамматикализациялануы да біркелкі болып келмейтінін атап көрсетеді¹

Көсемше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістік-модификаторлардың тіркесуінен тұратын етістіктің аналитикалық формалары түркі тілдерінде әрекеттің, қозғалыстың, қимылдың жасалу барысындағы бір күйден екінші бір күйге өтудегі өзгерістерді білдірудің басты және негізгі құралы саналады. Негізгі етістік арқалаған мағынаға іс-әрекет, қимылдың ұзақтығы, ұластығы, аяқталуы, толымдылығы, нәтижелігі т.б.

¹ Томанов М. Т. Вопросы исторической морфологии казахского языка. Автореф. на соиск.учен. степени док. Филол. Наук. –Алма –Ата, 1975. - С.13.

алуан түрлі сипатына қатысты мән үстемелейтін көмекші етістіктердің саны жекелеген түркі тілдерде отыздан асады.

Түрік тіліндегі амалдың өту сипаты әлі де толық зерттеле қоймаған құбылыс саналады. З.Коркмаз түрік тіліндегі амалдың өту сипаты категориясын *kılınış* деп атап, бұл категорияға «етістіктегі амалдың өту үрдісінің мезгіл тұрғысынан өзгешелігі және амалдың қалай өтетінін көрсететін тәсіл» деген сипаттама береді және етістік білдіретін негізгі мағынада «бастау», «жалғасу», «аяқталу», «аяқтау», «дүркін дүркін өту» сияқты амалдың өту үрдістері болатындығын атап көрсетеді¹.

Түрік тіліндегі амалдың өту сипаты категориясының үш түрлі жасалу жолын көрсетуге болады:

1. Амалдың өту сипаты етістіктің тікелей лексикалық мағынасында болады. Мәселен, *aç-* «ашу», *başla-* «бастау», *karşıla-* «қарсы алу» тәрізді етістіктер амалдың басталуын білдірсе, амалдың созылыңқылығы *ara-* «іздеу», *oku-* «оқу», *uyu-* «ұйықтау», *yürü-* «жүру», аяқталуы *bırak-* «тастау», *bul-* «табу», *dol-* «толу», *duy-* «есту», *kuru-* «құрғау» етістіктерінде көрініс береді. Амалдың өздігінен болу сипаты *çürü-* «шіру», *çiçeklen-* «гүлдеу», *ekşi-* «қышқылдану» етістіктерінің, үздік-үздік болу сипаты *damla-* «тамшылау», *dinlen-* «демалу», *şaşala-* «сасу, дағдару» етістіктерінің мағыналық құрылымында бой көрсетеді.

2. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалатын амалдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері саналатын *-a-*, *-e-* қосымшасы амалдың еселенуін (*tık-a-* «тығындау», *ır-a-* «алыстау», *-ala-*, *-ele-* жұрнағы амалдың жиі-жиі болуын немесе қайталанып істелетінін (*durala-* «тоқтау», *dürt-ele-* «түрту», *-ı-*, *-i-*, *-u-*, *-ü-* амалдың еселенуін (*kaz-ı-* «қазу», *bür-ü-* «орау», *sür-ü-* «сүйрелеу», *-mala-*, *-mele-* істің немесе амалдың қайталанатынын (*kak-mala-* «қақпалау», *tır-mala-* «тырмалау», *sar-mala-* «орау»).

3. Аналитикалық форманттар арқылы жасалады. Түрік тіліндегі аналитикалық форманттарда қолданылатын көмекші етістіктер көсемшеге тікелей тіркеседі, яғни бөлек жазылмайды:

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. S.534-535.

-abil-/-ebil- форманты амал не іс-қимылдың жүзеге асуында күш пен мүмкіндік бар екенін көрсетеді: *otur-abil-ir* «отыра алады», *oku-y-abil-di* «оқи білді».

-iver-/-iver-, -ıver-/-üver- форманты іс-қимылдың тез, күтпеген мезетте орындалғанын білдіреді: *çık-ıver-di* «шыға келді», *geç-ıver-ecek* «өтіп кетеді», *al-ıver-miş* «алып қойыпты».

-adur-/-edur-, -ıp dur-, -ip dur- форманты іс-қимылдың белгілі бір уақыт аралығында жалғасатындығын көрсетеді: *bekle-y-edur-sun* «тоқтай тұрсын», *gid-edur* «бара тұр». *de-y-ip durma* «деп тұрма», *kariştir-ıp dur-uuyor* «араластырып тұрады».

-agel-/-egel-, -ıp gel- форманты негізгі амалдың әдетке айналып жалғасып келе жатқандығын білдіреді: *sür-egel-en* «жалғасып жатқан», *yazıl-agel-miş* «жазылып келген».

-akal-, -ekal- форманты негізгі амалдың қысқа және жылдам болғанын, статикалық түрге айналғанын білдіреді: *bak-akal-dım* «қарап қалдым», *uuu-y-akal-di* «ұйықтап қалды».

-agör-, -egör- форманты негізгі әрекеттің жалғасып жатқанын және өтініш түрінде болғанын білдіреді: *yalvar-agör-dü* «жалбарынып көрді», *yap-ta-y-agör* «істемей көр».

-akoy-/-ekoy-, -ıkoу-, -ikoу- форманты амалдың бір қалыппен жүзеге асатындығын білдіреді: *al-ıkoу-du* «алып қалды», *yaz-akoy-du* «жаза қойды».

-ayaz-/-eyaz- форманты амалдың орындалуға шақ қалғанын, бірақ орындалмағанын білдіреді: *düş-eyaz-dım* «кұлай жаздадым», *ağla-y-ayaz-di* «жылай жаздады».

-ıp git-, -ip git-, -up git-, -üp git- форманты амалдың басқа күйге түскенін көрсетеді: *kayıbol-ıp git-ti* «жоғалып кетті», *sür-üp gid-ecek* «жалғасып кете барады».

Бұлардың сыртында амалдың өту сипатының әр түрлі фазаларын есімше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістік қызметінде жұмсалатын *olmak/bulunmak* етістіктерінің тіркесі де білдіреді. Мысалы, *yazar olmak* – бастапқы кезең; *yazmaz olmak* – амалдың аяқталуға жақындығын; *yazacak olmak* – амалды істеуге ниеттенуді білдіреді¹.

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград: Академия наук СССР, 1956. – С. 209.

Сайып келгенде, іс-әрекет, қимыл- қозғалыстың басталу және аяқталу деңгейіне, темпіне, ырғағына, орындалу сәті мен орайына, жай-күйіне т.б. қатысты болып келетін арнайы қосымшалар мен аналитикалық форманттар қазақ және түрік тілдерінде етістіктің лексикалық негізі арқалаған мағынаға іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың өту амалына байланысты қосымша реңкі үстемелейтін сөз түрлендіруші формалар болып саналады және олардың әр қайсысының функционалдық ерекшеліктері етістіктің рай, есімше, көсемше, шақ, категорияларымен тығыз байланыста болып келеді.

§10. Қимыл есімі. Есімше және көсемше

Есімше мен көсемше формалары жеке грамматикалық категория (мәселен, шақ категориясы) жасауға негіз болатын етістіктің ерекше формалары, ал тұйық етістік бүтіндей басқа сөз табының грамматикалық сипатын көрсететін айрықша түрі¹ саналады. Себебі қимыл есімі (тұйық етістік) семантикалық сипаты жағынан зат есімге жақын болады, етістіктің грамматикалық категорияларына бейтарап болып келеді. Дейтұрғанмен есімше мен көсемшенің, қимыл есімі саналатын тұйық етістіктің категориялық сипаты туралы ғалымдардың пікірлері әр түрлі болып келеді. Мысалы, А. Ысқақов тұйық етістіктерді «қимыл атауы категориясында», есімшенің тұлғаларын «есімшелер категориясында», көсемшенің тұлғаларын «көсемшелер категориясында» қарастыру керек деп санап, олардың әрқайсысын етістіктің жеке грамматикалық категориялары деңгейіне көтеретін болса², Ы. Маманов етістікті негізгі етістік және функциялы етістік деп екіге бөледі де, функциялы етістіктердің табиғаты әртүрлі грамматикалық формалардың атқаратын қызметтеріне қатысты болатынын айтады. Ол: «Қазақ тілінде етістік негіздерінің болымды және болымсыз түрлеріне арнайы форма тудырушы қосымшалар жалғану арқылы етістікке

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 504 –505.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 274.

тән әртүрлі грамматикалық формалар пайда болады. Етістіктің мұндай формалары: есімше, көсемше, тұйық етістік, шартты рай формасы, *-ғы* тұлғалы және ортақ етіс тұлғалы қимыл есімдері» - дейді¹ Ы.Маманов: «-у тұлғалы тұйық етістік, *-ғы* тұлғалы және *-с* тұлғалы ортақ етіс семантикасы мен синтаксистік қызметі жағынан зат есімдерге жақын болатындықтан қимыл есімдері, есімшелер морфологиялық түрленуі мен синтаксистік қызметі жағынан сын есімнің функциясын атқаратындықтан қимыл-сын, морфологиялық белгісі мен синтаксистік қызметі жағынан үстеуге жақын көсемшелер қимыл үстеу қызметінде жұмсалады» – деп біледі. С.Исаев етістіктің лексика-грамматикалық сипатында етістіктің көсемше, есімше және тұйық етістік формаларын «категориялық мәнге ие бола алмайтын тұлғалар» деп көрсетеді².

Түрік тіліндегі есімше, көсемше және тұйық етістік формалары етістіктің *çekimsiz filler* «жіктелмейтін етістіктер» тобында қарастырылады. Өйткені, ғалымдардың пікірінше, бұл формалар етістік түбірінен немесе негізінен белгілі қосымшалар арқылы жасалмайтындықтан, сондай-ақ жіктік жалғауын қабылдап, жіктелмейтіндіктен және белгілі бір тиянақты ойды білдірмейтіндіктен аяқталмаған етістік (лат. *verbum infinitum*) саналады³. Түрік тіл білімінде есімше, көсемше және тұйық етістік формаларына: «қимыл есім, сын есім, үстеу және жалғаулық қызметінде қолданылатын *eylemsi* (етістік мәнді сөз)»⁴ деген анықтама беріледі және олардың басты ерекшеліктері «жіктік жалғауларын қабылдап, жіктелмейтіндігінде және сөйлемнің баяндауыш қызметінде есім сөздер тәрізді жұмсалатындығында» деп көрсетіледі⁵.

Түрік тілінде есімшелер тобынан *-an/-en; -dik/-dik, -duk/-dük, -tik/-tik, -tuk/-tük; -ıcı/-ici, -ucul/-ücü; -ası/-esi*; тұйық етістік көрсеткіштерінен *-ma/-me; -ış/-ış, -uş/-üş* және көсемше жұрнақтарының барлығы етістіктің шақ категориясында

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 69.

² Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б.316.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 863.

⁴ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Ofset, 2003. - S. 343.

⁵ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S. 428.

қолданылмайды, есімше жұрнақтарынан *-mıŝ/-mıŝ, -muŝ/-müŝ; -ar/-er, -r, -ır/-ir, -ur/-ür; -maz/-mez; -acak/-ecek*; тұйық етістіктің *-mak/-mek* тұлғалары етістіктің шақ категориясын жасауға қатысады, ал *-a, -e; -p, -ıp/-ip, -up/-ür* көсемше жұрнақтары күрделі етістік құрамында кездеседі.

Қимыл есімі (*İsim-fiil*).

Етістіктің көптеген формалары жіктеліп, жақтық, шақтық мағынаны білдіретін болса, қимыл есімінде мұндай қасиеттер болмайды. қимыл есімі іс-әрекеттің өзін емес, сол қимылдың атауы болғандықтан есім сөздерше көптеліп, септеліп, тәуелденеді.

Қазақ тілінде қимыл есімі бірде тұйық етістік, бірде қимыл атауы деп аталады, ал түрік тілінде қимыл есімі үшін *eylem adları, ad-filler, isim-fiiller* деген терминдер қолданылады. Түрік тілінде де қимыл есімі еістіктің қандай да бір шаққа немесе жаққа қатысы жоқ формалары болып табылады¹ Жақ пен шақ ұғымы болмағандықтан, тікелей зат есімдердей қолданылып, зат есімге тән барлық қосымшаларды қабылдайды²

Қазақ тілінде қимыл есімі түбір етістік пен туынды түбір етістікке-*у; -ыс/-іс, -с; -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Қимыл есімі қазақ тілінде үш түрлі жұрнақ арқылы жасалатынымен олардың мағыналарында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды³ Алайда олардың қолданыс шеңбері әр түрлі болып келеді. Мәселен, *-у* жұрнағы қазақ тілінде ең көп қолданылатын қимыл есімі формасы саналады: бару-қайту билеті, ұшу бағдары, тамақтану уақыты, оқу залы, тасымалдау көлігі т.б. Қимыл есімінің бұл түрі анықтап тұрған сөзден бөлініп, тәуелденіп, септеліп қолданысқа түсіп, заттана алады: ұшудағы қауіпсіздік, тасымалдаудың мәселелері т.б. Қимыл есімінің *-у* тұлғасы арқылы толығымен зат есімге айналған немесе термин болып қалыптасқан жамау, егеу, сайлау, толғау, қосу, азайту, жалғау, теңеу т.б. тәрізді сөздер де көптеп кездеседі. Орындалып жатқан іс-қимылды білдіргенде *-у* тұлғалы қимыл есім жатыс септігінің жалғауын қабылдап, осы

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Ofset, 2003. - S. 345.

² Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. - S. 430.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.527.

шақ мәнінде қолданылады: Автобустар бірінен кейін бірі келуде.

Көмектес септігі жалғауымен көмкерілген *-у* тұлғалы қимыл есім бол- көмекші етістігімен тіркесіп келіп, қайталанып тұратын әрекетті білдіретін аналитикалық формантты құрайды: қайталаумен болды, жүрумен болды т.б.

Қазақ тілінде *-ыс/-іс, -с* тұлғалы қимыл атауы есім сөздердей септеледі, тәуелденеді, көптік жалғауын қабылдайды: Байталдың жүрісі, Айгүлдің күлісінен т.б. Қимыл есімнің *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* жұрнағының қолданыс аясы кең емес. Қимыл есімінің бұл түрі көбінесе мақал-мәтелдерде жиі кездеседі. Мысалы: Алмақтың да салмағы бар.

Түрік тілінде қимыл атаулары *-mak/-mek; -mal/-me; -ış/-iş, -uş/-üş* қосымшаларының көмегімен жасалады. Түрік тілінде ең жиі қолданылатын қимыл атауының көрсеткіші саналатын *-mak/-mek* қосымшасының қазақ тіліндегі қимыл есімінің *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* қосымшаларына қарағанда қолданыс аясы кеңірек. Олар етістіктердің барлығына дерлік жалғанатыны сияқты, есім сөздердің де барлық жалғауларын қабылдай алады: *anlamakta, getirmeği, çıkmaktan* т.б. Қазақ тіліндегідей өзінен кейін жалғанған жатыс септігімен бірігіп келіп, осы шақ мәнінде қолданылады (*gelmekteyim, gitmekteyiz*), аналитикалық формант құрамында да жиі кездеседі, қолданылады (*oturmakta olan adam* «отырған кісі», *gelmekte olduğunu farketti* «келе жатқандығын байқады», *düşünmeğe başladı* «ойлана бастады», *okumağa başladı* «оқи бастады» т.б.). Қимыл есімнің *-mak/-mek* жұрнағы зат есімдер тудыруда да белсенділік танытады. Мысалы: *ekmek* «нан», *çakmak* «тұтандырғыш», *oymak* «шағын мекенді жер», *kaymak* «қаймақ», *yemek* «тамақ, тағам т.б.

Қимыл есімінің *-mal/-me* жұрнағын Т.Бангуоғлы *-mak/-mek* қосымшасымен байланыстырып, «*-mak/-mek* қосымшасының соңындағы *k* дыбысы түсіп қалған болуы мүмкін» деген пайымдау жасайды¹. З.Коркмаз қимыл атауының бұл екі тұлғалары арасында айырмашылық бар екенін, *-mak, -mek* етістік білдіретін қимылдың атын, ал *-mal/-me* етістік білдіретін істің атын білдіретінін айтады². Қимыл есімнің *-mak/-mek* тұлғасына

¹ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK Yay., 2007. - S. 360.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.882.

қарағанда қолданыс аясы шектеулі болып келетін *-ma/-me* тұлғалы қимыл есім тіркестер құрамында (*gitme işi* «бару ісі», *çalışma saatleri* «жұмыс кестесі», *yaşama standardı* «өмір сүру деңгейі»). жиі кездеседі, зат есімнің барлық жалғауларын қабылдай береді: *çalışmaу* «істеуді», *gelmemde* «келуімде», *katılmasına* «қатысуына», *yazmataya* «жазбауға» т.б. Түрік тілінде *-ma/-me* етістіктен зат есім тудыруға да қатысады: *bağlama* «музыкалық аспап», *yüzme* «жүзу», *karşılaştırma* «салыстыру», *kavurma* «қуырдақ», *dondurma* «балмұздақ».

Түрік тілінде ортақ етістің *-ış/-iş, -uş/-üş* жұрнағы арқылы жасалған қимыл атауы зат есім тәрізді көптеледі, септеледі, тәуелденеді: *çıkışta* «шыға берісте», *gelişine* «келуіне», *gülüşünden* «күлкісінен», *bakışlar* «көзқарастар» т.б.

Түрік тілінде ортақ етістің *-ış/-iş, -uş/-üş* етістіктен зат есім тудыратын өнімді қосымша болып табылады: *dönüş* «оралу, қайту», *doğuş* «дүниеге келу», *görüş* «пікір», *yanlış* «жаңылыс, қате», *anlayış* «түсінік», *geliş* «келу» т.б.

Есімше (*Sıfat-fiil*) етістіктің жеке категориясы бола алмағанымен, олар етістікке тән грамматикалық сипаты айқын, түбірге (қимылға) үстейтін модальдық, шақтық мәнді арнайы қосымшалары бар грамматикалық-тұлғалық көрсеткіштер жүйесі болып табылады¹.

Есімше қазақ тілінде етістіктер сияқты жақтық, шақтық мәнде жұмсалады, есімдер тәрізді көптеліп, септеліп, тәуелденеді. Есімше жұрнақтары жалғанғанда етістіктің мағынасы өзгермейді².

Түрік тілінде есімше сын есім тәрізді қолданылатын етістік формалары болумен қатар, бір жағынан сын есім, екінші жағынан етістік деп көрсетіледі³. Есімшенің құрылымында шақ ұғымының болуы оны шақ категориясына жақындата түседі.

Қазақ тіліндегі есімшенің түрлері жұрнақтардың шақтық мәнді беруіне қарай жіктеледі. Мәселен, есімшенің *-ған/-ген, -қан/-кен* жұрнағы әрдайым өткен шақты білдіреді: жасалған

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.503.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.531.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 909.

іс, оқылған кітап, барған жер, кірген есік, тартқан жіп т.б. Ал есімшенің *-атын/-етін, -йтын, -йтін* жұрнағы өткен шақта дағдыға айналған әрекетті, бірнеше мәрте қайталанған қимылды білдіреді: жылда баратын жер, күнделікті істейтін жұмыс, оқитын газет т.б.

Келер шақ есімше *-ар/-ер, -р, -с; -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* жұрнақтары арқылы жасалады. Мұнда *-ар/-ер, -р, -с* жұрнағы болжалды келер шақты (қайтар жол, барар ақша, болар бала, болмас іс т.б.), *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* мақсат мәнді келер шақты білдіреді: айтпақ ой, бастамақ жол, шашпақ ниеті т.б.

Осы шақ есімше ретінде *-ушы/-уші* (қостаушы жастар, хабарлаушы қыз, ізденуші студент т.б.) және *-атын/-етін, -йтын/-йтін* (қазір киетін киім, ішетін тамақ т.б.) тұлғалары көрсетіледі¹.

Түрік тілінде де есімше білдіретін шақтық мәндеріне қарай бөлінеді. Мәселен, өткен шақ есімше *-dık/-dik, -duk/-dük, -tik/-tik, -tuk/-tük; -miş/-miş, -muş/-müşt* жұрнақтары арқылы жасалады. Ең жиі қолданылатын есімше түрі *-dık/-dik, -duk/-dük, -tik/-tik, -tuk/-tük* тұлғалы есімшелер *tanıdık adam* «таныс адам», *bildik yer* «білетін жер» тәрізді бірлі-жарым тіркестерде ғана тәуелдік жалғауынсыз қолданылатыны болмаса, негізінен етістіктің түбіріне жалғанып барып, зат есіммен тіркескенде әрдайым тәуелдік жалғауын талап етеді: *gittiğim yer* «мен барған жер», *gezdiğin şehir* «сен аралаған қала», *gördüğün müze* «ол көрген мұражай» т.б.

-dık/-dik, -duk/-dük, -tik/-tik, -tuk/-tük тұлғалы есімше септік жалғауларын қабылдайды, алайда септік жалғауы оларға тәуелдік жалғауынан кейін ғана жалғана алады: *geldiğimде* «келгенімде», *bildiğinden* «білгендігінен», *gördüğünüzle* «көргеніңізбен». Есімше жұрнағынан кейін көптік жалғауы тікелей жалғанады да, өзінен кейін тәуелдік жалғауының жалғануын талап етеді: *yadıklarım* «жазғандарым», *koyduklarımızdan* «қойғандарымыздан», *aldıklarıyla* «алғандарымен». Есімшенің бұл түрі контекстің ыңғайына қарай осы шақты да білдіре алады: *şu anda okuduğun kitap* «қазір оқып жатқан кітабың».

Есімшенің *-miş/-miş, -muş/-müşt* тұлғасы өткен шақты білдіреді:

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.533; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 303.

pişmiş yemek «піскен тамақ», *kurumuş çiçekler* «құрғап қалған гүлдер», *verilmiş notlar* «қойылған бағалар». Түрік тілінде *-miş/-miş, -muş/-müştü* етістіктен есім тудыратын актив жұрнақ саналады: *dolmuş* «маршрутты такси», *yemiş* «жеміс», *tanınmış* «әйгілі», *Toktamış* «Тоқтамыс», *Durmuş* «Тоқтамыс». Есімшенің *-miş/-miş, -muş/-müştü* тұлғасымен келген негізгі етістік *olmak* және *bulunmak* көмекші етістіктерімен тіркесіп келіп, аналитикалық формант құрайды: *bitmiş oldu* «толығымен бітті», *dönmüş bulunmak* «қайтып оралу».

Есімшенің *-an/-en; -ar/-er, -r, -ır/-ir, -ur/-ür, -maz/-mez; -ıcı/-ici, -ucul/-ücü* жұрнақтары арқылы ауыспалы осы шақ жасалады.

-an/-en тұлғалы есімше контекстінің ыңғайына қарай осы шақ пен өткен шақ мәнін, қайталанатын дағдылы іс-қимылды білдіре алады: *oturan adam* «отырған кісі», *koşan çocuk* «жүгіріп жүрген бала», *dün gelen misafir* «кеше келген қонақ» т.б. Есімшенің *-an/-en* тұлғасымен түрленген етістік заттанып, көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдайды. Мысалы: *çalışanlar* «жұмыс істейтіндер», *taşıyana* «тасып жатқанға», *girenden* «кіргеннен», *arayanlarla* «іздеп жүргендермен» т.б. Есімшенің *-an/-en* жұрнағы сөзжасам жүйесінде де актив қолданылып, етістіктен зат есім тудыратын қосымшалар қызметін атқарады: *günebakan* «күнбағыс», *doğan* «қаршыға», *sıçan* «тышқан», *domalan* «саңырауқұлақтың бір түрі», *çağlayan* «сарқырама», *işveren* «жұмыс беруш», *bakan* «министр» т.б.

Есімшенің *-ar/-er, -r, -ır/-ir, -ur/-ür* жұрнақтары осы шақ пен келер шақ мәнде жұмсалады. Бұл тұлғалармен көмкерілген етістік зат есімнің алдына келгенде, есім сөз білдіретін заттың сынын айқындайды. Мысалы: *benzer kumaş* «ұқсас мата», *geçilir yol* «өтетін жол», *çık ar yol* «шығатын жол», *çalar saat* т.б. Есімшенің *-ar/-er, -r, -ır/-ir, -ur/-ür* қосымшасы арқылы етістіктен туындаған зат есімдер түрік тілінде көптеп кездеседі: *gelir* «кіріс», *gider* «шығыс», *bilir kişi* «эксперт», *okur yazar* «сауатты», *atar damar* «күретамыр» т.б.

-z жұрнағы болымсыздықтың *-mal/-me* көрсеткіштерімен тіркесіп келіп, осы шақ пен келер шақ мәнінде жұмсалатын

-maz/-mez тұлғалы құранды есімшені құрайды. Зат есімнің алдында *-maz/-mez* тұлғалы етістік заттанып, анықтауыштық қызметте қолданылады. Мысалы: *değişmez karar* «өзгермейтін шешім», *batmaz gemi* «батпайтын кеме», *dönülmez yol* «қайтпас жол», *görünmez adam* «көрінбейтін кісі» т.б.

Есімшенің *-ıcı/-ici, -ucus/-ücü* жұрнағы осы шақ пен келер шақты білдіреді: *yaratıcı insan* «ізденімпаз адам», *korkutucu haber* «үрейлендіретін жаңалық», *şaşırtıcı adım* «таң қалдыратын қадам» т.б. зат есімге айналған сөздер жасайды: *okuucusu* «оқырман», *alıcı* «алушы», *üretici* «өндіруші», *tüketici* «тұтынушы», *yönetici* «басқарушы» т.б.

Есімшенің *-acak/-ecek* жұрнағы келер шақты білдіреді: *verilecek cevap* «берілетін жауап», *çıkacak soru* «шығатын сұрақ», *aranacak suçlu* «ізделетін қылмыскер» т.б. Зат есімнің алдында тәуелденіп барып, қолданылады: *vereceğim cevap* «мен беретін жауап», *gideceğimiz yer* «біз баратын жер», *satacağı meyveler* «ол сататын жемістер», *söyleyeceğiniz söz* «сіз айтатын сөз» т.б.

Ең жиі қолданылатын есімшелер ретінде *-acak/-ecek* тұлғалы сөздер есімнің жалғауларын қабылдайды (*dinleyeceklere* «тыңдайтындарға», *oturacağınızı* «отыратыныңызды»), кей жағдайда зат есімнің орнына жүреді. Мысалы: *giyecek* «киім», *içecek* «сусын», *yiyecek* «азық» т.б.

Есімшенің *-ası/-esi* тұлғасының қазіргі түрік тіліндегі қолданыс аясы шектеулі болып келеді. Көбінесе қарғыс мәнді қимыл сынын жасауға қатысады: *kör olası adam* «көзі шыққыр кісі», *eli kopası hırsız* «қолы сынғыр ұры» т.б.

Сайып келгенде, қазақ және түрік тілдерінде есімшелердің атқаратын қызметтері ұқсас келеді. Екі тілдегі есімшелердің сыртқы пішін тұрғысынан қолданысындағы ең үлкен айырмашылық түрік тіліндегі өткен шақ есімше *-dik/-dik, -duk/-dük, -tik/-tik, -tuk/-tük* пен келер шақ есімше *-acak/-ecek* жұрнақтарында байқалады. Бұл екі есімше жұрнағынан кейін жалғанған тәуелдік жалғауы заттың қай жаққа қатысты екенін білдіре алады. Мысалы, *dinlediğim müzik* «мен тыңдаған музыка», *girdiğiniz kapı* «сіз кірген есік», *soracağı soru* «ол сұрайтын сұрақ», *kazanacağımız*

ектек «біз табатын нан» т.б. Қазақ тіліндегі есімшелерде мұндай ерекшелік жоқ. Қазақ тілінде зат есім арқалаған ұғымның қай жаққа қатысты екенін есімшенің алдынан келетін жіктеу есімдігі арқылы немесе зат есімге жалғанған тәуелдік жалғауы арқылы ғана білуге болады. Мысалы: мен баратын жер, баратын жерім.

Көсемше (*Zarf-fil*) тілде екі жақты қызметте жұмсалады: біріншіден, етістіктің грамматикалық сипатын көрсетіп, қимылды білдіріп, шақ категориясын, күрделі етістікті жасауға негіз болса, екіншіден, қимылдың әртүрлі сынын, амалын, белгісін білдіріп, адвербиалданып, грамматикалық жағынан түрленбей, үстеу қызметінде жұмсалады¹.

Қазақ тіліндегі көсемшелер мағынасы мен сыртқы тұлғасына қарай: а) өткен шақ көсемше, ә) келер шақ көсемше, б) мақсатты көсемше деп үшке, іштей бөлшектеле жіктелу, жіктелмеуіне қарай жіктелетін және жіктелмейтін (құранды) көсемшелер болып екіге бөлінеді²

1. Жіктелетін көсемшелер шақты білдіру мағынасы тұрғысынан мынадай болып келеді:

а) Өткен шақ көсемше -п, -ып/-іп жұрнағы арқылы жасалады. Мұнда күрделі етістіктің бірінші сыңарына жалғанатын көсемше негізгі қимылды (қорқып айтпау, жүріп шаршау т.б.), бір істің орындалып орындалмауына тәсіл болатын қосымша қимылды (сүртіп тазалау, мәнерлеп айту т.б.), немесе қимылдың кейде бірінен соң бірі, кейде бір уақытта жүзеге асуы мүмкін екенін білдіреді. Мәселен, ашып оқу, тыңдап қайту дегенде қимылдар бірінен кейін бірі жүзеге асса, тыңдап отыру, байқап қарау дегенде екі қимыл да бір мезетте іске асуда.

ә) Осы шақ көсемше -а, -е, -й жұрнағы арқылы жасалады. Зерттеушілер бұл көсемше келер шақты көрсетсе де, қимыл үстеуі ретіндегі қолданысында осы шақты ғана білдіреді деп есептейді. Осы шақты білдіре отырып, қимылдың тәсілін, мақсатын білдіреді немесе іс-қимылдардың бір мезетте немесе бұрынырақ жүзеге асуын айқындайды: жүгіре жөнелді, айта отырды, тістене сөйледі т.б.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 504.

² Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. - Б. 76.; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б. 306.

Көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғасы арқылы қайталама қос сөз де жасалады: айта-айта, сөйлей-сөйлей, оқи-оқи, бара-бара т.б.

2. Етістіктің шақ категориясында қолданылмайтын, басқаша айтқанда жіктелмейтін құранды көсемшелер қатарын құрайтын:

а) *-ғалы/-гелі, -қалы/-келі* жұрнағы: 1) мақсатты, ниетті қимылды көрсетеді: кездескелі келдім, оқығалы кетті, тыңдағалы жүр; 2) белгілі бір уақыт, мерзім ішінде болған істі білдіреді: сен кеткелі бір кездеспедік, сіздер көшкелі телефон орнатылмай қалды.

ә) *-ғанша/-генше, -қанша/-кенше* жұрнағы 1) іске асуы қажет қимылды білдіреді: сен шыққанша жауын басталып кетті, біз келгенше бұл жұмыс бітетін болсын; 2) Көсемше білдіретін қимылдың жүзеге аспауы қажет екенін, сол іске өкінгендікті білдіреді: Үйде отырғанша қаланы бір қыдыру керек еді, шашымды кестіргенше боятқаным артық еді.

б) *-мастан/-местен, -бастан/-бестен, -пастан/-пестен* жұрнағы істелмеген, жүзеге аспаған іс-қимылды білдіреді: еш нәрсе айтпастан кетті, тыңдамастан кірісті.

в) *-майынша/-мейінше, -байынша/-бейінше, -пайынша/-пейінше* жұрнағы негізгі етістік білдіретін қимылдан бұрын істелуі керек қимылды, яғни көсемше білдіретін қимыл іске аспай тұрып, негізгі етістік білдіретін қимылдың орындалмауы қажет екенін білдіреді: дұрыс ойланбайынша жауап берме, мен «шық» демейінше шықпа т.б.

г) *-ысымен/-ісімен* жұрнағы іс-қимылдың жедеқабылдығын білдіреді, яғни негізгі етістік білдіретін қимылдың іске асуы көсемшенің осы тұлғасындағы етістік білдіретін қимыл-әрекеттің жүзеге асуына қатысты екенін көрсетеді: қолыңды жуысымен, тамаққа кел т.б.

Түрік тілінде көсемшелерге бірде «етістіктен уақытша жасалған үстеу қызметіндегі сөздер»¹ деген анықтама берілсе, енді бірде «көсемше әрі етістік, әрі үстеу мәніне ие грамматикалық категория болғандықтан, етістік ретінде іс-қимыл мен мезгіл ұғымында жұмсалса, үстеу ретінде іс-қимылдың істелу амалы мен тәсілін білдіреді»² деп тұжырымдалады.

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Ofset, 2003. - S.344.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.983.

Түрік тілінде көсемше тұлғалары етістіктің негізгі мағынасын өзгертпейтін грамматикалық формалар саналады. С.Екер түрік тіліндегі көсемшелердің үстеуге жақындығын ескеріп, оларды мезгілдік, тәсілді немесе байланыстырушылық мәнді білдірулеріне қарай екі топқа бөледі¹:

а) тәсіл мен байланыстырушы мәндегі көсемшелер: *-a, -e* (*koşa, araya araya*); *-acağınal/-eceğine* (*uyuyacağınıza*); *-maktansal/-mektense* (*yazmaktansa*); *-arak/-erek* (*koşarak, yürüyerek*); *-ı/-i, -u/-ü* (*alıvermek, söyleyivermek*); *-ıp/-ip, -up/-üp* (*koşup, yürüyüp*)

ә) мезгіл мәнді көсемшелер: *-diğında/-diğinde, -duğında/-düğünde* (*çıktığında, okuduğında*); *-alı/-eli* (*gideli, çikalı*); *-(i)ken* (*koşarken, oynarken*); *-ıncal/-ince, -uncal/-ünce* (*gelince, yazınca*); *-dı... -alı* (*gitti gideli*); *-dikça/-dikçe, -dukça/-dükçe* (*yazdikça, okudukça*); *-dikta/-dikte, -duktal/-dükte* (*koştukta, yürüdükte*); *-madan/-meden* (*okumadan, yazmadan*); *-maksızın/-meksizin* (*durmaksızın, çalışmaksızın*); *-ar...-maz* (*gelir gelmez, çıkar çıkmaz*).

3.Коркмаз түрік тілінде қолданылатын көсемшелерді құрылымдық тұрғыдан: 1) нағыз көсемшелер; 2) есімше жұрнағы мен басқа сөз түрлендіруші жалғау арқылы жасалған көсемшелер; 3) әртүрлі құрылымдағы көсемшелер деп үшке бөледі².

Нағыз көсемше жұрнақтарына *-a, -e; -ı, -i, -u, -ü; -arak, -erek; -ıp, -ip, -up, -üp; -ınca, -ince, -unca, -ünce; -alı, -eli; -madan, -meden; -ken* тұлғалары жатады. Мұнда:

а) *-a, -e* тұлғалы көсемше қос сөздерде (*araya araya, bula bula, okuya okuya; bağıra çağıra*) және күрделі етістік құрамында (*olagelmek, bekleyedurmak, düşeyazmak*), ал көсемшенің *-ı/-i, -u/-ü* тұлғасы күрделі етістік құрамында жиі кездеседі (*alıvermek, çıkıvermek*).

ә) *-arak/-erek* жұрнағы негізгі етістік білдіретін қимылмен бір мезгілде орындалатын іс-қимылды білдіреді: *konuşarak girdi* «сөйлей кірді», *bakarak konuştı* «қарап сөйлесті», *gülerek cevapladı* «күле жауап берді».

б) *-ıp/-ip, -up/-üp* жұрнағы баяндауыш қызметіндегі негізгі етістік білдіретін қимылдың алдында іске асатын қимылды

¹ Eker S. Çağdaş Türk Dili. – Ankara: Grafiker Ofset, 2003. - S.344.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 983.

білдіреді: *düşünüp cevapladı* «ойланып болып жауап берді», *oynaуір geldi* «ойнап келді», *dönüп baktı* «бұрылып қарады».

в) *-ınca/-ince, -unca/-ünce* жұрнағы мезгіл мәнде жұмсала отырып, көсемше білдіретін іс-қимылдың алдымен орындалғанын, ал содан кейін ғана баяндауыш қызметіндегі негізгі қимылдың іске асатынын білдіреді: *beni görünce kalktı* «мені көрген соң тұрды», *ders başlayınca herkes sustu* «сабақ басталған соң бәрі тынышталды».

г) *-alı/-eli* жұрнағы белгілі бір уақыт ішіндегі болып өткен іс-қимылды білдіреді: *okulu bitireli yirmi yıl olmuş* «мектепті бітіргелі жиырма жыл болыпты», *dışarı çıkalı üç saat geçti* «сыртқа шыққалы үш сағат өтті».

ғ) *-madan/-meden* тұлғалы көсемше күрделі етістіктің бірінші сыңарына жалғанып, негізгі етістік білдіретін іс-әрекеттің алдында қимылдың орындалмағандығын көрсетеді: *hiçbir şey söylemeden çıktı* «еш нәрсе айтпастан шықты», *mektubu bitirmeden gönderdim* «хатты бітірмей жолдадым».

Құранды көсемшелерге күрделі етістіктер құрамында негізгі етістік білдіретін іс-қимылдың орындалу тәсілін көрсететін *-maksızın/-meksizin* (*durmaksızın tekrarlıyordu* «тоқтамай қайталап отырды», *kitabı hiçbir şey demeksizin verdi* «кітапты ешнәрсе деместен берді», іс-амалдың әлсін-әлсін қайталануын білдіретін *-dikçal/-dikçe, -dukçal/-dükçe, -tikçal/-tikçe, -tukçal/-tükçe* (*sana baktıkça annemi hatırlıyorum* «саған қараған сайын шешемді еске аламын», *dinledikçe ne demek istediğimizi anlamaya başladı* «тыңдаған сайын не айтқымыз келгенді түсіне бастады» жұрнақтары жатады. Түрік тілінде бұлардан басқа *-maklal/-mekle; -masıyal/-mesiye; -casına/-cesine; -ırcasına/-ırcesine; -mişçasına/-mişçesine, -muşçasına/-müşçesine; -yormuşçusuna; -acakçasına/-ecekçesine; -macasına/-mecesine; -diğindən/-diğinden, -duğundan/-duğünden; -masından/-mesinden; -maktansal/-mektense; -diğında/-diğinde; -acağında/-eceğinde; -acağınal/-eceğine* тұлғалы құранды көсемшелер екі немесе одан да көп етістіктерден жасалатын күрделі құрылымдарды жасауға қатысады.

Өртүрлі құрылымдағы көсемшелер қатарына *-ar/-er, -r ...-maz/-mez* және *-dı... -madı; -dı mı; -sa* тұлғаларын жатқызуға болады. Мұнда *-ar/-er, -r ...-maz/-mez* құрылымды тұлғалар негізгі

етістік білдіретін іс-әрекеттің алдындағы қимылдың тез арада өткенін білдіреді: *gelir gelmez pencereyi açtı* «келе сала терезені ашты», *çikar çiktaz kayboldu* «шықпай жатып жоғалып кетті».

Сонымен, қазақ тілінде көсемшелер, біріншіден, етістіктің грамматикалық сипатын көрсетіп, қимылды білдіріп, шақ категориясын, күрделі етістікті жасауға негіз болатын болса, екіншіден, қимылдың әртүрлі сынын, амалын, белгісін білдіріп, адвербиалданып, грамматикалық жақтан түрленбей, үстеу қызметінде жұмсалады. Ал түрік тілінде көсемшелер көбіне-көп қимылдың әртүрлі сынын, амалын, белгісін білдіріп, үстеу қызметін атқарады

Екі тілге ортақ көсемше көрсеткіштері ретінде қазақ тіліндегі көсемшенің -а, -е, -й; -п, -ып/-іп; -ғалы/-гелі, -қалы/-келі; -ғанша/-генше, -қанша/-кенше, ал түрік тіліндегі -а, -е; -і; -ір/-ір, -ір/-үйр; - алі/-елі; -інса/-інсе, -інса/-үйнсе тұлғаларын атап көрсетуге болады. Дейтұрғанмен олар тұрпат меже және мазмұн меже тұрғысынан бір-біріне дәлме-дәл, толықтай сәйкес келе бермейді.

VII ТАРАУ

ҮСТЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

§1. Үстеу және оның морфологиялық сипаты

Үстеу – амалдың, іс-әрекеттің алуан түрлі жай-күйін, түрлі белгілерін, жүзеге асу тәсілін білдіретін және арнайы морфологиялық түрлену жүйесі жоқ сөз табы.

Үстеу өзінің семантикалық сипаты, сөзжасамы, грамматикалық қызметі жағынан басқа сөз таптарынан ерекшеленеді. А.Байтұрсынов «сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді үстеу» деп атайды¹. Қ.Жұбанов «үстеу» сөзінің орнына «мезгіл-мекен есімі» деген атауды ұсынады және үстеуге «мезгіл-мекен есім деген істің мезгілін көрсететін сын үстеуі сөйлемде анықталушысынан бұрын келе тұрып, қай жерде болу жағынан орны еркін болатын түбірлер болып шығады»² деген анықтама береді. Түрік ғалымы М.Эргин де үстеуге «мезгіл, мекен, сын және мөлшер есімі» деген анықтама береді³. Ал З.Коркмаз үстеу сөздерді «етістік, сын есім, есімше және кейде үстеу іспеттес сөздердің алдында тұрып, оларды мезгіл, мекен, бағыт, сын тұрғысынан мағынасының әсерін күшейтетін сөздер» деп сипаттайды да, негізінде түрік тілінде үстеу сөздердің аз екендігін, үстеулердің зат есім, сын есім және есімдіктерден қалыптасатындығын айтады⁴.

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б.256.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1992. - Б.144.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.258.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.451.

Сонымен, үстеу сөздер қимыл-әрекеттің әртүрлі мекендік, мезгілдік, сындық, бейнелік, мөлшерлік белгілерін білдіреді. Етістікке тән мұндай белгілер есім сөздер мен етістіктің көсемше түрі арқылы да сипатталады. Бұлардан үстеудің басты ерекшелігі пысықтауыш қызметіндегі басқа сөздермен салыстырғанда олардың мағынасында жалпылық басым болатындығында. Ал есім сөздер немесе көсемшелер сөйлем ішінде пысықтауыш бола тұра, өздерінің бастапқы мағыналарынан толықтай байланысын үзбейді.

Тілдің даму үдерісінде есім сөздер мен етістіктерден көнелену тәсілі арқылы үстеуге түбегейлі түрде біржола ауысқан сөздер де бар. Мәселен, қазақ тілінде: бірге, бірден, босқа, текке, қапыда, қайта, қайтадан т.с.с. ; түрік тілінде: *birden, baştan, çoktan, öylesine, ikide birde* т.с.с. Есім сөздердің септік жалғауларының көнеленуі арқылы бастапқы негізгі мағыналарынан қол үзіп, үстеу қатарына ауысуы үстеудің тарихи қалыптасқан сөз табы екендігін көрсетеді.

Үстеуді басқа сөз таптарынан ерекшелендіретін басты белгілерінің бірі – олардың түрленбеуі және арнайы грамматикалық категориясының жоқтығы. Осы ерекшелігіне қарамастан, қазақ тіліндегі негізгі үстеулердің кейбіреулері шырай жұрнақтарын қабылдайды: жақсы – жақсырақ, кейін – кейінірек, ерте – ертерек, тез – тезірек. Ал түрік тілінде шырай жұрнағы емес, *daha* сөзі сын есімнің асырмалы шырайындағыдай үстеу сөздің алдына келеді: *iyi – daha iyi, erken – daha erken, çabuk – daha çabuk*.

Қазақ тілінде үстеулер морфологиялық құрылымы жағынан түбір үстеулер, туынды үстеулер және күрделі түбір үстеулер болып үшке бөлінетін болса¹, түрік тілінде негізгі, туынды, сөз тіркесі түріндегі, сөйлем құрылымды үстеулер және күрделі сөз құрылымды үстеулер болып беске бөлінеді.

Түбір үстеулер түбір мен қосымшаға ажыратылмайтындықтан негізгі үстеулер деп те аталады. Негізгі үстеулерге морфемалық құрамы жағынан бөлшектенбейтін, сіріленген біртұтас бірлік болып қалыптасқан сөздер жатады. Мысалы: қазақ тілінде: әрең,

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.545.

әдейі, әрі, әлі, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, ұдайы, дереу, бұрын, жылдам, ақырын, жаңа, ылғи, тым, аса, өте, әрі, бері, төмен т.б.; түрік тілінде: *adeta* «тура», *artık* «енді, ендігәрі», *asla* «ешқашан», *bazen* «кейде», *beraber* «бірге», *çabuk* «тез», *daima* «әрдайым», *esasen* «негізінде», *geri* «кері», *gene* «қайта, қайтадан», *hala* «әлі», *hemen* «тез», *her* «әрқашан, үнемі», *hiç* «еш», *mutlaka* «міндетті түрде», *önce* «алдымен», *şimdi* «енді», *tekrar* «қайта, қайтадан», *yalnız* «тек» т.б.

Туынды үстеулерге басқа сөз таптарынан синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалған

үстеу сөздер жатады. Қосымшалар арқылы жасалған туынды үстеулер қатарында септік жалғауларының көнеленуі нәтижесінде үстеуге ауысқан сөздер де кездеседі. Бұл жағдайда адвербиалдану құбылысының маңызы зор. Адвербиум – латын сөзі – сөздің үстеу тобына өтуі¹. Қ.Жұбанов бұл ұғымды орыстың «наречиесі» латынның адвербиум, гректің епирремма дегендерінің тура аудармасы, етістікке байланысты сөздер болғандықтан, адвербиум епирремма «етістіктің жанындағы деген сөз» - деп түсіндіреді². Үстеудің сөз табы ретінде өзінің анықтайтын сөзінің, яғни етістіктің алдында тұратындығы бұл пікірді нақтылай түседі.

Туынды үстеулерді А.Ысқақов құрылысы мен құрамына қарай дара (жалаң) және күрделі деп екіге бөледі³. Екі тілде де жалаң үстеулер жұрнақтар және септік жалғауының көнеленуі арқылы жасалса, күрделі үстеулер кем дегенде екі сөздің бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы жасалады.

Қазақ тілінде туынды үстеулер:

-ша/-ше жұрнағы арқылы: адамша, оларша, биылғыша, қысқаша;

-лай/-лей, -дай/-дей, -тай/-тей жұрнағы арқылы: жібектей, шыбықтай, жастай, осылай;

-дайын/-дейін, -тайын/-тейін құранды жұрнағы арқылы: бөрідейін, жорғадайын;

¹ Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. - Б.9.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1992. - Б.235.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.338.

-шалық/-шелік жұрнағы арқылы: осыншалық, мұншалық, соншалық;

-қары/-кері жұрнағы арқылы: ішкері, тысқары, сыртқары;

-ын/-ін, -сын/-сін жұрнақтары арқылы: астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кешкісін; А.Ысқақов бұлардан басқа -лап/-лен, -дан/-ден, -тан/-тен; -шылап/-шілеп жұрнақтарын көрсетеді¹

Түрік тілінде жұрнақтар арқылы жасалған туынды үстеулер:

-ca/-ce, -ça/çe жұрнағы арқылы: *doğrusca* «тікелей, турасынан», *beraberce* «бірге», *açıkça* «айқын, ашық түрде», *günlerce* «көп күндер бойы».

-ra/-re, -arı/-eri жұрнағы арқылы: *sonra* «кейін, соң», *taşra* «сырт», *içeri* «ішкері», *dışarı* «тысқары».

-ın/-in, -un/-ün, -n жұрнағы арқылы: *ilkin* «әуелі, алдымен», *yayın* «жаяулап», *ansızın* «күтпеген жерден».

-lık/-lik, -luk/-lük жұрнағы арқылы: *şimdilik* «әзірше», *bir aralık* «бір кезде».

-cak/-cek жұрнағы арқылы: *çabucak* «тезірек, тездетіп», *demincek* «жаңа ғана».

-ar, -er жұрнағы арқылы: *teker teker* «бір-бірден», *birer birer* «бір-бірлеп», *üçer üçer* «үш-үштен».

-leyin жұрнағы арқылы: *sabahleyin* «таңғысын», *öğleyin* «түскісін», *aksamleyin* «кешқұрым», *geceleyin* «түнгісін».

Қазақ тілінде туынды үстеулер барыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғауларының сөз құрамына кірігіп, көнеленуі арқылы жасалады. Мәселен, барыс септігінің *-ға/-ге, -қа/-ке* жалғаулары басқа, артқа, бірге, кешке, әзірге т.б., жатыс септігінің *-да/-де* жалғаулары алда, жаңада, лезде, түнде, күнде, баяғыда т.б., шығыс септігінің *-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен* жалғаулары кеңінен, басынан, әуелден, кенеттен, шетінен т.б., көмектес септігінің *-мен/-пен* жалғаулары шынымен, кезекпен, ретімен т.б. тәрізді үстеулер құрамында кездеседі.

Туынды үстеу жасауға бұл 4 септік жалғауларының қатысуы түрік тілінде де байқалалады. Мәселен, барыс септігінің көнеленуі негізінде жасалған туынды үстеулер көбінесе септік жалғауының тәуелдік жалғауынан кейін қосылуы арқылы жасалады: *boşa*

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.339.

«босқа», *boşuna* «бостан-босқа», *öylesine* «жай әншейін», *inadına* «қасақана». Ал жатыс септігі *arada* «арада», *ikide bir* «екіде бір, қайта қайта», *birde* «бірде» т.б., шығыс септігі *birden* «бірден», *eskiden* «бұрыннан», *erkenden* «ертеректен», *çoktan* «көптен», *birazdan* «біраздан», көмектес септігі *vaktiyle* «уақытымен», *hızla* «жылдам», *zamanla* «уақытымен» тәрізді туынды үстеулер жасауға қатысады.

Түрік тілінде септік жалғауларынан басқа көптік жалғау мен III жақ тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы да үстеуге айналған сөздер кездеседі: *sabahları* «таңертігісін», *geceleri* «түнгісін», *pazarları* «жексенбі күндері», *yazları* «жазғытұрым», *kışları* «қыс күндері».

Күрделі үстеулер екі тілде де бірнеше түбірдің кірігуі, бірнеше сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалады. Мәселен, қазақ тілінде күрделі үстеулер екі немесе одан да көп сөздердің кірігуі (бүгін, биыл, ендігәрі, сөйтіп, жаздығүні, әрдайым, ешқашан т.б.), сөздердің қосарлануы (анда-санда, күнде-күнде, бостан-босқа, үсті-үстіне, бірте-бірте, оқта-текте, топ-тобымен, қолма-қол, әрең-әрең, аз-аздап т.б.), тіркесуі (алдын ала, күні кеше, күні бүгін, ала жаздай, ертеден қара кешке, саған бола т.б.) арқылы жасалатын немесе идиомаланған тіркестер (қас пен көздің арасында, аяқ астынан, қаннен қаперсіз т.б.) түрінде көрініс беретін болса, түрік тіліндегі күрделі үстеулер сөздердің бірігуі, сөз тіркесі, сөйлем түріндегі үстеулер болып бөлінеді¹: түбір сөздердің кірігуі : *bugün, biraz*; сөздердің қосарлануы: *gitgide* «барған сайын», *yan yana* «бірге», *üst üste* «бірінің үстіне бірі», *birdenbire* «бірден», *boşu boşuna* «бостан-босқа», *alelacele* «асығып-аптығып», *başlıbaşına* «бір жеке басы», *er geç* «ертелі кеш», *ara sıra* «кейде», *karma karışık* «аралас» сөздердің тіркесуі: *gelişigüzel* «атүсті, үстірт», *giderayak* «кетіп бара жатқанла», *yüzükoşun* «етпетінен», *bir solukta* «бір демде», *akşam üstü* «кешқұрым, кешке қарай» идиомаланған тіркестер: *kaşla göz arasında, gözü bağlı, kıl rau;* сөйлем түріндегі үстеулер: *gece olsun gündüz olsun* «күндіз түні», *oldum bittim* «әбден қалжырағанда», *gün gelir* «әйтеуір бір күні».

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.455.

§2. Үстеулердің семантикалық сипаты

Семантикалық сипаты жағынан үстеу сөздер бірнеше топқа бөлінеді. Үстеу сөздердің мағыналық топтарының сан жағынан түрліше анықталуына қарай жіктеуге болады. Мәселен, қазақ тіл білімінде үстеулерді мағыналық тұрғыдан А.Байтұрсынов: «1) нықтаулық, 2) сынаулық, 3) өлшеулік, 4) мезгілдік, 5) мекендік»¹ деп, Ғ.Әбуханов: «1) мезгіл, 2) мекен, 3) бейнелік (сын-қимыл), 4) мөлшерлік, 5) күшейткіш үстеулері»² деп бес топқа бөлетін болса, А.Ысқақов үстеулердің сегіз түрін көрсетеді: «1) мезгіл, 2) мекен, 3) мөлшер, 4) сын (я бейне), 5) күшейту (я ұлғайту), 6) мақсат, 7) себеп-салдар, 8) топтау я бөлу үстеулері»³.

Ал түрік тіл білімінде үстеулер семантикалық тұрғыдан түрліше топталады. Мәселен, З.Кормаз түрік тіліндегі үстеулерді түп төркіні, құрамы және қызметі тұрғысынан үш үлкен топта қарастырады⁴:

1) шығу тегіне, түп төркініне қарай: а) кірме үстеулер (*evvela* «әуелі», *hala* «әлі», *nihayet* «әйтеуір, ақыры», *daima* «әрдайым», *henüz* «әлі», *hemen* «тез»; ә) түрік тілінің төл үстеулері (*artık* «енді», *baştan* «басынан, әуел бастан», *eskiden* «бұрын», *ileri* «ілгері», *çoktan* «көптен бері», *birden* «бірден» деп екі топқа;

2) құрамына қарай: негізгі, туынды, сөз тіркесі түріндегі, сөйлем құрылымды, күрделі сөз құрылымды үстеулер деп бес топқа;

3) мағынасына қарай: мезгіл үстеулері, мекен бағыт үстеулері, бейнелік үстеулер, мөлшер үстеулері, сұраулық үстеулер деп беске бөледі. Ал М.Эргин түрік тіліндегі үстеулердің: 1) мекен үстеу; 2) мезгіл үстеу; 3) бейнелік үстеу, 4) мөлшер үстеу деген төрт түрін көрсетеді⁵. Мұндай жіктелістерді басшылыққа ала отырып, қазақ және түрік тілдеріндегі үстеулерді мынадай топтарға жинақтауға болады:

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б.256.

² Әбуханов Ғ. Қазақ тілі – Алматы, 1982. - Б.167.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.341.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.453.

⁵ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.259.

Мезгіл үстеулері қимыл мен іс-әрекеттің жүзеге асу мезгілін, уақытын білдіреді, қазақ тілінде қашан? қашаннан?, түрік тілінде *ne zaman? ne vakit? ne zamandan beri?* деген сұрақтарға жауап береді. Екі тілде де мезгіл үстеулерінің қолданыс аясы кең болып келеді. Мәселен, қазақ тілінде: бүгін, ертең, кеше, бүрсігүні, биыл, былтыр, таңертең, түсте, кешке, түнде, күндіз, қазір, енді, бұрын, ерте, кеш, қыстай, жаздай, күнімен, қыстыгүні, күні-түні, күн ара, анда-санда, әрқашан, әрдайым, әлгінде, енді-енді т.б.; түрік тілінде: *bugün, yarın, dün, ertesi gün, bu yıl, bildir, sabah, sabahleyin, öğlen, akşam, gece, gündüz, şimdi, önceden, erken, geç, kışın, yazın, bütün gün, gece-gündüz, arada bir, bazen, hep, her daim, demin, yeni yeni, ara sıra, birazdan, haftaya, geçenlerde, çoktan.*

Мекен үстеулері қимыл мен іс-әрекеттің мекенін, орнын, бағытын білдіріп, қазақ тілінде қайда? қайдан?, ал түрік тілінде *nereye? nerede? nereden? nereye doğru? nereye kadar?* сұрақтарына жауап береді. Мәселен, қазақ тілінде: жоғары, төмен, алға, кері, артқа, артта, ілгері, ілгеріде, мұнда, сонда, осында, әрі, бері, жол-жөнекей, әлдеқайда т.б.; түрік тілінде: *yukarı, aşağı, öne, geri, arkaya, arkada, ileri, ileride, burada, şurada, orada, öte, beri, yol üstü, yanda, uzakta, uzaktan, dışarı, dışarıdan, içeri, içeride.*

Мөлшер үстеулері қимыл мен іс-әрекеттің көлемін, мөлшерін, білдіріп, қазақ тілінде қанша? қаншалық? қаншама? қаншалап?, түрік тілінде *ne kadar? ne derece?* деген сұрақтарға жауап береді. Мәселен, қазақ тілінде: сонша, соншалық, онша, оншалық, осынша, осыншалық, оншама, мұншама, сондайлық, осындайлық, бірен-саран, бірталай, біраз, азды-көпті т.б.; түрік тілінде: *az, çok, aşağı yukarı, biraz, fazla, fazlasıyla, oldukça, pek, seyrek olarak, bu derece, o derece, çok, az çok т.б.*

Сын-қимыл үстеулері қимыл мен іс-әрекеттің жасалу амалын, тәсілін, бейнесін, сынын білдіріп, қазақ тілінде қалай? қайтіп? қалайша? кімше?, түрік тілінде *nasıl? ne suretle? ne biçimde?* сұрақтарына жауап береді. Мәселен, қазақ тілінде: ақырын, тез, лезде, дереу, үнемі, тікелей, ретімен, кезекпен, бірден, еркін, ерекше, жасырын, осылай, қолма-қол, бостан-бос, ашықтан-ашық, әрең-әрең т.б.; түрік тілінде: *iyi, yavaş, hızlı, hemen, daima, doğrudan, sırayla, birden, serbestçe, özel, gizlice, böylece, hemencik, boşu boşuna, doğru, güzel, hafifçe, insanca, açıkça.*

Күшейтпелі үстеулер сынның немесе қимыл мен іс-әрекеттің белгі, сапасын, көлемін күшейтіп не солғындатып көрсетеді де, қазақ тілінде қалай? қайтіп?, түрік тілінде nasıl? сұрақтарына жауап береді. Мысалы, қазақ тілінде: ең, тым, өте, аса, тіпті, нағыз, орасан, дәл, керемет, әбден т.б.; түрік тілінде: *en, daha, pek, çok*.

Түрік тілінде күшейтпелі үстеулер мөлшер (*azlık – çokluk zarfları*) үстеулері қатарында қарастырылады да, үстеулердің бұл түрі қолданыста сын есім мен үстеу сөздердің алдында келетіні айтылады¹

Қазақ тіліндегі күшейтпелі үстеулер бірде нықтаулық, бірде күшейткіш, енді бірде күшейту (я ұлғайту) деп түрліше аталады. Күшейткіш үстеулерінің құрамындағы кейбір жеке сөздерге қатысты Қ.Жұбанов: «... тым, ең, нақ сияқты сөздер сөйлемде де өз алдына мүше бола алмайтын, тек басқа бір түбір сөзге, онсыз да мүше болып тұрған өзге сөзге қосылып қана жүре алатын нәрселер. Сөйлемге мүше бола алмайтын сөз мүшелерін сөйлемге мүше бола алатын сөз таптарымен теңестіруге болмайды» – дейді және оларды үстеулер қатарына қоспайды². Ал С.Исаев «... күшейтпелі асырмалы шырай тұлғасын жасайтын күшейткіш үстеу деп аталып жүрген өте, тым, аса, тіпті, орасан тәрізді көмекші сөздердің сапалық сындармен тіркесуі де сөздің аналитикалық формасына жатады» - дей келе, оларды күшейткіш көмекші сөздер ретінде қарастырады³. Бұл сөздер А.Қалыбаева, Н.Оралбаева зерттеулерінде күшейткіш үстеу емес, дербес сөздің формасын талғамайтын көмекшілер қатарында қарастырылады⁴

Қазақ тіліндегі кейбір күшейтпелі үстеулер етістікпен тіркесіп, қимылдың сипатын күшейтіп немесе солғындатып көрсететін болса (мүлдем оқымады, әбден тойды т.б.), түрік тіліндегі күшейтпелі үстеулер етістікпен мүлде тіркеспейді деуге болады.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.262.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1992. - Б.234.

³ Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998. - Б.52.

⁴ Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986. - Б.190.

Мақсат үстеулері қимыл мен іс-әрекеттің болу мақсатын білдіріп, қазақ тілінде қалай? не мақсатпен?, түрік тілінде *nasıl? ne maksatla?* сұрақтарына жауап береді. Мысалы, қазақ тілінде: әдейі, әдейілеп, қасақана, жорта т.б., түрік тілінде: *özellekle, inadına*. Түрік тілінде мақсат үстеулері үстеудің семантикалық тобы ретінде дербес қарастырылмайды.

Себеп-салдар үстеулері қимыл мен іс-әрекеттің болу немесе болмау себебін білдіріп, қазақ тілінде не себепті? неге? қалай?, түрік тілінде *ne sebeple? niçin? neden?* сұрақтарына жауап береді. Мысалы, қазақ тілінде: босқа, амалсыздан, лажсыздан, бекерге, текке, құр босқа, шарасыздан, жоққа т.б.; түрік тілінде. *boşuna, boş yere, çaresizlikten, çaresizce, boşu boşuna, yok yere* т.б.

Түрік тілінде себеп-салдар үстеулері жеке семантикалық топ ретінде көрсетілмегенімен, сын-қимыл үстеулері (*tarz zarfları*) қатарында қаралады да, *için* «үшін», *dolayı* «себепті», *yüzünden* «себепті» тәрізді шылау сөздердің тіркесуінен тұратын *kurtarmak için* «құтқару үшін», *bundan dolayı* «сол себепті», *bu yüzden* «сол себепті» сөз тіркестері құрамында кездесетіні немесе *diye* деп» сөзі мен шығыс септік жалғаулы сөздердің себепті білдіретіні атап өтіледі¹. Мысалы, *açlıktan ağladı* «аштықтан жылады», *heyecandan kopuşamadı* «толқып тебіренгендіктен сөйлей алмай қалды», *gelsin diye hazırlandı* «келсін деп дайындалды».

Топтау үстеулері қимыл-қозғалыстың, іс-әрекеттің жасалуының топтық сипатын білдіріп, қазақ тілінде нешеден? қаншадан?, түрік тілінде *kaçar? kaçtan?* сұрақтарына жауап береді. Мысалы, қазақ тілінде: біреулеп, екеулеп, он-ондап, он-оннан, аз-аздап, топ-тобымен т.б.; түрік тілінде: *birer, ikişer, teker teker, onar, azar azar, grup grup, sıra sıra* т.б.

Түрік тілінде топтау үстеулері жеке семантикалық тобы ретінде арнайы қарастырылмайды, әйтседе олар сын-қимыл үстеулерінің ішінде «үлестіруді» білдіретін үстеулер қатарында көрсетіледі². Сондай-ақ түрік тілінде іс-қимылдың мәнін сұрақ арқылы анықтайтын сұраулық үстеу (мәселен, *nasıl, ne denli,*

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.510.

² Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. S.278; Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.514.

niye, niçin тәрізді) және іс-қимылға нақтылық мән үстемелейтін нұсқаулық үстеу (*işte* тәрізді) деген түрлері көрсетіледі¹.

Үстеулер әр уақытта өздері пысықтайтын сөздерінің алдында тұрып, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Алайда орын тәртібінің тұрақтылығы жағынан мезгіл үстеулері орын талғамайды. Пысықтауышпен қатар үстеулер сөйлемде бастауыш, анықтауыш, толықтауыш және баяндауыш қызметін де атқарады. Мұндай синтаксистік қызмет үстеудің барлық түріне бірдей тән емес. Мәселен, мақсат, себеп-салдар, топтау, мезгіл үстеулері анықтауыш қызметінде жұмсалмайды. Ал мезгіл, мөлшер үстеулері заттануға бейім болғандықтан, бастауыш қызметін де атқарады.

¹ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. – Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S.280 –281.

VIII ТАРАУ

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

§1. Еліктеу сөздердің қазақ және түрік тіл білімдерінде зерттелуі

Табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан немесе дыбыстау мүшелерінен шығатын әр қилы дыбыстарға еліктеуден, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың, адамдар мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекет, қозғалыстарының түрлі көріністерін бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер еліктеу сөздер деп аталады.

Еліктеу сөздер семантикалық сипатына қарай екіге бөлінеді: еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер. Еліктеуіштердің өзі табиғат құбылыстарына, жанды-жансыз заттардың қимыл-қозғалысына, бейнесіне қатысты ұғымдарды сипаттаудағы ерекшелігіне қарай іштей мағыналық жағынан ерекшеленді¹.

Табиғат құбылыстары мен түрлі заттардың қақтығысуынан, адам мен жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен шыққан түрлі дыбыстарға еліктеуден пайда болған сөздер еліктеуіш сөздер, ал табиғат құбылыстары мен заттардың, адам мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-қозғалыстарын бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер бейнелеуіш сөздер деп аталады. Еліктеуіш сөздердің мағыналық топтарының арасындағы басты айырмашылық: еліктеуіш сөздер есту қабілеті арқылы, бейнелеуіш сөздер көру қабілеті арқылы қалыптасады.

¹Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б. 435-437.

Еліктеуіш сөздердің қалыптасуында, яғни құлақпен естілген не көзбен көрген құбылысты дәлме-дәл жеткізуде дауысты дыбыстар ерекше қызмет атқарады. Сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке, ашық не қысаң болуы еліктеуіш сөздердің мағынасына әсер етіп, нәтижесінде еліктеуіштен пайда болған құбылыстың қатты не жай, жылдам не ақырын жүзеге асуын анықтауға болады. Еліктеуіш сөздердің жеке дара түрде, қосарланып немесе қайталанып жұмсалуды да олардың мағыналық сипатына әсерін тигізеді. Мәселен, тарс-тұрс, тарс-тарс, тарс еліктеуіштері бір қимылдың түрліше орындалуын білдіреді. Бұл ерекшеліктер еліктеуіш және бейнелеуіш сөздерге бірдей тән.

Еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктерін сөз еткенде, олардың дыбыстық құрамы, буын жігі және айтылу ырғағы ескерілуі тиіс¹. Дыбыстық құрамы жағынан еліктеуіш сөздерде қалыптасқан орнықты жүйе бар екендігі белгілі. Оған түбір және туынды тұлғалы еліктеуіш сөздер дәлел бола алады. Буын жігіне қарай еліктеуіш сөздер бір, екі және үш буынды болып бөлінеді. Оның ішінде бір буынды еліктеуіштер таза еліктеуіш сөздердің өзінен жасалса, екі буындылар еліктеуіш сөздерден, ал үш буындылар басқа сөз таптарының қатысуынан жасалады. Еліктеуіш сөздердің құрамындағы дауысты не дауыссыз дыбыстардың әртүрлі ырғақпен түрліше айтылуы адамның көңіл-күйіне, эмоциясына байланысты болып келеді. Мысалы, шыр-шырр, сарт-саарт, дар-дарр, баж-бажж т.с.с.

Сөздерді грамматикалық топтарға бөлуде олардың лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері негізге алынатыны белгілі. Солардың ішінде еліктеуіштер өзінің сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай атауыш сөздер қатарынан орын алады.

Еліктеу сөздер басқа сөз таптарынан өзінің семантикалық сипаты мен дыбыстық құрамы жағынан ерекшеленеді. Ал морфологиялық құрылымы тұрғысынан олар түрлену жүйесіне түспейді. Н.Оралбай еліктеу сөздердің басты ерекшеліктері ретінде олардың мағынасы, дыбыстық құрамымен қатар

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б. 553.

сөзжасамдық салғырт қабілетін де атап көрсетеді, сондықтан еліктеу сөздерді дербес сөз табы ретінде қарастыруда олардың семантикалық, фонетика-морфологиялық және синтаксистік белгілері негізге алынатынын айтады¹

Еліктеу сөздердің қазақ тіл білімінде сөз табы ретінде зерттелу тарихына көз жүгіртсек, А.Байтұрсынов еліктеуіш сөздерді одағайдың ішінде ілездік және еліктеуіш одағайы деп бөліп қарастырады². Ал Қ.Жұбанов: «жалт-жұлт», «жылт-жылт» дегендер құбылыстың тұрақты, тұрақсыздығын, бір қалыпта болатын-болмайтынын білдіретін қолданыстар ғана» - деп³ одағай мен еліктеуіш сөздердің аражігін бөліп көрсетеді. Ғ.Әбуханов еліктеуіш сөздерді өзге сөз таптарына мағыналық жағынан да, морфологиялық белгілері жағынан да ұқсамайтын, күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба әдеби тілде де кеңінен қолданылатын сөздер табы ретінде қарастырады⁴. А.Ысқақов еліктеуіш сөздердің дыбыстық сипатына, буын жігіне және айтылу ырғағы, яғни интонациясына көңіл бөледі. Оларды семантикалық, фонетика-морфологиялық, синтаксистік жағынан жан-жақты қарастыра келіп, А.Ысқақов еліктеуіштерді «семантикалық, грамматикалық сыр-сипатымен қатар, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да ерекшеленетін дербес сөз табы» - деп атап көрсетеді⁵.

А.Ысқақов қазіргі қазақ тілінде «еліктеуіш сөздер» деген өзгеше бір сөздердің тобы бар екенін сонау 1948 жылдардың өзінде-ақ айтқан болатын. Еліктеуіш сөздер А.Ысқақовтың авторлығымен 1952 жылы шыққан мектеп грамматикасына қосылып, қазақ тіліндегі тоғызыншы сөз табы ретінде 1954 жылы тұңғыш ғылыми грамматикаға енгізілді. Кейіннен еліктеуіштердің одағайлармен қарым-қатынасы Ш.Сарыбаев зерттеулерінде⁶, қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің жалпы

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.337.

² Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. - Б.261.

³ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1992. - Б.101.

⁴ Әбуханов Ғ. Қазақ тілі – Алматы, 1982. - Б.175.

⁵ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974. - Б.359.

⁶ Сарыбаев Ш. Еліктеуіш сөздер және олардың одағайлармен қарым –қатынасы. – Алматы, 1954. – Б.140; Сарыбаев Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. – Алматы, 1960. - Б. 78.

болмысы Б.Кәтембаева¹ зерттеулерінде жан-жақты сөз етілді. Қазіргі кезде еліктеу сөздер қазақ тіліндегі негізгі сөз табының бірі саналады.

Түрік тілінде еліктеу сөздер өз алдына жеке сөз табы ретінде қарастырылмайды. З.Коркмаз еліктеу сөздерге «табиғаттағы жан-жануарлар, заттар мен құбылыстардан пайда болатын әртүрлі дыбыстардың, кейбір қимыл-әрекеттердің тілдегі көрінісіне берілген атау, яғни есімдер» деген анықтама береді және еліктеу сөздерді «*yansımali (ses taklidi) adlar*» деген атпен түбір зат есімдер қатарында қарастырады². Дейтұрғанмен, З.Коркмаз еліктеу сөздердің қайталама қос сөздер түріндегі тұлғаларының үстеуге айналғандығын атап өтеді. Мысалы: *mışıl mışıl uuumak* «пысылдап ұйықтау», *tıpış tıpış yürümek* «тыпылдап басып жүру». Ал М.Билгин еліктеу сөздерді жалпы есімдердің ішінде *yansım adları (ses adları)*, яғни «дыбыс есімдері» деген атаумен қарастырады³. Еліктеу сөздер түр-тұрпаты тұрғысынан қос сөздерге ұқсайтындықтан, оларды қос сөздер қатарында қарастыруға болатыны жайлы пікірлер де кездеседі⁴. Түрік тілінің сөзжасам жүйесінде еліктеу сөздерден *-ti, -dek, -edek* жұрнақтары арқылы зат есім, сын есім және үстеу жасалатыны зерттеушілер назарынан тыс қалмайды⁵. Т.Бангуоглу еліктеу сөздерді *yansılamlar* деген атаумен құрылымдық тұрғыдан одағай сөздерге ең жақын сөздер ретінде таниды да, оларды одағай сөздер ішінде қарастырады⁶. Ал А.Н.Кононов түрік тіліндегі еліктеу сөздерді лексика-морфологиялық белгілеріне қарай жеке дербес сөз табы ретінде қарастырып, олардың дербес лексикалық мәнге және ерекше морфологиялық формаға ие екендігін атап көрсетеді⁷

¹ Кәтембаева Б. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. – Алматы, 1965. - Б. 185.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.221.

³ Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. - S.182.

⁴ Karahan F. Çağdaş türk lehçelerinde yansım kelimesi. Y.lisans tezi. – Kafkas üniversitesi, 2011. - S.2.

⁵ Gencan T.N. Dilbilgisi. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1979. - S.239; Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.32.

⁶ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. - S.402 – 403.

⁷ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград: Академия наук СССР, 1956. - С.368.

Еліктеу сөздерге қатысты қазақ тілінде А.Ысқақов «мимема» ұғымын қолданса¹, түрік тілінде «onomatopoeia» ұғымы қолданылады².

§2. Еліктеу сөздердің түрлері

Еліктеу сөздер семантикалық сипатына қарай екіге бөлінеді: еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер. Еліктеу сөздердің мағыналық топтарының арасындағы басты айырмашылық: еліктеуіш сөздер есту қабілеті арқылы, бейнелеуіш сөздер көру қабілеті арқылы қалыптасады.

Түрік тіліндегі еліктеу сөздерді де Бангуоглу еліктеуіш (*taklit sesleri*) және бейнелеуіш сөздер/дыбыстар (*tasvir sesleri*) деп екі бөліп қарастырады³. Алайда бұл жердегі топтауда біраз айырмашылық байқалады. Еліктеуіш дыбыстар деп атаған топта «табиғаттағы дыбыстарды қайталағандықтан буын саны бейнелеуіштердегідей жүйелі емес. Бұлар жан-жануар тілінің сөздері болып саналады». Ал бейнелеуіштерге «қимыл немесе заттың бейнесі мен әрекетін бейнелеумен қатар болып жатқан нәрселер шығаратын дыбыстарды еске салатын сөздер» деген анықтама береді. Сонда еліктеуіш сөздер тек жан-жануар шығаратын *mee, bee, miyav, hav-hav, civciv, gitgidak, gluglu* болады да, ал бейнелеуіш сөздер әрі дыбыс, әрі қимылдың бейнесі болып табылады: *hor, gir, zink, takır, kırır kırır, bingil bingil*.

Еліктеуіш сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке, ашық не қысаң болуы еліктеуіш сөздердің мағынасына әсер етіп, нәтижесінде еліктеуден пайда болған құбылыстың қатты не жай, жылдам не ақырын жүзеге асуын анықтауға болады. Мысалы: қазақ тілінде: тарс, тырс, тұрс, дар, сырт, тарс-тарс, быж-быж, тұрс-тұрс, сарқ-сарқ, тарс-тұрс, сарқ-сұрқ, сатыр-күтір, салдыр-күлдір.т.б.; түрік тілінде: *cız, çat, fis, kıs, tak, tik, şap, pat, fokur fokur, çisil çisil, şapır şapır, fosur fosur, şapır şupur, dangıl dungul, paldır küldür, takır tukur, tangır tungur*.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.344.

² Zülfikar H. Türkçede ses yansımali kelimeler. –Ankara: TDK Yay., 1995. – Б.2; Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S.221.

³ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. – S.404 - 405.

Еліктеуіштердің жеке дара түрде, қосарланып немесе қайталанып жұмсалуды да олардың мағыналық сипатына әсерін тигізеді. Мәселен, тарс-тұрс, тарс-тарс, тарс еліктеуіштері бір қимылдың түрліше орындалуын білдіреді.

Табиғат құбылыстары мен заттардың, адам мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-қозғалыстарын бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер бейнелеуіш сөздер деп аталады.

Бейнелеуіш сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке, ашық не қысаң болуы еліктеуіш сөздердегідей мағынасына әсер етеді, соның нәтижесінде бейнелеуден пайда болған әрекет пен қимылдың епсіздігін немесе мардымсыздығын байқауға болады. Мысалы, арбаң-арбаң мен ербең-ербең дегенде, бірінші мысалда қимылдың епсіздігі, дәрекілігі байқалса, екінші мысалда қимылдың мардымсыз екендігі байқалады.

Бейнелеуіш сөздер де жеке дара түрде, қосарланып немесе қайталанып жұмсалады да, бұл олардың мағыналық сипатына әсерін тигізеді. Мәселен, жалт, жалт-жұлт бейнелеуіш сөздер бір қимылдың түрліше орындалуын білдіреді.

Қазақ тіліндегі бейнелеуіш сөздер қатарына: салп, жалп, жалт, жылт-жылт, лап-лап, лып-лып, талтаң-талтаң, жалт-жұлт, жапыр-жұпыр.; түрік тіліндегі бейнелеуіш сөздерге: şır, sıvıl, harıl harıl, tırış tırış, badi badi, hös hös, sıvıl sıvıl, kem küm. *т.б.* сөздер жатады.

Еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктерін сөз еткенде, олардың дыбыстық құрамы, буын жігі және айтылу ырғағы ескерілуі тиіс¹

Буын жігіне қарай еліктеу сөздер бір, екі және үш буынды болып бөлінеді. Еліктеуіштердің құрамындағы дауысты не дауыссыз дыбыстардың әр түрлі ырғақпен түрліше айтылуы адамның көңіл-күйіне, эмоциясына байланысты болып келеді. Мысалы, шыр-шырр, сарт-саарт, дар-дарр, баж-бажж т.с.с.

Еліктеу сөздердің морфологиялық сипаты.

Еліктеу сөздер морфологиялық құрылымына қарай жалаң және күрделі болып бөлінеді. Жалаң еліктеу сөздер негізгі

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.553.

және туынды түрде болады. Негізгі еліктеулер дыбыстар мен бейнелердің атаулары есебінде жұмсалатын бір буынды түбір сөздер болып табылады. Мысалы: қазақ тілінде: ар, ыр, борс, бырс, былқ, дүрс, жалт, жарқ, мырс, салп, саңқ, солқ, шалп, шылп, шыж, ырс т.б.; түрік тіліндегі негізгі еліктеу сөздер: *sız, çat, fis, kis, tak, tık, şar, şip, pat, vız, gümp, cart, cirt*.

Туынды еліктеу сөздер негізгі еліктеу сөздерден немесе басқа атауыш сөздерден белгілі жұрнақтар арқылы жасалады, екі немесе үш буынды болып келеді.

Қазақ тіліндегі туынды еліктеу сөздер жасайтын *-ң, -ың, -ің, -аң, -ең* жұрнақтары түбір еліктеу сөздерге (жымп-ың, жалт-аң), кейбір атауыш сөздерге (жырт-ың, қызар-аң); жеке қолданылмайтын формаларға (соп-аң, шош-аң) жалғанады. Ал *-лаң, -лең, -алаң, -елең* жұрнағы кейбір етістіктерге жалғанады: бұр-алаң, соз-алаң.

Түрік тілінде туынды еліктеу сөздер жасайтын жұрнақтардың сипаты төмендегідей болып келеді:

-il, -il, -ul, -ül жұрнағы түбір еліктеу сөздерге жалғанады: *mış-il, mır-il, çis-il, gü-ül*

-ır, -ir, -ur, -ür жұрнағы да түбір еліктеу сөздерге жалғанады: *caz-ır, tak-ır, fok-ur, vız-ır, fos-ur*.

-ik, -ik, -ak, -ek түбір еліктеу сөздерден жаңа сөздер жасайды: *vız-ik, sız-ik, sıy-ak, vıy-ak, şır-ak*.

-ım, -im, -um, -üm жұрнағы кейбір етістік түбірлеріне жалғанып, жаңа еліктеу сөздер жасайды: *il-im il-im, sız-ım sız-ım, bur-um bur-um*.

Күрделі еліктеу сөздер:

а) түбір не туынды формалардың қайталануы (қазақ тілінде: жалт-жалт, гүр-гүр, сарт-сарт, тарс-тарс, елең-елең, қылт-қылт, көлбең-көлбең т.б.; түрік тілінде: *fis fis, çın çın, tak tak, tıkir tıkir, vızır vızır, tıpış tıpış, lıkir lıkir, cızır cızır*);

ә) қайталанған түбір не туынды формалардың екінші сыңарындағы дауысты дыбыстың еріндік дауысты дыбысқа өзгеруі (қазақ тілінде: тарс-тұрс, жалт-жұлт, шап-шұп, шалп-шұлп т.б.; түрік тілінде: *zart zurt, dangıl dungul, takır tukur, tangır tungur, şapır şupur*);

б) түбір не туынды формалардың қосарлануы (қазақ тілінде: *сатыр-күтір, салдыр-күлдір, бұрқ-сарқ, арбаң-тарбаң т.б.*; түрік тілінде: *çat pat, vırt zırt, paldır küldür, patır kütür, arar topar*) арқылы жасалады. Түрік тілінде еліктеуіш сөздердің алғашқы сыңарының екіншісінде бірінші дауыссыз дыбыстың *t* дауыссыз дыбысымен ауыстырылып қайталануы арқылы жасалатын еліктеу сөздер де кездеседі: *hık tık, tıngır tıngır, takır makır*.

Екі тілде де еліктеу сөздерден басқа сөз таптарына тән жаңа сөздер жасалады. Әсіресе зат есім, сын есім және етістік негіздерінен еліктеу сөздердің түбірлерін байқауға болады.

Қазақ тіліндегі негізгі жұрнақтар:

- ыл, -іл: *пысыл, тарсыл, шіңкіл, гуіл*;
- ыр, -ір: *жылтыр, жалтыр, тықыр, сықыр*;
- ақ, -ек, -ық, -к: *жалтақ, салпақ, бұлкек, адырақ*;
- ғыр, -гір: *даңғыр, дүңгір*;
- қыр, -кір: *өкір, түшкір, пысқыр*;
- ыра, -іре: *салбыра, жарқыра, күркіре, мөңіре*;
- ырай, -ірей: *бажырай, күжірей*;
- ый, -ій: *қылти, бырти, ырси*;
- й, -ай, -ей: *балпай, жалпай*;
- да, -де: *жалпаңда, қоқаңда*.

Түрік тілінде *-ır, -ir, -il, -il* жұрнақтары арқылы жасалған *takır, sızır, güürül, mışıl* тәрізді туынды еліктеу сөздер көбінесе қайталама тұрпатта қолданылады:

- dak, -dek: *kıkırdak, donguldak, fııldak*;
- adak, -edek: *hoppadak, pattadak*;
- lak, -lek: *hortlak, çatlak, fırlak*;
- tı, -ti, -tu, -tü: *gürültü, parıltı, homurtu*;
- da, -de: *işıldamak, şakırdamak, tıkırdamak*;
- ır, -ir, -ur, -ür: *üfürmek, hapşırmaq, böğürmek*;
- kır, -kir: *hıçkırmak, fışkırmaq, haykırmak*;
- la, -le: *havlamak, gürllemek, patlamak*;
- ra, -re: *şakramak, okramak, kökremek*.

Түрік тілінде еліктеу сөздердің кейбіреулері затты бейнелей

¹ Tuna O.N. Türkçede tekrarlar // İstanbul Ün. Ed.Fak. TDE Dergisi, İstanbul, C.III, No: 3 – 4, 1949. -S.435 – 437.

немесе дыбысқа еліктей келе, сол заттың толық атауына көшеді. Мысалы, *civciv* «балапан», *gırgır* «сыпырғыш», *gugık* «көкек құсы», *badık* «үйрек». Ғалымдар *baba* «әке», *dede* «ата», *nine* «әже» сөздерінің де еліктеу сөздерден жасалғанын алға тартады¹

Синтаксистік тіркесімділігі жағынан еліктеу сөздер зат есім және етістіктермен тіркеседі. Бірақ аталған сөз таптарымен тіркесімділік сипаты бірдей емес. Зат есімдерге қарағанда, еліктеу сөздер етістіктермен тіркесуге бейім болып келеді. Еліктеу сөздердің екі тілде де ет-/et- көмекші етістігімен еркін тіркесу қабілеті ерен екені байқалады. Зат есім, етістік сөздермен тіркесуі нәтижесінде еліктеу сөздер сөйлемде анықтауыш және пысықтауыш, құранды мүше құрамында баяндауыш, заттанған жағдайда бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады.

¹ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. –Ankara: TDK Yay., 2007. - S.406.

IX ТАРАУ

ШЫЛАУ СӨЗДЕР

§1. Шылау сөздер және оларды топтастыру мәселесі

Шылау – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, толық лексикалық мағынасы жоқ көмекші сөз. Сөз таптарының ішінде шылау сөздер өз алдына дербес қолданылмай, тек толық мағыналы атауыш сөздермен тіркесіп, оларға қосымша грамматикалық мағына үстеп тұрады. Соның негізінде, яғни атауыш сөздермен тіркесіп келген жағдайда ғана олардың лексика-грамматикалық сипаты айқындалады. Бұл – шылау сөздерге тән басты ерекшеліктердің бірі.

Тарихи шығу төркіні жағынан көмекші сөздердің қай-қайсысы да әуел баста толық лексикалық мағынасы бар атауыш сөздер болғаны, кейіннен сол бастапқы мағыналарынан толық айрылып, түрлі грамматикалық мағынаға ие болып қалған сөздер екені белгілі. Мағыналық дербестігімен бірге олар өздерінің негізгі қызметінен де қол үзіп, үнемі атауыш сөздермен тіркесе қолданылуы барысында көмекшілік қызмет атқаратын болған.

Шылау сөздер де ішкі мазмұны, сыртқы тұлғасы және қызметі жағынан өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп, көмекшілік қызметте жұмсала тұрса да, олар есімдерге де, етістікке де тәуелді болмай, өз алдына оқшауланып, жеке топ ретінде қолданылады.

«Қазақ грамматикасында» шылаудың төмендегідей ерекшеліктері атап көрсетіледі¹: 1) шылау сөздердің толық лексикалық

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.556.

мағынасы болмайды; 2) контексте толық мағыналы сөздердің жетегінде қолданылып, оған қосымша әртүрлі грамматикалық мағына, рең үстейді; 3) сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра не салаластыра байланыстырады; 4) жеке сөйлем мүшесі бола алмайды; 5) шылау сөздер түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды. Олар – лексикалық мағынасынан айрылу негізінде қалыптасқан көмекші сөздер.

Алайда бұл ерекшеліктер шылаудың барлық түріне бірдей тән емес. Мәселен, демеулік шылаулар салаластыра не сабақтастыра байланыстыру қызметін атқармайды. Сондай-ақ кейбір демеулік шылаулар сөйлемде қосымшалармен түрленеді.

Шылау сөздер өз алдына жеке сөз табы ретінде сөйлем ішінде негізгі тілдік бірліктерге қатысты бірнеше қызмет атқарады. Атап айтқанда, олар, біріншіден, сөйлем ішінде сөз тіркесі не күрделі сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді мағыналық жағынан толықтырып, нақтылап, тиянақтап тұрады, екіншіден, бірыңғай мүшелер мен сөйлемдерді өзара байланыстырушы көмекші құрал қызметінде жұмсалады. Осы қызметтерде қолданылу барысында олар өзі тіркескен сөзге ғана әсер етпей, өздері де белгілі бір дәрежеде мағыналық реңкке ие болады. Бірақ ондай мағыналық сипат дербес мағыналы сөздермен тіркескен жағдайда ғана айқындалады.

Шылау сөздердің бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланысты, енді бір тобы сөз тіркесі мен сөйлем арасындағы байланысты айқындау үшін қолданылады. Грамматикалық сипатындағы осындай ерекшеліктеріне қарай шылауларды топқа бөлуде түрліше пікірлер қалыптасады.

Қ.Жұбанов «сөз мүшелерін түп мүше немесе түбір мүше және жамау мүше немесе шылау мүше» деп екіге бөліп, шылау мүшенің өзін құрылысына қарай екі жікке бөледі: қосымша және қосалқы, одан кейін қосымшаларды атқаратын қызметіне қарай жалғау және үстеу, ал қосалқыларды жалғауыш және үстеуіш деп топтастырады¹. Ғалымның жіктеуіндегі қазіргі шылау сөздерге қызметі жағынан сай келетіні – қосалқылар. Мұндағы жалғауыш сөздер жалғауға ұқсап, өзі тіркескен сөзді басқа бір

¹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - Б. 239.

сөзбен жалғастыру үшін, ал үстеуіш сөздер – өзі жетегінде тұрған сөзге тек мағына үстеп қана қоятын шылау сөздер.

Шылау сөздерді топқа бөлуде М.Балақаевтың алғашқы пікірінде де ерекшеліктер орын алды. Ғалым қазақ тіліндегі шылау сөздерді төмендегідей бес топқа бөледі:

- 1) күшейткіш үстеуліктер (тап, өте, аса, тым)
- 2) болымсыздық үстеуліктер (еш, жоқ, емес, ма, мен)
- 3) сұраулық демеуліктер (ма, ме, па, пе т.б.)
- 4) демеуліктер
- 5) жалғаулықтар

Демеуліктерді іштей көлемдік (іші, маңы т.б.), мезгіл-мекендік (дейін, шейін, кейін т.б.), себеп-мақсаттық (үшін, туралы, жөнінде т.б.), жалғау-үстеулік (-ақ, қой, ғана, -ау, да, де т.б.) тәрізді 4 түрге, жалғаулықтарды да бірлестіргіш (және, мен, бен т.б.), қарсылықты (бірақ, сөйтсе де т.б.), кезектестік (әлде, немесе, біресе т.б.), айқындауыш (сондықтан, өйткені, демек т.б.) тәрізді түрлерге бөлген¹ Бұл топтастырудан байқалатыны: шылау сөздердің ішінде қазіргі кезде үстеу, есімдік қатарындағы дербес сөздер мен болымсыз етістіктің жұрнақтары, көмекші етістіктер де кездеседі. Сондай-ақ шылаулардың іштей топтастырылуы, олардың аталуы да әркелкі. Кейіннен автор бұл мәселені қайта қарап, шылау сөздерді демеулер, демеуліктер, жалғаулықтар деп үш топқа бөліп қарастырды. Ғалымның бұл топтастыруында сан жағынан болмаса да, аталуы жағынан өзгешеліктер болды.

А.Ысқақов шылауларды грамматикалық сипатына қарай септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер деп үш түрге бөледі². Қазіргі қазақ тілінің грамматикасында да осы жіктелім қалыптасқан.

Қазіргі түрік тілінде шылау сөздер көбінше *edatlar* атауымен қарастырылады. М.Ергин түрік тіліндегі шылау сөздерді «бір өздерінің ешқандай мағынасы жоқ, тек грамматикалық функция атқаратын көмекші сөздер» деп таниды³. М.Ергин түрік тілінде *edatlar* деп атаған лексикалық мағынасы жоқ көмекші сөздерді

¹ Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1975. - Б.30.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.385.

³ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.348.

үшке бөледі: 1) *ünlem edatları*, 2) *bağlama edatları*, 3) *son çekim edatları*¹. Бұл жердегі *ünlem edatları* - одағайлар, *bağlama edatları* - жалғаулықтар, *son çekim edatları* - септеуліктер. М.Ергиннің бұл топтастыруында толық лексикалық мағынасы жоқ, атауыш сөздермен ғана қолданысқа түсетін жалғаулық пен септеуліктерді және көңіл-күйді білдіретін дербес сөз табы одағайларды бір сөз табы ретінде көрсеткендігі байқалады.

З.Коркмаз жалпы барлық сөздерді топтастырған кезде а) мағыналы сөздер (атауыш сөздер), ә) функциялы сөздер (көмекші сөздер), б) мағыналы-функциялы сөздер деп үш топқа бөліп, шылау сөздерді функциялы сөздер қатарында қарастырады. З.Коркмаз пікіріне зер салсақ, қазақ тілінде шылау сөздердің түрлері болып табылатын жалғаулықтар мен септеуліктерді ғалым жеке-жеке сөз табы етіп көрсетеді². Түрік тіліндегі жалғаулықтар мен септеуліктер бір топ зерттеушілер тарапынан да екі бөлек дербес сөз табы ретінде қаралады³. Екі бөлек сөз табының атауларында айырмашылықтар байқалады. Мәселен, Н.Демир жалғаулық үшін *bağlaç*, септеулік үшін *sontaki* атауларын қолданса, М.Билгин септеулікке *ilgeç*, жалғаулыққа *bağlaç*, З.Коркмаз септеулікке *edat*, жалғаулыққа *bağlaç*, Т.Бангуоглу септеулік үшін *taki*, жалғаулық үшін *bağlam* атауын қолданады.

§2. Жалғаулық шылаулар

Жалғаулықтар өзара тең дәрежедегі бірыңғай сөздерді, сөз тіркестері мен сөйлемдерді байланыстыру қабілетіне қарай олардың арасындағы әртүрлі грамматикалық қатынасты білдіреді. Жалпы шылауларды топтастырудағыдай пікір қайшылықтары жалғаулық шылауларды байланыстыру қабілетіне қарай іштей бөлуде де кездеседі.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.348.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1052.

³ Demir N., Yılmaz T. Türk dili el kitabı. – Ankara: Grafiker, 2010. - S. 224 - 225; Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. Ankara: Kültür Bak.Yay., 2002. S.288; Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. - S.385 - 390.

1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілінде» жалғаулықтар салаластырғыш және құрмаластырғыш деп екіге бөлініп қарастырылады да, салаластырғыш іштей ыңғайластық, қарсылықты, талғаулы жалғаулықтар болып, құрмаластырғыш іштей себептік, салдарлық, шартты, мезгілдік болып жіктеледі¹. Ал А.Ысқақов жалғаулықтарды салаластырғыш және сабақтастырғыш деп бөліп, салаластырғышқа ыңғайластық, талғаулықты жалғаулықтарды, сабақтастырғышқа қарсылықты, себептік, салдарлық, шартты, айқындағыш, ұштастырғыш жалғаулықтарын жатқызады². Жалғаулық шылауларды салаластырғыш, сабақтастырғыш (немесе құрмаластырғыш) деп топтастыруда олардың жеке сөздер мен сөз тіркестерін, жай сөйлемдерді немесе тек қана құрмалас құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырушылық қабілеті негізге алынады.

Қазіргі кезде жалғаулықтардың салаластыра немесе сабақтастыра байланыстырушы қызметінің аражігі нақты айқындалып, олардың тек салаластырғыш қызметте ғана жұмсалатыны анықталды³. Демек тең дәрежелі сөздер мен сөйлемдерді салаластыра байланыстыру жалғаулық шылауларға тән ерекшеліктердің бірі болып табылады.

Қазақ тіл білімінде пікір қайшылығы жалғаулық шылаулардың іштей бөлінуіне қатысты да байқалады.

Ғ.Әбуханов жалғаулық шылаулардың ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себеп-салдарлық деп төрт түрін⁴, А.Ысқақов ыңғайластық, талғаулықты, қарсылықты, себептік, салдарлық, шарттық, айқындағыш, ұштастырғыш тәрізді сегіз түрін көрсетеді⁵. «Қазақ грамматикасында» жалғаулықтар ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себептік, себеп-салдарлық және шарттық деп алты түрге бөліп көрсетіледі⁶.

Түрік тілінде жалғаулықтарға «сөйлемдегі сөз бен сөзді, тең дәрежедегі екі сөйлемді, кейбір кездері екі абзацты

¹ Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1975. - Б.32.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.365–371.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.557.

⁴ Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1982. – Б.173.

⁵ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.365–371.

⁶ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.557.

байланыстыруда қолданылатын сөздер»¹ деген анықтама беріледі. З.Коркмаз түрік тілінде дербес сөз табы болып табылатын жалғаулықтардың өзіндік мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді²: 1) жалғаулықтардың септеуліктер тәрізді лексикалық мағынасы болмайды, олар мағыналы емес, функциялы сөздер; 2) сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді байланыстырып, оларға қосымша мағына, рең үстейді; 3) сөйлемдерді байланыстырумен қатар, олардың арасындағы тақырып тұтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз етеді; 4) басқа сөз таптары жалғаулық қызметін атқарғанымен, жалғаулық басқа сөз табы түріне ауыса алмайды; 5) жалғаулықтар мағыналы сөздердей бастауыш, анықтауыш, толықтауыш және баяндауыш тәрізді сөйлем мүшесі бола алмайды.

Қазақ тілі мен түрік тіліндегі жалғаулықтардың топтастырылуы мен атауларында айырмашылық бары байқалады. Түрік тілінде де қазақ тіліндегідей жалғаулықтардың іштей топқа бөлінуі мен атауларында пікір қайшылықтары кездеседі.

Т.Бангуоглу түрік тіліндегі жалғаулықтардың 12 түрін көрсетеді³: 1) *ulama bağlamları* «ыңғайластық». 2) *ayirtlama bağlamları* «талғаулықты». 3) *karşıtlama bağlamları* «қарсылықты». 4) *almaşma bağlamları* «алмасу (талғаулықты)». 5) *üsteleme bağlamları* «үстемелеу (ыңғайластық)». 6) *açıklama bağlamları* «айқындағыш». 7) *salt bağlamlar* «байланыстырғыш». 8) *yerverme bağlamları* «қарсылықты». 9) *sebep bağlamları* «себептік». 10) *sonuç bağlamları* «үштастырғыш». 11) *amaç bağlamları* «мақсаттық». 12) *şart bağlamları* «шарттық».

З.Коркмаз жалғаулық топтарын ықшамдап, олардың 5 түрін көрсетеді⁴: 1) *sıralama bağlaçları (ile, dahi, ve, hem...hem, da...da, ister...ister, ne...ne, olsun...olsun)* «ыңғайластық», 2) *denkleştirme-karşılaştırma-seçme bağlaçları (ya, ya...ya, ya da, yahut, veya, veyahut da)* «қарсылықты-талғаулықты». 3) *pekiştirme bağlaçları (da, dahi, bile, mı, ise, -sa, ya)* «күшейткіш». 4) *nöbetleşme bağlaçları (bazen...bazen, bazı...bazı, bir...*

¹ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. - S.390.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1094.

³ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. - S.391 –393.

⁴ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1104

bir, biri...öbürü, kah...kah, kimi...kimi) «кезектестік». 5) *cümle bağlayıcısı niteliğindeki bağlaçlar* «сөйлем байланыстырушы жалғаулықтар». Кейбір еңбектерде «сөйлем басы жалғаулықтары»¹ деп аталатын сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын жалғаулықтар қатарына *З.Коркмаз açıkçası, aksi halde, ama, ancak, anlaşılın, aslında, aynı zamanda, başka bir deyişle, bu durumda, buna rağmen, bu taktirde, doğrusu, dolayısıyla, eğer, elbette ki, evet ama, gel gelelim, gerçekten de, gerçi, halbuki, her şeye rağmen, hiç değilse, hiç şüphesiz, ister istemez, keşke, kısacası, meğer, nedense, o halde, öyleyse, özellikle, peki, şimdi, üstelik, yeter ki, yine, zaten* тәрізді сөздерді жатқызады. Ал М.Ергин *fakat, lakin, ancak, yalnız, ama, eğer, şayet, gerçi, çünkü, zira, mademki, madem, meğer, öyle ki, oysa ki, şöyle ki, nitekim, halbuki, kaldı ki, üstelik, belki, hatta, imdi, yani, zaten, bari, keza, hakeza, sanki, adeta, nasıl ki, guya, tek, yeter ki, meğer ki, illa, illa ki, yoksa, aksi halde, aksi taktirde, hele* сөздерін жалғаулықтар деп көрсетеді.

Түрік тіліндегі жалғаулықтар жалпы сипатына қарай төмендегідей топтастырылады²:

1. Шығу тегіне қарай: а) кірме түбірлі жалғаулықтар: *adeta* «тура», *aksi halde* «керісінше», *aksine* «керісінше», *ama* «бірақ», *fakat* «алайда», *galiba* «мүмкін», *hatta* «тіпті», *nihayet* «әйтеуір», *tabii* «әрине», *ve* «және», *yani* «яғни», *zaten* «бұған қоса». ә) аралас түбірлі жалғаулықтар: *belki* «бәлкім», *demek ki* «демек», *hiç olmazsa* «кем дегенде», *illa ki* «міндетті түрде», *madem ki* «егер де», *nasılsa* «қалай болған жағдайда да», *sadece* «тек қана», *sanki* «тура», *veya* «немесе», *veyahut* «немесе». б) төл түбірлі жалғаулықтар: *açıkçası* «анығында», *ancak* «алайда», *ayrıca* «айрықша», *bak* «қара», *bile* «де», *bir de* «бір де», *böylece* «осылайша», *bununla beraber* «бұған қоса», *da* «да», *dahi* «да», *doğrusu* «шындығында», *dolayısıyla* «сол себепті», *hele* «әрі», *ile* «мен», *ise* «болса», *kısaca* «қысқасы», *oysa* «алайда», *öncelikle* «алдымен», *özellikle* «әсіресе», *şöyle* «солай», *üstelik* «бұған қоса», *yalnız* «тек қана», *yine* «қайтадан».

2. Морфологиялық құрылымына қарай: а) бір сөзден құралған жалғаулықтар: *açıkçası* «анығында», *ama* «бірақ», *aslında* «негізінде», *ayrıca* «айрықша», *belki* «бәлкім», *eğer* «егер», *esasen*

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.354.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1091.

«негізінде», *çünkü* «өйткені», *elbette* «әрине», *mutlaka* «міндетті түрде», *nedense* «неге екені белгісіз», *öylesine* «сонашма», *yani* «яғни». ә) сөз тіркестерінен құрылған жалғаулықтар: *aksi halde* «керісінше», *başka deyişle* «басқаша айтқанда», *bir yandan* «бір жағынан», *bundan dolayı* «сол себепті», *o sebeple* «сондықтан», *en azından* «кем дегенде».

3. Қызметі және сөйлемдегі орнына қарай: а) тізбектелу (ыңғайластық) жалғаулықтары: *ile* «және», *dahi* «да», *ve* «және», *da...da* «да...да», *hem...hem* «әрі...әрі», *ister...ister* «не...не», *ne...ne* «не...не», *olsun...olsun* «не...не». ә) салыстыру (талғаулықты) жалғаулықтары: *ya* «я, яки», *ya...ya* «не...не», *ya da* «немесе», *yahut* «немесе, яки», *veya* «немесе», *veyahut da* «немесе». б) мағынаны күшейтуші жалғаулықтар: *da* «да», *dahi* «да», *bile* «тіпті», *mi* «ма», *ise* «болса», *ya* «я». в) сөйлем байланыстырушы жалғаулықтар: ойды тиянақтайтын сөйлем жалғаулықтары: *ancak* «алайда», *artık* «енді, ендігәрі», *böyle olsa bile* «бұлай бола тұра», *elbette* «әрине», *hakikatte* «шындығында», *hatta* «тіпті», *şüphesiz* «күмәнсіз, шүбәсіз». нәтижені білдіретін сөйлем жалғаулықтары: *ama* «бірақ», *böylece* «осылайша», *bu bakımdan* «осы тұрғыдан», *bundan dolayı* «сол себепті», *bu yüzden* «сондықтан», *hiç olmazsa* «кем дегенде», *o zaman* «ендеше», *sonuçta* «нәтижеде». себепті білдіретін сөйлем жалғаулықтары: *çünkü* «өйткені», *demek* «демек», *ne olsa* «не де болса» қарсылықты білдіретін сөйлем жалғаулықтары: *aksine* «керісінше», *buna rağmen* «бұған қарамастан», *halbuki* «алайда, бірақ та», *tam tersine* «керісінше», *yine de* «тағы да».

Сонымен, қазақ және түрік тіл біліміндегі пікірлерді ескере отырып, екі тілдегі жалғаулықтарды төмендегідей топтар аясында салыстыра қарастыруға болады:

Ыңғайластық жалғаулықтар. Ыңғайластық жалғаулықтар тең дәрежедегі сөздер, сөз тіркестері мен салаласа байланысатын сөйлемдерді байланыстырады. Оларға: қазақ тіліндегі мен (бен, пен), және, әрі, да, де, та, те жалғаулықтарын, ал түрік тіліндегі ыңғайластық *ile* «мен», *ve* «және», *hem* «әрі», *da, de, hem...hem, ne...ne, da...da, gerek...gerek* «әрі» жалғаулықтарын жатқызуға болады. Мұнда *gerek...gerek* «әрі» мағынасында жұмсалады. Ал *ne...ne*

байланыстырған сөздердің ешбірінің жүзеге аспағандығын немесе байланыстырған қимылдың орындалмағандығын білдіреді. Мысалы, *ne konuştı, ne baktı* «сөйлеспеді де, қарамады да».

Қарсылықты жалғаулықтар. Қарсылықты жалғаулықтар қарсылық мәнде жұмсалады. Көбінесе сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырады. Қазақ тіліндегі қарсылықты жалғаулықтар: бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, сөйтсе де, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйтпегенде; түрік тіліндегі қарсылықты жалғаулықтар: *ama* «бірақ», *fakat* «алайда», *lakın* «әйткенмен», *yalnız* «алайда», *ancak* «алайда», *yine de* «дегенмен, сонда да», *bununla beraber* «сөйтсе де», *oysa* «әйтсе де», *halbuki* «дегенмен».

Талғаулықты жалғаулықтар. Талғаулықты жалғаулықтар салаласа жалғасқан сөйлем мүшелерінің бірін талғап, не таңдап немесе кезектестіріп байланыстырады. Қазақ тіліндегі талғаулықты жалғаулықтар: біресе, бір, болмаса, кейде, әлде, не, немесе, яки, я, мейлі; Түрік тіліндегі талғаулықты жалғаулықтар: *bir...bir, hatta* «тіпті, болмаса», *bazen* «кейде», *yoksa* «әлде», *veya* «немесе», *ister...ister* «мейлі», *kimi...kimi, gah...gah* «біресе», *ya* «я», *yahut* «я, яки», *ya...ya*.

Себеп-салдар жалғаулықтар. Себеп-салдар жалғаулықтар себептік қатынасты, іс-әрекеттің нәтижесін білдіреді. Қазақ тіліндегі себеп-салдар жалғаулықтар: себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті, сол үшін; Түрік тіліндегі себеп-салдар жалғаулықтар: *çünkü* «өйткені», *zira* «себебі», *bundan dolayı* «сондықтан», *bunun için* «сол үшін», *bu sebeple* «сол себепті», *öyleyse* «олай болатын болса», *bu yüzden* «сол себепті».

Шарттық жалғаулықтар. Шарттық жалғаулықтар сөйлемдер арасында шарттық байланысты білдіреді. Қазақ тіліндегі шарттық жалғаулықтар: егер, егер де, онда; Түрік тіліндегі шарттық жалғаулықтар: *eğer, şayet* «егер, егер де», *öyleyse* «егер де, онда», *o takdirde* «онда».

Айқындағыш жалғаулықтар. Айқындағыш жалғаулықтар айтылатын ойды айқындауға, анықтауға қатысады. Қазақ тіліндегі айқындағыш жалғаулықтар: демек, яғни; Түрік тіліндегі айқындағыш жалғаулықтар: *demek, demek ki, yani* «яғни».

Ұштастырғыш жалғаулықтар. Ұштастырғыш жалғаулықтар екі сөйлемді ұштастырып байланыстыру үшін қолданылады. Қазақ тіліндегі ұштастырғыш жалғаулықтар: ал, ендеше, олай болса; Түрік тіліндегі ұштастырғыш жалғаулықтар: *öyleyse* «ендеше, олай болса», *o zaman* «ендеше».

§3. Септеулік шылаулар

Септеулік шылаулар өзге сөздерге тіркесіп айтылғанда, өзінің алдындағы толық мағыналы сөздің белгілі бір септік жалғауында тұруын талап етіп, ол сөздерге түрлі грамматикалық мағына үстейді.

Қ.Жұбанов сөздерді таптастыруда матау жалғауыш пен жетек жалғауышты бөліп алып, «матау жалғаулықтар (союз) бір сөзді екінші сөзге бағындырмай, жетектетпей, тек матастырады, ал жетек жалғауыштар (послелог) «үшін», «сияқты», «арқылы», «сайын» т.т. септеулер есепті өздері тағылып тұрған сөзді басқа бір сөзге жетектетеді» деп атап көрсетіп¹, жалғаулық шылаулар мен септеуліктердің қызметіндегі айырмашылықты дәл көрсетеді. Сондықтан септеуліктердің сөз бен сөзді, сөйлемдерді бір-біріне бағындыра, «жетектете», яғни сабақтастыра байланыстыруы олардың жалғаулық шылаулардан өзгешелігін көрсететін басты ерекшелігі болып табылады.

Мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан септік жалғауларының ішінде қазақ тілінде ілік, табыс, жатыс септіктері септеулік шылауларды меңгермейді, ал түрік тілінде табыс пен жатыс септіктері септеуліктерді меңгермейді. Тіркесетін сөзінің грамматикалық сипатына қарай олар атау септіктегі, барыс септіктегі, шығыс септіктегі, көмектес септіктегі сөздермен және түрік тілінде ілік септіктегі жіктеу есімдіктерімен тіркесетін септеуліктер болып бөлінеді.

Меңгеретін септік жалғауларының грамматикалық сипатына қарай септеулік шылаулардың мағынасы мен қызметі өзгеріске түседі.

¹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - Б.140.

Түрік тіліндегі септеуліктер құрылымы мен шығу тегіне қарай, қолданыс аясына қарай, қызметіне қарай негізгі үш топқа бөлінеді¹:

Құрылымы мен шығу тегіне қарай септеуліктер іштей төмендегідей түрлерге бөлінеді: 1) түбірі түрікше септеуліктер: есім түбірлі септеуліктер: *gibi* «сияқты», *için* «үшін», *başka* «басқа», *bakımdan* «тұрғысынан», *sonra* «кейін, соң», *yanı* «бері», *boyunca* «бойы, бойынша», *üzere* «үшін, бойынша». етістік түбірлі септеуліктер: *ile* «мен», *ilişkin* «туралы», *göre* «қарағанда», *geçse* «өткенде», *değın* «дейін», *diye* «деп», *doğru* «қарай», *dolayı* «себепті», *karşı* «қарсы». 2) кірме сөз түбірлі септеуліктер: *ait* «қатысты», *beraber* «бірге», *dair* «туралы», *derece* «дәреже», *evvel* «әуелі, бұрын», *gayri* «басқа», *itibaren* «бастап», *kadar* «сияқты», *mukabil* «қарағанда», *nazararı* «қарағанда», *rağmen* «қарамастан».

Септеуліктер қолданыс аясына қарай: 1) түбір сөзбен немесе атау септігіндегі сөзбен тіркесетіндер: *gibi* «сияқты», *için* «үшін», *ile* «мен», *aşırı* «асыра», *diye* «деп», *kadar* «-дай», *üzre* «үшін». 2) ілік септігіндегі жіктеу есімдіктерімен тіркесетіндер: *gibi* «сияқты», *için* «үшін», *ile* «мен», *kadar* «сияқты». 3) барыс септігіндегі сөзбен тіркесетіндер: *ait* «қатысты», *bakarak* «қарап», *dair* «туралы», *dek* «дейін», *değın* «дейін», *doğru* «қарай», *göre* «қарағанда», *ilişkin* «туралы», *kadar* «дейін», *karşılık* «қарсы», *nazararı* «қарағанда», *rağmen* «қарамастан», *karşın* «қарсы». 4) шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетіндер: *aşağı* «төмен», *başka* «басқа», *beri* «бері», *dışarı* «сыртқа», *dolayı* «себепті», *evvel* «бұрын», *içeri* «ішке», *itibaren* «бастап», *önce* «алдында», *ötürü* «себепті», *sonra* «соң, кейін», *taraf* «жақ» болып бөлінеді.

Септеуліктер атқаратын қызметіне: 1) қатыстық және қатысты болу қатынасын білдіретіндер: *ait* «қатысты», *dair* «туралы», *ilişkin* «туралы», *üzere* «қатысты». 2) ұқсастық қатынасын білдіретіндер: *gibi* «сияқты», *denli* «сияқты», *misali*, *üzere*, *üzre*; 3) біргелік, ыңғайластық қатынасын білдіретіндер: *ile* «мен», *birlikte* «бірге», *beraber* «бірге», *yanı sıra* «бірге». 4) мөлшер және дәреже қатынасын білдіретіндер: *kadar* «-дай», *derece* «дәреже»,

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1052 –1089.

denli «-дай», *aşkın* «астам». 5) сәйкестік қатынасын білдіретіндер: *göre* «қарағанда», *nazaran* «қарағанда», *oranla* «қарағанда». 6) себептік қатынасын білдіретіндер: *için* «үшін», *diye* «үшін, деп», *dolayı* «себепті», *ötrü* «себепті», *üzere* «үшін», *dolayısıyla* «себепті», *hasebiyle* «себепті». 7) салыстырма қатынасын білдіретіндер: *karşı* «қарсы», *karşılık* «қарсы», *mukabil* «қарамастан», *rağmen* «қарамастан». 8) бағыт көрсету қатынасын білдіретіндер: *aşağı* «төмен», *kadar* «дейін», *değin* «дейін», *doğru* «қарай», *karşı* «қарсы». 9) мезгіл, уақыт көрсету қатынасын білдіретіндер: *önce* «бұрын», *evvel* «бұрын», *sonra* «соң, кейін», *beri* «бері», *itibaren* «бастап», *başlayarak* «бастап» деп 9-ға бөлінеді.

Сонымен, қазақ және түрік тіл біліміндегі пікірлерді ескере отырып, екі тілдегі септеуліктерді меңгеретін септік жалғауларына қарай төмендегідей топтастыруға болады:

1. Сөздің түбірі немесе негіз тұлғалы (атау септіктегі) сөзбен тіркесетін септеуліктер. Қазақ тілінде: үшін, сайын, сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, туралы, турасында, жайында, жайлы, жөнінде, арқылы, бойы, бойымен, бойынша, шамалы, шақты, қаралы; Түрік тілінде: *gibi* «сияқты», *ile* «мен», *için* «үшін», *aşırı* «асыра», *diye* «деп (үшін)», *kadar* «-дай, тәрізді», *üzre* «үшін», *hakkında* «туралы».

Түрік тіліндегі *gibi* «сияқты», *ile* «мен», *için* «үшін», *kadar* «-дай, тәрізді», *hakkında* «туралы» септеуліктері жіктеу есімдіктерімен тіркескенде ілік септігін меңгереді, жіктеу есімдіктерінен III жақ көпше түрінде ғана ілік септік жалғауы қолданылмайды: *benim gibi*, *senin gibi*, *onun gibi*, *bizim gibi*, *sizin gibi*; *benimle* (*benim ile*), *seninle*, *onunla*, *bizimle*, *sizinle*; *benim için*, *senin için*, *onun için*, *bizim için*, *sizin için*; *benim kadar*, *senin kadar*, *onun kadar*, *bizim kadar*, *sizin kadar*. Ал *hakkında* «туралы» септеулігімен жіктеу есімдіктері тіркескенде *hakkında* «туралы» сөзі тіркескен жағына қарай тәуелденеді: *benim hakkımda*, *senin hakkında*, *onun hakkında*, *bizim hakkımızda*, *sizin hakkınızda*. Түрік тіліндегі *bu*, *şu*, *o* сілтеу есімдіктерімен тіркесетін *gibi* «сияқты», *kadar* «-дай, тәрізді», *hakkında* «туралы» септеуліктері кейде ілік септікті меңгерсе, кейде меңгермейді. Тілде екі түрлі қолданыс байқалады: *bunun gibi* – *bu gibi*, *şunun gibi* – *şu gibi*, *onun*

gibi – o gibi; bunun kadar – bu kadar, şunun kadar – şu kadar, onun kadar – o kadar; bunun hakkında – bu hakkında, şunun hakkında – şu hakkında, onun hakkında – o hakkında. Ал *için* «үшін» септеулігімен тіркескенде жіктеу есімдіктеріндегі ілік септігі меңгеріледі: *bunun için, şunun için, onun için.*

2. Барыс септіктегі сөзбен тіркесетін септеуліктер. Қазақ тілінде: дейін, шейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта; Түрік тілінде: *ait* «қатысты», *bakarak* «қарай», *dair* «туралы», *dek* «дейін», *değın* «дейін», *doğru* «қарай», *göre* «қарағанда», *ilişkin* «туралы», *kadar* «дейін», *karşılık* «қарсы», *nazaran* «қарағанда», *rağmen* «қарамастан», *karşın* «қарсы», *dair* «жайлы».

3. Шығыс септіктегі сөзбен тіркесетін септеуліктер. Қазақ тілінде: гөрі, бері, кейін, соң, бұрын, бетер; Түрік тілінде: *aşağı* «төмен», *başka* «басқа», *beri* «бері», *dışarı* «сыртқа», *dolayı* «себепті», *evvel* «бұрын», *içeri* «ішке», *itibaren* «бастап», *önce* «алдында», *ötürü* «себепті», *sonra* «соң, кейін», *taraf* «жақ», *уана* «жақтас».

4. Көмектес септіктегі сөзбен тіркесетін септеуліктер. Қазақ тілінде: бірге, қатар; Түрік тілінде: *birlikte, beraber.*

§4. Демеулік шылаулар

Шылау сөздердің өздері тіркесетін негізгі сөзбен грамматикалық қатынасы біркелкі емес. Осы тұрғыдан олар өзара ерекшеленіп, жеке топтарға бөлінетіні белгілі. Демеулік шылаулар да жеке сөздер мен сөз тіркестеріне әртүрлі қосымша мағыналық реңк үстейді. Лексика-грамматикалық мағыналарының ерекшеліктеріне қарай демеуліктер бірнеше түрге бөлінеді.

Демеулік шылаулардың шылау категориясының бір түрі ретінде танылуында бірізділік болғанымен, оны іштей саралауда және олардың атауларында бірқатар алшақтықтар кездеседі. Мысалы, 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілінде» демеуліктер сұрау, жалынышты тілек, тежеу, күшейту, кісінің көңіл-күйін білдіретін және сенімділік, кекесін мағынасындағы болып 7 түрге бөлінсе¹,

¹ Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1975. - Б.31.

А.Ысқақовтың еңбегінде демеуліктердің сұраулық, күшейткіш, нақтылық, шектік, болжалдық, болымсыздық, қомсыну тәрізді 7 түрі көрсетіледі¹. Н.Оралбай демеуліктерді күшейткіш, сұраулық, шектеу, тежеу, болжалдық, нақтылау, қомсыну, болымсыздық демеуліктері деп 8 топқа бөледі².

Бұл топтастырулар сан жағынан бірдей болғанымен, олар сұрау-сұраулық, күшейту-күшейткіш, тежеу-шектік т.б болып түрліше аталады. Сондай-ақ кейбір демеуліктер әртүрлі топта қарастырылады. Мысалы, ғой демеулігі жалынышты тілек немесе нақтылық мәнді, ал *-мыс*, *-ау* сенімсіздік, кекесін немесе болжалдық мәнді демеуліктер қатарында қарастырылады.

«Қазақ грамматикасында» осы пікірлердің негізінде демеулік шылаулар мынадай топтарға бөлінеді³: сұраулық демеуліктер, күшейтпелі демеуліктер, шектеу /тежеу/ демеуліктер, болжалдық демеуліктер, болымсыздық, қарсы мәнді, салыстыру мағынасындағы демеуліктер, нақтылау мәнді демеуліктер, қомсыну мәнді демеуліктер.

Түрік тілінде шылау сөздердің алдыңғы екі тобы - септеулік пен жалғаулықтар жеке сөз табы ретінде алынғанымен, демеуліктер жеке топ ретінде көрсетілмейді. Мәселен М.Ергин шылау сөздерді топтастыруда жалғаулықтарды сөйлемнің басында және соңында қолданылатын жалғаулықтар деп екіге бөледі де, соңында қолданылатын жалғаулықтарға «сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдердің соңында қолданылып, оларды бір-бірімен байланыстыратын жалғаулықтар» дей келе, «олар өздері жалғанған сөздердің мағынасын күшейту, нақтылау, мәніне көңіл бұрғызу үшін қолданылады, сол себепті олардың бір бөлімінде байланыстырушылық функциясы әлсіз болса, басқа бір бөлімінде мүлдем жоқ. Бұларды қалған жалғаулықтардан бөліп алып, күшейткіш (демеулік) жалғаулықтар деген атаумен топтастыруға болады» деген тұжырым жасайды және көрсеткен күшейткіш (демеулік) жалғаулықтар ретінде: *dahi* «да, де», *da*,

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - Б.374 - 378.

² Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.367.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. Б.562.

de, ise «болса», *ki* «ғой», *kim, bile* «тіпті, да», *değil* «емес», *ya* «ғой» сөздерін көрсетеді¹.

Сонымен, екі тілдегі демеуліктерді білдіретін мағыналарына қарай төмендегідей топтастыруға болады:

Сұраулық демеуліктер. Сұраулық демеуліктер әртүрлі сөздермен тіркесіп, сұраулық мағына білдіреді. Қазақ тілінде: *ма, ме, ба, бе, па, пе; ша, ше*; түрік тілінде: *mi, mi, mi, mi*.

Түрік тілінде көрсетілген сұраулық демеуліктер түрік грамматикаларында сөз түрлендіргіш қосымшалар арасына алынады да, жеке грамматикалық категория ретінде көрсетіледі². Түрік тіліндегі сұраулық демеулігінің қазақ тіліндегі баламасындағы сұраулық мәндегі қолданысынан басқа тағы бір айырмашылығы онда сөз мағынасын күшейту мәнінің болуы. Соған байланысты З.Коркмаз оларды айрықша «күшейткіш жалғаулықтар» деп атаған топта қарастырады³. Мысалы: *Onun evi güzel mi güzel* «Оның үйі керемет пе керемет». *Bi yüzden işten çıktı mı çıktı* «Сол себепті жұмыстан шығып қалды».

Ал қазақ тілінде әртүрлі сөздермен тіркесіп, сұраулық мән беретін *ша, ше* демеулігінің орнына түрік тілінде *ya* қолданылады, негізінен сөздердің соңында емес, басқы шенінде орналасады: Бармаймын десе ше? – *Ya gitmem derse?* Жігіттер келді, қыздар ше? – *Delikanlılar geldi, ya kızlar?*

Күшейткіш демеуліктер. Күшейткіш демеуліктер сөйлемдегі ойдың немесе сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын күшейту үшін қолданылады. Қазақ тілінде: *-ау, -ай, -ақ, да (де, та, те)*; түрік тілінде: *bile, dahi, da, de*.

Қазақ тіліндегі сөздің аяғына дефис арқылы тіркесіп, адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіру үшін қолданылатын *-ау, -ай, -ақ* демеуліктерінің тура баламасы түрік тілінде болмағанымен, олардың мәнін әр түрлі қосымшалар немесе жалғаулықтар бере алады. Мысалы: мықты-ақ екен – *çok güçlüymüş, келгенімде-ақ* айтқанмын – *hemen geldiğimde söylemiştim, жаным-ай – ah, canım, жаным-ау – ah, canım*.

¹ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.365.

² Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.23, 575.

³ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1117.

Ал қазақ тіліндегі де демеулігінің мәнін түрік тілінде контекске қарай *bile, dahi, da, de* демеуліктері береді: бұл іске өзің де дайындаласың – *bu işe kendin de/ bile / dahi hazırlanırsın.*

Шектік демеуліктер. Шектік демеуліктер іс-әрекетке, қимылға, бір нәрсеге шектеу қою мақсатында қолданылады. Қазақ тілінде: қана, ғана; түрік тілінде: *ancak, sadece.* Қазақ тілінде шектік демеуліктер сөздің соңында келсе, түрік тілінде сөздің басында қолданылады: сол үшін ғана – *sadece o yüzden.*

Күмән-болжалдық демеуліктер. Күмән-болжалдық демеуліктер күмәндану мен сенімсіздікті білдіреді. Олардың қатарына қазақ тілінде -мыс, ғой, қой, -ды, -ты демеуліктерін жатқызуға болады.

Қазақ тілінде шақтық мәннен мүлдем алыстап, эмоция білдіретін демеулік ретінде қалыптасып қалған және сөздерге дефис арқылы тіркесетін -мыс, -ды, -ты орнына түрік тілінде күмән-болжалдық демеуліктер қызметін бұлардың өткен шақ жалғауы ретінде қолданылатын нұсқасы атқарады да, контекске қарай сенімсіздік мәнде жұмсалады. Мысалы: келіпті-мыс – *gelmişmiş, айтады-мыс – söylermiş, жақсы-ды – iyiymiş.*

Болымсыздық демеуліктер. Болымсыздық демеуліктер әртүрлі сөздермен тіркесіп, айтылмақ ойға болымсыздық мән үстейді.

Қазақ тіліндегі болымсыздық демеуліктерге түгіл, тұрсын, тұрмақ сөздері жатады. Қазақ тіліндегі болымсыздық демеуліктердің мәнін беру үшін түрік тілінде контекске қарай *değil* «емес» немесе басқа сөздер қолданылады. Мысалы: Ол түгіл біздің қолымыздан келмейді – *O değil, bizim elimizden bile gelmez;* Кетпек түгіл отырып алды – *Gitmek yerine iyice oturdu kaldı.*

Қомсыну мәнді демеуліктер менсінбеу, қомсыну мәнін білдіреді. Қазақ тілінде бұл мәнде екеш шылауы қолданылады да, көбінше есім сөздерге тіркеседі: түйе екеш түйе де, құс екеш құс та. Бұл мәнді түрік тілінде ешбір шылау білдірмейді. Контекске қарай кей жағдайда *bile* шылауы қолданылуы мүмкін.

Х ТАРАУ

ОДАҒАЙ СӨЗДЕР

§1. Одағай сөздердің қазақ және түрік тіл білімдерінде қарастырылуы

Қазақ тіл білімінде одағайлар өз алдына жеке сөз табы ретінде танылып, зерттеліп келе жатқан сөз таптарының бірі. Лексика-грамматикалық сипаты жағынан адамның көңіл-күйіне байланысты және төрт түлік малға арнайы айтылатын, сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін сөздер одағайлар деп аталады. Одағайға берілген бұл анықтама қазақ тілінің морфологиясына арналған еңбектердің түгеліне жуығында әбден қалыптасқан пікір ретінде беріліп отырады.

Одағайлар түрік тілінде де жеке сөз табы ретінде қаралады да, оларға «сөйлеу кезінде сөйлеушінің жаны ашу, ұнату, қуану, қорқу, таң қалу, өкіну, қызғану, сағыну сияқты сезімі мен көңіл-күйін әсерлі және қысқаша түсіндіруге; басқа біреулерді шақыруға, жауап беруге, табиғаттағы сөздерді қайталау арқылы сөз тудыратын сөз түрі» деген түсініктеме беріледі¹. Одағайға берілген бұл анықтамаларға қарағанда, түрік тіл білімінде одағай мен еліктеу сөздердің аражігі нақты нақтыланбағаны байқалады.

Одағайларды жеке сөз табы ретінде тану мәселесіне қатысты қазақ тіл біліміндегі пікірлерге көз жүгіртсек, қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов зерттеулерінде одағайлар бірде шылау сөздердің ішінде

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil bilgisi). – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1140.

(А.Байтұрсынұлы), бірде таптаспаған сөздер қатарында (Қ.Жұбанов) қарастырылғаны байқалады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «одағайланып, оңаша айтылатын сөздерді» одағай деп атап, олардың ілездік, еліктеу, шақырыс одағайлары тәрізді үш түрін бөліп көрсетеді¹.

Қазіргі қазақ тіліндегі одағай сөздердің тілдік болмысына қатысты маңызды тұжырымдар Қ. Жұбанов зерттеулерінде жасалады. Ол жалпы сөздерді «таптасқан», «таптаспаған» сөздер деп бөліп, «... таптаспаған сөздер заттың өзін, ісін, сипатын, түйдегін жазбай атау үшін қажет. Олар хабарлауыш сөздер, жеке тұрып-ақ хабар беру үшін жасалған. Таптасқан сөзді сөйлемдерде бұлар одағайланып тұрады» дейді². Ш.Сарыбаевтың 1959 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі одағайлар» атты еңбегінен соң қазақ тіліндегі одағайлар өз алдына жеке сөз табы ретінде қарастырылып келеді.

Сөздерді сөз таптарына бөлуде олардың грамматикалық сипаты мен тұрақты белгілері негізге алынатыны белгілі. Осыған сай С.Исаев «сөздерді сөз таптарына жіктеудің белгілі принциптері бар, бірақ олар негізінен атауыш сөздерге ғана қатысты болып келеді»³ – дей келе, одағайларды да жеке сөз табы ретінде тануға олардың ерекше қолданыстық-семантикалық қасиеттері негіз болатынын айтады.

Одағайлар түрік тілінде де қазақ тіліндегідей бастапқыда шылаудың ішінде және шылаудың біртүрі ретінде қарастырылды. М.Ергин одағайға *seslenme edatları* «шақыру шылаулары» десе, шылауды жеке зерттеуге арқау еткен Н.Хаджыеминоглу *ünlem edatları* «одағай шылауы» деп көрсетеді.

Ал Т.Бангуоглу «одағайлар ежелден бері келе жатқан сөздің бір түрі екендігін, жалғаулық пен септеуліктер тәрізді сөзбен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру қызметін атқармайтындықтан, оларды шылау сөздер қатарында қараудың дұрыс еместігін» айтады⁴. Алайда ол еліктеу сөздер мен жан-

¹ Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б.261.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – Б.125.

³ Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998. – Б.290.

⁴ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. – S.396.

жануарды шақыру, сәби тілі мен жаргондар және басқа да сөздердің одағай іспеттес сөздер болуы мүмкін екендігін алға тартып, одағай мен еліктеу сөздердің өзара жақындығын меңзейді. Түрік тілінің қазіргі грамматикаларында одағай сөздер жеке сөз табы етіп көрсетіледі¹.

Одағайлар морфологиялық құрамы жағынан негізгі және күрделі болып бөлінеді.

Негізгі немесе түбір одағайлар әрі қарай бөлшектенбейтін одағайлар болып табылады. Мысалы: қазақ тілінде: а, е, о, ә, я, ау, әй, ей, уа, уау, уай, ой, пай, аһа, беу, қап, бәсе, мә; түрік тілінде: *a, e, o, ah, ay, be, eh, ey, ya, ha, of, oh, ou, aha, hay, hah, he, hey, heh, hişt, yaa, yoo, yuh, vah, vay, tüh*

Күрделі одағайлар – бірнеше сөзден біріккен, қосарланған, қайталанған тұрпатта болып келеді. Олардың арасында кірме элементтерде кездеседі. Қазақ тіліндегі күрделі одағайларға әттеген-ай, апырым-ай, япырмай, япырмау, ойбай, ойпырмай, мәссаған, бәрекелді, о тоба, астапыралла, шіркін-ай, алақай, әттең, па-па-па, түрік тіліндегі күрделі одағайларға *eyvah, vahvah, he ya, hay hay, of be, vay be, hay Allahım, aman Allahım, aman aman, tövbe tövbe, Allah Allah, bavo, aferin, haşa, heyhat, inşallah, vay canına, eyvallah, vay vay vay* тәрізді одағайларды жатқызуға болады.

Одағайлардың сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне: біріншіден, олардың нақты ұғымдық мәні жоқ, сол себепті өз алдына жеке белгілі бір лексикалық мағынасы болмайтыны; екіншіден, сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспегенімен, сөйлемнен айтылатын жалпы ойға қатысты субъектінің түрлі көңіл-күй сезімін білдіре алатыны жатады. Лексика-грамматикалық сипатындағы осындай ерекшеліктер оларды оқшау сөз ретінде қарастыруға негіз болады.

Одағайларға тән басты белгілердің бірі – олардың ерекше бір әуезбен, ырғақпен айтылуы. Бұл ерекшелік одағай сөздерді семантикалық жағынан құбылтып, өзгертуге негіз болады.

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1139; Gencan T. N. Dilbilgisi. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1979. S.479; Bilgin M. Anlamdan Anlatıma Türkçemiz. Ankara: Kültür Bak. Yay., 2002. - S.342.

Жалпы одағайлар семантикалық құбылмалылығына қарай бір мағыналы және көпмәнді болып бөлінетіні белгілі. Одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді. Бұған одағай сөздер құрамындағы ашық дауыстылардың да ықпалы ерекше.

Сөйлем ішінде өз алдына жеке сөйлем мүшесі қызметін атқармаса да, одағай сөздердің синтаксистік сипаты жағынан өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар: 1) лепті, сұраулы сөйлемдер түрінде жеке қолданылуы; 2) негізгі сөйлемдермен қабаттаса қолданылуы. Сөйлем мүшелеріне қатысына келсек, одағай сөздер көмекші етістіктермен тіркескен жағдайда және заттанғанда белгілі бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Одағайлардың күрделі мүше қызметінде жұмсалыуында көмекші етістіктің маңызы зор.

§2. Одағай сөздердің мағыналық жіктелісі

Қазақ тіліндегі одағайларды мағыналық жағынан топтастыруда әртүрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, А. Байтұрсынов олардың ілездік, еліктеу, шақырыс одағайлар тәрізді үш түрін көрсетсе¹, Қ.Жұбанов одағайларды шаруашылық одағайлары, қатынас одағайлары, көңіл одағайлары деп² үш топқа бөліп, әр түрінің қалыптасу тарихына, ерекшелігіне тоқталады. Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі одағайлар, оның мағыналық түрлері, шығу тарихы, дыбыстық ерекшеліктері, жасалуы, тыныс белгілері туралы маңызды тұжырымдары аталған сөз табының одан әрі зерттелуіне негіз болғаны белгілі.

Одағайларды мағыналық жағынан топтастыруда А.Ысқақовтың пікірі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Ғалым одағайларды көңіл күйі, ишарат, шақыру одағайлары деп үш топқа бөле отырып, оның ішінде шақыру одағайына қатысты төрт түлік малға, үй хайуандарына арналып айтылатын одағайлардан басқа «... таңдайды тақылдатып, еріндерді

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - Б.261.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы, 1999. - Б.125.

шүйіріп, ысқырып айтатын, транскрипциялауға қиын болатын одағайлардың»¹ тек шақыру ғана емес, жекіру, ұрысу тағы сол сияқты мағыналарды да білдіретіндігін ескертеді.

Ғ.Әбуханов одағайлардың көңіл-күй одағайлары, жекіру немесе ишарат одағайлары деген үш түрін көрсетеді². Н.Оралбай көңіл-күй одағайлары, бұйрық типтес (императив) одағайлар, тұрмыс-салт одағайлары тәрізді үш түрге бөледі³. Ал «Қазақ грамматикасында» одағайлар мағыналық жағынан көңіл-күй, императивтік, тұрмыс-салт одағайлары деп үш топқа бөлінеді⁴. С.Исаев одағайларды ойға үстейтін мәніне қарай: а) көңіл-күй одағайлары, ә) жекіру одағайлары мен б) шақыру одағайларын (мал-құсты шақыру, қууға байланысты) деп үшке бөліп қарастырады⁵.

«Одағайлардың тек ертеректегі дәуірлерде шыққан сөздер ғана емес, я олардың қалдықтары ғана емес, кейінгі кездерде де, біздің заманымызда да шығып отыратынын»⁶ ескерсек, олардың мағыналық жағынан үш топқа бөлінуі тек шартты түрде ғана. Өйткені адамның түрлі сезімі, көңіл-күй жағдайларына байланысты да одағайлар түрліше мағыналық сипатқа ие болып отырады. Соған орай олардың мағыналық топтарын да ішінара бірнеше түрлерге жіктеп көрсетуге болады. Мәселен, А.Ысқақовтың көңіл-күй және шақыру одағайларына қатысты айтылған тұжырымдары негізінде қазіргі кезде көңіл-күй одағайлары жағымды көңіл-күйді, жағымсыз эмоцияны немесе әрі жағымды әрі жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар т.б. болып іштей жіктеле қарастырылуда⁷

Бұл мәселе императивтік одағайлар мен тұрмыс-салт одағайларына да қатысты. Қазіргі грамматикада одағайдың алдыңғы екі тобы ішкі мағынасы жағынан біршама жүйеленгенімен, тұрмыс-салт одағайлары тек «амандасу,

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы, 1974. - Б.377 –378.

² Әбуханов Ғ. Қазақ тілі – Алматы, 1982. - Б.174.

³ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. - Б.374.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.564.

⁵ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. - Б.332.

⁶ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы, 1974. - Б.317.

⁷ Қазақ грамматикасы – Астана, 2002. - Б.564.

қоштасу т.б. сыйластық белгісін»¹ білдіретін сөздер ретінде жалпылама түрде сипатталады. Қ.Жұбановтың «сәлемдесу, жөн сұрау, қоштасу формаларынан басқа да қатынас одағайлары бар»² деген пікірінің негізінде, тұрмыс-салт одағайлары да іштей мағыналық жағынан саралануы қажет.

Түрік тіліндегі одағайлардың мағыналық топтарға жіктелісінде де әртүрлі пікірлер кездеседі. Т.Н.Генжан одағайларды: а) шақыру одағайлары; ә) көңіл-күй одағайлары деп жіктей келе, шақыру одағайларының шақыру, ескерту жасау, бір нәрсе сұрау үшін қолданылатындығын, ал көңіл-күй одағайлары сезімді білдіретіндігін, бұл топтаудың нақты еместігін, әрбір одағайдың жеке қарастырылуы керектігін айтады³. Т.Бангуоглу одағайлардың: а) көңіл-күй; ә) сұрау одағайлары деген екі түрін бөліп көрсетеді және басқа сөз таптарына (зат есім, сын есім, есімдік, үстеу және етістік) жататын сөздердің сөйлемде интонация арқылы одағай қызметінде жұмсалуды орын алатынын, оларды да одағай санауға болатындығын атап өтеді⁴. Ал М.Ергин одағай сөздерді шылау тобында қарастыра келіп, олардың сезім мен көңіл-күйді білдіріп, табиғаттағы дыбыстарды қайталайтынын айтады⁵.

Түрік тіліндегі одағайларды З.Коркмаз шығу тегіне, дыбыс және сөз құрамына және қызметіне байланысты үш үлкен топқа бөледі⁶. З.Коркмаз пікірінше, шығу тегі тұрғысынан одағайларды таза түрік тіліндегі және кірме одағайлар (*aferin!* «бәрекелді» *Allah Allah* «о, құдай ай», *bravo* «бәрекелді». деп жіктеуге болады. Одағайлар дыбыстық құрамына қарай бір, екі, үш, төрт, бес және алты құрамды (*ah, ey, yaa, yoo, hele, hişt, aman, haydi, tövbe, yazık*), сөз құрамына қарай бір, екі және үш сөзден құралған (*a, aboo, ayol, aman aman, hay hay, vay vay vay*) болып келеді.

З.Коркмаз одағайларды тілдегі қызметтеріне қарай «ішке бағытталған» және «сыртқа бағытталған» деп екі үлкен топқа

¹ Қазақ грамматикасы – Астана, 2002. - Б.565.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы, 1999. - Б.128.

³ Gencan T. N. Dilbilgisi. Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1979. - S.479.

⁴ Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. - S.399.

⁵ Ergin M. Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: Bayrak Yayınları, 1999. - S.349 –351.

⁶ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1146.

жіктейді. Ішке бағытталған одағайларға адамның ішкі әлеміндегі сезімдерін бейнелейтін одағайларды жатқызады: біреуді аяу, біреуге жаны ашуды білдіретін одағайлар: *aa, abe, ah, ee, hey, ya, ou ou ou, uy, vah vah vah, vay vay vay, yazık*; мысқылдауды, әжуа етуді білдіретін одағайлар: *a, ah, be, eh, ha, hey, hih, vah, oh, ohhoou, puf, vah vah, vay vay, yaa*; ұнатуды білдіретін одағайлар: *aferin, ahoo, bre, ha, hele, işte, o, oh, reh reh, ya, yahu*; бақыт, мейірім, қуаныш білдіретін одағайлар: *ah, be, eee, hay, hey, heeehh, oh be, yaşa, yaşasın, yeeh*; ұнатпауды білдіретін одағайлар: *hıtttt, pöh, ya, yazık, yuh*; риза болмағандықты, шаршағандықты білдіретін одағайлар: *aman, aman be, öf, öf be, uff, of, be, e*; еске түсіру, ықтимал, болжам, таң қалу мен алаңдауды білдіретін одағайлар: *aaa, ah, haa, vay be, ay, hay Allah, eyvah*.

Сыртқа бағытталған одағайлар адамның өзінен басқа адамдарға, малға, жан-жануарларға қарата қолданатын одағайлар. Бұлар да өз ішінде мынадай топтарға бөлінеді: шақыру одағайлары: *a, ay, ey, hey, ya, yahu, ulan*; нұсқау одағайлары: *işte, aha, tee*; сұрау одағайлары: *acaba, ee, hani, hi, ha*; жауап беру, растау немесе қабылдамауды білдіретін одағайлар: *evet, eeee, hee, he, ya, hor, hayır, yo*¹.

Одағайлардың мағыналық топтарға жіктелуіне байланысты жүргізілген зерттеулерді басшылыққа ала отырып, екі тілдегі одағайларды мағыналық тұрғыдан төмендегідей бөлуге болады:

Көңіл-күй одағайлары. Адамның таңырқау, шошыну, шаттану, қуану, ұнату, ренжу тәрізді әртүрлі сезімдерін, көңіл-күйін білдіреді. Іштей жағымды көңіл-күйді білдіретін, жағымсыз эмоцияны білдіретін және әрі жағымды, әрі жағымсыз эмоцияны білдіретін болып үшке бөлуге болады².

а) қуану, шаттану, сүйсіну тәрізді жағымды эмоцияны білдіретін одағайлар: қазақ тілінде: алақай, бәрекедді, паһ-паһ, т.б.; түрік тілінде: *ah, be, eee, hay, hey, heeehh, oh be, yaşa, yaşasın, yeeh*.

ә) наразы болу, өкіну, ренжу, кею, жақтырмау, менсінбеу тәрізді жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар: қазақ тілінде: пәлі, ойпырай, пай-пай, бай-бай-бай, oho, түһ, аһ, әттеген-ай,

¹ Korkmaz Z. Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. - S.1146.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.564.

әттең, түге, тәйірі, өй, ой, қап т.б.; түрік тілінде: *hıtttt, röh, yuh, atan, atan be, öf, öf be, uff, of, vay be, ay, hay Allah, eyvah, ya, ou ou ou, uu, vah vah vah, vay vay vay, yazık* т.б.

Императивтік одағайлар. Одағайдың бұл түрі адамдарға бағытталып айтылатын бұйыру, жекіру, тыйым салу мәнінде қолданылады. Қазақ тілінде: тәйт, жә, тек, сап-сап, кәне т.б.; түрік тілінде: *sakın, sakın ha, ha, hele, haydi, hadi, yeter, hoppala, hop hop, ayol, hayda, ilan* т.б.

Шақыру одағайлары малға, жан-жануарға бағытталып, шақыру, айдау мәнде қолданылады. Мысалы: қазақ тілінде: әукім-әукім, моһ-моһ, айтақ, шөре-шөре, құрау-құрау, кә-кә, көс-көс т.б. Түрік тілінде *deh* есекті, атты айдағанда, ал *çüş* есекті, атты тоқтатқанда, *hoşt* және *hişşt* ит ті, мысықты қуалағанда, *kışt, kiçi kiçi* күшікті, итті шақырғанда, *pisi pisi* мысықты, *bili bili* тауық тәрізді үй құстарын шақырғанда айтылады.

Екі тілдегі одағай сөздер жалпы бір-бірімен реңдес, мәндес келеді. Әйтседе екі тілдегі айырмашылық үй жануарларын шақыру үшін қолданылатын одағайларда кездеседі. Негізгі (түбір) одағайлар саналатын қазақ тіліндегі *а, е, о, ә*, түрік тіліндегі *а, е, о* дыбыстары контекстің ыңғайына қарай мағыналық реңкілерін құбылтады. Түрік тілінде таңырқау, өкіну тәрізді адам сезімін жеткізуде *Allah* сөзі қазақ тіліндегі Алла сөзіне қарағанда көбірек қолданылады: *Allah Allah, hay Allah*. Кей жағдайда *Allah* сөзімен жасалатын күрделі одағайларда осы сөзден кейін I жақ тәуелдік жалғауы қолданылуы мүмкін: *hey Allahım, aman Allahım* т.б.

Жалпы одағайлар семантикалық құбылмалылығына қарай бір мағыналы және көп мәнді болып бөлінетіні белгілі. Демек, көп мәнді одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді.

ХІ ТАРАУ

МОДАЛЬ СӨЗДЕР

§1. Қазақ және түрік тіл білімдерінде модаль сөздерді сөз табы ретінде қарастыру мәселесі

Жеке лексикалық мағынасы болмаса да, өзі қатысты сөзге не сөйлемге қосымша грамматикалық мағына үстейтін немесе ойға қатысты қосымша модальдылық мәнді білдіретін сөздер модаль сөздер деп аталады.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру, соның негізінде сөз таптарын сан жағынан анықтау мәселесінде бірқатар пікір қайшылықтары болғаны белгілі. Мәселен, 1952 жылға дейін 8 сөз табы қолданылып келсе, 1952 жылы еліктеуіш сөздер одағайлардан бөлініп шығып, өз алдына жеке тоғызыншы сөз табы болып қарастырылды. Одан кейінгі кезеңде бұл мәселеге қатысты С.Исаев сөздерді топтастыру ұстанымдарын негізге ала отырып, сөз таптарын 10 түрге бөліп, оныншы сөз табы ретінде модаль сөздерді атап көрсетеді¹.

Модаль сөздер бұған дейінгі зерттеулерде әртүрлі қырынан қарастырылып келді. Мәселен, Н.Оралбаева модаль сөздерді күшейткіш үстеулермен бірге көмекшілер қатарына қосып, олардың көмекшілік қызметін ғылыми тұрғыдан дәлелдей келіп², «модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында

¹ Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998. – Б.293.

² Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.17.

модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан» оларды сөз таптарының қатарына қоспайды¹. Етістіктің модальдық құрылымдары арқылы модальдық мағынаның берілу сипаты Қ.Мамаділов зерттеулерінде сөз болды². Қазақ тіліндегі модальдылық мәселесі көмекші етістіктерге қатысты зерттеулерде де функционалды грамматиканың негізгі аспектілерінің бірі ретінде қарастырылуда³.

Модальдылық (лат. *modalis* – мөлшер, тәсіл) – айтылған сөз бен болмыс арасындағы қатынас түрлері және хабардың әртүрлі қабылдануын көрсететін қызметтік семантикалық категория, предикаттылық синтаксистің негізгі бірлігі болатын сөйлемнің қызметтік ерекшелігін білдіретін синтаксистік категория саналады⁴. Семантикалық және синтаксистік категориялар ретінде модальдылық пен предикаттылық өзара тығыз байланысты болғанымен, олардың өзіндік айырмашылықтары да бар, яғни предикаттылық тіл деңгейінде, ал модальдылық сөйлеу деңгейінде айқындалады. Модаль сөздер осы екі құбылыспен, атап айтқанда, модальдылықпен және предикаттылықпен тығыз байланысты болып келеді.

Қазақ тілінде модаль сөздер көмекші сөздер ретінде сөйлемде айтылған ойдың шындыққа қатынасы туралы сөйлеушінің көзқарасын білдіреді. Модаль сөздердің лексика-грамматикалық даму процесінде дербес сөз таптарынан бөлініп шығуы үнемі үзіліссіз жүріп отырады. Ал мағыналық жағынан грамматикалық абстракциялануы олардың модальдық сипат алуына негіз болады. Модальдылық мағына модаль сөздерден басқа да тілдік бірліктер арқылы беріледі. Атап айтсақ, етістіктің рай категориясы, қыстырма сөздер, инфинитив (тұйық етістік) пен есім негізді сөздер тіркесі. Демек модальдылықты тіл мен сөйлеудің түрлі деңгейлерінде көрінетін грамматикалық мағыналардың өз алдына тұтас бір жүйесі деп тануға болады.

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.63.

² Мамаділов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің модальдік құрылымдары. – Алматы, 1996. – Б.83.

³ Алтаева А. Көмекші етістіктердің семантикасы. – Алматы: Арыс, 2006. – Б.97.

⁴ Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік – Словарь, 1998. Б.167.

Сонымен модаль сөздер, басқа да көмекші сөздер сияқты жеке лексикалық мағынасы болмаса да, сөйлемде айтылған ойға қосымша мән үстеп тұрады. Осы ерекшелігіне қарай олар объективті және субъективті болып екіге бөлінеді. Олардың арасында мынадай ерекшелік орын алады: біріншіден, объективті модальдылық сөйлемдегі хабардың, ойдың шындыққа қатынасын білдірсе, субъективті модальдылық сол хабарға, ойға сөйлеуші-субъектінің көзқарасын, қатынасын білдіреді. Екіншіден, объективті модальдылық рай категориясы арқылы, ал субъективті модальдылық көмекші сөздер арқылы беріледі. Үшіншіден, объективтіге қарағанда субъективті модальдылықта хабардың қосымша реңінің болуы оның семантикалық көлемінде кеңейтеді. Демек, объективті модальдылықты білдіруде етістіктің рай категориясы көбірек грамматикаланған құбылыс болғандықтан рай формаларының қызметі басым болады, ал субъективті модальдылық негізінен көмекші сөздер арқылы білдіріледі¹

Лексика-грамматикалық жағынан модаль сөздер интонациялық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдермен тығыз байланыста жұмсалады. Интонация модальдылық мағынаның сөйлем ішіндегі түрлі реңін айқын саралауға, сол арқылы субъектінің айтылған хабарға өзіндік көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді. Ал морфологиялық, синтаксистік амал-тәсілдер модальдылық мағынаның белгілі бір тілдік бірліктер арқылы жүзеге асуына негіз болады. Лексикалық тәсіл модаль сөздер арқылы, ал грамматикалық тәсіл рай категориясы арқылы беріледі. Сондықтан модальдылық мағынаның жасалуында етістіктің рай категориясы да іс-әрекеттің шындыққа қатынасын, яғни модальдылықты білдіруде ерекше қызмет атқарады. Ал объективті және субъективті модальдылық сөйлем модальдылығына тән, сонда айқындалады.

К.Аханов грамматикалық рай категориясының модальдылық ұғымымен байланысын сөз ете келіп, модальдылықтың грамматикалық және лексикалық тәсілмен де берілуі мүмкін екенін атап көрсетеді. Сондай-ақ «сөйлемнің модальдылығы»,

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.568.

«райдың модальдылығы» деген ұғымдардың да аражігін ашып, модальдылық жалпы сөйлем атаулыға тән екенін, ал райдың модальдылығы арнайы етістік баяндауышқа ғана қатысты болатын, сөйлем модальдылығына қосымша «екінші» модальдылық ретінде қарастырады¹

Модаль сөздер лексика-грамматикалық сипатына қарай есімдерден, етістіктерден, көмекші сөздерден жасалады. Бұл ерекшелік модаль сөздердің құрамы жағынан әртүрлі болып келуіне әсер етеді. Модаль сөздердің әртүрлі сөз таптарынан қалыптасуы және ол сөздердің бастапқы лексикалық мағынасының грамматикалану, яғни негізгі мағынасынан модальдылық мәнге ауысу сипаты модаль сөздердің қолданылуына да әсер етеді. Қазіргі модаль сөздер қатарында өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан мүлдем қол үзіп, таза модальдылық мәнге ауысқан сөздермен қатар, бастапқы мағынасынан әлі де болса толық айрылмай бірде модальдылық, бірде негізгі лексикалық мағынада қолданылып жүрген сөздер де кездеседі.

Қазақ тіліндегі модаль сөздер қолданылу ерекшелігіне қарай үш топқа бөлінеді: 1) тек синтаксистік қыстырма мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер; 2) баяндауыш құрамында көмекші мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер; 3) әрі синтаксистік қыстырма мүше, әрі қимыл есімді баяндауыш құрамында қолданылатын модаль сөздер².

Модаль сөздердің қолданысындағы ерекшеліктер олардың модальдылық мағынаны білдіру сипатына да қатысты болып келеді. Егер бірінші жағдайда қыстырма мүшелер жалпы тұтас сөйлем мазмұнына қатысты модальдылық мағынаны білдірсе, екінші жағдайда олар тек баяндауыштың шылауында ғана келіп, белгілі бір модальдылық мән үстейді. Модаль сөздердің ішінде тек мүмкін сөзі ғана әрі қыстырма мүше ретінде өз алдына дербес, әрі көмекшілік қызметте баяндауыш құрамында да қолданылады.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің жасалу жолдарын былайша топтауға болады³:

¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. - Б.151.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.580.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 571.

1. Таза модальды және есім модальды сөздердің, сондай-ақ модальды тіркестердің қатарындағы тәуелді формада тұрақтанып қалған лексемалар: қысқасы, ыңғайы;

2. Кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айрылу нәтижесінде пайда болады: шын, рас;

3. Предикаттық функциясынан айрылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады: көрінеді, дейді, деседі, білем;

4. Модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалады: мүмкін;

5. «Бет, бейне, пішін, порым, түр» мағынасын білдіретін түбірлерден жасалады: сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті, әлпетті;

6. Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер арқылы жасалады: бәлки, бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайыры, лазым, ықтимал, мүмкін, рас.

Түрік тілінің грамматикалық құрылысына қатысты еңбектерде модаль сөздер жеке сөз табы ретінде қарастырылмайды, модальдылық ұғымы көмекші сөздерге қатысты айтылады. З.Коркмаз «Грамматикалық терминдер сөздігінде» модальдылықты түрік тілінде *tarz* деп атап, «баяндауыш мезгілінің нақты өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және шартты райда көрсетілетін етістіктің күрделі шағы»¹ деп көрсетеді. «Модальдылық етістік білдіретін іс-қимылдың қалай жүзеге асқанын немесе жүзеге асуы қалай ойластырылғанын білдіреді. Сөйлеуші бір оқиғаға немесе жағдайға байланысты өзінің жеке көзқарасын, ой сезімдерін, ниеті мен қалауын модальдылық арқылы білдіреді» - дейді И.Карабағ². З.Коркмаздың модальдылықты етістіктің күрделі шағымен байланыстырып көрсетуі мынадай тұрғыдан алғанда дәлелді болып табылады: түрік тілінде *fillerin birleşik çekimi* деп аталатын етістіктің күрделі шағы морфологиялық амалмен білдірілетін модальдылыққа жатады. Мысалы, түрік тіліндегі бұрынғы өткен шақ қосымшасының

¹ Korkmaz Z. Gramer terimleri sözlüğü. – Ankara: - S.146.

² Karabağ İ. Türkçede kip ve kiplik olgusu. - S.275 -279.

(-miş) етістіктің басқа да шақ не рай қосымшаларынан кейін тіркесуі арқылы модальдылық білдірілуі мүмкін: *Hasan her gün buraya geliyormuş.* – Хасан күнде осында келеді екен. *Hasan buraya yarın gelmeliymiş.* – Хасанның осында ертең келуі керек екен.

А.Н.Кононов түрік тіліндегі модаль сөздер мен демеуліктердің көмекші сөздер разрядына тән екенін, бұларды демеуліктер тобында қарастыру керектігін алға тарта отырып¹, модаль сөздердің: а) әртүрлі мағыналық рең білдіретін модаль сөздер; ә) сөзге модальдық рең беретін сөздер; б) форма жасаушы функция атқаратын сөздер деген үш түрін көрсетеді.

Түрік тілінің грамматикаларында модаль сөздерді әртүрлі сөз таптары арасынан кездестіруге болады. Мәселен, Бангуоглу *galiba, ihtimal, bari* тәрізді болжам, ықтималды білдіретін модаль сөздерді үстеулер қатарына жатқызады², ал кейбір ғалымдар модаль сөздерді жалғаулықтар мен одағайлардың арасында көрсетеді³. Дейтұрғанмен, соңғы кездердегі зерттеулерде түрік тіліндегі модальдылық ерекшеліктерін батыстық зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, нақтылауға бет бұрудың бары байқалады. Мұндай зерттеулер қатарында А.Бензер тарапынан дайындалып, 2012 жылы жарияланған *Türkçede zaman, görünüş ve kiplik* (İstanbul: Kabaıcı, 2012. – 244 s.) және Сема Аслан-Демирдің *Türkçede isteme kipliği semantik-pragmatik bir inceleme* (Ankara: Grafiker, 2008. – 200 s.) еңбектерін, Д.Жоржу, И.Карабағ, Ж.Керимоглу, З.Ерк Емексиз т.б. мақалаларын атап көрсетуге болады.

Сонымен, қазақ грамматикасындағы модаль сөздерді сөз табы ретінде танытудың теориялық негіздемесіне сүйене отырып, түрік тіліндегі модальдылық мағына арқалаған көмекші сөздерді модаль сөздер қатарында қарастырудың қажеттігі туындайды. Демек, модаль сөздерді және олардың мазмұн межесі мен тұрпат межелерін тіларалық (қазақ және түрік) деңгейде салыстыруда қазақ грамматикасының ғылыми қағидаттарын басшылыққа алуға тура келеді.

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград: Академия наук СССР, 1956. – С.345.

² Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. Ankara: TDK Yay., 2007. – S.372.

³ Biray N. Kazak Türkçesinde modal söz // Turkish studies. Volume 4 –3, Spring 2009. – S.358.

§2. Модаль сөздердің семантикалық жіктелісі

Модаль сөздердің есімдерден, етістіктерден, көмекші сөздерден жасалатыны оның құрам жағынан әртүрлі болып келуіне әсер етеді. Осыған орай қазақ тіліндегі модаль сөздер семантикалық сипатына қарай мынадай топтарға жіктеліп қарастырылады¹:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы мүмкін, тәрізі (түрі) бар;

2. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер: керек, қажет, тиіс, лазым сөздерінің қатысуымен –*у керек, -у қажет, -у лазым, -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы тиіс* аналитикалық форманттар;

3. Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: дейді;

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: рас, расында, шынында, анығында;

5. Қалау (тілек) мәнді модаль сөздер: *-са (-се) екен, -са (-се) дейм (деймін)*;

6. Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: кім біледі, -ар ма екен, -са неғылсын;

7. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер: екен;

8. Нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер: әрине, әлбетте.

Түрік тіліндегі модаль сөздер, алдымен, а) әр түрлі мағыналық реңкіде қоланылатын сөздер; ә) сөзге модальдық рең беретін сөздер; б) форма жасаушы функция атқаратын сөздер деп үшке бөлінеді. Мұнда әртүрлі мағыналық реңкіде қолданылатын сөздер қатарына *işte, hatta, bile, ta (tâ), hep, bari, hiç olmazsa, hiç değilse, olsun, ki, az kaldı, az kalsın* модаль сөздері жатады. Ал сөзге модальдық реңк беретін сөздер іштей төмендегідей топтастырылады:

1) сөйлеушінің ерік-жігерін білдіретін модаль сөздер: *ha, be, haydi, hadi, hele, bakalım, bakayım, gitti*;

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. - Б. 577.

2) ақиқат шындыққа қатыстылықты білдіретін модаль сөздер: растау мәніндегі: *evet, hay hay*; болымсыз мәндегі: *hayır, yok, yo, değil, ne...ne*; сұрау мәніндегі: *mi, hani, ha*;

3) ықтималдықты, болжамды білдіретін модаль сөздер: *belki, galiba*;

4) жақын іс-қимылды, жағдайды салыстыруда қолданылатын модаль сөздер: *tipki, sanki, guya*.

Ал *mümkün, mümkün değil, imkan, olur, imkansız, imkanı yok, gerek, olmaz, lazım, lüzumsuz, demek* сөздерін форма тудырушы функция атқаратын модаль сөздер ретінде көрсетуге болады¹.

Сонымен, екі тілдегі модаль сөздердің жасалу жолдары мен семантикалық түрлерін саралай келе мынадай қорытындыға келуге болады: қазақ және түрік тілдеріндегі модальдылық: а) көмекші сөздер; ә) модальдық-аналитикалық формалары; б) етістік райларының синтетикалық формалары арқылы беріледі.

Көмекші сөздер немесе басқа сөз таптарынан ауысқан сөздер арқылы білдірілетін модальдылық төмендегідей мағыналық реңкіде жұмсалады:

1) болжал, күмән, ықтимал мәнді модаль сөздер. Мәселен, қазақ тілінде: сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем т.б.; түрік тілінде: *belki, belki de, galiba, gibi, sanki, ola ki, olmağa ki, ola kim, olmağa kim, demek ki, ihtimal ki, mümkün, mümkündür ki, tut ki, tutalım ki, varsay ki, varsayalım, farz edelim ki, aacer, acaba*;

2) міндеттілік, қажеттілік мәнді модаль сөздер. Мысалы: қазақ тілінде: керек, қажет, тиіс, лазым, мәжбүр т.б.; түрік тілінде: *gerek, lazım, mecbur, mecburiyetinde, zorunda*.

3) растау, қостау, нақтылық, айқындық, шешімділікті білдіретін модаль сөздер. Мысалы: қазақ тілінде: рас, расында, шынында, анығында, әрине, әлбетте, сөзсіз т.б.; түрік тілінде: *elbet, elbette, behemehal, hakikaten, gerçekten, sahiden, açıkçası, doğrusu, daha doğrusu, mutlaka, muhakkak, kesin, kesinlikle, eminim*.

Модальдық-аналитикалық конструкциялар арқылы білдірілетін модальдылық:

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград: Академия наук СССР, 1956. – С.345.

1) болжал, ықтимал, күмән, күдік білдіретін конструкциялар түрінде (қазақ тілінде: *-ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы мүмкін, -ар ма екен, -са неғылсын т.б.*; түрік тілінде: *-abilir, -ması gerek, -sa gerek, -mişe benziyor, -ması mümkün, -miş olmalı, -miş olacaktır, -miş olur, -yor olmalı, -miştir, -yordur, -acaktır, -ır mı ki*);

2) міндеттілік, қажеттілік мәнді конструкциялар түрінде (қазақ тілінде: *-у керек, -у қажет, -у لازم, -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы тиіс т.б.*; түрік тілінде: *-mak gerek, -mak lazım, -mak mecburiyetinde, -mak zorunda, -ması gerek, -ması gerekiyor*);

3) Қалау, тілек мәнді конструкциялар түрінде (қазақ тілінде: *-са (-се) екен, -са (-се) дейм (деймін) т.б.*; түрік тілінде: *-saymış, -saydı, -miş olsa*) көрініс береді.

4) Етістік райларының синтетикалық формалары арқылы білдірілетін модальдылық қалау, тілек мәніндегі қосымшалар (қазақ тілінде: *-са /-се*); түрік тілінде: *-sa /-se*) және ықтимал, күмән, болжам мән арқалаған қазақ тіліндегі *-ар (-ер, -р)*; *-ып (-іп)*, түрік тіліндегі *-ар (-er, r), -ір (-ir, -ur, -ür)*; *-miş (-miş, -muş, -müş)*; *-malı (-meli)* қосымшалары арқылы көрінеді.

Екі тілде де модальдылық тілдің қатысымдық коммуникативтік қызметі нәтижесінде пайда болып, белгілі мағыналық жүйе сипатына ауыса бастағандығы байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ және түрік тіл білімдеріндегі структурализм парадигмасы аясында түйінделген теориялық қағидаттар мен тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, қазіргі қазақ және түркі тілдерінің дыбыстық жүйелері мен морфологиялық құрылымдарын салыстыру барысында төмендегідей қорытынды пікірлерге келуге болады:

- қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстар жүйесінде дауыстылардың сандық құрамында айырмашылық бар: қазақ тіліндегі барлығы он екі дауысты дыбыстың (а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э) тоғызы – а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і қазақтың төл дауыстылары саналады. Ал түрік тілінде сегіз дауысты дыбыс бар: *a, e, ı, i, o, ö, u, ü*.

- екі тілдегі дауыстылардың акустика-артикуляциялық тұрғыдан тілдің қатысына тіл арты және тіл ортасы, жақтың қатысына қарай ашық және қысаң, әуездің қатысына қарай жуан және жіңішке, еріннің қатысына қарай: ерін(дік) және езу(лік), құрамына қарай жалаң және құранды болып жіктелуіне зер салсақ, басты айырмашылық тілдің қатысына қарай жасалатын дауыстыларға байланысты болып келетіні байқалады. Мұнда: қазақ тіліндегі жіңішке дауысты дыбыстардың барлығы – тіл ортасы дауыстылары, ал түрік тілінде тіл ортасы дауыстысы – «1» (ы) дыбысынан басқа барлық жіңішке дауыстылар – тіл алды дыбыстары.

- қазақ тіліндегі жиырма бес (б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, щ) дауыссыз дыбыстың он жетісі қазақтың төл дауыссыз дыбыстары болып саналады: б, ғ-г, д, ж, з, й, қ-к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш. Ал түрік тілінде де дауыссыз дыбыстар

саны – жиырма бес: *b, c, ç, d, f, g, ğ, ğ, h, x (h), j, k, қ, l, m, n, ñ, p, r, s, ş, t, v, y, z*

- екі тілде де дауыссыз дыбыстар акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай жіктеледі. Дауыстың қатысы, ауаның шығу жолы, жасалу немесе айтылу орны ескерілетін мұндай жіктелісте төмендегідей азды-көпті айырмашылықтар орын алады:

а) дауыссыз дыбыстар дауыстың қатысына қарай қазақ тілінде үнді (*л, м, н, ң, р, й, у*), ұяң (*б, в, г, ғ, д, ж, з*) және қатаң (*п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч*) дауыссыз дыбыстар деп үш топқа бөлінетін болса, ал түрік тілінде ұяң (*b, c, d, g, ğ, j, l, m, n, r, v, y, z*) және қатаң (*ç, f, h, k, p, s, ş, t*) дауыссыз дыбыстар болып екіге бөлінеді;

ә) ауаның шығу жолына қарай қазақ тілінде дауыссыздар: шұғыл дауыссыз дыбыстар (*п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң*); ызың дауыссыз дыбыстар (*ф, в, с, ш, ж, з, х, һ, ғ, л, й, у*); діріл дауыссыз дыбыстар (*р*) болып үшке бөлінсе, дауыссыздар түрік тілінде жабысыңқы-шұғыл (*b, c, ç, d, g, k, p, s, ş, t*); ызың (*f, ğ, h, j, s, ş, v, z*); үнді (*l, m, n, r, y*) болып үшке бөлінеді;

б) дауыссыздар жасалу немесе айтылу орнына қарай қазақ тілінде ерін дауыссыз дыбыстары (*п, б, в, ф, м, у*); тіл дауыссыз дыбыстары (*т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, ғ, х, ң, л, р, й*); көмей дауыссыз дыбысы (*һ*) болып үш үлкен топқа, ал ерін дауыссыздарының өзі еріндік (*п, б, м, у*) және тіс пен ерін (*ф, в*) болып екіге бөлінеді. Ал тіл дауыссыз дыбыстары тіл алды (*т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р*), тіл ортасы (*й*) және тіл арты (*к, г, қ, ғ, ң, х*) болып үшке бөлінеді. Түрік тілінде дауыссыздар жасалу немесе айтылу орнына қарай: ерін дауыссыз дыбыстары (*b, p, m*); тіс-ерін дауыссыз дыбыстары (*f, v*); тіс дауыссыз дыбыстары (*d, t, n, s, z*); таңдай-тіс дауыссыз дыбыстары (*c, ç, j, ş*); алдыңғы таңдай дауыссыз дыбыстары (*g, k, l, r, y*); артқы таңдай дауыссыз дыбыстары (*ğ, ğ, қ, һ*); көмей дауыссыз дыбысы (*h*) болып жіктеледі.

Қазақ және түрік тілдері морфологияларының ғылыми ұғымдық аппараттарында сөздерді таптастыруға, сөз таптарының грамматикалық категорияларын анықтауға, грамматикалық көрсеткіштердің мағыналық-құрылымдық сипатын көрсетуге

т.б. мәселелерге қатысты пікірлерде айырмашылықтар орын алады. Ол айырмашылықтар қазақ және түрік тілдерінің морфологиялық жүйелерінің әрқайсысын сол тілдің дербес тіл ретіндегі табиғаты мен өзіндік заңдылықтары тұрғысынан түсіндіруден туындайды. Мұнда:

- грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория ұғымдары қазақ тілінің морфологиялық жүйесінің жалпы сипатын танытатын басты грамматикалық ұғымдар саналатын болса, түрік тілінде негізгі грамматикалық ұғымдар қатарында грамматикалық категория мен грамматикалық қызмет қарастырылады;

- семантикалық, морфологиялық және синтаксистік принциптер негізінде жасалған топтастыру бойынша қазіргі қазақ тілінде зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, еліктеуіш сөздер, шылау, одағай, модаль сөздер тәрізді он сөз табы көрсетілсе, түрік тілінде сөз табы зат есім, сын есім, есімдік, үстеу, етістік, шылау, жалғаулық, одағай болып сегізге бөлінеді;

- қазақ тілінің морфологиясында сөз таптарына қатысты есім сөздердің көптік, тәуелдік, септік, жіктік категориялары, сын есімнің шырай категориясы, етістіктің салт, сабақты, етіс, болымды-болымсыздық, рай, шақ, жақ категориялары тәрізді басты грамматикалық категориялар көрсетілсе, түрік тіліндегі грамматикалық категориялар есім сөз табына қатысты көптік, тәуелдік, септік және сұрау категорияларына, етістік сөз табына қатысты рай, шақ, жақ (жіктік), сұрау, есімше, көсемше категорияларына жіктеледі;

- қазақ және түрік тілдерінде көптік, тәуелдік, жіктік категорияларында үлкен айырмашылық байқалмайды. Айырмашылық негізінен көптік, тәуелдік, жіктік көрсеткіштерінің дыбыстық варианттарына қатысты көрініс береді. Көптік жалғаулар қазақ тілінде *-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер* болып алты түрлі дыбыстық нұсқада, ал түрік тілінде *-лар, -лер (-lar, -ler)* тұлғасында қолданылады;

- үрік тілінде дауысты және дауыссыз дыбыспен аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда тәуелдік жалғауының

алдынан *-i*, *-i*, *-u*, *-ü* тәрізді «дәнекерлеуші дауыстылар» қосарланады. Тәуелдік жалғауларының түрік тілінде қолданылатын еріндік дауысты дыбысты нұсқалары қазақ тілінде кездеспейді;

- есімдердің септік категориясындағы ерекшеліктер септіктің санына, септік жалғауларының дыбыстық варианттарына, жалғаулардың түбір негізге жалғануына қатысты болып келеді. Қазақ тілінде септіктің жеті түрі (атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес), ал түрік тілінде септіктердің бірде сегіз, бірде тоғыз, енді бірде он түрі көрсетіледі. Түрік тілінде қазақ тілінің септеу жүйесінде көрсетілмейтін эквативтік септіктің арнайы жалғаулары ретінде *-sa*, *-se*, *-ça*, *-çe* тұлғалары көрсетіледі. Сондай-ақ Көне Анадолы және ежелгі түрік тілінде жалғау ретінде қолданылған, ал қазір жұрнақ саналатын *-cak*, *-cek*, *-çak*, *-çek*; *-layın*, *-leyin* қосымшалары да осы септіктің көне жалғаулары ретінде қарастырылады. Қазақ тілінде септік жалғаулары түбірге тура жалғанатын болса, түрік тілінің септік жүйесінде негіз бен қосымша арасында дәнекер қызметінде жұмсалатын «прономинал *-n*» және «интервокалдық *-y*» дауыссыз дыбыстарының алатын орны ерекше;

- есім сөздердің жіктелуіндегі екі тілдегі айырмашылық негізінен III жаққа қатысты болып келеді. Қазақ және түрік тілінде есімдердің I және II жақта жіктелуі негізінен сәйкес түсіп жататын болса, қазақ тілінде III жақта есім сөз жіктіктің жалғауымен көмкерілмейді, яғни жіктеу нөлдік формада болып келеді. Ал түрік тілінде зат есім III жақта *-dır/-dir*, *-dur/-dür*; *-tır/-tir*, *-turl/-tür* қосымшалары арқылы түрленеді;

- етістіктің категориялық сипаты екі тілде негізінен бірдей болып келеді. Мұнда басты ерекшелік кейбір категориялардың мағыналық-құрылымдық сипатына, қосымшалардың санына қатысты көрініс береді. Мәселен, түрік тіліндегі өзгелік етіс жұрнақтарының саны қазақ тіліне қарағанда көбірек (*-t*; *-tır*, *-tir*, *-tur*, *-tür*, *-dır*, *-dir*, *-dur*, *-dür*; *-r*, *-ar*, *-er*; *-dar*, *-der*; *-z*). Қазақ тілінде етістіктің ашық, бұйрық, қалау, шартты рай деп аталатын түрлері болатын болса, түрік тілінде бұлардың сыртында

міндеттілік райы көрсетіледі. Қазақ тілінде ғалы аффиксімен келген, немесе етістікке керек/қажет сөздері тіркескен күрделі құрылымдардың (барғалы отырмын, баруым керек) білдіретін мақсат, міндет мәндері етістіктердің функциялық қызметтерімен ұштастырылатын болса, мұндай күрделі етістіктер түрік тілінде арнайы жұрнақтары бар (*-malı, -meli*) жеке рай категориясы (қажеттілік рай) тұрғысынан сипатталады. Етістіктің шақ категориясында қазақ және түрік тілдерінде өзгешеліктер байқалады. Түрік тілінде грамматикалық мағынасы жағынан қазақ тіліндегі ауыспалы осы шаққа сай келетін шақтың «аорист шақ» (*gel-ir* «келеді», *otur-ur* «отырады» деп аталатын түрі кездеседі. Бұл шақ істелуі әдетке айналған, қайталанып тұратын немесе келешекте орындалатын іс-әрекетті білдіреді;

- қазақ және түрік тіліндерде үстеулерді мағыналық топтар ішінде қарастыруда кейбір өзгешеліктер кездеседі. Мәселен, топтау үстеулері түрік тілінде жеке семантикалық топ ретінде арнайы қарастырылмайды, олар сын-қимыл үстеулері шеңберінде «үлестіруді» білдіретін үстеулер тұрғысынан сипатталады. Сондай-ақ түрік тілінде үстеудің іс-қимылдың мәнін сұрақ арқылы анықтайтын сұраулық үстеу (мәселен, *nasıl, ne denli, niye, niçin* тәрізді) және іс-қимылға нақтылық мән үстемелейтін нұсқаулық үстеу (*işte* тәрізді) деген түрлері көрсетіледі.

- екі тілдің морфологиялық категорияларындағы ерекшеліктер қазақ тілінде көрсетілмейтін, әйтседе түрік тілінде әрі есім сөздерге, әрі етістікте қатысы бар сұрау категориясының болуына, қазақ тілінде жеке сөз табы болатын сан есімнің түрік тілінде жеке сөз табы емес, сандық сипатты танытатын сын есімнің бір түрі, ал қазақ тілінде дербес сөз табы болатын модаль сөздердің түрік тілінде жеке сөз табы бола алмауына, керісінше, қазақ тілінде шылаудың бір түрі болып саналатын жалғаулықтардың түрік тілінде жеке сөз табы тұрғысынан өзектелуіне қатысты көрініс береді.

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ

1. Қазақ және түрік тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесі			
		Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Дауысты дыбыстар		а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і	<i>a, e, ı, i, o, ö, u, ü</i>
Құрамына қарай	Жалаң дауысты дыбыстар	а, ә, ы, і, ұ, ү	-----
	Құранды дауысты дыбыстар	е, о, ө	-----
Тілдің қатысына қарай	жуан дауыстылар	а, о, ұ, ы	<i>a, ı, o, u</i>
	жіңішке дауыстылар	ә, е, ө, ү, і	<i>e, i, ö, ü</i>
Еріннің қатысына қарай	езулік дауысты дыбыстар	а, ә, ы, і, е	<i>a, e, ı, i</i>
	еріндік дауысты дыбыстар	о, ө, ұ, ү	<i>o, ö, u, ü</i>
Жақтың қатысына қарай	ашық дауысты дыбыстар	а, ә, е, о, ө	<i>a, e, o, ö</i>
	қысаң дауысты дыбыстар	ұ, ү, ы, і	<i>ı, i, u, ü</i>
2. Қазақ және түрік тілдерінің дауыссыз дыбыстар жүйесі			
Дауыссыз дыбыстар		б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң, щ	<i>b, c, ç, d, f, g, ğ, h, j, k, l, m, n, p, r, s, ş, t, v, y, z</i>

Дауыстың қатысына қарай	үнді дауыссыз дыбыстар	л, м, н, ң, р, й, у	-----
	ұяң дауыссыз дыбыстар	б, в, г, ғ, д, ж, з	<i>b, c, d, g, ğ, j, l, m, n, r, v, ʧ, z</i>
	қатаң дауыссыз дыбыстар	п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч	<i>ʧ, f, h, k, p, s, ʂ, t</i>
Ауаның шығу жолына қарай	шұғыл дауыссыз дыбыстар	п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң	<i>b, c, ʧ, d, g, k, p, s, ʂ, t</i>
	ызың дауыссыз дыбыстар	ф, в, с, ш, ж, з, х, һ, ғ, л, й, у	<i>f, ğ, h, j, s, ʂ, v, z</i>
	діріл дауыссыз дыбыс	р	-----
	үнді дауыссыз дыбыстар	-----	<i>l, m, n, r, y</i>
Жасалу немесе айтылу орнына қарай	еріндік дауыссыз дыбыстары	п, б, м, у	<i>b, p, m</i>
	Тіс пен ерін дауыссыз дыбыстары	в, ф	<i>f, v</i>
	Тіс дауыссыз дыбысы	-----	<i>d, t, n, s, z</i>
	таңдай-тіс дауыссыз дыбыстары	-----	<i>c, ʧ, j, ʂ</i>
	тіл алды дауыссыз дыбыстары	т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р	Алдыңғы таңдай дауыссыз дыбыстары: <i>g, k, l, r, ʧ</i>
	тіл ортасы	й	
	тіл арты	к, г, қ, ғ, ң, х	артқы таңдай дауыссыз дыбыстары: <i>ĝ, ǵ, ǵ, ǵ, ǵ</i>
көмей дауыссыз дыбысы	һ	һ	

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Сөз таптарының атаулары	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
	зат есім	İsim
	сын есім	Sıfat
	сан есім	-----
	есімдік	Zamir
	үстеу	Zarf
	етістік	Fiil
	еліктеу сөздер	---- (ses taklidi kelimeler)
	шылау	Edat, ilgeç
	одағай	Ünlem
	модаль сөздер	-----

Қазақ және түрік тілдеріндегі зат есімнің мағыналық- құрылымдық жіктелісі

Мағыналық сипатына қарай	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
адамға тән атаулар	әйел, еркек, ұл, қыз, бала	<i>kadın, erkek, çocuk, bebek</i>
туыс атаулары	ата, әже, әке, шеше, аға, іні	<i>dede, nine, baba, anne, ağabey, kardeş</i>
кәсіп-мамандық иелерінің атаулары	дәрігер, медбике, мұғалім, әнші, суретші, ғалым	<i>doktor, hemşire, öğretmen, şarkıcı, ressam, alim</i>
Адамзат есімдері (кім?)	президент, министр, директор, ректор, декан	<i>cumhurbaşkanı, bakan, müdür, rektör, dekan</i>
кісі аттары	Асан, Үсен, Ахмет, Арман, Әлия	<i>Hasan, Hüseyin, Ahmet, Armağan, Aliye</i>

Ғаламзат есімдері (не?)	заттық ұғым атаулары	су, топырақ, тас, құм, ойын, күлкі, қуаныш	<i>su, toprak, taş, kum, oyun, gülme,</i>
	өсімдік атаулары	ағаш, қарағай, алма, жиде, өрік, гүл	<i>ağaç, çam, elma, iğde, erik, çiçek</i>
	ас- су атаулары	ет, сүт, май, ірімшік, нан, шұжық, айран	<i>et, süt, yağ, peynir, ekmek, sucuk, ayran</i>
	жануарлар, аң мен құс атаулары	жылқы, сиыр, қой, ешкі, киік, аю	<i>yüklü, sığır, koyun, keçi, geyik, ayı</i>
Жалқы есімдер	антропонимдер	Арай, Мустафа, Махамбет, Нұргүл, Али, Айша, Абылай	<i>Eray, Mustafa, Mehmet, Nurgül, Ali, Ayşe</i>
	үй хайуанаттары аттары	Бөрібасар, Ақтөс, Ақтабан, Құлагер	<i>Boncuk, Pamuk, Maviş, Karabaş, Kocabaş</i>
	географиялық атаулар	Қазақстан, Түркия, Алатау, Ертіс	<i>Kazakistan, Türkiye, Aladağlar, Karadeniz</i>
	ұйым мен мекемелердің атаулары	Қаржы министрлігі, Түркі академиясы	<i>Maliye Bakanlığı, Türk Dil Kurumu</i>
	астрономиялық атаулар	Үркер, Күн, Ай	<i>Ülker, Güneş, Ay</i>
Жалпы есімдер		үй, қалам, қала	<i>ev, kalem, şehir</i>

Құрылымдық-тұлғалық сипатына қарай			
		Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Дара	Түбір зат есімдер	шаш, қол, ағаш, құс, тас	<i>saç, kol, ağaç, göz, kuş</i>
	Туынды зат есімдер	жақсылық, тілші, оқытушылық, замандас, қыстақ, бұтақ, талшық	<i>taş-lık, yol-cu, şehir- li, iş-siz, şimdi-ki, yavru-cuk, vatan- daş, acı-msı</i>
Күрделі	Біріккен зат есімдер	белбеу, елбасы, бәйтерек, ағайын	<i>akciğer, gecekondu, bilgisayar, kahvaltı</i>
	Қосарланған зат есімдер	ата-ана, бала-шаға, қыз-қырқын, бау- бақша	<i>ana baba, çoluk çocuk, kız kıran, bağ bahçe</i>
	Құрама зат есімдер	темір жол, күн тәртібі, сары май	<i>şiş köfte, el emeği, ipek böceği, büyük baba</i>
	Қысқарған зат есімдер	см, т.б., медколледж	<i>cm, vb, Prof.Dr., TÖMER</i>

Қазақ және түрік тілдеріндегі жалғау түрлері

Көптік жалғаулары			
Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
-лар	балалар,	-lar	<i>ç o s u k l a r , çantalar</i>
-лер	дәптерлер	-ler	<i>köyler, geceler</i>
-дар	шамдар	-	-
-дер	індер	-	-
-тар	кітаптар	-	-
-тер	істер	-	-

Тәуелдік жалғаулары				
	Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
	Жекеше	Көпше	Жекеше	Көпше
I жақ / 1.şahıs	-м, -ым, -ім	-мыз, -міз, -ымыз, -іміз	-m	-mız, -miz, -muz, -müz
II жақ/ 2.şahıs	-ң, -ың, -ің	-(лар)ың, -(лер)ің	-n	-nız, -niz, -nuz, -nüz
	-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз	-(лар)ыңыз, -(лер)іңіз	-	-
III жақ/ 3.şahıs	-ы, -і, -сы, -сі	-ы, -і, -сы, -сі	-ı, -i, -u, -ü; -sı, -sı, -su, -sü	-ları, -leri

Септік жалғаулары			
Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
Атау септік	кім? не?	Yalın durum	Kim? ne?
Лік септік	Кімнің? ненің? -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің	İlgi durumu -ın/-in, -un/-ün; -nın/-nin, -nun/- nün	Kimin? Neyin?
Табыс септік	Кімді? Нені? -ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, -н	Yükleme durumu	Kimi? Neyi? -ı/-i, -u/-ü
Барыс септік	Кімге? неге? -ға/-ге, -қа/-ке, -а/ е, -на/-не	Yönelme durumu	Kime? Neye? Nereye? -a/-e
Жатыс септік	Кімде? Неде? -да/-де, -та/-те	Bulunma durumu	Kimde? Nede? Nerede? -da/-de, -ta/-te
Шығыс септік	Кімнен? неден? Қайдан? -дан/-ден, -тан/ тен, -нан/-нен	Çıkma durumu	Kimden? Neden? Nereden? -dan/-den, -tan/-ten

Көмектес септік	Кіммен? немен? -мен, -бен, -пен; -менен, -бенен, -пенен	Vasıta durumu	Kiminle? Neyle? -la/-le
	-	Eşitlik durumu	Kimce? Nece? -ca, -ce, -ça, -çe

Жіктік жалғаулары

	Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
	Жекеше	Көпше	Жекеше	Көпше
I жақ / 1.şahıs	-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін	-мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз	-ım, -im, -um, -üm	-ız, -iz, -uz, -üz
II жақ/ 2.şahıs	-сың, -сің	-сыңдар, -сіңдер	-sın, -sin, -sun, -sün	-sınız, -siniz, -sunuz, -sünüz
	-сыз, -сіз	-сыздар, -сіздер		
III жақ/ 3.şahıs	-	-	-dır, -dir, -dur, -dür; -tır, -tir, -tur, -tür	-(dır)lar-(dir) ler, -(dur)lar- (dür)ler; -(tır) lar-(tir)ler, -(tur)lar-(tür) ler

Қазақ және түрік тілдеріндегі сын есімдердің мағыналық-құрылымдық жіктелісі

Сын есімнің жіктелуі	Сын есімнің түрлері	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
	Сапалық сын есімдер	қызыл, үлкен, жақсы	<i>kırmızı, büyük, iyi</i>
	Қатыстық сын есімдер	кешкі, қалалық, үстіңгі	-
Мағынасына қарай	Анықтаушы сын есімдер	- 2. Сандық сын есімдер: есептік: <i>yirmi, on dört, yüz iki</i> ; реттік: <i>birinci, ikinci, otuzuncu</i> ; үлестірмелі: <i>birer, altışar, onar</i> ; бөлшектік: <i>dörtte bir, onda üç</i> ; топтық: <i>iki, üçüz, beşiz</i> ; 3. Сұраулық сын есімдер: <i>kaç, hangi, nasıl</i> 4. Белгісіздік сын есімдер: <i>biraz, az, bazı</i>	1. Нұсқаулық сын есімдер: <i>bu, şu, o, işbu</i>

Жалаң сын есімдер:		Түбір сын есімдер	ақ, қара, сары, тар	<i>ak, kara, sari, dar</i>
		Туынды сын есімдер	гүлді, ашушаң, ішкі	<i>canlı, yazlık, yağmursuz</i>
Күрделі сын есімдер		Біріккен күрделі сын есімдер	қонақжай, отансүйгіш, балажан	<i>konuksever, vatanssever, boşboğaz</i>
		Қос сөзді күрделі сын есімдер	үлкен-үлкен, телегей-теңіз, жақсы-жаман	<i>ayrı ayrı, sağ salım, uzun kısa</i>
		Тіркесті күрделі сын есімдер	ақ сары, көк шалғын, балдай тәтті, ұзын бойлы, қолы ашық	<i>açık sarı, büyükbaş, zengince sofra, uzun boylu, eli açık</i>
Құрамына қарай				

Қазақ және түрік тілдеріндегі сын есімнің шырай түрлері және олардың жасалу жолдары

Шырай түрлері	Қазақ тіліндегі	Түрік тілінде
1. Салыстырмалы шырай	-рақ/-рек-; -лау/-леу-, -дау/-деу-, -тау/-теу, -ғылт/-қылт; -ғылым/ -қылтым; -шыл/-шіл; -шылтым/-шілтім; -ғыш/-қыш; -ілдір; -аң/- ең; -қай/-кей; -шал/-ше қосымшалары арқылы: биігірек, аласалау, қызғылт, сарғылтым, көкшіл, ақшылтым	-cal-ce, -çal-çe; -cak-cek; -cık-cik; -sı-si, -su-sü; -msı-ımsı; -mtırak-ımtirek; -rak/-rek қосымшалары және <i>daha</i> үстеуі арқылы: <i>yüksekçe</i> , <i>alçakça</i> , <i>kırmızımsı</i> , <i>sarımsı</i>
2. Күшейтпелі шырай	п дауыссыз дыбысы арқылы: қап-қара, қып- қызыл, жап-жасыл, ұп-ұсақ	<i>m, p, r, s</i> дауыссыз дыбыстары арқылы: <i>sımsiyah</i> , <i>kıpkırmızı</i> , <i>yemyeşil</i> , <i>masmavi</i> , <i>tertemiz</i>
3. Асырмалы шырай	өте, аса, ең, тым, тіпті сөздері арқылы: өте зерек, аса сезімтал, ең әдемі, тым арзан	<i>en</i> , <i>çok</i> , <i>pek</i> , <i>fazla</i> , <i>çok</i> <i>az</i> , <i>pek çok</i> , <i>pek az</i> , <i>epey</i> сөздері арқылы: <i>çok</i> <i>zeki</i> , <i>oldukça duygusal</i> , <i>en güzel</i> , <i>pek ucuz</i>

Қазақ және түрік тілдерінде сын есімнің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы

	Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
	Есім сөздерден жасалуы	-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-лі	сулы, гүлді, дәмді	-lı/-li, -lu/-lü
-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік		жылдық, сақтық	-lık/-lik, -luk/-lük	yazlık, kışlık
-ғы/-гі, -қы/-кі		ішкі, сыртқы	-cı/-ci, -cu/-cü	işçi, yorucu
-сыз/-сіз		сусыз, дәмсіз	-sız/-siz, -suz/-süz	tatsız, yağmursuz
-дай/-дей, -май/-мей		біздей	-ca/-ce, -ça/-çe	insanca, dostça
-лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес		қызметтес, ұялас	-cık/-cik, -cuk/-cük, -çık/-çik, -çuk/-çük	kısacık, incecik
-шыл/-шіл		күлкішіл, әнгімешіл	-	-
-шаң/-шең		ашушаң	-	-
Етістіктерден жасалуы		-қ/-к, -ық/ -ік, -ақ/-ек	сирек, ашық, жабық	-ak/-ek, -k
	-уық/-уік	жылауық	-ik/-ik, -uk/-ük	açık
	-ыңқы/-іңкі, -ңқы/-ңкі	көтеріңкі, шығынқы,	-gan/-gen, -kan/-ken	çalışkan, etken
	-ынды/-інді, -нды/-нді	туынды, жасанды	-ağan/-eğen	olağan, durağan
	-малы/-мелі, -балы/-белі, -палы/-пелі	жылжымалы, ауыспалы	-gın/-gin, -gun/-gün, -kın/-kin, -kun/-kün	bitkin, şişkin
	-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш	тапқыш, сенгіш	-ı/-i, -u/-ü	duru
	-шақ/-шек	мақтаншақ, еріншек	-ma/-me	karma, asma
	-ымды/-імді, -мды/-мді	тартымды, үйлесімді	-nç	kıskanç

	-улы/-улі	қатғаулы, бүктеулі		
	-қақ/-кек, -ғақ/-гек	жабысқақ, тайғақ		
	-ма/-ме, -ба/ -бе, -па/-пе	жалдама, қазба, баспа		

Қазақ және түрік тілдеріндегі сан есімнің
құрылымдық жіктелісі

Тұлғасына және құрамына қарай жіктелуі		Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Тұлғасына қарай	Негізгі сан есімдер	екі, жеті, он, жүз	<i>iki, yedi, on, yüz</i>
	Туынды сан есімдер	бірер, үшінші, жүздеген	<i>birer, üçüncü, yüzlerce</i>
Құрамына қарай	Дара сан есімдер	бір, төрт, мың	<i>bir, dört, bin</i>
	Күрделі сан есімдер	жиырма бес, жүз сексен төрт	<i>yirmi beş, yüz seksen dört</i>

Қазақ және түрік тілдеріндегі сан есімнің мағыналық түрлері

Мағыналық түрлері	Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
Есептік сан есімдер	бір, үш, он, жиырма, елу		<i>bir, üç, on, yirmi, elli</i>	
Реттік сан есімдер	-ыншы/-інші, -ншы/-нші	бірінші, үшінші, екінші	-ncı/-nci, -ncü/-ncü	<i>birinci, üçüncü, ikinci</i>
Жинақтық сан есімдер	-ау/-еу	біреу, екеу, төртеу		<i>biri, ikisi, dördü</i>
Топтық сан есімдер	-дан/-ден, -тан/-тен	екіден, бестен, оннан	-ar/-er, -şar/-şer	<i>birer, ikişer, üçer</i>

Болжалдық сан есімдер	-дай/-дей, -тай/-тей; -дап/-деп, -тап/-теп, -лап/-леп; -даған/-деген, -таған/теген, -лаған/-леген	елудей, үштеп, жүздеген	<i>kadar, civarında, fazla, aşkın</i>	<i>on kadar, on civarında, binden fazla, yirmiyi aşkın</i>
Бөлшектік сан есімдер	-дан/-ден -тан/-тен	сегізден бір, мыңнан елу	-da/-de, -ta/-te	<i>dörtte bir, sekizde bir</i>

Қазақ және түрік тілдеріндегі есімдіктің мағыналық түрлері

Мағыналық түрлері	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Жіктеу есімдіктері	мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар	<i>ben, sen, o, biz, siz, onlar</i>
Сілтеу есімдіктері	бұл, сол, ол, осы, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне	<i>bu, şu, o, bunlar, şunlar, onlar</i>
Сұрау есімдіктері	кім? не? қай? қайсы? қандай? неше? қанша? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан?	<i>kim? ne? nere? nereye? neden? nereden? kaç? kaçınıcı? hani? hangisi?</i>
Өздік есімдігі	өз	<i>kendi</i>
Белгісіздік есімдігі	біреу, кейбір, қайбір, әрбір, бірнеше, біраз, бір, әр, әркім, әрқайсы, әрқалай, әлдекім, әлдене, әлдеқайда, әлденеше, әлдеқалай, кімде-кім	<i>biri, bazıı, kimi, kimisi, bir kaçı, bir çoğu, her biri, herkes, falan, filan</i>

Болымсыздық есімдігі	еш, ешкім, ештеме, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы, дәнеңе	<i>hiçkimse, hiçbir şey, hiçbir, hiçbirisi, hiçbir zaman</i>
Жалпылау есімдігі	бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, түгел, теріс	<i>hepsi, tümü, tamamı, çoğu</i>

Жіктеу есімдіктерінің септелуі

Септік атаулары	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Атау	мен, сен, ол, біз, сіз, сендер, сіздер, олар	<i>ben, sen, o, biz, siz, onlar</i>
Ілік	менің, сенің, оның, біздің, сіздің, сендердің, сіздердің, олардың	<i>benim, senin, onun, bizim, sizin, onların</i>
Барыс	маған, саған, оған, бізге, сізге, сендерге, сіздерге, оларға	<i>bana, sana, ona, bize, size, onlara</i>
Табыс	мені, сені, оны, бізді, сізді, сендерді, сіздерді, оларды	<i>beni, seni, onu, bizi, sizi, onları</i>
Жатыс	менде, сенде, онда, бізде, сізде, сендерде, сіздерде, оларда	<i>bende, sende, onda, bizde, onlarda</i>
Шығыс	менен, сенен, одан, бізден, сізден, сендерден, сіздерден, олардан	<i>benden, senden, ondan, bizden, onlardan</i>
Көмектес	менімен, сенімен, онымен, бізбен, сізбен, сендермен, сіздермен, олармен	<i>benimle, seninle, onunla, bizimle, sizinle, onlarla</i>
Теңдік (эквативтік)		<i>bence, sence, onca, bizce, sizce, onlarca</i>

Жіктеу есімдіктерінің жіктелуі

Жақ	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
I жақ (жекеше)	Менмін	<i>benim</i>
II жақ (жекеше)	сенсің, сізсіз	<i>sensin</i>

III жақ (жекеше)	Ол	o
I жақ (көпше)	Бізбіз	<i>biziz</i>
II жақ (көпше)	сендерсіңдер, сіздерсіздер	<i>sizsiniz</i>
III жақ (көпше)	Олар	<i>onlar</i>

Сілтеу есімдіктерінің септелуі

Септік атаулары	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Атау	бұл, осы, ана	<i>bu, şu, o</i>
Ілік	бұның, осының, ананың	<i>bunun, şunun, onun</i>
Барыс	бұған, осыған, анаған	<i>buna, şuna, ona</i>
Табыс	бұны, осыны, ананы	<i>bunu, şunu, onu</i>
Жатыс	бұнда, осыда, анада	<i>bunda, şunda, onda</i>
Шығыс	бұдан, осыдан, анадан	<i>bundan, şundan, ondan</i>
Көмектес	бұнымен, осымен, анамен	<i>bununla, şununla, onunla</i>

Сілтеу есімдіктерінің тәуелденуі

Жақ	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
I жақ (жекеше)	Бұным	<i>bunum</i>
II жақ (жекеше)	бұның, бұныңыз	<i>bunun</i>
III жақ (жекеше)	Бұнысы	<i>bunusu</i>
I жақ (көпше)	бұнымыз/бұларымыз	<i>bunumuz</i>
II жақ (көпше)	бұларың, бұларыңыз	<i>bununuz</i>
III жақ (көпше)	Бұлары	<i>bunları</i>

Сұрау есімдіктерінің септелуі

Септік атаулары	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Атау	кім? не? нешеу?	<i>kim? ne? nere?</i>
Лік	кімнің? ненің? нешеудің?	<i>kimin? neyin? nerenin?</i>
Барыс	кімге? неге? нешеуге?	<i>kime? neye? nereye?</i>
Табыс	кімді? нені? нешеуді?	<i>kimi? neyi? nereyi?</i>
Жатыс	кімде? неде? нешеуде?	<i>kimde? nede? nerede?</i>
Шығыс	кімнен? неден? нешеуден?	<i>kimden? neden? nereden?</i>
Көмектес	кіммен? немен? нешеумен?	<i>kiminle? neyle? nereyle?</i>

Өздік есімдігінің септелуі

Септік атаулары	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Атау	өзім, өзің, өзі	<i>kendim, kendin, kendisi</i>
Лік	өзімнің, өзіңнің, өзінің	<i>kendimin, kendinin, kendisinin</i>
Барыс	өзіме, өзіңе, өзіне	<i>kendime, kendine, kendisine</i>
Табыс	өзімді, өзіңді, өзін	<i>kendimi, kendini, kendisini</i>
Жатыс	өзімде, өзіңде, өзінде	<i>kendimde, kendinde, kendisinde</i>
Шығыс	өзімнен, өзіңнен, өзінен	<i>kendimden, kendinden, kendisinden</i>
Көмектес	өзіммен, өзіңмен, өзімен	<i>kendimle, kendinle, kendisiyle</i>

Өздік есімдігінің жіктелуі

Жақ	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
I жақ (жекеше)	өзіммін; өзімін	<i>kendisiyim</i>
II жақ (жекеше)	өзімсің, өзімсіз; өзісің, өзісіз	<i>kendisisin</i>
III жақ (жекеше)	өзім; өзі	<i>kendisi</i>
I жақ (көпше)	өзімізбіз	<i>kendisiyiz</i>
II жақ (көпше)	өзімсіздер; өзімсіңдер, өзісіздер	<i>kendisisiniz</i>
III жақ (көпше)	өзім; өзі	<i>kendileri</i>

Қазақ және түрік тілдеріндегі етістіктің бөлінісі

Объектісіне қарай	Салт	Қазақ тілінде бар, шық, отыр	Түрік тілінде <i>git, çık, otur</i>
	Сабақты	оқы, жаз, көр	<i>oku, yaz, aç</i>
Іс-әрекеттің орындалуына қарай	Болымды	оқы, жаз, баста	<i>oku, yaz, başla</i>
	Болымсыз	оқыма, жазған жоқ, бастайтын емес	<i>okuma, yazmış değil</i>
Құрамына қарай	Жалаң	аш, бар, бас, бол	<i>aç-, var-, bas-, ol-</i>
	Күрделі	отыра қал, оқып жібер	<i>otururver, okuyadur</i>
Құрылымына қарай	Негізгі	тұр, жүр, аш	<i>dur, aç, kal</i>
	Туынды	ойна, баста, айтқышта	<i>oyna, başla,</i>

Қазақ және түрік тілдеріндегі етістің түрлері

Етіс түрлері	Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
	Өздік етіс	-ын, -ін, -н	киінді, тараңды, мақтанды	-n, -ın, -in, -un, -ün
Ырықсыз етіс	-ыл, -іл, -л; -ын, -ін, -н	басталды, жазылды, тазаланды	-l, -il, -il, -ul, -ül; -n, -ın, -in, -un, -ün	<i>başlandı, duyuldu, okundu</i>
Ортақ етіс	-ыс, -іс, -с	құшақтасты, отырысты, жуусты	-ş, -ış, -iş, -uş, -üş	<i>kucaklaştı, ağlaştı, koşuştu</i>
Өзгелік етіс	-т; -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз; -дыр, -дір, -тыр, -тір; -ыр, -ір	оқытты, кіргізді, жуындырды	-it, -it, -ut, -üt, -t; -dır, -dir, -dur, -dür; -tır, -tir, -tur, -tür; -ır, -ir, -ur, -ür, -r	<i>çoğalttı, uyandırdı, pişirdi</i>

Қазақ және түрік тілдеріндегі райдың түрлері

Райдың түрлері	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Бұйрық рай	<p>I жақ жекеше: -айын, -ейін, -йын, -йін: Мен отыр-айын.</p> <p>II жақ жекеше: Сен отыр.</p> <p>-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз; Сіз отырыңыз.</p> <p>III жақ жекеше: -сын, -сін: Ол отыр-сын.</p>	<p>I жақ жекеше: <i>-ayım, -eyim, -yayım, -yeyim:</i> Ben al-ayım.</p> <p>II-жақ жекеше: Sen al.</p> <p>Siz alın</p> <p>III-жақ жекеше: <i>-sın, -sin, -sun, -sün:</i> O alsın.</p>
	<p>I жақ көпше: <i>-айық, -ейік, -йық, -йік:</i> Біз отырайық.</p> <p>II жақ көпше: <i>-ыңдар, -іңдер, -ңдар, -ңдер;</i> <i>-ыңыздар, -іңіздер, -ңыздар,</i> <i>-ңіздер:</i> Сендер отырыңдар. Сіздер отырыңыздар.</p>	<p>I жақ көпше: <i>-alım, -elim, -yalım, -yelim:</i> Biz alalım.</p> <p>II жақ көпше: <i>-ın, -in, -un, -ün, -yın, -yin,</i> <i>-yun, -yün; -ınız, -iniz,</i> <i>-unuz, -ünüz,</i> <i>-yınız, -yiniz, -yunuz,</i> <i>-yünüz:</i> Siz alın. (Sizler alınız)</p>
	<p>III жақ көпше: <i>-сын, -сін.</i> Олар отырсын.</p>	<p>III жақ көпше: <i>-sınlar,</i> <i>-sinler, -sunlar, -sünler:</i> Onlar alsınlar.</p>

<p>Шартты рай</p>	<p>-са, -се: Мен барсам. Сен барсаң. Сіз барсаңыз. Ол барса. Біз барсақ. Сендер барсаңдар. Сіздер барсаңыздар. Олар барса.</p>	<p>-sa, -se: Ben alsam. Sen alsan. O alsa. Biz alsak. Siz alsanız. Onlar alsa.</p>
<p>Қалау рай</p>	<p>-ғай/ -гей; -са/ -се; -ғы/-гі кел-; -айын/-ейін де-; -мақ(шы) бол-; -са/-се еді/екен/игі еді: Менің барғым келеді. Сенің барғың келеді. Сіздің барғыңыз келеді. Оның барғысы келеді. Біздің барғымыз келеді. Сендердің барғыларың келеді. Сіздердің барғыларыңыз келеді. Олардың барғысы келеді.</p>	<p>-a, -e; -mak/-mek iste-: Ben gitmek istiyorum. Sen gitmek istiyorsun. O gitmek istiyor. Biz gitmek istiyoruz. Siz gitmek istiyorsunuz. Onlar gitmek istiyorlar.</p>
<p>Міндет мәнді рай</p>		<p>-malı, -meli; -ma/-me; lazım, gerek; -mak/-mek, zorunda: Ben yazmalıyım. Sen yazmalısın. O yazmalı. Biz yazmalıyız. Siz yazmalısınız. Onlar yazmalılar.</p>

Қазақ және түрік тілдеріндегі шақ категориясы: өткен шақ

Өткен шақтың түрлері	Қазақ тілінде (Жекеше және көпше)	Түрік тілінде (жекеше және көпше)
Жедел өткен шақ	-ды, -ді, -ты, -ті: Мен алдым. Сен алдың. Сіз алдыңыз. Ол алды. Біз алдық. Сендер алдыңдар. Сіздер алдыңыздар. Олар алды.	<i>-dı, -di, -du, -dü, -tı, -ti, -tu, -tü:</i> Ben aldım. Sen aldın. O aldı. Biz aldık. Siz aldınız. Onlar aldılar
Бұрынғы өткен шақ	-п, -ып, -іп; -ған,-ген, -қан, -кен: Мен ойнаппын, барғанмын. Сен ойнапсың, барғансың. Сіз ойнапсыз, барғансыз. Ол ойнапты, барған. Біз ойнаппыз, барғанбыз. Сендер ойнапсыңдар, барғансыздар. Сіздер ойнапсыздар, барғансыздар. Олар ойнапты, барған.	<i>-miş, -miş, -muş, -mü:</i> Ben almışım. Sen almışsın. O almış. Biz almışsınız. Siz almışsınız. Onlar almışlar.
Ауыспалы өткен шақ	Сендер айтатынсыңдар, айтушы едіңдер. Сіздер айтатынсыздар, айтушы едіңіздер. Олар айтатын, айтушы еді.	

Қазақ және түрік тілдеріндегі шақ категориясы: осы шақ

Осы шақтың түрлері	Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
Нақ осы шақ	отыр, жүр, жатыр, тұр; -а, -е, -й, -ып, -іп, -п отыр, жүр, жатыр, тұр	Мен оқып отырмын. Сен оқып отырсың. Сіз оқып отырсыз. Ол оқып отыр. Біз оқып отырмыз. Сендер оқып отырсыңдар. Сіздер оқып отырсыздар. Олар оқып отыр.	-yor	<i>Ben başlıyorum. Sen başlıyorsun. O başlıyor. Biz başlıyoruz. Siz başlıyorsunuz. Onlar başlıyorlar.</i>
Ауыспалы осы шақ	-а, -е, -й	Мен барамын. Сен барасың. Сіз барасыз. Ол барады. Біз барамыз. Сендер барасыңдар. Сіздер барасыздар. Олар барады.	-ır, -ir, -ur, -ür, -r, -ar, -er	

Қазақ және түрік тілдеріндегі шақ категориясы: келер шақ

Келер шақтың түрлері	Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Болжалды келер шақ	-ар, -ер, -р: Мен алармын. Сен аларсың. Сіз аларсыз. Ол алар. Біз алармыз. Сендер аларсыңдар. Сіздер аларсыздар. Олар алар.	
Мақсатты келер шақ	-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек Мен оқымақпын. Сен оқымақсың. Сіз оқымақсыз. Ол оқымақ. Біз оқымақпыз. Сендер оқымақсыңдар. Сіздер оқымақсыздар. Олар оқымақ.	<i>-acak, -ecek:</i> Ben bakacağım. Sen bakacaksın. O bakacak. Biz bakacağız. Siz bakacaksınız. Onlar bakacaklar.
Ауыспалы келер шақ	-а, -е, -й: Мен оқимын. Сен оқисың. Сіз оқисыз. Ол оқиды. Біз оқимыз. Сендер оқисыңдар. Сіздер оқисыздар. Олар оқиды.	<i>-ar, -er, -r; -ir, -ir, -ur, -ür:</i> Ben yaşarım. Sen yaşarsın. O yaşar. Biz yaşarız. Siz yaşarsınız. Onlar yaşarlar.

Қазақ және түрік тілдеріндегі жақ категориясы

	Қазақ тілінде (жекеше және көпше)	Түрік тілінде (жекеше және көпше)
I түрі (жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ, нақ осы шақ, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ)	-мын, -мін, -пын, -пін; -сың, -сің; -сыз, -сіз; -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз; -сыңдар, -сіңдер; – сыздар, -сіздер;	-ım, -im, -um, -üm; -yım, -yim, -yum, -yüm; -sin, -sin, -sun, -sün; -ız, -iz, -uz, -üz; -yız, -yız, -yuz, -yüz; -sınız, -siniz, -sunuz, -sünüz; -lar, -ler
II түрі (бұрынғы өткен шақ, ауыспалы осы шақ)	-мын, -мін, -пын, -пін; -сың, -сің; -сыз, -сіз; -ды, -ді, -ты, -ті; -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз; -сыңдар, -сіңдер; – сыздар, -сіздер; -ды, -ді, -ты, -ті.	
III түрі (шартты райда және жедел өткен шақта)	–м; -ң; -ңыз, -ңіз; -к, -қ; -ндар, -ндер; -ңыздар, -ңіздер;	-m; -n; -k; -nız, -niz, -nuz, -nüz; -lar, -ler.
IV түрі (бұйрық райда)	Бұйрық райдың жалғаулары	Бұйрық райдың жалғаулары

Қазақ және түрік тіліндегі етістіктің қимыл есім тұлғасы

Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
-у; -ыс, -іс, -с; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	оқу залы, тасымалдау көлігі; жүріс, тұрыс; құймақ, алмақ, салмақ	-mak, -mek; -ma, -me; -ış, -iş, -uş, -üş	ekmek, çıkmak, girmek; gitme işi, çalışma saatleri; açılış, görüş

Қазақ және түрік тілдеріндегі етістіктің есімше тұлғасы

Есімшенің түрлері	Қазақ тілінде		Түрік тілінде	
	Өткен шақ	-ған, -ген, -қан, -кен; -атын, -етін, -йтын, -йтін	жасалған іс; оқитын газет;	-dık, -dik, -duk, -dük, -tık, -tik, -tuk, -tük; -miş, -miş, -muş, -müŝ
Осы шақ	-ушы, -уші; -атын, -етін, -йтын, -йтін	ізденуші студент; ішетін тамақ	-an, -en; -ar, -er, -r, -ır, -ir, -ur, -ür, -maz, -mez; -ıcı, -ici, -ucu, -ücü	<i>koşan çocuk; çık ar yol; batmaz gemi; yaratıcı insan</i>
Келер шақ	-ар, -ер, -р, -с; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	қайтар жол; бастамақ жол	-acak, -ecek; -ası, -esi	çıkacak soru;

Қазақ және түрік тілдеріндегі етістіктің көсемше тұлғасы

Көсемшенің түрлері	Қазақ тілінде	Түрік тілінде	
Жіктелетін (өткен шақ)	-п, -ып, -іп: ойлап, қыдырып, жүріп	Негізгі көсемше	- <i>ır, -ip, -ur, -ür</i> : <i>düşünür cevapladı</i> «ойланып болып жауап берді», <i>oynayıp geldi</i> «ойнап келді», <i>dönüp baktı</i> «бұрылып қарады»
Жіктелетін (осы шақ)	-а, -е, -й: айта, келе, ойнай		- <i>a, -e; -ı, -i, -u, -ü</i> : <i>bekleyedurmak</i> «күте тұру», <i>çıkıvermek</i> «кете беру»
Жіктелмейтін (құранды)	- <i>ғалы, -гелі, -қалы, -келі</i> : оқығалы, келгелі		- <i>alı, -eli</i> : <i>okulu bitireli yirmi yıl olmuş</i> «мектепті бітіргелі жиырма жыл болыпты». <i>dışarı çıkalı üç saat geçti</i> «сыртқа шыққалы үш сағат өтті»
	- <i>ғанша, -генше, -қанша, -кенше</i> : барғанша, жүргенше, көргенше - <i>ысымен, -ісімен</i> барысымен, келісімен, көрісімен		- <i>ınca, -ince, -unca, -ünce</i> : <i>beni görünce kalktı</i> «мені көрісімен (көрген соң) тұрды». <i>ders başlayınca herkes sustu</i> «сабақ басталысымен (басталған соң) бәрі тынышталды»
	- <i>мастан, -местен, -бастан, -бестен, -пастан, -пестен</i> : оқымастан, келместен, айтпастан	- <i>madan, -meden</i> : <i>hiçbir şey söylemeden çıktı</i> «еш нәрсе айтпастан шықты», <i>mektubu bitirmeden gönderdim</i> «хатты бітірмей жолдалым».	
	- <i>майынша, -мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше</i> : отырмайынша, жібермейінше, сатпайынша		

			<p><i>-arak, -erek: konuşarak girdi</i> «сөйлей кірді», <i>bakarak konuştı</i> «қарап сөйлесті», <i>gülerek cevapladı</i> «күле жауап берді».</p>
			<p><i>-maksızın, -meksizin: durmaksızın tekrarlıyordu</i> «тоқтамай қайталап отырды». <i>kitabı hiçbir şey demeksizin verdi</i> «кітапты ешнәрсе деместен берді».</p>
			<p><i>-dikça, -dikçe, -dukça, -dükçe, -tikça, -tikçe, -tukça, -tükçe :</i> <i>sana baktıkça</i> «саған қараған сайын</p>

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
---------------	---

БІРІНШІ БӨЛІМ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

I тарау

Қазақ және түрік тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесі	13
§1. Қазақ және түрік тілдері дыбыстық жүйелерінің зерттелуі	13
§2. Қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелісі	20
§3. Қазақ және түрік тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жалпы сипаты	24
§4. Түрік тіліндегі созылыңқы дауысты дыбыстар	31

II тарау

Қазақ және түрік тілдерінің дауыссыз дыбыстар жүйесі	33
§1. Қазақ және түрік тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелісі	33
§2. Қазақ және түрік тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жалпы сипаты	36

III тарау

Қазақ және түрік тілдеріндегі фонетикалық заңдылықтар	44
§1. Қазақ және түрік тілдеріндегі фонетикалық құбылыстар	44
§2. Үндестік заңы. Дауысты дыбыстардың үндесуі	47
§3. Аккомодация құбылысы	50
§4. Дауыссыз дыбыстар үндестігі	51
§5. Дыбыстық сәйкестіктер	53

IV тарау

Қазақ және түрік тілдеріндегі буын, екпін және интонация	55
§1. Қазақ және түрік тілдеріндегі буын және оның түрлері	55
§2. Қазақ және түрік тілдеріндегі екпін және интонация	58

ЕКІНШІ БӨЛІМ
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ
ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

I тарау

Қазақ және түрік тілдері морфологиясының ұғымдық аппараты.....	63
§1. Морфология туралы жалпы түсінік.....	63
§2. Грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория ұғымдары.....	69
§3. Сөздерді таптастыру мәселесінің қазақ және түрік тіл білімдерінде өзектелуі	73

II тарау

Зат есім және оның категориялары	78
§1. Зат есім туралы жалпы түсінік	78
§2. Зат есімнің лексика-семантикалық топтары.....	81
§3. Зат есімдердің құрылымдық жіктелісі	91
§4. Зат есімдердің түрлену жүйесі.....	96

III тарау

Сын есім және оның категориялары	113
§1. Сын есім және оның сын-сапалық көрсеткіштер жүйесі.....	113
§2. Сын есімнің мағыналық жіктелісі: сапалық және қатыстық сын есімдер	115
§3. Сын есімдердің құрылымдық және құрамдық жіктелісі.....	120
§4. Сын есімнің шырай категориясы	126

IV тарау

Сан есім және оның түрлері.....	130
§1. Сан есім жайлы жалпы түсінік.....	130
§2. Сан есімнің құрылымдық-мағыналық жіктелісі	131
§3. Сан есімнің семантикалық топтары	134

V тарау

Есімдік және оның түрлері	141
§1. Есімдіктердің қазақ және түрік тіл білімдерінде зерттелуі.....	141
§2. Есімдіктердің мағыналық түрлері	144

VI тарау

Етістік және оның категориялары.....	156
§1. Етістіктің қазақ және түрік тіл білімдерінде зерттелуі.....	156
§2. Етістіктің морфологиялық құрылымы.....	163
§3. Салт - сабақтылық категориясы	165
§4. Болымдылық-болымсыздық категориясы	168
§5. Етіс категориясы.....	170
§6. Рай категориясы	178
§7. Шақ категориясы.....	191
§8. Жақ категориясы	215
§9. Амалдың (қимылдың) өту сипаты категориясы.....	218
§10. Қимыл есімі. Есімше және көсемше	224

VII тарау

Үстеу және оның түрлері.....	237
§1. Үстеу және оның морфологиялық сипаты	237
§2. Үстеулердің семантикалық сипаты	242

VIII тарау

Еліктеу сөздер

§1. Еліктеу сөздердің қазақ және түрік тіл білімдерінде зерттелуі.....	247
§2. Еліктеу сөздердің түрлері	251

IX тарау

Шылау сөздер

§1. Шылау сөздер және оларды топтастыру мәселесі.....	256
§2. Жалғаулық шылаулар.....	259
§3. Септеулік шылаулар	265
§4. Демеулік шылаулар.....	268

X тарау

Одағай сөздер **272** |

§1. Одағай сөздердің қазақ және түрік тіл білімдерінде қарастырылуы.....	272
§2. Одағай сөздердің мағыналық жіктелісі	275

XI тарау

Модаль сөздер.....	280
---------------------------	------------

§1. Қазақ және түрік тіл білімдерінде модаль сөздерді сөз табы ретінде қарастыру мәселесі	280
§2. Модаль сөздердің семантикалық жіктелісі	286
Қорытынды.....	289
Грамматикалық анықтағыш.....	294

«Қазығұрт» баспасы ЖШС-нің президенті –
Темірғали Мұратбекұлы Көпбаев

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Гүлғайша САҒИДОЛДА

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-
СИПАТТАМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ

Фонетика. Морфология

Редакторы: Сәлима Қалқабаева
Суретшісі: Ермек Мейірбеков
Беттеген: Әлтайыр Қабланбек

Басуға 20.09.2016 ж. қол қойылды.
Қалыбы 66x96 1/16. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Palatino Linotype».
Көлемі 20,5 б.т. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №2879.

«Қазығұрт» баспасының компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Қазығұрт» баспасы, 480009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 405 офис.
Телефон (факс): 8 (727) 394-42-86
e-mail: kazygurt@list.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.